

ISSN 1607-2782

Республикалық  
ғылыми-әдістемелік  
журнал

Республиканский  
научно-методический  
журнал



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда  
мемлекеттік университетінің

1999 жылғы наурыздан  
бастап шығады

№ 3 (35) 2012

Арнайы басылым

# ХАБАРШЫСЫ

Бас редактор	– БИСЕНОВ Қ.А. техника ғылымдарының докторы, профессор
Бас редактордың орынбасары	– ШАЛБОЛОВА Ү.Ж. экономика ғылымдарының докторы, профессор
Жауапты редактор	– ОМАРОВ Қ.Ә. география ғылымдарының кандидаты, профессор

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Аруова Л.Б.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Баканов Ғ.Б.	– физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Досжанов М.Ж.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Ибадуллаева С.Ж.	– биология ғылымдарының докторы, профессор
Кәрібозұлы Б.	– филология ғылымдарының докторы, профессор
Қарлыханов Т.Қ.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Қожақұлы Ө.	– тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қошқаров С.И.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Майгелдиева Ш.М.	– педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Сәдуақасұлы Ж.	– филология ғылымдарының докторы, профессор
Сәтбай Т.Я.	– тарих ғылымдарының докторы, доцент
Сейсенов Б.	– философия ғылымдарының докторы, профессор
Тоқтамысов Ә.М.	– ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, доцент
Үдербаев С.С.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Шомантаев А.Ә.	– ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
Майгелдиева Ж.М.	– филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Тұяқбаев Ғ.Ә.	– филология ғылымдарының кандидаты, доцент



2012 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің негізі қаланғанына 75 жыл толды.

Университет 1937 жылы Қиыр Шығыстан Қызылордаға қоныс аударған Корей педагогикалық институтының негізінде қалыптасты. Бүгінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті – ғылыми-педагогикалық әлеуеті жоғары, заман талабына сай материалдық-техникалық базасы бар, бәсекеге қабілетті мамандар даярлап келе жатқан Арал өңірінің жетекші білім, ғылым және мәдениет орталығы.

Университеттің мерейтойына арналған іс-шаралар бағдарламасы аясында 2012 жылғы 18-19 қазанда Қызылорда қаласында «Жоғары кәсіптік білімнің инновациялық дамуы: тәжірибесі, мәселелері және келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Журналдың осы шығарылымы конференцияның пленарлық мәжілісі және «Жоғары кәсіптік білім жүйесіндегі инновациялық үдерістер» секциясы материалдары бойынша дайындалып отыр.

В 2012 году Кызылординскому государственному университету имени Коркыт Ата исполнилось 75 лет со дня основания.

Кызылординский педагогический институт, стоявший у истоков университета, был открыт в 1937 году на базе переведенного в Кызылорду Дальневосточного Корейского педагогического института. Сегодня Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата – ведущий центр образования, науки и культуры Приаральского региона со значительным научно-педагогическим потенциалом, располагающий современной материально-технической базой, осуществляющий подготовку конкурентоспособных специалистов.

В рамках программы мероприятий, посвященных Юбилею университета, 18-19 октября 2012 года в городе Кызылорда состоялась Международная научно-практическая конференция «Инновационное развитие высшего профессионального образования: опыт, проблемы и перспективы».

Данный выпуск журнала подготовлен по материалам пленарного заседания конференции и секции «Инновационные процессы в системе высшего профессионального образования».

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ, ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,  
ПРОФЕССОР, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ  
ИНЖЕНЕРЛІК АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ  
ҚЫЛЫШБАЙ АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ БИСЕНОВТИҢ УНИВЕРСИТЕТТИҢ  
75 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

*2012 жылғы 19 қазан*

**Құрметті қауым, қадірменді қонақтар,  
оқытушы-қызметкерлер және студенттер!**

Сіздерді университеттің құрылғанына 75 жыл толған мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Университеттің өз тарихында мемлекеттік деңгейде атап өтіп отырған бүгінгі мерейтой еліміздің білім беру жүйесіндегі елеулі тарихи оқиға, біздің әрқайсысымыз үшін ұмытылмас сәт.

Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның ордасы, рухани орталық – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің бүгінгі мерейлі мерекесіне Қызылорда облысының әкімі Болатбек Баянұлы Қуандықов, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Уәлихан Қозыкеұлы Бишімбаев, Қожахмет Мәдібайұлы Баймаханов, Алмас Тұртаев, алыс-жақын шетелдерден келген әріптестеріміз, белгілі ғалымдар, сондай-ақ, университетті әр жылдары басқарған ректорлар, республикадағы жоғары оқу орындарының басшылары мен университет түлектері, тағы басқа шақырылған құрметті қонақтар қатысып отыр. Біздің қуанышымызды бөлісуге келген барлық қонақтарға, әріптестер мен университет түлектеріне қош келдіңіздер дей отырып, алғысымызды білдіруге рұқсат етіңіздер!

**Құрметті әріптестер!**

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру міндетін қойғаны баршамызға белгілі. Еліміздің болашақ зияткерлік элитасын қалыптастыру мақсатында құрылған «Назарбаев университеті» қазірдің өзінде халықаралық деңгейдегі білім ордасына айналып отыр.

XXI ғасыр – терең білімге негізделген жаңа экономиканың ғасыры. Әлемнің өркениетті мемлекеттері елдің өсуі мен өркендеуінің, бәсекеге қабілеттілігінің ең басты көрсеткіші білім мен ғылым екендігін сезінуде. Мемлекет басшысы өзінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивтік лекциясында «Біз қазір «білім – ғылым – инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриалдық әлемге қарай бет алып барамыз» деп, еліміздің білім беру саласына аса жоғары міндет жүктеген болатын. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі, академик Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың тікелей басшылығымен білім беру мен ғылымды дамытуға бағытталған тың жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл қатарда жаңа мазмұндағы «Ғылым туралы» заңның қабылдануын, «Білім туралы» заңға заман талабына сай өзгерістер мен толықтырулар енгізілуін, бәсекеге қабілетті маман, парасатты тұлға даярлаудағы басты бағдарымыз – Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітіліп, осы стратегиялық құжат жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Өзінің бастау бұлағын осыдан мыңдаған жылдар бұрын Платон академиясы, Аристотель лицейі, Александрия мұражайы сияқты Еуропа жоғары оқу орындарының құрылуынан бастайтын университеттік білім берудің іргетасы Қазақстанда XX ғасырдың 20 жылдары қалана бастады. Өткен ғасырдың 40 жылдары Қазақстанда 12 жоғары оқу орны болса, соның бірі Қызылорда қаласындағы педагогикалық институт болатын.

## **Құрметті қауым!**

Корей халқын Қиыр Шығыстан жер аудару туралы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінің 1937 жылғы 21 тамыздағы аса құпия қаулысы бойынша корей ұлтымен бірге Корей педагогикалық институтының Қызылордаға қоныс аударуы негізінде бүгінгі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің іргетасы қаланды. Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында жоғары білімді мұғалімдер даярлайтын оқу орындары болмағандықтан, Қызылорда педагогикалық институтының ашылуы сол кезеңде тарихи маңызы зор оқиға болды.

1941 жылға дейін педагогикалық институт қаладағы мұғалімдер даярлайтын институтпен қатар жұмыс жасады. Ұлы Отан соғысы жылдары Қызылордаға Мәскеу ауыл шаруашылығын механизациялау және электрлендіру институты, Симферополь медициналық институты, Киев, Харьков университеттері көшірілді. Бұл институттың ғылыми әлеуетінің жоғары білікті педагог-ғалымдармен толығына сепкер болды. Сол жылдары педагогикалық институттағы 52 оқытушының 9-ы профессор, 10-ы доцент болды.

1952 жылдың наурыз айында Қазақ Кеңес Республикалар Одағы Министрлер Кеңесінің қаулысымен педагогикалық институтқа Н.В. Гогольдің есімі, ал 1992 жылы түркі халықтарына ортақ тұлға Қорқыт Ата есімі берілді. Сыр бойындағы білім ордасына Қорқыт Ата есімін беруде сол кездегі университет ректоры, мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Бакберген Сәрсенұлы Досмамбетовтің еңбегі ерекше.

Қызылорда педагогика институты республикамыздағы педагог мамандарды даярлауда алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының біріне айналды. Институтта елімізге танымал ғалымдар қызмет етті. Бүгінгі мерейтой үстінде білім ордасының қалыптасуы мен дамуына ерекше еңбек сіңірген оқу орны басшыларының есімдерін атау орынды деп ойлаймын. Әділ Ермеков, Базарбек Өсербаев, Оралхан Камардинов, Абай Айтмұхамедов, Бакберген Досмамбетов, Болатбек Абдрасиловтер ғалымдық, ұстаздық, басшылық-ұйымдастырушылық қызметтерін институттың өсуі мен өркендеуіне арнады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 573 қаулысының негізінде институт Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті болып қайта құрылды.

## **Құрметті әріптестер!**

XX ғасырдың 60 жылдарының ортасында Кеңес Одағында қабылданған ұзақ мерзімді халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге арналған бағдарламасы аясында Қызылорда облысы көлемінде суармалы жерлер қарқынды игеріле бастады. Бұл өз кезегінде білікті инженер мамандарды қажет етті. Осыған байланысты Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1976 жылғы 13 шілдедегі № 136 бұйрығымен Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалы ашылды. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының сол кездегі ректоры, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Марс Фазылұлы Үркімбаев филиал директорылығына жас ғалым Уәлихан Қозыкеұлы Бишімбаевты тағайындады.

1990 жылы филиал Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты болып дербес шаңырақ көтерді. 1992 жылы институтқа екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың есімі берілді. Филиалдан дербес институтқа дейінгі оқу орнының дамуы мен қалыптасуында ғалым-ұстаз, білікті басшы, шебер ұйымдастырушы Уәлихан Қозыкеұлы Бишімбаевтың еңбегі ерекше. Бүгінде мемлекет және қоғам қайраткері, академик Уәлихан Қозыкеұлы Бишімбаев есімін Сыр өңірі халқы әрдайым мақтанышпен атайды. Ұстазымыздың білім, ғылым саласындағы, сондай-ақ Сыр өңірінің рухани өміріндегі еңбегін ерекше бағалаймыз.

Институт 1996 жылы ҚР Үкіметінің 7 мамырдағы № 573 қаулысымен Ыбырай Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты болып қайта құрылды.

Уақыт көшімен бірге жоғары оқу орнының заман талабына сай өзгерістерге түсіп, жаңарып, жаңғырып отыруы заңды құбылыс. Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасудың алғашқы жылдарында ел іргесін бекемдеп, экономика мен ішкі, сыртқы саясатты бағамдап, ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету кезінде түрлі жаңашыл қадамдардың жасалуы уақыт пен заман сұранысынан туған қажеттілік. Ал отандық білім беру жүйесін реформалау біздің жас мемлекетіміз үшін ең маңызды, өзекті мәселенің бірі. Өйткені әлемдік білім, ғылым кеңістігіне ену арқылы ғана біз өз еліміздегі білім, ғылым саласын жетілдіріп, дамыта алатынымыз өмір шындығы. Аймақтық жоғары оқу орындарын ірілендіру арқылы университеттердің материалдық-техникалық базасын нығайту, ғылыми әлеуетін көтеру, соның нәтижесінде сапалы білім беруге қол жеткізу қоғам, заман сұранысынан туған қажеттілік болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы № 256 қаулысымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ы. Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтының бірігуі негізінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрылуы білім шаңырағындағы жаңа тарихи белес еді.

Бүгін ойлап отырсақ, оған да он бес жылға жуық уақыт болыпты. Жаңадан құрылып, мемлекеттік мәртебе алған университет ұжымының алдында шешімі табылуы тиіс қаншама жұмыстар тұрды. Қаламыздағы гуманитарлық-педагогикалық және инженерлік-техникалық бағыттағы екі жоғары оқу орнының бірігуі оны оңтайландыруға негіз болғанымен, мемлекеттік мәртебе алған жоғары оқу орнының алғашқы қалыптасу кезеңінде өзіндік қиындықтарының болғандығын да айта кетуіміз керек. Әр жоғары оқу орнының өзінің қалыптасқан дәстүрі, ішкі тәртіп-ережелері, тіптен моральдық-психологиялық жағдайы әр түрлі болатыны заңдылық. Осының барлығын бір жүйеге келтіріп, бір арнаға түсіру арқылы ғана біз алға қойған мақсатқа қол жеткізе алатын едік. Ұйымдастыру жұмыстарынан бастап, классикалық типтегі көпсалалы университетті құрып, қалыптастыруға, оның уақыт талабына сай дамып, өркендеуіне ерекше еңбек сіңірген алдыңғы буын ағаларға ерекше құрметпен ризашылығымызды жеткізуге рұқсат етіңіздер.

Әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында университет 1998 жылдан бастап Ұлыбританияның, Италияның, Америка Құрама Штаттарының, Канаданың, Түркияның, Австрияның жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтарымен әріптестік қатынастар орнатты.

Мамандарды шетелдерде даярлау, халықаралық стандарттарға сәйкес оқу бағдарламаларын жетілдіру мақсатында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, В.К. Горячкин атындағы Мәскеу мемлекеттік агроинженерлік университеті, РФА Н.Н. Миклуко-Маклай атындағы этнология және антропология институты сияқты шетелдік жоғары оқу орындарында мақсатты түрде мамандар даярлау қолға алынды. Соның нәтижесінде 1999-2000 оқу жылында ғылыми атағы бар оқытушы-профессорлар саны 204-ке, ал 2006-2007 оқу жылында 330-ға жетті.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 2000-2001 оқу жылынан бастап аймақтағы алғашқы әскери кафедра ашылды. Осы ретте әскери кафедраның және құқықтану, дәстүрлі музыкалық өнер, жыр мамандықтарының ашылуына көмек қолын созған сол кездегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Қырымбек Елеуұлы Көшербаевқа алғысымызды айта кеткеніміз орынды.

Университет 2005 жылы Еуразия-Тынық мұхит университеттері халықаралық жүйесіне, жоғары оқу орындарының Еуропалық Ассоциациясына мүше болды. Осы жылы қыркүйек айында Италияның Болонья университетінде Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойдық. Осының барлығы мемлекеттік мәртебе алған университеттің алғашқы жетістіктері еді.

### **Құрметті қонақтар!**

Аймақтық жоғары оқу орнының өсіп-өркендеуі сол аймақтың экономикалық-әлеуметтік, рухани дамуымен тікелей байланысты. Осы ретте бүгін 75 жылдық мерейлі мерекесін атап, бедерлі белестің бірін



бағындырып отырған университеттің қалыптасуы мен дамуына ерекше үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Исатай Әбдікәрімов, Тәкей Есетов, Еркін Әуелбеков, Сейілбек Шаухаманов, Оңалбек Сәпиев, Виталий Алексеевич Брынкин, Бердібек Сапарбаев, Қырымбек Көшербаев, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Серікбай Нұрғисаев, Икрам Адырбеков, Әбдіжәлел Бәкіров, Қожахмет Баймаханов, Сейітсұлтан Әйімбетов, т.б. ел ағаларына құрмет сезіміміз ерекше.

Қазіргі уақытта білім мен ғылымды өндіріс пен бизнес саласына қызмет жасауға жағдай жасап, ұстаз-ғалымдарға, жас мамандарға қолдау жасап отырған Облыс Әкімі Болатбек Баянұлы Қуандықовқа университет ұжымы атынан шынайы алғысымызды жеткізуді біздің азаматтық парызымыз деп есептейміз.

Бүгінгі мерейтой үстінде білім ордасының тарихы мен жүріп өткен жолына шолу жасай отырып, 75 жылда қандай жетістіктерге қол жеткіздік, қандай белестерді бағындыра алдық, алда қандай асулар бар деген сұрақ төңірегінде де айтып өтуіміз орынды болар деп ойлаймын.

Біріншіден, білім ордасы осы уақыт аралығында мамандар даярлауда өзіндік дәстүр қалыптастырған еліміздегі іргелі жоғары оқу орындарының біріне айналды. Білім ордасында елімізге танымал ұстаздар, ғалымдар, инженерлер, өнер, мәдениет қайраткерлері, спорт саңлақтары білім нәрімен сусындап, үлкен өмірге жолдама алды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академиктері және көрнекті ғалымдар Нәдір Кәрімұлы Нәдіров, Рахманқұл Бердібай, Досмұхаммед Кішібеков, Әбдімәлік Нысанбаев, Амангелді Саданов, Лесбек Тәшімов сынды түлектеріміз тек Тәуелсіз Қазақстанның ғана емес, алыс-жақын шетелдердің ғылыми ортасы құрмет тұтатын ғалымдар.

Сондай-ақ, университет қабырғасынан тәуелсіз еліміздің баянды болашағы үшін қызмет атқарып келе жатқан бірнеше мемлекет және қоғам қайраткерлері шықты.

Екіншіден, университет ғалымдары бірнеше салада ғылыми мектептер қалыптастыра алды. Осындай ғылыми мектептерден шыққан ғалымдарымыздың есімі қазіргі кезде алыс-жақын шетелдерге танымал.

Үшіншіден, университет білім, ғылым ордасы ғана емес, Сыр өңіріндегі рухани-мәдени орталыққа айналды. Халқымыздың рухани құндылықтарын өңір тарихымен байланыстыра, бірлікте зерттеу арқылы түркі халықтары өркениетіндегі Сыр бойы руханиятының орнын анықтауда ғылыми тұжырымдар жасалды.

Бүгінгі күні университеттен түлеп ұшқан өнер, әдебиет пен мәдениет қайраткерлері ұлт руханиятын өркендетуге үлестерін қосып келеді. Ал ауыр атлетикадан үш дүркін әлем, екі дүркін олимпиада чемпионы Илья Ильин – Қазақстан Республикасының мақтанышы.

Ең бастысы, университет Сыр өңіріндегі ақыл мен парасаттың, адамгершілік пен ізгіліктің ұясы ретінде жұртшылық қауым қадір тұтатын киелі, қасиетті шаңыраққа айналды.

### **Құрметті әріптестер! Қадірлі қауым!**

«Университет» ұғымы латын тілінен аударғанда «ынтымақ», «бірлік» деген мағынаны білдіреді. Ойлап қарасақ, университет шын мәнінде оқытушы-ұстаздар мен студенттердің, білім, ғылым және мәдениеттің, ғылыми мектептер мен дәстүрлердің бірлігі, солардың ынтымағы. Осындай ынтымақ пен бірлік 75 жыл ішінде оқу орнын білім мен ғылымның ордасына, мәдениет пен тәрбиенің орталығына, киелі шаңыраққа айналдырды.

Университеттің бүгінгі қол жеткізген табыстарының барлығы Сіздердің білім мен ғылым, ұрпақ тәрбиесі жолындағы еселі еңбектеріңіздің, ұжым ішіндегі ауызбіршілік пен түсіністіктің, өз университетімізге деген ыстық ықылас пен сыйластық сезімнің нәтижесі. Бізді алда әлі алынбаған асулар, бағындырылмаған белестер күтіп тұр. Үшінші онжылдыққа қадам басқан Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – ұрпақ тәрбиелеуде, еліміздің жарқын болашағы үшін қызмет жасайтын мамандар даярлауда әрқашан биік белестерден көріне бермек!

### **Құрметті университет түлектері!**

Кез келген жоғары оқу орны өз түлектерін мақтаныш етеді. Сондай-ақ, түлектердің өз білім ордаларын құрмет тұтуы да өмір заңы. Мерейлі мереке қарсаңында Сіздер өз бастамаларыңызбен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті түлектерінің ассоциациясын құрдыңыздар. Бұл – Сіздердің өз университеттеріңізге деген құрметтеріңіз. Біз үшін мәртебе. Бүгінгі мерейлі мерекеге де жанашырлықпен атсалысып, қуанышты бірге бөлісіп отырсыздар. Қашанда, қай жерде, қай салада жүрсеңіздер де тек абырой биігінен көріне беріңіздер! Туған университеттеріңіз Сіздерді әрқашан мақтан тұтады.

### **Құрметті студент жастар!**

Бүгін Сіздердің өмірлеріңіздегі ең бір есте қалар сәт, тарихи күн. Өйткені Сіздердің студенттік шақтарыңыз өз университеттеріңіздің 75 жылдық мерейтойын атап өтумен тұспа-тұс келіп отыр.

Қандай мемлекет болмасын оның болашағы жастар тағдырымен байланысты. Егеменді еліміздің ертеңі – білімі мен парасаты терең, бойында отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімі ұялаған жігерлі жастар. Сондықтан да Алаштың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін!» деп келешек ұрпаққа үміт артып, сенім білдіргені баршамызға белгілі. ХХІ ғасыр басында Сіздерге еліміз бен Елбасымыз үлкен сенім жүгін артып отыр. Сіздер осы сенім үдесінен шығады деп ойлаймын.

# ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

## ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ

УДК 331.101.26:37:00,1:316.453

### ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ ВЫСШЕГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ПРОБЛЕМЫ И ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ

**К.А. БИСЕНОВ,**

*доктор технических наук, профессор, академик НИИ РК,  
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
Республика Казахстан*

Основная цель системы отечественного образования – подготовка интеллектуальных, высококвалифицированных кадров, способных достойно представлять независимый Казахстан в мировом сообществе. Поэтому очевидно, что необходимо создать все возможные условия для получения молодежью качественного образования, привлечения ее к научной деятельности, искусству, спорту.

В связи с этим сегодня перед высшими учебными заведениями стоят следующие основные задачи:

Во-первых, особое значение придается эффективному внедрению современных образовательных технологий. Для решения этой проблемы казахстанские высшие учебные заведения, осваивая мировой опыт в организации учебного процесса, ведут целенаправленную работу по интеграции в мировое образовательное пространство. Основным показателем организации учебного процесса в вузах является реализация основных принципов Болонского процесса.

Во-вторых, региональные университеты, являясь научными и культурными центрами новой формации, должны готовить кадры в инновационном направлении, реализовывать проект коммерциализации результатов научных достижений и внедрять их в производство.

В-третьих, преобразование вузов в универсальные учебные, научно-методические комплексы, формирующие общественное мировоззрение обучающихся и определяющие их жизненную позицию.

Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев в интерактивной лекции «Казахстан на пути к обществу знаний» 5 сентября 2012 г. в Назарбаев Университете отмечал [1], что «в мире мощь страны определяется в первую очередь уровнем образованности его граждан», поэтому предстоящая миссия университетов перед сегодняшним обществом заключается в поиске эффективных передовых методик обучения с последующим их внедрением в процесс подготовки высококвалифицированных специалистов, отвечающих новым социально-экономическим требованиям.

В связи с этим возникает необходимость разработки методологии формирования инновационного компонента профессиональной деятельности будущего специалиста в условиях высшей школы в соответствии с объективными потребностями практики. В содержании профессиональной подготовки особое внимание следует уделять отражению динамики социально-экономического развития страны и достижений научно-технического прогресса. Перед высшей школой стоит все еще актуальная задача – сформировать готовность специалистов к инновационной деятельности в условиях конкурентной среды. В свою очередь, профессиональная среда должна создавать все необходимые условия для реализации инновационного потенциала специалиста.

В Обращении Главы государства «Социальная модернизация Казахстана: двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» из двадцати поручений одна треть имеет отношение к отрасли образования и



науки, ввиду того что наша страна движется к постиндустриальному миру, в котором правит триада «образование – наука – инновации» [2].

Исследование зарубежного опыта в области инновационного развития вузов показало, что именно благодаря успешной инновационной политике США, Великобритания, ФРГ и Франция сохраняют свои ведущие позиции, а Япония и Южная Корея совершили технологический прорыв и твердо стали на инновационный путь развития. В этих странах уже давно приняты законы, стимулирующие инновационную деятельность в высшей школе.

Известно, что Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев поставил задачу превратить Казахстан в центр образования мирового уровня. В этом плане под непосредственным руководством министра образования и науки РК академика Бакытжана Турсуновича Жумагулова в сфере образования и науки предприняты поворотные шаги. К ним можно отнести: принятие Закона РК «О науке» нового содержания, внесение изменений и дополнений в Закон РК «Об образовании» в соответствии с требованиями времени, утверждение Государственной программы развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, являющейся основным ориентиром в подготовке конкурентоспособных кадров, интеллектуальных личностей, принятие на ее основе плана мероприятий Министерства образования и науки, направленного на последовательную реализацию данного стратегического документа.

В названной программе четко определены главные цели – развитие человеческого капитала посредством обеспечения доступности качественного образования для устойчивого развития экономики, повышение конкурентоспособности образования. Это возлагает большую ответственность на высшие учебные заведения.

В составе большинства успешных зарубежных вузов имеются структуры, отвечающие за коммерциализацию результатов инновационного развития. Практика развития вузов США, ведущих европейских и азиатских университетов показала, что подобные структуры необходимы для успешного инновационного развития, коммерциализации вузовских технологий и разработок.

В целях решения этих задач в Казахстане также предпринимаются определенные шаги, идет целенаправленная работа по объединению центров образования и науки. Например, на базе Назарбаев Университета в Астане созданы три новых научных центра. Центр науки о жизни будет вести совместно с ведущими мировыми научными центрами разработки в области трансплантации органов, искусственного сердца, легких, стволовых клеток, а также медицины долголетия. Центр энергетических исследований займется вопросами возобновляемой энергетики, физики, техники, высоких энергий. И третий – междисциплинарный инструментальный центр – станет инжиниринговым ядром, лабораторной базой и конструкторским бюро.

В этих центрах будут работать ведущие специалисты мира. И это только один частный пример [4].

В связи с этим актуализировалась проблема критериев отбора тех вузов, которые, с одной стороны, способны подготовить «элитных специалистов», а с другой стороны, могут стимулировать развитие инновационной деятельности отраслей экономики.

Эффективность работы университета обеспечивает множество факторов. Одним из таких факторов является структура университета, представляющая все фиксированные взаимосвязи, существующие между подразделениями и работниками организации.

В настоящее время существует проблема не только структурной реорганизации, но и уточнения методологических и теоретических подходов к совершенствованию организационных структур казахстанских вузов. Организационная структура направлена, прежде всего, на установление четких взаимосвязей между отдельными подразделениями, распределение между ними прав и ответственности. В ней реализуются различные требования к совершенствованию систем управления, выражающиеся в тех или иных принципах.

Главное требование времени в связи с поставленными перед обществом задачами: выпускники вузов должны обладать необходимой для инновационной экономики компетенцией. Сегодня нет необо-

димости в подготовке большого количества специалистов с высшим образованием. Рынку труда требуются инновационно активные специалисты – так называемые элитные кадры, которые способны ориентировать экономику страны на инновационный путь развития [5].

Для углубления интеграции науки и производства каждая выпускающая кафедра университета должна иметь свои филиалы на предприятиях. Именно для того, чтобы сбор материалов для курсовых и дипломных работ был максимально приближен к реалиям, эта работа проходит под руководством представителя предприятия.

Усиление конкурентной борьбы между образовательными учреждениями различных форм собственности и необходимость предоставления качественного современного образования ведут к организационным и управленческим изменениям на основе формирования и развития новых систем и технологий управления. Вышеизложенное определяет основные цели деятельности Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата как крупнейшего центра образования – обеспечение подготовки кадров, необходимых для устойчивого социально-экономического развития региона и соответствующих международным стандартам, стимулирование их интересов к исследовательской и инновационной деятельности.

Всеми известно, что интеграция образования и науки, развивая инновацию, поднимает качество подготовки кадров на новый уровень. Открытые при университете лаборатория инженерного профиля, центр агробиологических и прикладных исследований, научно-исследовательский институт «Коркыттану», наряду с современными научными исследованиями, решают ряд актуальных, практически значимых для учебного процесса проблем. Опубликован специальный каталог, включающий свыше 40 инновационных проектов, рекомендованных к реализации учеными университета.

Кызылординский филиал Национальной инженерной академии Республики Казахстан также вносит свой вклад в развитие региональной науки, в процесс внедрения инноваций и подготовку квалифицированных специалистов.

Профессиональная практика как неотъемлемая составляющая учебного процесса является важной частью подготовки квалифицированных специалистов. В связи с этим уместно отметить, что для проведения практики обучающихся заключены долгосрочные и краткосрочные договоры с более чем двумястами предприятиями и организациями. В рамках программы форсированного индустриально-инновационного развития студенты проходят производственную практику на крупных предприятиях региона. Продолжается работа по привлечению будущих работодателей к формированию образовательных программ. На сегодняшний день свыше 50 учреждений и организаций участвуют в разработке образовательных программ. Ректорат университета совместно с работодателями ежегодно формирует каталог элективных дисциплин, перечень профессиональных компетенций, а также проводит работу по организации целевой подготовки обучающихся, переподготовки кадров и повышению их квалификации. Оценка качества подготовки специалистов (посредством тестирования, собеседования, анкетирования) – важная часть партнерства.

Основной задачей повышения качества подготовки специалистов, их конкурентоспособности на рынке труда является обеспечение высокого уровня научного потенциала преподавателей университета. Один из путей достижения этого – установление партнерских отношений с зарубежными высшими учебными заведениями и научными центрами.

В этом плане ведется целенаправленная работа: подписано свыше 60 договоров и меморандумов о сотрудничестве в сфере образования и науки с ведущими зарубежными вузами и научными центрами. Основные направления сотрудничества – обмен преподавателями и студентами, реализация двухдипломной программы, повышение квалификации преподавателей, участие в международных проектах, конференциях и семинарах, подготовка докторов и магистров наук. Более 40 молодых ученых университета, принимающих активное участие в обеспечении качества образования и воспитании квалифицированных кадров, – это выпускники магистратуры, аспирантуры, докторантуры вузов-партнеров.

Одно из приоритетных направлений – обеспечение академической мобильности обучающихся. В настоящее время два студента нашего университета продолжают обучение в университете Каннам (Южная Корея) по двудипломной программе. В 2011-2012 учебном году свыше 30 наших выпускников были приняты на обучение по программе магистратуры в Ухтинский государственный технический университет, Новосибирский государственный университет, Омский государственный аграрный университет Российской Федерации и Китайский университет нефти и газа. Магистранты нашего университета проходят научную стажировку в ведущих вузах Российской Федерации, таких как: Поволжская государственная социально-гуманитарная академия, Оренбургский государственный университет, Московский государственный педагогический университет, Российский государственный аграрный университет, Российский государственный аграрный университет – Московская сельскохозяйственная академия имени К.А.Тимирязева, Московский государственный агроинженерный университет имени В.П. Горячкина, Московский государственный университет природообустройства, Московский государственный областной университет, Московский государственный строительный университет, Российский государственный университет нефти и газа имени И.М. Губкина.

Одним из требований нового времени – это подготовка специалистов на иностранном языке, формирование профессорско-преподавательского состава, способного вести занятия на иностранном языке. Закладывание основ этого процесса – новая задача современного образования. Прохождение специализированной аккредитации учебных программ по международным стандартам, являющееся основной частью стратегических обязательств, – гарантия конкурентоспособности будущих специалистов на мировом рынке труда, признания их дипломов.

Особая роль отводится ученым-педагогам в деле подготовки будущих высококвалифицированных специалистов, формирования творческой личности с развитым инновационным мышлением. Работа по повышению потенциала научных кадров всегда находится в центре нашего внимания.

В 2012 году Кызылординскому государственному университету имени Коркыт Ата, являющемуся центром образования, науки и культуры, исполнилось 75 лет со дня основания. В связи с этим в целях стимулирования исследовательской деятельности профессорско-преподавательского состава, начиная с 2012-2013 учебного года, 41 лучшему преподавателю ученому по итогам конкурса «Лучший преподаватель университета» назначена надбавка к заработной плате.

Мы считаем, что ученым-педагогам необходимо приложить все свои усилия, знания и умения для повышения статуса национальной системы образования, в том числе для дальнейшего развития университетского образования, подготовки кадров инновационного содержания, развития науки в соответствии с международными требованиями.

#### Литература:

1. Назарбаев Н.А. «Казахстан на пути к обществу знаний» (интерактивная лекция). – Астана, 2012. – 5 сентября.
2. Назарбаев Н.А. «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» // Казахстанская правда. – 2012. – 7 октября.
3. Закон Республики Казахстан «О науке». – Алматы: ЮРИСТ, 2012. – 24 с.
4. Бисенов К.А. Знания – сила прорыва. Инновационной можно считать только такую экономику, в которой наука позволяет генерировать непрерывный поток нововведений // Казахстанская правда. – 2011. – 25 июня.
5. Колос Е.А. Проблемы инновационного развития системы высшего образования в Республике Казахстан / [www.gosbook.ru](http://www.gosbook.ru), 2012.05.31/.

#### Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасындағы жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің дамуы, Елбасының сындарлы саясатының нәтижесінде іске асырылып отырған «ғылым – білім – бизнес» ықпалдасты-

ғының оң нәтиже беру көріністері сөз болады. «Ғылым» туралы жаңа Заңға сәйкес Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жеткен жетістіктері мен алдағы жұмыс барысынан нақты деректер келтіріледі.

#### Summary

This article is devoted to the development of an industrial training, a positive result of «science-knowledge-business» integration which is due to a constructive policy of our President. There is an information about the achievements and further improvements of Korkyt Ata Kyzylorda State university according to the new law about «Science».

УДК 378.574.332.

## ОТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ ӨЛКЕТАНУ

**Х. ӘБЖАНОВ,**

*тарих ғылымдарының докторы, профессор,*

*Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,*

*Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы*

Қандай ғана болмасын халықтың тарихы мен тағдырына геосаяси орналасуы, жер көлемі, табиғаты, демографиялық әлеуеті, мемлекеттік билік жүйесі шешуші әсер етеді. Осы құндылықтарды қастерлеген әрі тереңінен ұғынған бабаларымыздан «Жері байдың – елі бай», «Көп қорқытады, терең батырады», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген қанатты сөздері бүгінге жетіп отыр.

Халық санының аздығына қарамастан Қазақстан – ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан, табиғи-географиялық сипаты әр алуан, мемлекеттілігі бағзы заманнан тамыр тартқан ел. Қазақтар – байырғы тұрғындары. Сан алуан зерттеулер сайын даланың Алатаудан Атырауға дейінгі, Алтайдан Еділ-Жайыққа дейінгі аралығында көне дәуірден қазақ этногенезі аяқталғанша мәдени-шаруашылықтық, рухани-тілдік, антропологиялық-нәсілдік сабақтастық үзілмегенін, небір «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» басқа түссе де, әрісі – сақтар, берісі – қыпшақтар киіз туырлықты, қарға тамырлы, еншісі бөлінбей, тұтастығын сақтай алғанын қапысыз дәлелдеді. Бұл тұтастығымыздың бұлтартпас айғақ дәлелі – ортақ салт-дәстүріміз, әрбір қазаққа қымбат әсем де бай тіліміз, мың құбылған ән-күйіміз, алшысынан киген тымағымыз, балдай сары қымызымыз, даланың сәні – киіз үйіміз бен сәйгүліктеріміз. Есік қорғанынан, Берелден, Ботайдан, сармат жауынгерінің обасынан табылған жәдігерлер мазмұны мен формасы жағынан, философиясы мен эстетикалық талғамы тұрғысынан, уақыт пен кеңістікті үйлесімді бейнелеуімен өз заманына қандай әр берсе, бүгінгі біздің де отансүйгіштік сезімімізді тербейтіні ақиқат. Көненің баға жетпес мұралары ескі заманды бүгінмен осылай жалғап тұрғанда, тастағы жазулардың сырына ден қоюмен арғы бабаларымыздың ізгі ақ ниетіне, даналығына, мәрттігіне қайран қалмасқа және болмайды. Ұрпағына мәңгі ел аманаттауды армандаған олардың:

*Беңгу таш тоқытдым, бітідім,*

*Аны көріп, анча білің,*

*Мәңгі тас тоқыттым, жаздым,*

*Оны көріп солай біліңдер, –*

деген өсиетін түсінбейтін исі қазақ баласы жоқ.

Сөйте тұра Атырауды Алтаймен, Арқаны Жетісумен, Тұранды Сарыарқамен шатастырып алу мүмкін емес. Есте жоқ ескі замандардан қай-қайсысы өзіне ғана тән экономикалық әлеуетімен, беріде рулық-тайпалық құрылымымен, бүгінде Алтай түсті металымен, Атырау мұнай-газымен, Жетісу, Тұран жеміс-жидегімен, мақта, күрішімен, Арқа көмір, темірімен, Көкшетау Бурабайымен ерекшеленеді. Әр аймақтың, өңірдің мақтанышына, тіпті нышанына айналған тұлғаларымыз қаншама. Әл-Фараби, Яссауи бабаларымызды Отырар, Түркістанмен, Абайды, Мұхтарды Шыңғыстаумен, Шоқанды Көкшетаумен, Сүйінбай, Жамбылды Алатаумен, Қорқыт атаны, Бұқарбай батырды, Мұстафа Шоқайды Сыр бойымен, Сырым, Махамбет, Құрманғазыны толқыны таудай Каспиймен, Нарын құмдарымен бірге ауызға алатынымыз жер-жерге бөлінгенімізді емес, сан қырлы екенімізді дәйектеуден ғана шыққан құбылыс.

Қария тарихты артта қалдырған сабақтастық пен тұтастық Ұлы далаға ежелден етене бәсекеге қабілеттілікті, өміршендікті шыңдады. Ол қазақ қоғамының табиғатына бойлай алмағандар айтқан көшпелілердің уақыт пен кеңістікте ұшарын жел, қонарын сай білгендіктен мал соңында салпаңдап, дамуға бейімделе алмағанымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Жылдың төрт мезгіліне орай көшіп-қону қоғамның, оның мүшелерінің жинақы, сақадай сай тұруын, табиғатпен жарасымды тілдесуін талап етеді. Осынау экожүйе цехтық, мануфактуралық, зауыт-фабрикалық өндіріс дүниеге келгенше адамның интеллектуалдық, рухани, имандық кемелденуіне барлық жағдайды туғызып, құлдық, басыбайлық сияқты қасіреттерден азат әлеуметтік субъектілерді әрдайым жасампаздық әрекетке жетеледі. Сақтардың аң стилі, байырғы түркі жазуы, сәулет өнері, ертегі-аңыздар, мың жылдық тарихы бар «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары кездейсоқ туа қалмайды. Өйтпесе XI ғасыр туындысы «Диуани лұғат ат-түрікте» Махмұд Қашқари табиғатты, қоршаған ортаны, фауна мен флораны саналы тірлік иесіндей суреттегені биікке көтерілмес еді. Мұнда қар, мұз, су, тау, киік, арқар, бәйшешек, гүл, найзағай, Еділ өзені, балық, жыл маусымдары әсем бейнеленген. Тіпті қыс пен жаздың айтысатыны бар.

Жаз айтады: Мен адамдарды да, қара малды да семіртіп, мүшелерін нығайттым. Менің тұсымда ауру-сырқау азаяды. Адамдардың еттері қатады, өздері күш-қуатқа енеді.

Қыс айтады: Қар тек қыста ғана жауады. Арпа, бидай, тағы басқа егіндер қардан нәр алып өнеді. Жаман адамдар, дұшпандар мен келгенде тынышталады, сен келген бойда-ақ олар әрекетке кірісіп, тықырши бастайды.

Жаз айтады: Мен келгенде жылқылар жерден өздері шөп жейді. Шұрайлы шөптер жеп семіреді, бектер семіз аттарға мінеді, қуаныштан бірін бірі қытықтап ойнайды.

Мұндай пейзаж Қайта өрлеуге дейінгі Еуропа әдебиетінде кездеспейтінін ғалымдар, біріншіден, жеке адамның табиғаттан ажырамағанымен, екіншіден, адам бостандығының, бас еркінің болмағанымен түсіндіреді. «Ортағасырлық әдебиетте табиғатты суреттеу жоқ» («В средневековой литературе отсутствует описание пейзажей»), – дейді салыстыру әдістемесін зерттеуші Г.Ю. Любарский [1]. Сағаларды зерттеуші М.И. Стеблин – Каменскийдің пікірінше: «Мұндай қабылдаудың болмауы, бұл – адам мен табиғат біртұтастығы жоғалмағанының көрінісі. Сағаларда пейзажды суреттеудің жоқтығы, әрине, әдеби форма емес, одан өзгеше форманы зерделеу де емес, ол адами тұлғаның шегін, табиғатты эстетикалық қабылдау үстемдік етуден өзгеше рухани мазмұнды бейнелейді» («... отсутствие такого восприятия – это проявление еще не утраченного единства человека и природы. Поэтому отсутствие пейзажа в сагах – это, конечно, не литературная форма, осознаваемая на фоне отличной от нее формы, а определенное духовное содержание, подразумевающее границы человеческой личности, отличные от тех, которые стали господствующими с тех пор, как развилось эстетическое восприятие природы») [2].

Осы екі уәждің алғашқысымен, яғни адам мен табиғаттың тұтастығы ортағасырлық еуропалық әдебиетте пейзаж суреттеуге бөгесін болды деген тұжырыммен келісу қиын. Табиғатпен тұтасудың классикалық нұсқасы мен заңдылықтары көшпелілерге тән. Және ол қазақ даласында «Неолиттік революциядан» XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін, демографиялық апат әкелген күштеп ұжымдастыруды жүзеге асырғанша сақталғаны мәлім. Ал осынау аралықта адамзат өркениетіне салған олжамыз қисапсыз. Демек, Қайта өрлеуге дейінгі Еуропа әдебиетінің баландығын адам мен табиғат



арасындағы тұтастықпен байланыстырмай, сол құрлықтың рухани-мәдени дамуда Ұлы даладан көш кейін тұрғанынан іздеген жөн шығар.

Өткен тарихымызда, әр аймақтың, өлкенің тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ. Ұлт мемлекетін құруда, шекарасын бекемдеуде, азаматтық қоғам түзуде, алыс-таяу елдермен аралас-құраласта тарихи дамудың біраз белесін біреуден ілгері, біреуден кейін жүріп өттік. Біз бұл жерде даму тезисін бекер алға тартып отырған жоқпыз. Этникалық, саяси, шаруашылық-мәдени тұрғыдан келсек, тарихи даму дегеніміз, біздің ойымызша, шыққан тегінен, бастау бұлағынан, арнасынан сабақтастығын үзбеген, мәнді байланысы мен қатынасын сақтаған қоғамда құрылымы, функциясы, әлеуеті өзгеше жаңа құбылыстардың табиғи – ырғақты түрде дүниеге келіп орнығуы.

Сабақтастық пен жаңа құбылыстар табиғи – ырғақты негізде және уақыт пен кеңістіктегі қажеттілікке сай заңдылықтар аясында өрілгенде тарихтағы, этнос болмысындағы, әсіресе рухани әлеміндегі тұтастықты бір дәуірден екінші дәуірге жалғайды. Әр дәуірдің өзіне лайық іштей жетілуі, жаңа құбылыстардың тереңдей түсуі, құрылымдық, өңірлік ерекшеліктерінің бедерленуі болатыны түсінікті жәйт. Осының саз өнеріндегі көрінісін ұлы ойшыл Әл-Фараби Х ғасырда дәйектеген екен. «Музыка туралы үлкен кітабында» («Большая книга о музыке») адам жанына әсер етуші құдіретіне қарай әуен мен дауысты жанр, түр, тек бойынша жүйелеумен музыканың үш қасиетін айшықтапты. «Бірінші қасиеттегі музыка, – дейді Әл-Фараби, – жаныңды ғана жайландырады, екінші қасиетке ие музыка құлшыныс шақырады, үшінші қасиеті бар музыка қиялыңды қияға шығарады» («Музыка первого рода просто доставляет удовольствие, музыка второго рода выражает (и вызывает) страсти, музыка третьего рода возбуждает наше воображение»). Әлемнің екінші ұстазы өзінің ой-түйіндерін тарихи динамикада емес, статикалық ахуалға жақын ғылыми әдіспен баяндайды. Әйткенмен Әл-Фараби ұстанымын басшылыққа алсақ, тарих қойнауынан шырығып, шымырлап шыққан дәстүрлі қазақ музыкасын, әр өлкеге тән ерекшелігін жазбай танымыз. Мәселен, бірінші қасиетті бойына сіңірген ән-күй Жетісу мен Тұранда, Жамбыл мен Кененнің, Байсеркенің шығармаларында тұнып тұр. Олар, Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ, тыңдаушыға қанағат береді, жаныңды жайландырып, ризашылық пен рахатқа бөлейді, құлақтан кіріп, көз алдыға әсем суреттер елестетеді («просто доставляет удовольствие, вызывает в душе приятное, восхитительное и успокаивающее чувство, оно действует на наши слуховые органы (уши), как декоративный рисунок действует на наши глаза»). Арада он ғасыр уақыт өткен соң Кенен әндерін талдаған А. Жұбановтың ойы Әл-Фарабимен үндесіп жатыр. «Көкшолақ» әні, – дейді Ахаң, – Жетісудың дәстүрінде, халықтық интонация негізінде шыққан... орындауға да жеңіл, музыкалық жағынан аса мазмұнды, қоңыр ән, өлеңнің сөзіне сай келеді». «Қос қалқа» әні шағын көлемді, халық әндерінің қысқа демді әндерінің әуенінде шығарылған. Қайырмасында да шырқап, аспандап кетпейді, сол бір шамада қалады. Жалпы Жетісу әндерінің жан ауыртпайтын, шағын диапазонды қалпында» десе, «Мөртай» да басы-аяғы жинақы, тиянадай ән. Басынан аяғына шейін бір ырғақтан ауыспайды. Дауыстың орта регистрі мен төменгі регистр айналасында басталып, сонда бітеді. Ән жұмсақ, жүрекке жылы тиеді» деумен Әл-Фараби айтқан бірінші қасиетті музыканың қазақстандық географиясын дәл анықтады.

Екінші қасиетке ие музыка еліміздің Батыс өңіріне қонған. Құрманғазының күйлері, Мұхиттың әндері құлшыныс пен әрекетке толы. Бұлар, Әл-Фараби айтқандай, құдай идеясынан бұрын, құдайдай әрекетті, мінезді, құдіретті ұлықтайды («Напоминали действия, характер, могущество богов, ... а не идею бога»). Тағы да А. Жұбановты тыңдап көрелік. Мұхиттың «Кіші айдайы» «Замана бұлбұлдарында» былайша сипатталады: «Ән салған жерден кульминациялық дыбыстардан басталып, сол дыбысқа қайталап үш-төрт рет төнеді. Ондай творчестволық күш шығарушының бәрінде бірдей бола бермейді. Аспапты музыкада айта қаларлықтай кульминация шыңы және оған бірнеше рет шығу тек Құрманғазыда кездесетін... Қазақ халқының ән байлығына емін-еркін еніп, көп зерттеген композитор Е. Брусиловский Мұхиттың бұл әнін Пуччинидің музыкасындағы шыңға көтерілуімен теңейді. Әділ теңеу!.. Осы бір әнде Мұхиттың творчестволық құлашы тіпті кең жайылғаны сондай, анау-мынау әнші айта алмауы осы күнге шейін келеді». Күй өнерінің білгірі А. Сейдімбек те осы идеяны қуаттайды. «Құрманғазының, –



дейді ол, – бірде-бір күйінде күйректік жоқ. Оның есесіне келер күндерден тек қана жақсылық күткен жігерлі сезім шарасынан асып-төгіліп жатады».

Үшінші қасиетті музыканың географиялық аумағы Арқаны, Алтайды, Көкшені қамтып, Ақан серінің, Біржан салдың, Тәттімбеттің шығармаларымен Ұлы даланы тербеді, тыңдаушысын философиялық, дидактикалық ой әлеміне жетеледі. Қиялды қияға қондыратын ән-күй шешеннің сөзіндей пайдалы әрі бәрінен әсерлі екен («Музыка, которая возбуждает воображение, приносит такую же пользу, как ораторская речь... Поэтические речи, действуя совместно с приятной мелодией, будут иметь более сильное влияние»).

Музыкалық талдауындағы Әл-Фарабидің басты қорытындысы да қазақ жеріндегі тарихи дамудың өзегі, аумақтық ерекшеліктері, сабақтастық және жаңа құбылыс жайлы ой-тұжырымымызды бекемдей түседі. Тыңдаушыға әсері жағынан музыкаға тән үш қасиетті алға тартқан ұлы ойшыл олардың арасына Қытай қорғанын тұрғызбайды, қайта бір-бірін байытумен, өзара ықпалдастығымен, кірігуімен ең кемел шығарма дүниеге келетінін еске салады. «Әуен мен поэтикалық жанрдың үш түрінің де басын қосқан музыка ең жетілгені, ең тамашасы және ең пәрмендісі болып табылады, нәтижесінде барлық табиғи сапаны бойына сіңіреді» дейді ол («... наиболее совершенной, наиболее превосходной и наиболее эффектной является, таким образом, такая музыка, которая объединяет все три вида мелодии и поэтического жанра, в результате чего приобретает все естественные качества»).

Енді осы танымдық тұжырыммен бүгінгі күнге көз жүгіртсек, өз өлкесінің ән-күй мектебі өкілі болып қала берумен әрі музыканың үш қасиетін ұштастыра алғандықтан қазақ ұлтының рухани мәдениетін асқақтатқан тұлғаларды көреміз. Олар композиторларда: Ш. Қалдаяқов, Н. Тілендиев, Н. Бекежанов, И. Жақанов, М. Шаханов, Т. Момбеков, А. Сейдімбек, Қ. Ахмедияров, С. Тұрысбеков, орындаушыларда: К. Байсейітова, Ф. Құрманғалиев, Ж. Елебеков, Д. Рақышев, Ж. Кәрменов, М. Ералиева, Қ. Байбосынов, Р. Рымбаева, Б. Тілеуханов, Р. Стамғазиев, М. Сәдуақасова, тағы басқалар.

Отан тарихының өлкелік ерекшеліктерін әлеуметтік құрылымдағы, тілдегі, ділдегі, салт-дәстүрдегі бұрын барша қоғам қастерлеген, қазір ішінара сақталып қалған құндылықтар мен ұстанымдардан байқай аламыз. Мәселен, Наурыз мейрамын тойлау Батыс өңірінде көрісумен басталса, Аркада ол жоқ. Сәбиді қырқынан шығару, бесікке салу жөн-жоралғысында айырмашылықтар бар. Этнограф ғалым Д. Ескекбаевтың дәйектеуінше, өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптарымызда да ерекшеліктер болған [3]. Мәселен, мәйітті молаға дейін жеткізуге арналған арнайы ағаштан жасалынған «табыттар» Қазақстанның Оңтүстік, Батыс облыстарында, Орта Азия халықтарында кездессе, керісінше, еліміздің Шығыс облыстарында және Алтай қазақтарында қолданылмаған. Ал Орынбор облысы қазақтарында арнайы жасалынған осындай табыттарды «бесік» деп атайды екен. XIX ғасыр мен XX ғасыр бас кезінде бұл бесік табыттар бүкіл ру адамдары үшін тек біреу ғана болып, ол соңғы өлік шыққан үйде сақталынып, кейініректе әр үй өздері үшін бөлек жасап алатын болған.

Өлкелік ерекшеліктер киім түрлерінде, кәсіпте, үйлену мен қыз ұзату дәстүрінде, баспана мен тағам түрлерінде орын алғаны сөзсіз. Бұлардың табиғатын, мән-мағынасын, паркы мен нарқын бұзған дүлей күш – отарлау мен кеңестік тоталитаризм. Табиғи-ырғақты даму заңдылығы бұзылғандықтан байлығымыз тоналып, ұлыларымыз қуғын-сүргінге түсіп, бек ұлдарымыз құл, пәк қыздарымыз күн санатына қосылғаны өз алдына, қазақ өзін өзі танымауға бет бұрды. Бірін бірі «мәмбет», «мәңгүрт» деуге барды. Атасы мен әжесі немересімен ана тілінде әңгімелесуден қалды. Уыздайынан бесік жырына, халықтың ән-күйіне, бабалар сөзіне жарымаған ұрпақ домбыраны – ескінің сарқыншағы, Шоқанды – актер, Абайды – наркоман деуге барды, Мэлс, Совхозбек, Венера, Диана тәрізді есімдерді иеленді. Тәуелсіздік тұсында да «әттеген-айымыз» азаймай тұр. Исламнан басқа дінге кірген қазақтар баршылық. Жастардың біразы күндіз-түні көріп, тыңдайтыны, аузынан суы ағып тамсанатыны Батыстың, Голливудтың сау адамды есінен айыратын арзанқол туындылары екенін кімнен жасырамыз? Өсек пен өтірікті жүндей сабаған, төсектен, анайы құмарлықтан басқа айтары жоқ газет-журналдар қолдан түспеуге айналды. Міне, осының бәрін қайта қалпына келтіру үшін де өлке тарихын жаңаша, ұлттық реңкі қанық мазмұнда жазу керек. Өлкетану тезге салынбай, ұмытылған есімдерді жаңғырту,

бұрмаланған атауларды түзеу, ойрандалған ономастиканы қазақтандыру алға баспайды, жүйесіздікке ұрынады. Туған өлке тарихын білу Отан тарихын игерумен ұштасқанда ұлттық патриотизм екі есе қуаттанады. Тойған жерін емес, туған елін, ана тілін, ата тарихын, салт-дәстүрін ұлықтайтын, жақсы менен жаманды, біз бен оларды ажырата алуымен бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ қалыптасады.

С 2008 года успешно функционирует собственная информационно-поисковая система (ИПС) «Биржа труда», разработанная сотрудниками Центра информационных технологий и отдела содействия трудоустройству выпускников, на страницах которой постоянно обновляется и пополняется банк данных вакансий временной и постоянной занятости, формируется банк резюме студентов и выпускников. ИПС «Биржа труда» взаимодействует с другими программными системами в области трудоустройства студентов и выпускников, в частности с системами «Выпускник ОГУ» и «Менеджер трудоустройства».

В рамках обучения студентов старших курсов технологиям трудоустройства в университете была разработана и реализована программа «Правила успешного трудоустройства», которая включает цикл семинаров для студентов всех факультетов ОГУ в формате мультимедийной презентации. На каждом семинаре проводится деловая игра «Собеседование с работодателем».

Ежегодно для выпускников очной формы обучения проводится анкетирование, в рамках которого выпускники оставляют в университете свое резюме, информацию о перспективах своего трудоустройства и планах на будущее. База резюме выпускников вуза используется в работе отдела содействия трудоустройству выпускников. В газетах «Оренбургский университет» и «Бюро вакансий» ведется еженедельная рубрика «Трудоустройство». Поддерживаются в актуальном состоянии информационные стенды «Практика – Временная занятость – Работа» и страницы сайта (<http://job.osu.ru/>). Здесь же организовано еженедельное информирование студентов и выпускников ОГУ о действующих вакансиях Молодежной биржи труда г. Оренбурга, о проектах и мероприятиях временной занятости.

В целях повышения конкурентоспособности студентов и выпускников на современном рынке труда ежегодно публикуются разработанные сотрудниками отдела содействия трудоустройству выпускников методические материалы: «Резюме, рекомендательные письма, собеседование»; «Поиск работы»; «Юридические аспекты трудоустройства»; «Стажировка для выпускников»; «Примеры резюме», «Памятка выпускнику ОГУ», содержащие сведения о том, каковы методы и пути поиска работы, что содержит папка соискателя, какова структура резюме, какие организации содействуют трудоустройству выпускников в Оренбургской области.

На базе университета также действует переговорная площадка, на которой представители областного Союза промышленников и предпринимателей, Торгово-промышленной палаты Оренбургской области, руководители предприятий всех отраслей экономики региона, деканы факультетов, заведующие выпускающими кафедрами обсуждают проблемы развития социального партнерства в области содействия трудоустройству студентов и выпускников, реформирования системы подготовки специалистов с высшим профессиональным образованием, вхождения молодых специалистов на региональный рынок труда и другие.

Для оценки и прогнозирования потребностей и ожиданий заинтересованных сторон в университете ежегодно проводятся ряд маркетинговых исследований, мониторинг целевой аудитории потребителей образовательных услуг («Твой выбор, абитуриент», «Выпускник ОГУ», «Первокурсник ОГУ», «Третьекурсник ОГУ», «Мониторинг трудоустройства и карьерного продвижения выпускников ОГУ»), а также постоянный опрос работодателей «Кадровые предпочтения работодателей и требования к уровню подготовки молодых специалистов». Последний ежегодно проводится среди основных стратегических партнеров университета. По сферам деятельности эти компании представляют основные отрасли российского рынка, в целом соответствующие специальностям и направлениям подготовки, которые реализует университет.

Результаты исследования показали, что для большинства работодателей уровень подготовки молодого специалиста не имеет значения (60,8%); 35,3% работодателей хотели бы принять на работу дипломированного специалиста, 13,7% – магистра, 7,8% – бакалавра. Значительная часть респондентов (74,4%) заявляют, что опыт практической работы при трудоустройстве молодых специалистов они не требуют. В большей степени это предприятия сферы телекоммуникаций, связи, финансов, страхования и торговли. Только 25,6% респондентов требуют опыт работы по специальности не менее года. В основном это предприятия строительства и промышленности, использующие труд инженерных кадров.

Преддипломная практика в качестве практического опыта устроит лишь 15,6% респондентов, половину из которых устроит преддипломная практика в любой организации (предприятия сферы транспорта и перевозок, сервиса, быта и обслуживания), а другую половину – практика только в своей организации (по 7,8%) – промышленные предприятия.

Работодатели оценили модели взаимодействия (формы сотрудничества) между бизнесом и образованием. Они находят наиболее эффективными: закрепление предприятия в качестве базы практики для студентов – 54,6%; участие в заседаниях комиссий по приему госэкзаменов и защите выпускных квалификационных работ – 50,0%; целевую контрактную подготовку студентов (отраслевой заказ) – 45,5%; участие в учебном процессе (чтение лекций, проведение семинаров) – 27,3%; участие в разра-

ботке совместных образовательных программ – 22,7%; повышение квалификации сотрудников на базе вуза – 22,7%; сотрудничество в области проведения научных исследований – 18,2% [4]. К сожалению, лишь пятая часть респондентов проявили реальную заинтересованность в разработке образовательных программ в рамках новых государственных стандартов.

Среди предпочитаемых совместных мероприятий работодателей и вузов были выбраны: «Ярмарки вакансий» (встречи со студентами с целью поиска сотрудников) – 77,3% опрошенных; «Дни фирмы» (презентации фирмы перед студенческой аудиторией) – 27,3%. Заинтересованность в проведении в будущем мастер-классов для студентов отметили 18,2% респондентов, желание проводить экскурсии для студентов на свое предприятие и совместные научно-практические конференции высказали по 13,6% работодателей.

Среди проблем, препятствующих развитию партнерства бизнеса и образования, респонденты выделяют: несоответствие спроса на специалистов их предложению на рынке труда – 45,5%; отсутствие стимулов у работодателя вкладывать средства в образование – 40,9%; отсутствие налоговых льгот для предприятий, инвестирующих в подготовку специалистов – 40,9%; отсутствие государственных программ по вопросам взаимодействия бизнеса и образования – 27,3%; отсутствие законодательной базы для участия работодателей в формировании образовательных стандартов – 27,3%; отсутствие долгосрочных программ кадровой политики предприятия – 22,7%; отставание подготовки в вузах от современной практики – 4,6%. Судя по большинству из приведенных ответов, предприятия готовы инвестировать средства в подготовку нужных им специалистов, но при этом государство не предусматривает меры по поощрению и стимулированию действий работодателей в сфере сотрудничества с системой профессионального образования.

Выбор форм сотрудничества, как со стороны вуза, так и предприятий региона, определяется конкретными условиями и, прежде всего, характеристикой кадрового потенциала вуза, структурой образовательных программ и особенностями географического расположения. Максимальную выгоду в долгосрочной перспективе для всех заинтересованных сторон и наибольшую пользу для общества может принести только системная многоаспектная работа вуза на основе совмещения стратегических интересов с партнерами.

#### Литература:

1. Дымарская О.Я. Профессиональное образование и рынок труда: опыт и перспективы взаимодействия // Россия реформирующаяся: Ежегодник. – 2005 / Отв. ред. Л.М. Дробижева. – М.: Институт социологии РАН, 2006. – С. 174-184.
2. Кутейницына Т. Г. Профессиональное образование и рынок труда: эффективность взаимодействия // Человек и труд. – 2009. – № 6. – С. 53-56.
3. Исмаилов Т.А. Интеграция образования и производства // Российское профессиональное образование: опыт, проблемы, перспективы: материалы Всероссийской конференции. – М., 2009. – С. 23-24 // <http://www.edu.meksinfo.ru/tezis/150.doc>.
4. Аналитический отчет по данным маркетинговых исследований потребителей образовательных услуг (абитуриентов, выпускников, молодых специалистов) и предприятий-работодателей за 2010-2011 учебный год / Оренбургский гос. ун-т.– Оренбург: ОГУ, 2011. – 122 с.

#### Түйіндеме

Мақалада жоғары оқу орындары мен өндіріс орындардың серіктестікпен біріге іс атқаруының мол тәжірибесі туралы сөз болады. Осындай серіктестіктің нәтижесі білім алушылардың жұмыспен қамтамасыз етілуіндегі тиімді тәсілдердің бірі екендігін дәлелдейді. Ресей Федерациясы Орынбор мемлекеттік университетінің жыл сайынғы түлектерінің жұмыспен қамтылуы үшін атқарылатын іс-шаралардың тиімділері мысал ретінде келтіріледі.



## Summary

This article tells about a great experience in cooperation between the institutes of higher education and manufacturing companies. This proves that this kind of cooperation is considered as one of the useful ways in the learners' employment. Results of Positive actions taken by Orenburg State University of Russian Federation towards employment of its graduates are provided as an example.

ӘОЖ.809.322

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ МЕН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Т.С. ТЕБЕГЕНОВ,**

*филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы*

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы кезеңіндегі ұлттық сөз өнерінің дамуы жаңа сарынды сипатымен халық тарихындағы өмір шындығын бейнелеп жазып келеді. Қазақ сөз өнерінің жаңаша дамуына тың серпін әкелген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялануы – ұлттық ояну, серпілу көңіл-күй ықпалын көркем әдебиет дамуына да сіңірді. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуына әлем әдебиетіндегі классикалық үрдістер жетістіктерін дарытқан хакім Абай және оның дәстүрін ұстанған көрнекті қаламгерлер, әдебиет алыптары: Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин шығармашылығы дәстүрі тәуелсіздік жылдарындағы әдеби даму желісіндегі бағдарлы ықпалын жоғалтқан жоқ. Аталған әдебиет алыптарының ұстаздық шығармашылық өнгесін дамыта жалғастырған XX ғасырдың 60-80-жылдарындағы қазақ сөз өнерінің жаңа толқын өкілдері де әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) жанрларының классикалық үрдістерін өзіндік өрнектерімен дамытты.

Ұлттық сөз өнеріне жаңа көркемдік сипат өрнектерін дарыта келген жаңа толқынның алдыңғы сапындағы қаламгерлер шығармашылық үрдіс жолын тың туындыларымен жалғастырды. Хамза Есенжанов, Асқар Токмағамбетов, Әбділда Тәжібаев, Қасым Аманжолов, Тайыр Жароков, Жұмағали Саин, Қалижан Бекхожин, Ғали Орманов, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Жұбан Молдағалиев, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, Мұзафар Әлімбаев, Ілияс Есенберлин, Тахауи Ахтанов, Сафуан Шәймерденов, Зейнолла Қабдолов, Аманжол Шамкенов және т.б. ақын-жазушылар легі қазақ әдебиетінің уақыт талабына сәйкес туындыларын жазды.

XX ғасырдың 60-80-жылдары кезеңінде қазақ әдебиетіне тағы да жаңа бір толқын қосылды. Суреткер жазушы Мұхтар Әуезов осы толқын хақында тарихи мәні ұмытылмайтын «Жыл келгендей жаңалық сезінеміз» тақырыбымен ұлағатты пікірін музыка, сурет өнері, поэзия дамуына арнаған еді:

«...Біз өзіміздің жастар туғызып жатқан қазақ поэзиясы, қазақ лирикасы жайында айтқымыз келеді. Осы үш саланың табыстары жаңа жыл келгендей өнердің жаңа жас қайраткерлері келіп, қазақтың музыка, живопись, поэзия өнеріне жаңа бір жыл келгендей жақсылық әкеле жатқан сияқты. ... Жалпы лирика туралы, қорытып айтқанда, біздің әдебиетке мәдениетті ақындар, оқыған ақындар келе бастаған. ...Поэзияның тақырыбы шағын болса да өзінің туған жерін, анасының жайын, көктем, күз, қыс, махаббат мәселесін айтқысы келеді. Бұл тақырыптар – бүкіл адамзат тарихи болғаннан бері айтылып

келе жатқан тақырыптар. Әрдайым өз үнімен, өзіндік сөзімен, өз күйі, өзге білмеген бір пернені ба-сады. Қазіргі поэзияның, мәдениетті поэзияның өкілдерінің – әрбір ақынның өзінің өзіндік тілі, үні біреудің айтқанын жазу керек емес дегендей талаптарды өздеріңізге өздеріңіз қойып келе жатқандықты байқатады.

...Сіздердің алдыңғы буын алдағы заманның жамандығын ала келетіні болады. Сіздер адал әдебиет-ке, үлкен әділ таразыларыңыз бар, салмақты сабырларыңыз бар, әдебиеттің жақсылығын шын сүйетін, шын берілген кішіпейіл әдебиетші болыңыздар. Жақсы жазғандарыңыз далаға кетпейді, ешбір қасиет бағаланбай қалмайды, алтының танылмай қалмайды. Жақсылық арта түседі» [1, 47-456].

Суреткер жазушы академик Мұхтар Әуезовтің осы баяндамасында үмітті сеніммен бағаланған Із-тай Мәмбетов, Тілеген Шопашев, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев, Қадыр Мырзалиев және осылармен қатарлас, өкшелес буын өкілдері Шәміл Мұхамеджанов, Жүмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов сынды қуатты ойлы ақындар легі әдеби үдерісте даралана танылды.

Қазақ әдебиетінің 1960-1980 жылдарындағы дамуы үдерісінде халық тарихындағы елеулі кезең-дердің деректеріне негізделген поэзиядағы, прозадағы, драматургиядағы жаңалықтар мол жа-зылды. М. Ғабдуллиннің, Б. Момышұлының, Қ. Қайсеновтің, Т. Ахтановтың, Ә. Нұршайықовтың, Т. Бердияровтың, Б. Соқпақбаевтың, Қ. Мұхамеджановтың, Н. Ғабдуллиннің, М. Мағауиннің, Д. Исабековтің, С. Мұратбековтің, Е. Ибраһимнің, Ә. Нұрғалиевтің, Қ. Жұмаділовтің, С. Жүнісовтің, З. Шашкиннің, Т. Әлімқұловтің, Ғ. Слановтың, және т.б. қаламгерлердің туындыларында 1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс зардаптарының майдан мен тылдағы адамдар тағдырларын тәлкекке ұшыратқаны тарихи шындық пен көркем шындық тұтастығымен бейнелен-ді. Сонымен бірге қазақ ауылдарының 1950-1960 жылдардағы экологиялық қиындықтарға ұшырай бастаған жағдайы да әлеуметтік-философиялық мағыналы бейнелеулермен шығармаларда қамтылды.

Бұл кезеңдегі қазақ прозасында эпикалық және лирикалық әдеби тек жанрларына тән көркемдік бейнелеулердің романтизм мен реализм тоғысуымен бейнеленуі айрықша орын алды. Қазақ прозасы әлем әдебиеті әдеби дамуы үдерісімен деңгейлес романдармен, повестермен, әңгімелермен, новелла-лармен толыға түсті.

Ал қазақ поэзиясындағы жаңашыл ізденістерде жадағай саяси-идеологиялық ұраншылдықтан арылған сыршыл сазды психологиялық терең ойлы лирикалық және эпикалық шығармалар жазу кеңі-нен өрістей бастады. Лирикалық-философиялық, лирикалық-психологиялық сипаттағы туындылардың жазылуы ұлттық және жалпыадамзаттық гуманизм дүниетанымы аясында тоғыса жырланды. Сюжетті лиро-эпикалық шығармалармен (баллада, поэма) бірге эпикалық кең құлашты лирикалық толғаулар публицистикалық-тарихнамалық тағылымымен ерекшеленді. Сюжетсіз құрылымдағы лирикалық-философиялық, дидактикалық-философиялық сарынды поэмалар жазудың поэтикалық үрдісі ұлттық топырақтағы үрдісін жаңаша түлете жалғастырды.

Қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия салаларында тарихи тақырыпты игеру айрықша қарқынмен дами бастады. Әсіресе, қазақ даласында Ресей отаршылдығының Ақпан, Қазан төңкеріс-терінің, Азамат соғысының салдарынан болған аштықтың, босқыншылықтың, саяси қуғын-сүргіннің және т.б. жат ықпалдардың зардаптары, қайғы-қасіреттері туралы көптеген тың туындылар жазылды. Поэзиядағы, прозадағы, драматургиядағы жаңашыл туындыларда өмір шындығы оқиғалары, тарихи қайраткерлер тағылымы елеулі кезеңдер қайшылықтарының, қақтығыстарының аясында бейнеленді.

XX ғасырдың 60-80-жылдары қазақ әдебиеттануы, фольклортануы ұлттық рухани құндылықтарды ұлықтаудың биік талаптары деңгейімен танылды. Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі түркі өркениеті дәуірлерінен басталып, орта ғасырлардағы Ислам мәдениетімен толысуы, одай кейінгі Алтын Орда, Қазақ хандығы кезеңдерінде төл ұлттық сөз өнерінің даралана дамығаны іргелі еңбектерде дәлелден-ді. Ал XIX ғасырдағы дәстүрлі ақындар поэзиясы мен жаңа жазба әдебиет өркендеуі жалғасуының әлемдік озық классикалық үрдістерге деңгейлес дамуға ұласқаны да тың зерттеулермен дәйектелді.

XX ғасырдың 60-80-жылдарындағы әдебиеттану ғылымының сын саласындағы жаңа ізденістер қазақ сөз өнеріндегі аталған бұрынғы-соңғы кезеңдер жалғастығын айрықша назарға ала қарастырды.

Әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны салалары жаңа жазылған тың туындыларды көркемдік дәстүр жалғастығы және жаңашылдық ұстанымы тұрғысында тиянақты іргелі зерттеулермен қарастырды. Көркем шығармалардың жанрлық сипаты, сюжет пен композиция, көркем шындық, тілдік-стильдік қолданыстар, поэтикалық үндестік, т.б. сан алуан мәселелер, ғылыми-теориялық таным ұстанымдары заңдылықтары аясында саралана қарастырылуы жүйелі қалпымен танылды.

Әдеби үдерістің әуелгі бастауларынан бастап, кейінгі дамуы кезеңдеріне дейінгі жолын көркемдік дәстүр және жаңашылдық заңдылықтарымен қарастыру арқылы қазақ сөз өнерінің көпқасырлық қалыптасу, даму болмысы айқындалды. Мыңжылдықтар белестерінен өтіп келе жатқан байырғы қазақ халқының бұрынғы-соңғы тарихының шындық екендігі дәлелденді.

XX ғасырдың 90-жылдары мен XX ғасырдың басындағы кезең шығармалары – тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихының жемістері. Әлем картасында өзіндік географиялық орны анық, шекаралары нық белгіленген ұлттық атауымен, мемлекеттік Елтаңбасымен, Туымен, Әнұранымен, төл валютасы – теңгесімен танылған, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болған Қазақстан Республикасының рухани құндылықтарын қазіргі уақыт талабы рухында арнайы зерделеп бағалау – аса өзекті мәселе. Осындай өзекті мәселені арнайы қарастыру мақсатымен мынадай міндеттерді орындау көзделді:

- Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі жылдарындағы поэзияның дамуы сипатын жүйелеп бағалау;
- Жаңа тарихи дәуір кезеңіндегі прозалық шығармалардың жанрлық табиғатын да саралап, бағалаулар жасау;
- Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ драматургиясы пьесаларының поэтикалық ерекшеліктерін саралау;
- Тәуелсіз Қазақстан әдебиеті дамуы үдерісімен сабақтас әдебиеттану, фольклортану ғылымы жетістіктерін де жүйелеу;
- Абайтану, Шәкәрімтану салаларындағы жаңашыл зерттеулерін жүйелеп бағалау.

Алыс, жақын шетелдердегі қазақ әдебиетінің көрнекті ақын-жазушыларының да дәуірмен сабақтас, ұлттық тарихымызды ұлықтайтын туындыларын да қоса оқыту мен зерттеу.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті дамуындағы туындылар жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне орай іріктеліп пайдаланылады. Себебі, XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың 2000-2011 жылдары аралығында көп туындылар жазылды. Поэзия, проза, драматургия салаларындағы туындылардың бірқатарын алғаш рет қамтып қарастырып отырғандықтан, назарға алына қоймаған көрнекті шығармалардың алдағы жаңа зерттеулерде қарастырылатынын басты назарымызға аламыз.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетін зерттеу жаңа кешенді ізденістермен жалғаса берді. Ұлттық әдебиет шығармаларының әлем өркениетінде танылуы үшін жаңа бағалаулармен зерделенген еңбектерге зәрулік қазіргі уақыттың және болашақтың талабынан туындай береді.

Қазақ әдебиетінің көп ғасырлар бойы қалыптасқан даму жолы – әлем өркениетіндегі өзіндік орнымен бағаланатын рухани құндылық қазынасы. Адамзат тарихындағы ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі талай белестерден өткен қазақ халқының сөз өнері мұралары ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтар ұлағатын жинақтаған гуманистік-эстетикалық болмысымен ерекшеленеді.

Ежелгі дәуірлердегі сақ, ғұн, түркі мәдениеттерінде негізгі қалыптасқан көркемдік-эстетикалық ойлау дүниетанымы кейінгі ғасырлардағы фольклор мұралары мен көркем әдебиет шығармаларында толыса, кемелдене өркендеді. Әсіресе, ұлттық өзін-өзі тануы көзқарастары дами түскен Алтын Орда, Мысырдағы мәмлүк сұлтандығы, Моғолстан, Қазақ хандығы кезеңдеріндегі сөз өнерінің тәлім-тәрбиелік, қоғамдық-әлеуметтік ықпалды қызметі ұрпақтардың қалыптасуында шешуші қызмет атқарды. Ал, XIX ғасырдағы дәстүрлі ақындар поэзиясы мен жаңа жазба реалистік әдебиет шығармаларының өркендеуі қазақтың халықтың дүниетанымының өркениеттер тоғысуындағы өзіндік қабылдау психологиясының болмысын дәлелдеді.

Шығыс пен Батыс өркениеттерінің озық жетістіктерін өзіндік төл мұралардағы көркемдік-эстетикалық дүниетаныммен ұштастырған халқымыздың талантты, дарынды шығармашылық тұлғалары рухани құндылықтарымыздың бұзылмай сақталуын, жаңаша жалғасуын жүзеге асырды. Бұл орайда,

XX ғасырдағы әдеби үдерістің фольклор мен дәстүрлі ақын-жыраулардың, хакім Абайдың, одан кейінгі Шәкәрім Құдайбердиевтің, Мағжан Жұмабаевтың, Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Илияс Жансүгіровтің, Сәбит Мұқановтың, Мұхтар Әуезовтің, Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің және олардан кейінгі толқын қаламгерлердің көркем туындыларымен кемелденгенін айта аламыз.

XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басы – тәуелсіз Қазақстан әдебиетінің жаңаша өркендеген кезеңі. Ресей патшалығының, одан кейінгі кеңестік саяси-идеологиялық бақылау шеңберінің құрсауында болған қазақ сөз өнері тәуелсіздіктің еркіндік мұхитының айдынында желкен көтерген кемедей жүзді. Қазақ әдебиетінің жаңаша сипаттағы көркем шығармаларында халық тарихындағы бұрын тақырып нысанына алына қоймаған халықтың мемлекеттілігі, ұлттық-азаттықты сақтау, қорғау күрестеріндегі қайраткер тұлғалар (хандар, би-шешендер, батырлар, оқымысты зиялылар), еңбек ардагерлері және т.б. – бәрі де шығармалар арқауына алынды, жаңа буын оқырмандардың танып-білуіне ұсынылды.

Қазақ поэзиясының тәуелсіздік жылдарындағы дамуында көрнекті ақындарымыз – Нұрлан Оразалиннің, Темірхан Медетбековтің, Серік Ақсұңқарұлының, Иранбек Оразбаевтың, Темірше Сарыбайұлының, Аманхан Әлімұлының, Есенбай Дүйсенбайұлының, Ұлықбек Есдәулетовтің, Өтеген Оралбайұлының, Бауыржан Жақыповтың және т.б. ақындардың өлеңдері тәуелсіздіктің шынайы қуатын сездіретін сенімді үнмен жырланды. Ақындардың өлеңдерінде халықтың Түркі қағанаттары, Қазақ хандығы дәуірлерінде негізі қалыптасқан елдік, азаматтық-отаншылдық ұстанымдары, Көктүркілік наным-сенімдері және діни-исламдық дүниетанымы поэзиядағы көркемдік-эстетикалық, романтикалық-реалистік тұтастықпен жырланды. Ақындар ұлттық әдебиетіміздің классикалық негізі жыраулар поэзиясындағы философиялық-дидактикалық, азаматтық-мемлекетшілдік сарындарды тәуелсіздік рухымен тұтастыра, жаңа дәуірдегі қуатты ұрпақтар үнін танытуға күш салды. Лирикалық-философиялық, философиялық-публицистикалық сарынды лирикалық және эпикалық шығармалар жазу қауырт өрістеді. Тәуелсіздік жылдарында әдебиет айдынында танылған жас толқын ақындар ұлттық поэзияның жаңаша дамуына өзіндік үлестерімен, үндерімен келіп қосылды.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ прозасы да алдыңғы толқын алыптар қалыптастырған көркемдік үрдіс жолын жалғастыратындай шығармашылық тағылымымен байқалды. Қазақ прозасындағы көрнекті көркем туындыларымен оқырмандарына танымал қабырғалы қаламгерлер Әбіш Кекілбаевтың, Мұхтар Мағауиннің, Рамазан Тоқтаровтың, Қабдеш Жұмаділовтің, Бексұлтан Нұржекеевтің, Ұзақбай Доспанбетовтың, Сәбит Досановтың, Тынымбай Нұрмағамбетовтің, Адам Мекебаевтың, Дүкенбай Досжановтың, Смағұл Елубайдың, Берік Шахановтың, Жанат Ахмаидың, Мархабат Байғұтовтың, Сайлаубай Жұбатырұлының, Ғабиден Құлахметовтың, Жұмабай Шаштайұлының, Сұлтанәлі Балғабаевтың, Қуаныш Жиенбайдың, Жолтай Әлмашұлының және т.б.-дың әңгімелері, повестері, романдары тәуелсіздік жылдарындағы уақытпен үндескен сипаттарымен танылды.

Жазушылардың прозалық жаңа туындыларында қазіргі қазақ ауылдарындағы адамдардың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы, қарым-қатынастар мәдениеті, әр алуан мінез-құлық қасиеттері үйлесімдер мен қақтығыстар аясында бейнеленген. Прозалық жаңа шығармаларда қалаға қарай ағылған қазақ жастарының сан алуан тағдырлық талқыға ұшыраған хал-ахуалдары арқау етілген. Қиыншылықтар құрсауында жүріп, бірақ адамшылық-имандылық ұстанымын жоғалтпағандар мен тағдыр талқысына түскендер, оларға ешқандай аяушылық жасағысы келмейтін қатыгездер, жалған ғылыми атақ иеленген көзбояушылар, жезөкшелікке мәжбүр болғандар, ел байлығын құлықпен иеленіп алып, миллиондарымен, миллиардтарымен шетелдерге қашып кеткендер, билік тұтқасынан айрылмай, бірақ қазақтың ұлттық діл болмысына мұрнын шүйіре қарайтындар, екіжүзді саясаткерсымақтар және т.б. – өмір шындығының қайшылықты мәселелері шығармалар арқауына алынған. Көрнекті жазушы Адам Мекебаевтың повестері («Әжесінің баласы», «Бойжеткен», «Жар жағалаған қыз», «Жезтырнақ»), романдары («Періште келіншек», «Дауылы кенеттен көтерілген жер», «Құпия қойма», т.б.) қазіргі қазақ прозасының адамдар тағдырларын қайшылықты сипатымен танытқан көркем туындылар болып танылды.



Жазушы Ұзақбай Доспанбетовтің повестері («Гауһар тас», «Ғарыш әні», «Сырғалы қыз», «Қардағы гүл», т.б.), романдары («Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы», «Жылусыз от», «Шың мен шыңырау», т.б.) – бәрі де тарихи, өмірлік, шындық оқиғалары ортасындағы жеке адамдар мен жалпы халық тағдырларын көркем шындық поэтикасы аясында психологиялық сипатпен бейнелеген ерекшеліктерді байқатады.

Жазушы Сәбит Досановтың Тәуелсіздік жылдарында жазылып, оқырмандарының биік бағасын алған шығармалары ұлттық әдебиетіміздің көрнекті көрсеткіштері қатарын құрады. Жазушының ХХ ғасырдың 90-жылдары мен қазіргі кезең әдеби үдерісіне қосқан сүбелі үлесі – «Жиырмасыншы ғасыр» атты роман-эпопеясы. Роман-эпопеяның бұрын жарық көрген «Қылбұрау», «Ұйық», «Тұйық» атты кітаптары қазақ халқының ХХ ғасырдағы тарихи кезеңдерден өткен жолдары деректерге негізделген көркем шындықпен қамтылған. Жазушының роман-эпопеясында қоғамдық-әлеуметтік елеулі оқиғалар көрнекті тарихи тұлғалар, эпикалық баяндау, кейіпкерлерді даралау, мінездеу жолдарымен суреттелген.

Романдардың сюжеттік-композициялық желісінде империялық-отарлық басқару – әкімшілік жүйесінің зорлық-зомбылықтары, орыс шаруаларының жаппай қоныстандырылуы, қазақ даласындағы ұлттық-азаттық көтерілістер, ұлт зиялыларының демократиялық-революциялық іс-әрекеттері, орыс революцияларының және Азамат соғысының аласапыраны, кеңестік өктемдік, зорлық-зомбылықтар (мал-мүлікті тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, қазақтың аштықтан қырылғаны, шетелдерге ауып, босып кеткені, ұлт қайраткерлерін, ел азаматтарын жаппай қуғын-сүргінге ұшырату, атып өлтіру, жер аудару, т.б.), Сарыарқада тың игеру желеуімен жат елдер адамдарын тоғытып орналастыру, қазақты өз жерінде азшылыққа айналдыру, қазақ даласын атом сынағы, ғарыш айлағы алаңдарына айналдырып, экологиялық зардаптарға ұшырату, т.б. – бәрі де романдарда қамтылған.

Жазушы Ұзақбай Доспанбетовтің прозалық шығармаларында (повестерінде, романдарында) мінез-құлық ерекшеліктері сан алуан адамдардың әрқайсысының даралықтарын да, өзара үндес қасиеттерін де, іс-әрекеттерін де тарихи, шындық желісіндегі көркемдік тәсілдермен суреттеген. Жазушының повестерінде («Гауһар тас», «Ғарыш әні», «Сырғалы қыз», «Қардағы гүл»), романдарында («Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы», «Жылусыз от», «Шың мен шыңырау») қазақ тарихындағы белгілі кезең адамдарының қайшылықты тұрмыс ортасындағы өзара үндес әрі қақтығысты тіршілік болмысы сипатталған.

Жазушы Жанат Ахмадидың тарихи романдары («Дүрбелең», «Шырғалаң», «Ай-тұмар», «Есенгелді би», т.б.), әңгімелері мен повестері (Зар-зарауха») тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының жаңа көркемдік белестерін құрады. Жазушының тарихи романдары көркем шындық поэтикасы заңдылықтары аясында өзіндік шешімі айқын суреткерлік шеберлікті танытқан туындылар қатарын құрайды.

Жазушы Жолтай Әлмашұлының әңгімелері («Найзашың», «Сұлуды сүйю», «Пенде мен періште»), романдары («Ұмытылған ұрпақ», «Оянған ұрпақ», «Күлкі мен көз жасы») қазіргі кезең әдебиетіндегі жаңашыл сипатымен танылады. Жазушының «Күлкі мен көз жасы» атты екі кітаптан құралған романдилологиясында ХХ ғасырдың 1900-1954 жылдары арасындағы халық тағдырының сан алуан қуанышты, қасіретті сипаты, сонымен бірге қайшылықты тіршілік қозғалысындағы адамгершілік асыл сезім қуаттылығы дәлелденген.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті құрамында қазіргі қазақ драматургиясы да қарастырылады.

Қазіргі қазақ драматургиясы қаламгерлері: Әбіш Кекілбаевтың, Қалихан Ысқақовтың, Дулат Исабековтің, Софы Сматаевтың, Төлен Әбдіковтің, Немат Келімбетовтің, Нұрлан Оразалиннің, Иранбек Оразбаевтың, Сұлтанәлі Балғабаевтың, Жолтай Әлмашұлының, Серік Асылбекұлының, Роза Мұқанованың және т.б. қаламгер-драматургтердің пьесалары көрермендерге ұсынылуда, театр сахналарында қойылып келеді.

Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Миско және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Әйелдер әлемі», т.б. пьесаларында қазіргі заманғы отбасылық-тұрмыстық өзекті мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар тұтастығымен бейнеленген.



Жолтай Әлмашұлының пьесаларында («Сана дерті» – драма-элегия, «Абақты ғұмыр» – поэтикалық драма-сұхбат, «Фрустракция – драма-элегия) қазақ тарихының қайраткер тұлғаларының саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тағдырлары драмалық-трагедиялық болмысымен психологиялық тұрғыда бейнеленген. Жазушы-драматургтің пьесаларында уақыт пен кеңістіктегі адамтанудың өзекті мәселері көркемдік-эстетикалық таныммен қамтыла суреттелген.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті дамуының аясында әдебиеттану, фольклортану ғылымдары салалары да жаңа ізденістермен толыға, толыса дамыған. Бұл орайда, Немат Келімбетовтің «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», «Шығыс классикалық поэзиясы мен қазақ әдебиеті», «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы», «Қазақ әдебиетінің бастаулары», «Ежелгі әдеби жәдігерліктер», «Көркемдік дәстүр жалғастығы» және т.б. еңбектері түркітану, шығыстану салалары бойынша жаңашыл тұжырымдарымен танылды.

Тәуелсіз Қазақстан әдебиеттануының әлемдік деңгейдегі көрсеткіштері қатарында Абайтану саласындағы ғылыми-зерттеулер айрықша жоталана байқалады. Алаш зиялылары және көрнекті оқымыстылар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев және т.б. алдыңғы толқын қалыптастырған дәстүрлі жолды тәуелсіздік жылдарында жаңа зерттеулер жалғастырды. Академик С. Қирабаевтың, З. Қабдоловтың, Т. Кәкішевтің, Р. Бердібаевтың, З. Ахметовтің, М. Мырзахметұлының, Ж. Ысмағұловтың, Ш. Елеукеновтің, т.б. ұстаз-ғалымдардың іргелі зерттеулері Абайтанудағы жаңа бағыттарға жол ашты. Абайтанудың тарих, философия, психология, педагогика, өнертану, т.б. салалардағы көрнекті зерттеулері жаңа тұжырымдармен толыға түсуде.

Аталған кезеңде Шәкәрімтану бағытында да көптеген монграфиялар, оқу құралдары, мақалалар жарық көрді. «Шәкәрімтану мәселелері» атты көп томдық ғылыми еңбектер жинағы жарық көрді.

Қазақ фольклортануы ғылыми саласында тың зерттеулер жазылып жарық көрді. Қазақ фольклорындағы мифтер, эпостану, тарихи жырлар, жазбаша әдеби үдеріс шығармаларындағы фольклорлық-этнографиялық нышандардың сақталуы, т.б. сан алуан өзекті мәселелерге арналған жаңа зерттеулер отандық ғылымның әлем өркениеті кеңістігінде лайықты үлесін танытты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті – Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы іргелі жоғары білім беру оқу ордасы. Университет ректоры, академик, профессор Қылышбай Алдабергенұлы Бисенов қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеу жұмыстарына тікелей қамқорлық жасап келеді. Университеттің 75 жылдық тарихындағы жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық, техникалық ғылымдар салалары бойынша еңбек сіңірген талай ұстаз-ғалымдардың мұраларын мәңгіліктендіру жұмыстарын жүзеге асыруда. Мысалы, университетте ұзақ жыл еңбек еткен, Алаш ғылымының әлемдік деңгейдегі алыптарының бірі, профессор Әуелбек Қоңыратбаев шығармаларының 10 томдығын жарыққа Шығаруды жүзеге асырды. Ректордың қолдауымен әдебиетші-ұстаз Әйтімов Мұратбек Кенжебайұлы Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа туындылар бойынша «Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық және көркемдік шешім» тақырыбымен филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі үшін диссертация қорғады.

2011-2012 оқу жылынан бастап ректор Қ.А. Бисеновтің тікелей ұсынысымен «Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті» атты жаңа пән оқытыла бастады. Осы пәннің ҚР БҒМ бекіткен типтік бағдарламасы дайындалып, республикамыздың жоғары оқу орындары үшін ұсынылды. Университеттің магистратурасы мен докторантурасы да Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетін зерттеу тақырыптары бойынша ізденістер жасауда.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті және зерттеу салалары ұлттық рухани құндылықтарымыздың уақыт өзгерістерімен үндесе даму болмысын танытты. 2004 жылдан бері Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы [2] да Отанымыздың әлем өркениетіндегі қуатты әлеуетін айқындап отыр.

Қазақстан Республикасының Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ, 2010), Ислам Ынтымақтастық Ұйымына (ИЫҰ, 2011) төрағалығы және т.б. бүкіләлемдік деңгейдегі көрнекті деңгейлері қазақ сөз өнері туындыларының да, жаңа зерттеулерінің де жоғары сапамен дамуына ықпал етері ақиқат. Бұл – біздің ұлттық рухани құндылықтарымыздың үздіксіз қозғалыстағы шығармашылық жолының көрнекті көрсеткіші.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы: монография мен мақалалар, Т. 20. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
2. Назарбаев Н.А. «Мәдени мұра мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс» // Егемен Қазақстан. – 2003. – № 311-312.

Резюме

В статье рассмотрены актуальные научные проблемы обучения и исследования новейшей литературы Независимого Казахстана. Представленная научная статья является первой попыткой осветить, углубить и дополнить исследования, посвященные изучаемому периоду. Следует также отметить, что предложенная тема требует дальнейшего исследования с учетом фактора развития современного общества и появления новых научных концепций и теорий.

## СЕКЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

### МАТЕРИАЛЫ СЕКЦИИ

УДК 8.707:17

## ТЕНДЕНЦИЯ ИННОВАЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В ВЫСШЕМ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

**Ш.М. МАЙГЕЛЬДИЕВА,**

*доктор педагогических наук, профессор*

**Д.А. АРХАБАЕВА,**

*магистр педагогики и психологии,*

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата*

**Б.Ж. БЕКЖАНОВА,**

*докторант PhD, Казахский национальный университет имени Абая,*

*Республика Казахстан*

В настоящее время человечество переходит в совершенно новую постиндустриальную эпоху. Происходящие в связи с этим изменения касаются и системы образования. Образование относится к числу важнейших социальных институтов и по своему значению, объему и содержанию играет решающую роль в жизни общества. В связи с этим остро стоит проблема его совершенствования в соответствии с требованиями постиндустриального общества. Несмотря на то что сейчас много внимания уделяется модернизации образования, оно все еще остается неадекватным вызову времени, во многом сохраняет не соответствующие современной парадигме старые традиции, до настоящего времени нет полной ясности в отношении того, какую роль в подготовке современного специалиста играют инновационные средства и технологии. Отсутствие такой теории существенно ограничивает возможности выявления общих закономерностей построения инновационной среды современного вуза.

Сегодня востребованным оказывается человек, обладающий качествами критического мышления, креативности, умения грамотно работать с информацией, коммуникабельности и способности к самообучению. Этот социальный заказ, безусловно, определил и основные направления реформирования современной высшей школы.

На основе анализа научно-педагогической литературы и современного состояния по данному вопросу выделяются следующие основные тенденции в высшем образовании:

- смена основной парадигмы образования;
- гуманизация и гуманитаризация высшего образования;
- тенденция фундаментализации знаний студентов;
- тенденция информатизации образования;
- тенденция инновационного обучения.

В своем докладе мы остановимся на раскрытии содержания тенденции инновационного обучения, столь актуальной и необходимой сегодня в системе современного образования. Тенденция инновационного обучения – это революционный шаг в переходе от репродуктивного к активному способу организации обучения, который предполагает организацию самостоятельной деятельности обучающегося и его взаимодействие с преподавателем в процессе обучения. В начале 90-х годов XX в. эти образовательные идеи получили международное признание и стали рабочими ориентирами в программах

учебных заведений России. Так, российский ученый-педагог Бордовский А. в своих научных трудах, как, например, «Инновационные процессы в современной системе высшего педагогического образования» (1998), отмечает, что инновационное обучение обеспечивается не применением отдельных способов обучения, а связано с пересмотром процесса приобретения знаний и разработкой нового стиля обучения [1]. Анализ мнения ученых-педагогов, занимающихся проблемой создания инновационной образовательной среды в вузе, позволяет сделать следующие выводы: во-первых, инновационное обучение (от англ. *innovation* – нововведение) – это особый тип овладения знаниями, так как здесь идет работа на опережение, на открытость к будущему, направленность на личность, ее развитие, обязательное присутствие элементов творчества, партнерский тип отношений, как сотворчество, сотрудничество, взаимопомощь. Во-вторых, инновационное обучение готовит к действиям в новых, неизвестных ситуациях будущего и уже новой современности, которые кажутся неизвестным, постоянно меняющимся, поэтому обучающийся должен приобрести такие умения, как инициатива, сотрудничество, работа в коллективе, взаимное обучение, оценка, решение проблем, получение и использование информации, планирование, и самое главное умение – это умение учиться. В-третьих, в отличие от традиционного обучения, которое занимается трансляцией принятых норм мышления и поведения, данное обучение направлено на формирование у человека таких качеств и умений, которые позволят ему как создавать новые продукты, нормы, правила, так и неагрессивно воспринимать подобные разработки других людей. Следовательно, инновационное обучение – новый подход к обучению, включающий в себя личностный подход, фундаментальность образования, творческое начало, сущностный и акмеологический подходы, профессионализм, синтез двух культур (технической и гуманитарной), использование новейших технологий. Большинство из этих составляющих (каждая по отдельности) более или менее хорошо известны. Сравнительно новым и менее известным является акмеологический подход. Акме (от лат. *acme* – пик) – это вершина профессионализма, стабильность высоких результатов работы, надежность. К сожалению, пути внедрения в жизнь инновационного обучения и основной его составляющей – акмеологического подхода – до конца еще не разработаны [2]. Однако для того, чтобы эти акмеологические факторы сработали, необходимы сильные побудительные причины. Таковыми могут стать мотивы достижений. Задача педагога – помочь обучаемым в формировании этих мотивов и потребностей. Внедрение инновационного обучения невозможно без применения новых информационных технологий. Все они непосредственно связаны с компьютеризацией обучения, созданием автоматизированных обучающих систем, использованием сети Интернет. Поэтому настоятельной необходимостью является разработка и внедрение открытых систем интерактивного обучения. Эти системы дают обучаемому возможность выбора подходящей ему технологии обучения и разработки индивидуальных программ формирования и актуализации личности.

Безусловно, вышеизложенные положения требуют, чтобы каждый преподаватель высшей школы сегодня хорошо знал и мог применять в своей деятельности существующие в педагогической науке закономерности и принципы инновационного процесса в обучении. Так, нововведение – это новшество, это процесс введения новшества в практику. Нововведение – процесс целенаправленной, организованной деятельности людей, которых называют новаторами. В этом процессе, разворачиваемом во времени, выделяются 3 этапа:

I этап – этап рождения новой идеи;

II этап – этап создания новшества, т.е. изобретение или материального, или духовного продукта, то есть образца;

III этап – этап такого процесса, когда продукт нововведения (изобретение) находит практическое применение.

Далее начинается процесс самостоятельного существования этого новшества. IV этап – начало фазы использования новшества, когда происходит его распространение, которое заключается в широком внедрении новшества в новые сферы;

V этап – этап господства новшества, когда оно фактически перестает быть таковым, теряет новизну. Завершается этот этап или появлением альтернативы, или заменой этого новшества более эффективным.

VI этап – сокращение масштабов применения новшества в связи с заменой его новым продуктом [3]. Инновационный процесс не обязательно может включать все вышеуказанные этапы последовательно и неразрывно.

Однако на основе выявленных учеными-исследователями закономерностей и принципов инновационного процесса в образовании, таких, как, например, принцип перехода от стихийных механизмов протекания процессов к сознательно управляемым, принцип прогнозирования обратимости или необратимости процессов дестабилизации в инновационной среде или принцип усиления устойчивости инновационных процессов, можно сделать этот процесс сознательно управляемым, эффективным и устойчивым.

Все больше исследователей связывают решение этой задачи с организацией в учреждениях образования среды профессионального развития педагогов, с необходимостью моделирования особого качества профессионально-педагогической среды, адекватной новым задачам образования. Особое качество среды, которое стимулирует педагогов к инновационной деятельности, позволяет рассматривать ее как особый вид профессионально-педагогической среды – инновационную. В педагогической теории факт наличия инновационной среды определяется как благоприятная профессионально-педагогическая среда. Несмотря на возросший интерес к инновационной среде, научные представления об этом виде профессионально-педагогической среды отсутствуют. Не сформулировано само понятие «инновационная среда», нет единого понимания природы ее возникновения, состава, механизма функционирования. Недостаточно изучено ее влияние на педагогов. В реальной практике такая среда формируется лишь спонтанно, попытки ее поддержания как необходимого условия освоения педагогами новшеств не всегда успешны.

Инновационная среда как совокупность вводимых в образовательное учреждение новшеств, среди которых трудятся педагоги, может по-разному (положительно и отрицательно) влиять на их профессиональное развитие. Чтобы влияние среды было позитивным, она должна быть специально организованной, а ее структурно-функциональная модель включать представление о ней как об интегральном средстве достижения управленческих целей. Влияние инновационной среды будет позитивным, если при ее моделировании исходить из: а) задач формирования отношения педагогов к деятельности, обучающимся и к себе; б) понимания двойственной природы инновационной среды: как источника новых возможностей и как условия их реализации в практической деятельности.

Таким образом, проблема развития процесса инновационного обучения в вузе, а именно инновационной образовательной среды, является актуальной социальной, научной и практической проблемой. Социальная значимость определяется зависимостью развития общества и экономики от успешности подготовки специалистов, уровень и качество деятельности которых в значительной мере влияют на конкурентоспособность производства. Научная актуальность обусловлена потребностью в теории создания инновационной образовательной среды вуза, позволяющей прогнозировать и проектировать развитие соответствующей образовательной отрасли и обеспечивать ее эффективность и результативность, т.е. обеспечивать соответствующее качество подготовки специалистов. Актуальность проблемы определяется и практическими задачами, связанными с созданием инновационной образовательной среды вуза и ее развитием в условиях перехода к постиндустриальному обществу.

Системообразующую роль в формировании и развитии подобных кластеров может выполнять инновационный вуз, который реально позволит перейти на опережающую подготовку специалистов. Для успешного развития инновационного вуза, где обучение – есть обучение, стимулирующее инновационные изменения в культуре и социальной среде, важную роль должны сыграть инновационные учителя/преподаватели, умеющие подготовить к успеху студентов, обладающих навыками XXI века, такими, как критическое мышление, решение проблем творчества и сотрудничества.



#### Литература:

1. Бордовский А. Инновационные процессы в современной системе высшего педагогического образования. – М., 1998.
2. Душков Б.А., Королев А.В., Смирнов Б.А. Энциклопедический словарь: Психология труда, управления, инженерная психология и эргономика. – М., 2005.
3. Анисимов В.В. и др. Общие основы педагогики. – М., 2006. – С. 120-139.

#### Түйіндеме

Мақалада Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесіндегі инновациялық оқыту тенденцияларының құрылымы және мазмұны ашылады. Инновациялық үдеріс дамудың белгілі бір принциптері мен заңдылықтарына бағыттталып және акмеологиялық ұстанымды инновациялық тәлім-тәрбиенің жүйесінде бағдарлайды. Авторлар инновацияның негізгі мазмұнын айқындап, оны жоғары оқу орындарының оқытушылары білу қажет екенін дәлелдейді. Жоғары оқу орындарында инновациялық білім беру ортасын құру мәселесі және жаңашыл мұғалімнің іс-әрекетін бағыттау ұсынылады.

#### Summary

The article reveals the structure and content of the trends in today's innovative training system of education in Kazakhstan. Innovation process, the article notes, is guided by certain principles and patterns of development, where acmeological approach plays an important role in the system of innovative education. The author also provides an incremental innovation content, which the university instructors shall necessarily know. The article offers solutions to create innovative educational environment in for and guidance activities are planned innovative teacher.

ӘОЖ 316.4.063:001:37:330.33

## **ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР**

**А.Ж. НҮРҒАЗИНОВА,  
Н. САРСЕМБАЙҚЫЗЫ,**

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университеті,  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы*

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау нәтижелері «новация» мен «инновация» ұғымдарын жеке-жеке қарастыру керектігін көрсетті. Инновация ұғымы «жаңалық, жаңару – техникалық және технологиялық жетістіктер мен ашылымдардың немесе жаңалықтардың іс жүзіндегі қолданысы» деген анықтамаға ие. «Новация – бар нәрсенің ішінара жаңаруы, яғни қандай да бір бөлігінің, қасиетінің, байланысының өзгеруі» делінсе, «инновация – мүлдем жаңа нәрсе, жаңалық» ретінде пайымдалды.

Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым – профессор Н. Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деп анықтама берген болатын. Алайда, инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл ұғым қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану ғылымдарынан келген деп есептеледі. Өйткені, инновациялар көбіне экономика, техника, агрономия, өнеркәсіп және медицина салаларында кеңінен қолданылады. Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде ХХ ғасырдың 70-80-жылдарында ғана қолданысқа енгізілді.

Инновациялық үрдіс – ғылыми идеяларының туындауынан бастап, оның іс жүзінде пайдалануына дейінгі уақыт аралығы.

Қазіргі уақытқа дейін ғылыми әдебиеттерде инновациялық үдерісті мынадай кезеңдерге бөледі:

1) Идеяның немесе инновация тұжырымдамасының пайда болу кезеңі, мұны шартты түрде іргелі де қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып табылатын жаңалықтың ашылу кезеңі деп те атайды.

2) Ойлап табу кезеңі, яғни қандай да бір нысанға, материалдық немесе рухани өнім-үлгіге айналған жаңалықты құру немесе ашу кезеңі.

3) Жаңалықты енгізу кезеңі, мұнда ойлап табылған жаңалық іс-жүзінде қолданысқа еніп, қайта өңделеді және жаңалықтан тұрақты нәтиже алынады.

4) Жаңалықты тарату кезеңі, мұнда жаңалық кеңінен қолданысқа енгізіліп, жаңа салаларға кіреді.

5) Нақты бір салада жаңалықтың үстемдік ету кезеңі, мұнда жаңалық бұрынғы жаңашылдық қасиеттерін жоғалта бастайды да, оны едәуір тиімді жаңалықпен ұтымды алмастыру үдерісі қарастырылады.

б) Жаңалықтың қолданылу аясын қысқарту кезеңі, мұнда жаңалық жаңа өніммен алмастырылады.

Инновациялық білім беру үдерісінің мән-маңызы, біздің пікірімізше, оның инновацияны бастау, жаңа өнімдер мен мәмілелерді дайындау, оларды нарықта сату және одан әрі қолданысқа енгізу жөніндегі мақсатты іс-әрекеттер тізбегін қамтитындығынан көрінеді. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ғылым мен білімді дамытуға зор көңіл бөлінгені мәлім. Өйткені, ЮНЕСКО болжамы бойынша, ХХІ ғасыр білім ғасыры болып табылады. Бүгінде «білім экономикасы» ғаламдық дамудың тегеурінді тетіктерінің біріне айналды. Бәсекелестіктің жаһандық индексіне енген 135 шарттың 8-і тікелей білім беруге қатысты. Сондықтан да ертеңін ойлаған елдер саланы өркендетуге жете мән беріп отыр. Елбасы тапсырмасына орай отандық білім беруді қаржыландыру көлемі де жыл сайын артып келеді. Мемлекетіміз ЮНЕСКО-ның білім беруді дамыту индексі бойынша көшбасшы төрттікке енді. Ғылым мен білімді өркендетудің салалық бағдарламасы жасалып, негізгі даму бағыттары анықталды. Бұл бағыттар ғылымға қатысты жеке секторларды көтермелеу, ғылыми ауқымға қажетті қызметтер көрсету, ғылым мен білім технологияларын қолдау, іргелі зерттеулер сапасын арттыру сияқты тың өрістерді қамтиды. Ғылымды құрылымдық тұрғыдан реформалау аясында академиялық ғылыми мекемелер алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен біріктірілмек, инновациялық-білімдік консорциумдар құрылмақшы. Жетекші жоғары оқу орындарының базасында ғылыми және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін жоғары технологиялар шоғырландырылады. Бұл білім ордалары білім мен ғылымды, инновациялық өндіріс пен бизнесті кіріктіретін болады. Инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізетін жоғары оқу орындарының үлесі 5%-ға дейін артады. Міне, сөйтіп, сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналатын болады.

В ходе поисковой работы мы определили, что, используя возможности инновационных методов обучения, в условиях кредитно-модульной технологии, в процессе профессиональной подготовки будущего химика происходит: активизация познавательной деятельности студентов; их мотивирование и стимулирование к учебной деятельности; моделирование профессиональных умений будущего специалиста; удовлетворение профессиональных образовательных интересов и потребностей; развитие творчества, критического мышления; умение проявить свои личностные и профессионально важные качества; обеспечение возможности к обучению на протяжении жизни; формирование профессиональной мобильности, креативности, компетентности и конкурентоспособности будущих учителей начальных классов на рынке труда.

Таким образом, технологический подход в образовании является залогом успеха адаптации высшего образования Казахстана к требованиям Болонского процесса. Использование педагогических технологий, инновационных методов обучения в образовательном процессе предоставит нам возможность значительно повысить качество профессиональной подготовки наших студентов, обеспечит их конкурентоспособность на мировом рынке труда, активное участие в европейском пространстве высшего образования.

#### Литература:

1. Прокопенко И.Ф., Евдокимов В.И. Педагогические технологии. – Харьков: Коллегиум, 2009. – 224 с.
2. Гончаров С.М., Гурин В.А. Кредитно-модульная система организации учебного процесса: методические аспекты: Монография. – Ровно: НУВГП, 2008. – 626 с.
3. Скаткин М.М. Совершенствование процесса обучения. – М.: Просвещение, 2011. – 365 с.

### Түйіндеме

Заман талабына сай мамандарды кәсіби дайындау үдерісіндегі кредиттік – модульдік технологиясы шарттарына орай инновациялық оқыту әдістерін енгізудің қажеттілігі жоғары оқу орнына кредиттік – модульдік технологиясы жағдайында мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерінің ғылыми негіздерін жасауға мүмкіндік туғызады. Білім берудегі жаңа технологиялар Болон үдерісінің талаптарына Қазақстан жоғары білімінің бейімделуінің жетістіктерінің кепілдігі болып табылады. Білім беру үдерістерінде педагогикалық технологияларды, инновациялық оқыту әдістерін қолдану студенттердің кәсіби дайындықтарының сапасын едәуір жоғарылатуға мүмкіндік береді және әлемдік еңбек нарығында олардың бәсекеге түсуге қабілетті, сондай-ақ еуропалық жоғары білімнің кеңістігіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

### Summary

The urge to introducing innovative teaching methods in terms of credit-modular technology in training professional, driven by call of the time, leads to a subsequent scientific development of issues in forming professional competence in terms of credit-modular technology in institutions of higher education. The technological approach in education is a key to success for adaptation of the higher education of Kazakhstan to the requirements of the Bologna process. The use of educational technologies, innovative methods of instruction in the educational process will provide us with an opportunity to significantly improve the quality of training for our students, ensure their competitiveness on the world market, active participation in the European space of higher education.

УДК 378.194 22:378 241 (610)

## **РЕФОРМИРОВАНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ЕДИНОГО КОНТИНУУМА МЕДИЦИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ (БАКАЛАВРИАТ, ИНТЕРНАТУРА, РЕЗИДЕНТУРА, МАГИСТРАТУРА, ДОКТОРАНТУРА) С ЦЕЛЬЮ СООТВЕТСТВИЯ МЕЖДУНАРОДНЫМ СТАНДАРТАМ АККРЕДИТАЦИИ**

**Ш.М. СЕЙДИНОВ,**

*доктор медицинских наук*

**Г.Н. БИМУРЗАЕВ,**

*кандидат медицинских наук*

**Н.К. ТУЛЕЖАНОВ,**

*кандидат медицинских наук*

**Б.И. ШОРАЕВ,**

*Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави,  
г. Туркестан, Республика Казахстан*

Основная цель Болонского процесса – создать единую общеевропейскую конкурентоспособную (прежде всего, с американской) систему образования, а также расширить возможности трудоустройства специалистов [1,2].

В Международном казахско-турецком университете имени Х.А. Ясави сформирована модель европейского высшего образования с учетом специфики и традиций национальных образовательных систем [3, 4] (см. схемы).

Выбор стратегических альтернатив на основе SWOT и PEST анализов.

А. Стратегические концепции сохранения, использования и укрепления сильных сторон:



А 1. Использование международного статуса университета и потенциала партнерства с Турцией для реализации стратегий международного уровня в соответствии с Болонским процессом.

А 2. Использование единого для всех медицинских факультетов Центра медицинского образования для создания и реализации единых стратегий и проектов в сфере медицинского образования и науки, охватывающих все уровни вертикальной (бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура, докторантура, обучение ППС) и горизонтальной интеграции (между всеми медицинскими факультетами).


А 3. Максимальное использование возможностей электронного портала университета для развития медицинских факультетов в сфере образования и науки.

Основная цель стратегических альтернатив:

Стать одним из лидирующих университетов в Казахстане, осуществляющих образовательные программы международного стандарта;

Стать лидером в области предоставления уникальных компетентностных интегрированных спиральных образовательных программ, отражающих непрерывность профессионального обучения и развития в течение всей жизни;

Создать механизм внедрения инновационных компьютерных технологий в медицинское образование и науку.



Миссия медицинских факультетов:

- Социальная направленность.
- Основная деятельность и потребитель услуг.
- Характеристика.

– Механизм реализации.

– Уникальность.

Выбор стратегических альтернатив на основе SWOT и PEST анализов.

В. Стратегические концепции ликвидации слабых сторон:


В 1. Интенсификация усилий по подготовке собственных кадров в сфере образования и науки путем максимального включения ППС в рабочие команды с целью обучения в ходе работы, осуществления обучения ППС согласно государственному стандарту дополнительного образования «Преподаватель медицинского учреждения образования и науки», усиления подготовки магистрантов и докторантов.

В 2. Интенсификация мероприятий по полиязычному обучению.

В 3. Использование рычага персональной и командной эффективности в качестве движущего фактора повышения качества.

Основные цели стратегических альтернатив:

- создать мощные резервы собственных кадров за счет внутренних резервов развития;
- войти в пятерку лучших вузов, осуществляющих полиязычное образование;
- создать эффективный механизм непрерывного повышения качества человеческих ресурсов;
- способствовать укреплению здоровья и процветанию людей путем подготовки медицинских специалистов, соответствующих высоким профессиональным стандартам медицинской практики, образования и исследований, при помощи компетентностных интегрированных спиральных образовательных программ, отражающих непрерывность профессионального обучения и развития в течение всей жизни.



Генеральный проект 1 фазы (2012-2013): «Реформирование образовательных программ единого континуума медицинского образования (бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура, докторантура) с целью соответствия международным стандартам аккредитации».

Под-проект А: «Обеспечение законодательной и нормативной базы для реформирования образовательных программ и построения отчета о самооценке».

Под-проект В1: «Реформирование методов преподавания и оценки в категории «знает» и «знает как» (письменные методы оценки).

Под-проект В2: «Реформирование методов преподавания и оценки в категории «показывает как» и «делает» (симуляционные методы, ОСКЭ, портфолио, оценка на 360°).

Под-проект С: «Обеспечение исследованиями для сбора данных для отчета по самооценке».

Под-проект D1: «Развитие полиязычного образования».

Под-проект D2: «Повышение персональной и командной эффективности как механизм улучшения качества медицинского образования».

Генеральный проект 2 фазы (2013-2014): «Внедрение информационных компьютерных технологий международного уровня с целью интенсивного развития медицинского образования и науки».

Под-проект А: «Ресурсное обеспечение внедрения информационных компьютерных технологий международного уровня с целью интенсивного развития медицинского образования и науки».

Под-проект В1: «Внедрение информационных компьютерных технологий высокого уровня для улучшения методов преподавания и оценки».

Под-проект В2: «Повышение эффективности методов преподавания и оценки при дистанционном обучении преподавателей».

Под-проект С: «Интенсификация развития научных исследований в сфере медицины и медицинского образования при помощи информационных компьютерных технологий международного уровня».

Под-проект D1: «Внедрение информационных компьютерных технологий международного уровня в условиях полиязычного обучения».

Под-проект D2: «Внедрение информационных компьютерных технологий международного уровня для повышения личной и командной эффективности».

Генеральный проект 3 фазы (2014-2015): «Количественный и качественный анализ эффективности мероприятий стратегического плана и разработка нового стратегического плана развития медицинских факультетов в сфере образования и науки».

Подпроекты реализуются согласно генеральным проектам 1 и 2 фазы.

#### Литература:

1. Шкарин В.В., Буланов Г.А. Государственная медицинская академия. – Н. Новгород, 2011. – С. 45-48.
2. Беляков Н.А., Карсаевская Т.В., Щебро А.П., Ермолаенко М.Т. Российская модель последипломного медицинского образования в контексте тенденций развития медицины на рубеже XX-XXI вв. // Биомедицинский журнал. – 2002. – Т. 3. – (<http://www.medline.ru>).
3. Kickbush I. Innovation in health policy: responding to the health society // Gaceta Sanitaria. – 2007. – № 21. – P.338-342.

#### Түйіндеме

Бұл мақалада Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің инновациялық жаңа білім беру сапасын арттыру мақсатында медициналық факультетінде бірыңғай Болон процесіне сәйкес жүргізіліп жатқан жұмыстар айтылған. Кәсіби дәрігер дайындау үрдісі тәрбиелеу, сонымен қатар арнайы кәсіптік бағыт-бағдардың қалыптасуын қадағалайды. Бүкілдүниежүзілік көпсалалы маман дайындау жүйесі дәлелденгендей, егер білім алушыға талап жоғары болса, білім деңгейі де арта түсетіні дәлелденген.

## Summary

For reforming purpose of educational program of common continuum of Medical Baccalaureate (Bachelor's Degree, Internship, Residency, Master's Degree, Doctoral Degree) in accordance with International Accreditation Standards.

This article identifies the provisions made toward transition of the medical faculty of the International Kazakh-Turkish University after the name of H.A.Yassavi in accordance with Bologna process, directed to improve the quality of innovational education. Humanitarian school fosters not only training of professional doctor, but also oversees the formation of the professional school of training doctors. As the world system of multidisciplinary training has proven, education level of the trainee is much higher when knowledge requirements are high.

ӘОЖ:37.035.6:372.8:574

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ

**С.Ж. ИБАДУЛЛАЕВА,**

*биология ғылымдарының докторы, профессор*

**Г.Р. ОҢҒАРБАЕВА,**

*магистрант,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Экологиялық білім мен тәрбиеберудің дүниежүзілік даму кезеңдеріне келсек, ең алдымен, БҰҰ деңгейінде (ЮНЕСКО) алғаш рет халықаралық деңгейде биосфера ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану туралы «Адам және биосфера» атты бағдарлама қабылданып, ол экологиялық сипат алды.

1971 жылы Швейцарияда Еуропалық конференция шақырылып, онда айнала қоршаған орта, табиғат қорғау мәселелері көтерілді. 1972 жылы Стокгольмде «Қоршаған ортаны қорғау» туралы білім беру, 1977 жылы Тбилиси қаласында БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО және ЮНЕП ұйымдары «Экологиялық білім беру» туралы 40-тан астам шешімдер қабылдап, оның ғаламдық стратегиялық жоспарлары анықталды. Экологиялық білім берудің одан әрі даму кезеңдері атақты Найроби (1982), Беч (1983), Мәскеу (1987), тағы басқа конференцияларымен жалғасады [1].

Экологиялық білім берудің бұрынғы КСРО кезеңіне тоқталсақ, онда негізінен орыстың табиғат зерттеуші әрі көрнекті ағартушылары: А.М. Теряев, И.И. Мартынов, В.Г. Белинский, А.Н. Герцен, Н.Г. Чернышевский еңбектерін атауға болады. Одан соң А.Н. Бекетов, К.А. Тимирязев, Д.Н. Кайгородов тағы басқалар табиғатты зерттеу мен қорғау туралы мәселелерді көтерді.

XX ғасырдың орта шенінде педагогтар: В.Ф. Натали, Н.М. Верзилин, В.М. Корсунская, тағы басқалары экологиялық білім беруді география, биология пәндерімен байланыстыра отырып дамытуды ұсынды. Ал 1947 жылдан бастап көпшілікке экологиялық білім беру КСРО бойынша оқу жүйесіне енгізіле бастады. Мәселен, 1947 жылы Белоруссия мемлекеттік университетінде алғаш рет экология кафедрасы ашылды. Одақтың көптеген оқу орындарында (Қазан, Мәскеу, Санкт-Петербург) Биосфера, Экология, Табиғат қорғау, тағы басқа экологиялық курстар оқу жоспарларына еніп оқытыла бастады. Осы тұрғыда көрнекті педагог-ғалымдар С.Д. Зверев, С.Д. Дерябо, В.А. Левин, Н.Т. Суравегина, А.Н. Захлебный, тағы басқалары халықтық оқу жүйесінде экологиялық білім берудің сан-қырлы теориялық практикалық негіздерін ұсынды [2].

1997 жылдың тамыз айынан бастап республикамызда алғашқы табиғатты қорғау туралы жаңа заң қабылданып, күшіне енді. Заң әр адамның өмірі мен денсаулығы үшін айналадағы ортаның барынша қолайлы болуын қамтамасыз етіп, табиғатты қорғаудың экономикалық-практикалық және әлеуметтік негіздерін белгілеп берді. Ол мынадай тармақтардан тұрады:

- Республикада халыққа білім беру орындары табиғат қорғау жөнінен халықтың барлық топтарын қамтитын тәрбие және білім беру жүйесін жүзеге асыру.

- Жалпыға бірдей кешенді түрде және үздіксіз экологиялық тәрбие мен білім берудің жоғарғы және арнаулы оқу орындарына маман кадрларды кәсіптік жағынан даярлау, олардың біліктілігін арттырудың барлық мүмкіндіктерін жасау.

Құжатта 64-бапта айтылғандай, орындарында міндетті түрде экологиялық білім қалыптастыру қажеттілігі айтылып, ол бойынша азаматтардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы қажетті экологиялық білім мазмұнын ашу үшін, оқу орындарының ұстаған бағдарына қарамастан, барлық жоғары және арнаулы оқу мекемелерінде экологиялық білім негіздерін міндетті түрде оқыту.

Арнаулы оқу орындарының бағытына сәйкес айналадағы ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану жөнінде арнаулы курстар оқыту көзделеді [3].

Қазіргі кездегі білім беру ошақтарының алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың экологиялық білімі мен көзқарасын қалыптастыру, оларды табиғатты қорғау, табиғи қорларды тиімді пайдалану және өмір сүрген ортасы мен еңбектенетін жерінде жоғары, саналы, экологиялық білімді пайдалана білетін азамат ретінде тәрбиелеу.

Республикамыздың үздіксіз білім беру жүйесінде, яғни балабақшадан бастап жоғарғы оқу орындарына дейін жан-жақты экологиялық білім беруді жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастыруды міндеттейді. Жер бетінде өсімдіктер, жануарлар, өзен-көлдер адамның жабайы, рақымсыз іс-әрекетінің нәтижесіне ұшырауда. Бұған қосымша біраз аймақтар өнеркәсіптері (химия, мұнай, көмір, АЭС, тағы басқа) және цемент заводтары өндірістік пайдалы заттардан бөлінетін түрлі газдар, булар, жергілікті өндіріс орындары шығаратын заттардың, өнімнің, яғни азық-түлік, ет-сүт тағамдарының қалдық коқыстары іріп-шіріп бұзылуынан түрлі бактериялардың пайда болуы тұрғындардың денсаулықтарына зиян келтіреді, аурудың жаңа түрлері шыға бастайды [4].

Экологиялық білімді қалыптастырудың негізгі мақсаттары:

- Экологиялық нормалардың ережелерінің қажеттілігін оқушылардың мінез-құлқында тәрбиелеу.
- Қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермеу.

Оқушылардың бойында экологиялық мәдениетін қалыптастыру:

- тұлғаның мінез-құлқында;

- қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы айналадағы табиғатты қорғауда, күтуде және жақсартуда;

- экологиялық білімді насихаттауда;

- ең алғашқы кәсіби еңбекте.

Бүгінгі таңда жаппай үздіксіз экологиялық білімді қалыптастыру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Экологиялық білімді қалыптастыруды негіздейтін құжаттар мен заңдар қабылдануда. Экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымының, қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлестігінің тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру. Оның ішінде қоршаған орта мен оның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілі мол, экологиялық білім мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақ тәрбиелеу орын алады. Экологиялық дағдарыстың ұлғаюын мейлінше тежеу, табиғат пен қоршаған ортаны қорғау тәсілдерін жастарға ұғындыру тек экологиялық жаппайжәнеүздіксізбілім беру нәтижесінде ғана іске асырылады.

Осы орайда елімізде балаларға үздіксіз экологиялық білім беруді ұйымдастырудың өзіндік объективті және субъективті себептері бар. Олар:

- туған өлкеміздің табиғаты мен оның табиғи ресурстарының ұзақ жылдар бойы орынсыз пайдалану нәтижесінде азаюы, ластануы және есепсіз сарқыла бастауы;



– республиканың көптеген аймақтарында экологиялық апатты жерлердің көбейе түсуі;  
– өндіріс пен өнеркәсіп кешендерінің зиянды қалдықтары, ғарыш айлағының сақталуы, полигондар зардаптары, жердің жарамсыздануы, адам денсаулығының нашарлауы;

– экологиялық білім, тәрбие және мәдениеттің қалыптасуы мен «тұрмыстық» қажеттілік мақсатындағы «табиғатты пайдалану» сипаты арасындағы алшақтықтардың ұлғаюы [5].

Аталған мәселелерді шешу үшін экологиялық білім алу ауадай қажет. Мектеп, гимназия, колледждер және басқа да оқу мекемелері үздіксіз экологиялық білім берудің қайнар көзі және ұйымдастырушы оқу ордасы болуы тиіс.

Экологиялық білімді қалыптастыру мақсаты – жеке адамның бойына табиғатқа деген ізгілік қатынастарды қалыптастыра отырып, адам – қоғам – табиғат арасындағы толық үйлесімділік рухында тәрбиелеу. Экологиялық білім беру жеке адамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудан бастап көпшілікке үздіксіз экологиялық білім беруді қарастырады. Экологиялық білім беру – өте күрделі процесс. Қоршаған табиғи ортаның өзі мен қоғам үшін мәңгі қажеттілігін сезіндіре отырып, оқушының дүниеге деген ізгі көзқарастарын бірте-бірте қалыптастыру көзделеді.

Жеке адам мен қоғамның табиғатқа деген оң көзқарасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін кейбір әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу қажет. Олар:

- экологиялық және табиғат қорғау заңдарын жетілдіру және оларды бұлжытпай орындау;
- табиғи ресурстарды тиімді пайдалануда жауапкершілікті күшейту;
- қоршаған ортаның тазалығы мен адам денсаулығының үйлестігін сәйкестендіру;
- үздіксіз экологиялық білім беруді ұйымдастыруды тездету;
- елдегі экологиялық жағдайлардың мәліметтерін көпшілікке жетуін қамтамасыз ету.

Экологиялық тәрбие еңбек тәрбиесімен байланысты. Өйткені өндірістік іс-әрекеттің барысында адам қоршаған ортаға тікелей әсер етеді. Жалпы білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие мазмұны әр түрлі сыныптар және пәндер бойынша, қоғамға пайдалы жұмыс және өндірістік еңбек арқылы іске асырылады. Бастауыш сынып оқушылары табиғат байлығын ауыл шаруашылығында пайдалану жайлы алғашқы ұғымды еңбек сабақтарында алады. Олар үй мүліктерін, киім-кешек, тағам, т.б. жасайтын табиғат заттарын қалай пайдаланумен танысады. Бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасы оқушыларды төмендегі іскерлікті, дағдыны қалыптастыруға бағытталған: өсімдіктердің даму кезеңіне фенологиялық бақылау жүргізу; мектеп және қоғамдық мүлікті ұқыптылықпен күту; тұрмыста электроэнергияны, газды, суды үнемді пайдалану. Орта және жоғары сыныптар оқушыларын кең көлемде экологиялық біліммен қаруландыру қажет. Қазіргі жағдайда өндіріс табиғатқа күшті әсер етуші фактор болып отыр. Осыған орай табиғатты ұтымды пайдаланудың ғылыми білімге негізделетінін оқушылардың түсінуі керек, өйткені өндірістік іс-әрекеттің болуы мүмкін. Сондықтан қоғамдық өндіргіш күштерін ұнамды орналастыруға аймақ табиғатының ерекшелігін, оның өндірістік жүктемеге орнықтылығын есепке алу талап етіледі. Оқушылар ауылшарушылық өндірісінің әр алуан жұмыстарына қатысады. Сондықтан олар жұмыстың түрлеріне байланысты негізгі мәселелермен таныс болуы қажет: жерді пайдалану негіздерін, топырақты эрозиядан қорғауды игеру, дақылдарды суару мөлшерін, минералдық тыңайтқыштарды, улы химиялық заттарды беру мөлшерінің мерзімін технологиялық талаптарға сәйкес есепке алуы қажет [6]. Сонымен, оқушылардың экологиялық білімінің белгілі жүйесін игеру, табиғатты қорғау, оның байлығын тиімді пайдалану, экологиялық мәдениет негізінде дұрыс дүние тану көзқарастарын қалыптастыру керек.

#### Әдебиеттер:

1. Байқуатова О. Оқытудың психологиялық-физиологиялық негіздері // Бастауыш мектеп. – 2010. – № 5. – 9-12 бб.
2. Керімбаева Р. Оқушының дүниетанымын қалыптастыру // Бастауыш мектеп. – 2005. – № 4. – 29 б.
3. Садыков Е.Б. Экологиялық білім, тәрбие және мәдениет проблемалары, оларды шешу жолдары. – Алматы, 2003. – 317 б.

4. Шілдебаев Ж. Экологияны мектепте оқыту әдістерінің өзекті мәселелері // География және табиғат. – 2004. – № 1. – 25-30 бб.

5. Керімбаева Р. Оқушының дүниетанымын қалыптастыру жолдары // Қазақстан мұғалімі. – 2001, № 2. – 16-18 бб.

6. Шілдебаев Ж. Экологиялық білім қалыптастырудың негіздері мен тәжірибелері // Қазақстан мектебі. – 2004. – № 7. – 5-6 б.

#### Резюме

В данной статье приводятся данные по формированию элементов экологического воспитания у учеников. Рассматриваются вопросы изучения основных моментов экологического воспитания в психолого-педагогической литературе. Анализируются основные цели и задачи экологического воспитания и образования. Наряду с этим изучены объективные и субъективные причины формирования экологического мировоззрения, делается акцент на необходимость непрерывного экологического образования и воспитания подрастающего поколения.

#### Summary

This article presents data on the formation of the elements of environmental education of the students. It also reviews main issues of environmental education in the psychological and educational literature. General goals and objectives of environmental education are analyzed. In addition, impartial and biased causes of formation of ecological world view are studied. The need for continuous environmental education and upbringing of the younger generation is emphasized.

ӘОЖ 004:001.895

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҚСАТЫ

**А.А. ҚАНАҒАТОВА, Г.О. КЕРІМ,**

*магистранттар,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

*«Инновация – ол тек технологиялық идеялар  
ғана емес, сонымен бірге басқарушылық және  
гуманитарлық бастамалар екенін есте сақтау маңызды.*

*Инновация білім беру саласында, денсаулық сақтау  
ісінде, басқару саласында болуы мүмкін».*

**Н.Ә. Назарбаев**

Инновация, бұл – оқытудың тиімділігін арттыру мақсаты мен білім беру үрдісін зерттеу негізінде оқу үрдісін жүзеге асыру және бағалау, бағдарлаудың жүйелі тәсілі. «Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырда енді, ағылшын тілінен тікелей аудармасы «жаңашылдық», «жаңалық енгізу» деген ұғымды білдіреді. ХХ ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдісінің сатысы ретінде қаралып, оның негізгі элементтері аталып көрсетілді. Инновациялық процестің толық түсінігін ХХ ғасырда экономист И. Шумпетер экономикалық жүйенің дамуындағы өзгерудің «жаңа

комбинациясын» талдады. 30-жылдары И. Шумпетер, Г. Менш «инновация» терминін ғылымға енгізді. Инновацияның жалпы ғылыми түсінігі жүйе қызметінің тұтастай өзгеруін анықтайды. Ол – жүйе элементтерінің және әр түрлі сфераларының сапалық және сандық өзгеруі. «Инновация» сөзі латын сөзінен аударғанда «жаңалықты енгізу» деген ұғымды білдіреді. Ал инновациялық тәрбиелеу дегеніміз – жаңалықты ашу, оны игеру және өмірге енгізу. Қазіргі таңдағы кейбір жаңалықтар жүйесі – ескінің айналып келуінен немесе өзгеріске түсіп, қайталауынан туған болмыстың сипаты.

Ф. Янсен пікірінше, инновациялық үдерісті инновация алаңы түрінде қарауға болады. Янсен ұсынып отырған тәсілдің қолданбалы мәні – технология, қосымша шарттар, нарықтар және ұйымдастыру құрылымы бойынша біріктіре отырып инновация алаң аясында кәсіпорынды дараландыруға болады. Бір позициядан екіншісіне өту компанияның инновациялық іс-әрекет жасау арқасында инновация өз алдына бірегейлі және жаңа болып табылады. Егер осы өтудің кезектігін уақыт бойынша қарастырар болсақ, онда инновация траекториясы жаңа болып табылады. Сонымен қатар бұл өткен траекториясы немесе болашақтағы болжам траекториясы болуы да мүмкін.

Траекториядағы жағдайлардың өзгеру үрдісін инновациялық үдеріс деп сәйкестендіруге болады. Жаңартулар құрылуы мен дамуы белгілі бір заңдылықтарына бағынатынын айта кету керек. Осы заңдылықтарды білу жаңалықтарды тиімді түрде іске асыруға мүмкіндік береді. Жаңарту үрдістерінің бірыңғай заңдылықтарға бағынуы нақты бір кәсіпорынның даму стратегиясын дайындау барысында стратегиялық басқарушылық шешімдер қабылдаудың алғышарты болып табылады.

Ғылыми-техникалық дамуды жай ғана ғылыми-техникалық білімдерді іске асыру ретінде ғана емес, жаңартуларды құрастыру мен таратудың күрделі ықтималдық сипаттағы үрдіс ретінде қарау оның маңызды белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың әдістері неде?

Қазіргі уақыт – жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек.

Жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді.

Инновациялық әдістер, бұл – белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген білім алушы жадында өздері айтқанның 80%-ы сақталса, өздері істегеннің 90%-ы қалады.

Қазақстан Республикасының Президентінің «Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деген бағдарлы сөзі ұстаздардың алдына қойылар міндеттерді де саралайды. Бәсекеге барынша қабілетті қоғамға ену мақсатын алға қойып отырған еліміздің білім беру саласында нәтижелі ізденістер бастау алуда. «Білім туралы» Заңда оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу міндеті айқын көрсетілген.

Жаңа оқыту технологиясының түрлері көп. Кейбіреуін атап айтатын болсақ, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту (оқушылардың белсенділігі жоғарылап, өздерінің күштеріне деген сенімдері арта бастайды), М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» (оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық потенциалын дамытуға бағытталған), Ж. Қараев пен Ж. Кобдиқованың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі» (деңгейлік тапсырмалар беру арқылы дамыта оқыту идеясы жүзеге асырылады).

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға нық қадам басты. Ел өмірінің барлық саласы компьютерлендіре бастады. Ендігі кезекте еліміздің ертеңі болар бүгінгі жас ұрпақ компьютердің қыр-сырын терең меңгеруі тиіс.

Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Біз «ақпараттық жарылыс» дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Ғылыми білім мен ақпарат көздерінің мөлшері тез өсуде.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту мақсаты:

- бағдарламалау дағдыларын дамыту;
- мәтіндік редактор, электрондық кесте, басқа да тәжірибе қосымшаларды пайдалануға үйрету;
- желіден, СВ-КОМ-нан ақпарат іздеуге үйрету, т.б.;
- желі көмегімен қарым-қатынас жасауға үйрету.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы жетістіктерді пайдаланып, білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізуге ұмтылатын педагогтық және ғылыми қауымдастықтың түрлі елдер іскерлік ортасы өкілдерінің басын қосатын III Халықаралық Қазақстан мен ТМД елдерінің білімді ақпараттандыру форумы өтті. «Қашықтан оқыту – үздіксіз білім формасы: тәжірибе және даму болашағы» атты ғылыми секциялар жұмыс жасап, тұңғыш рет білім берудің барлық деңгейлеріне арналған екі жүзден аса электрондық басылымдар ұсынылды.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әрбір оқушының білім беру үрдісіне шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады. Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құралмен шешуге үйретеді.

Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі – пәндік білім, екіншісі – компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану білім алушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулыққа оқу технологиялары жинақталған. Мысалы: ойын арқылы оқыту, блокты оқыту, тірек-сигналдар арқылы оқыту, т.с.с. Электронды оқулық арқылы білім алушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басым бағыттардың бірі – «E-learning» электронды оқытуды да айта кету керек. Жас ұрпақты оқытуда осы айтылған инновациялық технологияларды пайдалану – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі және оқытушының кәсіби өсуінің тура жолы.

Ақпараттық технологиялар үнемі қарқындап өсуде. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін негізгі ақпараттық технология құрамына қағаз, қауырсын, сия, статистикалық есеп кітаптары кірді. Коммуникация құжаттарды мекен-жайға бағыттау, жіберу арқылы жасалды. Болашақ педагог-психолог мамандарды жаңа өрлеу заманында ақпараттандыру негіздерімен қаруландыру – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі. Себебі біздің қазіргі өмір сүріп отырған дәуір – ұлан-ғайыр әлеуметтік өзгерістердің дәуірі. Қазіргі кезде оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолданудың мәні көптеген факторлармен айқындалады:

- жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді интеграциялау;
- оқу материалының көлемін арттыруға мүмкіндік жасау;
- оқу процесіне ақпараттық технологияларды, қазіргі телекоммуникациялық құралдарды енгізу.

Оқу үрдісінде инновациялық технологияларды пайдаланудың студенттердің білімін көтерумен қатар тәрбиелік те маңызы зор. Дәстүрлі оқыту әдісіне қарағанда кредиттік оқыту жүйесі, электрондық оқулық немесе жаңа инновациялық оқыту технологиясы студенттердің жалпы қызығушылығын туғызады, ол өз кезегінде олардың сапалы және тұрақты білім алуына жағдай жасайды. Қазіргі кезеңде ақпараттық технологиялардың дамуының негізгі бағыты «мультимедиа» жүйесі болып табылады. «Мультимедиа» терминін ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «көп орталық», яғни электрондық ақпаратты тасушы, құрамына бірнеше түрде мәтін, сурет, бейне және т.б. топтаушы деген мағынаны береді. Н.В. Клемешова «мультимедиа» терминін оқу материалының мазмұнына дыбыстық және визуальдық түрде интерактивтік форма беретін, сезімдік қабылдау процестердің тиімді өтуіне қолайлы жағдай туғызатын, студенттердің жеке қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызатын компьютерлік құрал деп түсіндіреді. Мультимедиа бағдарламасында ақпарат үш құрал арқылы – сызба, аудио, видео арқылы беріледі. Оқытудың кез келген түрінің тиімділігі студент пен оқытушының арақатынасына, педагогикалық технологиялардың пайдалануына, оқу-мазмұнына, әдістемелік материалдардың құрастырылу деңгейіне тәуелді.

Қорыта келе айтарымыз, жас ұрпаққа беретін жоғары білімнің маңызы қай уақытта да артпаса, кеміген емес. «Бүгінгі шәкірт – ертеңгі маман» демекші, қазіргі заманғы студенттің басты мақсаты – көптеген пәндерден, олардағы ұшан-теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін тани білу және де білімді инновациялық технологиялармен ұштастырып, заман талабына сай маманға айналу.

«Ең ескі дүниені жаңамен байланыстырып өзгеше сипат беріп, жаңалық ашуға болады» деп ұлы ағартушы-педагог В.Г. Белинский айтқандай, инновациялық технологияларды қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жетеріміз анық.

Осы орайда, Ушинскийдің мына сөзі ойға келеді: «Қазіргі заман талабына сай әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз».

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Жолдауы.
2. Қабдиева С. // Бастауыш мектеп. – 2004. – № 2 – 21 б.
3. Тоқаев Қ. // Қазақстан мұғалімі. – 2000. – 19 қаңтар.
4. Рузавин Г.И. Педагогические инновационные технологии: Учебное пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 1999. – 250 с.
5. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования: – М.: Педагогика, 1982. – 150 с.

#### Резюме

В статье рассматривается активная роль инновационных технологий в образовании. Показано, что они не только выполняют функций инструментария, используемого для решения определенных педагогических задач, но и стимулируют развитие дидактики и методологии, создают новые формы обучения и образования.

#### Summary

The active role of innovative technologies in education is that they not only perform functions of tools used to achieve specific educational goals, but also stimulate the development of didactics and methodology, create new formats of teaching and learning.

ӘОЖ 371. 388. 8: 159.93

## ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Л.Т. ОМАРОВА,**

*магистрант,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Студенттердің танымдық құзыреттілігін өзіндік жұмыстар арқылы қалыптастырудың түпкі мақсаты – студенттерді белсенді ой қызметін, әр түрлі танымдық мәселелерді өздігінен шешуге, бұрынғы меңгерілген білімді қолдануға ұмтылысы бар оқыту үдерісінің субъектісі ретінде тәрбиелеу. Педагогикалық-психологиялық еңбектерде студенттердің тапсырмаларды өздігінен орындауы олардың танымдық қызығушылықтарын арттырып, танымдық белсенділікке, шығармашылықпен жұмыс жасауына дағдыландырады деген салмақты пікірлер кездеседі. Сондықтан студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын сапалы ұйымдастыру арқылы олардың жеке тұлғалық қабілеттерін нығайтуға, дамытуға, танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға болады.



Студенттердің танымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырмастан бұрын «өзіндік жұмыс» ұғымына тоқталып, оның мағынасын ажыратқан жөн деп ойлаймыз.

«Кеңес педагогикалық энциклопедиясында» өзіндік жұмысқа келесі анықтама беріледі: «Оқушылардың өзіндік жұмысы – олардың сыныпта не сыныптан тыс, мұғалімнің тікелей көмегінен орындалатын жеке және ұжымдық оқу әрекетінің жиынтық түрлері. Бұл тапсырмаларды орындау оқушылардан белсенді ой қызметін, әр түрлі танымдық мәселелерді өздігінен шешуді, бұрынғы меңгерілген білімді қолдануды талап етеді. Өзіндік жұмыстардың әр түрін орындау нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділігі және ізденімпаздығы арта түседі» [1, 783].

Педагогикалық сөздікте берілген өзіндік жұмыстың сипаттамасы жоғарыда келтірілген пікірмен мағыналас: «Оқушылардың өзіндік оқу жұмысы олардың оқу үдерісіндегі мұғалімнің тапсырмасы, басшылығы бойынша, бірақ оның тікелей көмегінен орындалатын іс-әрекеті. Оқушылардың өзіндік жұмысын талап ететін тапсырмалар олардың ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып беріледі. Мұндай жұмыстар жүйесі негізделген сатылыққа, ізденімпаздық деңгейінің және мазмұнының күрделене түсуіне сүйенеді» [2, 321].

В.П. Беспалько «өзіндік жұмыс» ұғымын адамның өз бетімен, ешкімнің көмегінен орындауын айтады [3, 22].

Г.П. Семеновтың пікірінше, өзіндік жұмыс оқытуды ұйымдастыру формасы да, әдіс-тәсілі де емес, өзіндік жұмыс – алдын-ала берілген бағдарлама немесе нұсқау арқылы оқытушының қатысуымен орындалатын танымдық әрекет [4, 71].

Педагогикалық еңбектерге талдау жасау барысында өзіндік жұмыстарға арналған анықтамалардың әр түрлілігін көрдік. Бұл өзіндік жұмыстардың күрделі педагогикалық ұғым екенін көрсетеді. Қазіргі педагогикалық теорияда «өзіндік жұмыс» ұғымына бірдей көзқарас жоқ, оны біреулер оқушының өзінің дербес әрекеті десе, енді біреулер студенттердің жоғары дербестігін қамтамасыз ететін, ал келесі бір көзқарас бойынша, студенттердің өз бетінше оқуға деген талпынысы деп қорытындылайды. Осының бәрі бұл ұғымның көп қырлылығын сипаттайды, демек, оны зерттеудің әдіснамалық бағыт-бағдарын негіздеу қажет.

Кейбір зерттеушілер өзіндік жұмысты студенттердің интеллектуалдық, жігерлілік және кәсіптік сапаларын дамытатын, оқу бағдарламасында қарастырылған, оқылатын материалдардың мазмұны және керекті көлемін игерудегі оқытудың жеке-жеке түрлері ретінде қарастырады.

Өздігінен орындайтын жұмыстың мағынасын осылайша түсіну бұл ұғымның ішкі және сыртқы жақтарын ескеруге мүмкіндік береді. Өздігінен орындайтын жұмыс, бір жағынан, оқу үдерісі барысындағы студенттің өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың педагогикалық құралы ретінде болса, екінші жағынан, оқу мен ғылымды үйренудің арнайы бір түрін білдіреді. Сонымен, әрі білім берудің құралы, әрі ғылыми танымның түрі болатын жоғары мектептегі оқу үрдісі жүйесіндегі студенттердің өзіндік жұмысының екіжақтылық мағынасы жайлы айтқан жөн.

Ғалымдардың өзіндік жұмыстарға берген анықтамалары студенттердің өзіндік оқу іс-әрекетіне мынадай белгілер жататынын анықтауға мүмкіндік береді: нақты тапсырма және оны оқытушы дайындауы тиіс, тапсырма барлық студентке беріледі және оқытушының тікелей көмегінен орындалады, бірақ оқытушының жетекшілігі үзілмейді, жұмыс қорытындысын оқытушы қадағалайды. Оқытушының қолында өзіндік жұмыстарды студенттердің әр түрлі деңгейдегі әрекетіне сай ұйымдастырулары үшін қажетті нұсқау болуы керек. Соған сай ізденімпаздық іс-әрекет дағдысымен игерілген білігі, студенттер алған ақпараттың шығармашылықпен қайта өңделгені белгілі болуы шарт. Өзіндік іс-әрекет сипаты да анықталмай қалған, оны оқып үйренуші өзіндік жұмыстарды орындауда көрсете білуі шарт, авторлар бұл ретте анықтамаларында белсенділік пен дербестікті атап көрсетеді.

Ғалымдардың еңбектерін саралағанда бүгінгі күні студенттердің өзіндік жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және тексеру жұмыстарында әлі де көптеген кемшіліктер бар екендігін көрнекті ғалым-педагогтардың зерттеулері көрсетіп отыр. Олар:

- ұстаздардың студенттердің өзіндік жұмыстарын жоспарлауда айқын үйлесімділік көрсете алмауы, атап айтқанда, студенттердің аудиториядан тыс жұмыстарын белгіленген уақытта жасай алмағаны;
- студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға және олардың өзіндік жұмыстарға дайындалуына жеткілікті көңіл бөлмеу;
- студенттерді оқытуда өзіндік іс-әрекетпен жеткіліксіз қамту;
- студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына аз жұмылдыру, оларға ғылыми жұмыстардың әдіс-тәсілдерін жеткілікті таныстырмау;
- студенттердің қабілеттерін байқау және дамыту жұмыстарының қанағаттанарлық болмауы;
- студенттердің озық тәжірибелерін кеңінен тарата алмау;
- студенттердің өзіндік жұмыстарында теория мен практиканың үйлеспейді.

Танымдық іс-әрекеттің пәні ретінде өзіндік жұмыстардың қандай да түріне енетін тапсырма – міндет жатады. Іс-әрекет тәсілі оқып-үйренушіге бұрыннан таныс емес жаңа білімді табуды, қолдануды не алынған білімді тереңдетуді, немесе шығармашылық іс-әрекетте тәжірибе жинауды талап етеді. Осының ізімен студенттің дербестігі дамиды, оның кәсіби дайындығы жетіледі. Осындай міндетті өзіндік жұмыстардың әр типіне қоя отырып, оқытушы студенттің танымдық іс-әрекеті сипатын және оның деңгейін жоспарлайды, міндет жағдайын анықтайтын танымдық үдерісті басқарады. Сондықтан өзіндік жұмыстар мәні танымдық міндеттердің ерекшеліктерімен анықталады, олар нақты өзіндік жұмыстардың типі мен түріне сай мазмұнға ие болады.

Өзіндік оқу іс-әрекеті психологиялық тұрғыдан алғанда студенттің өзі үшін саналы түрде еркін таңдалған, іс-әрекетіне іштей түрткі туғызатын деңгейде болуы қажет. Ол студенттен мынадай біртұтас іс-әрекеттерді орындауды талап етеді: мақсатты саналы ұғу, оқу міндеттерін белгілеу, оған жеке тұлғалық мән беру, басқа қызығушылықтарының осы міндетті орындауға жұмылдырылуы, өз іс-әрекетінің формасын анықтау, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда уақытын бөле білу, тапсырманы орындауда өзіне-өзі бақылау жасау.

Осыған байланысты ұстаздардың өз алдына қоятын міндеттері мынадай: біріншіден, өзіндік жұмыстар үздіксіз болуын қадағалау, яғни студенттер анда-санда ғана емес, күнделікті өз бетінше тиісті пәндер аумағында ізденушілік жұмыстар атқаруын ұйымдастыру. Жүйелі ізденістер арқылы оқу-танымдық біліктілікке қол жеткізуге болатынын студенттер санасына сіңіру, екіншіден, студенттердің өзіндік жұмыстары сан қырлы екенін ескеріп, оның мазмұны студенттерді қызықтыратын, мағыналы болуын ойластыру қажет. Өзіндік жұмыстардың тапсырмалары бір сарынды, студенттерді ойландырмайтын жаттанды ретінде берілсе, оқу-танымдық іс-әрекеттер жүзеге аспай қалады, үшіншіден, өзіндік жұмыстардағы тапсырмалардың танымдық сипатын күшейту арқылы студенттердің танымдық құзыреттіліктерін дамыту.

Ғалымдардың өзіндік жұмыстардың студенттердің танымдық құзыреттілігін дамытушы құрал екені туралы пікірлерін қорытындылай келе, біз өзіндік жұмыстарды орындау барысында студенттердің мынадай танымдық дербес әрекеттер жасайтынын аңғардық:

- студенттер тапсырмаларды өздігінен орындау барысында ақыл-ой, интеллектуалдық күш-жігерін жұмылдырады;
- өздігінен ізденімпаздық әдістерді қолданады;
- өздігінен тапсырманы дұрыс орындауға ұмтылады;
- өз білімін бағдарлау, өзін-өзі бағалау дағдыларын жетілдіреді.

#### Әдебиеттер:

1. Педагогическая энциклопедия / Под ред. И.А. Каирова, Ф.Н. Петрова. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – Т. 3. – 880 с.
2. Педагогический энциклопедический словарь. – М.: БРЭ, 2003. – 528 с.
3. Беспалько В.П. Элементы теории управления процессом обучения. – М.: Знание, 1971. – Ч. 2. – 71 с.
4. Семенов Г.П. Педагогические проблемы обучения первокурсников. – Калининград, 1975. – 71 с.

### Резюме

Статья посвящена проблеме формирования познавательной компетентности студентов. Целями формирования познавательной компетентности с помощью самостоятельной работы являются активизация познавательной деятельности студентов, развитие у них стремления и умения решать самостоятельно разные познавательные задачи и применять на практике полученные знания. Поэтому с помощью хорошо организованной самостоятельной работы можно укрепить у студентов личностные качества и сформировать познавательную компетентность.

### Summary

The purpose of building students' cognitive competence by means of independent work is to promote cognitive activity of the students, develop students' aspiration and ability to solve different cognitive problems independently. Therefore, by means of well-organized independent student work, it's possible to strengthen personal qualities in students to create cognitive competence.

УДК 371.322.5:371.398

## **СПОСОБЫ СТИМУЛИРОВАНИЯ У СТУДЕНТОВ ИНТЕРЕСА К САМООБРАЗОВАНИЮ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ**

**Д.М. ЖАРЫЛГАПОВА,**

*кандидат педагогических наук*

**Ж.А. АЙДАРОВА,**

*кандидат технических наук,*

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
Республика Казахстан*

Образование становится главным фактором развития личности и общества в интенсивно обновляющемся мире. Представления об образовании меняются по мере того, как в обществе начинают признавать факт неизбежности образования на протяжении всей жизни.

Развитие общества на современном этапе потребовало пересмотра стратегии образования в высшей школе и обусловило понимание образовательного процесса не только как внешней по отношению к студенту деятельности, но и как процесса, результата деятельности самого студента. Вместо прежнего понятия «образование» складывается новое понятие: образование личности как процесс и результат собственной заботы, ответственности, неудач и заслуг. Самообразование как проблема актуализируется не только в связи с потребностью индивида в реализации себя как личности в обществе, не только в связи развитием педагогической мысли, но и в связи с вызовами XXI века, выдвигающими перед государствами концептуально новые задачи в формировании высококвалифицированного и эрудированного специалиста.

Возросшие образовательные возможности самообразования на современном этапе и кризис традиционных форм организации учебного процесса должны повлечь за собой методическую разработку новых подходов к самостоятельной работе студентов, ее возможным формам и средствам. Преподаватели, со своей стороны, должны стимулировать интерес у студентов к самообразованию и давать хотя бы первичные навыки самостоятельной работы с учебно-методическими материалами. Впрочем, основной проблемой может стать именно осознание студентами самой необходимости самообразования.

Стимулы, связанные с содержанием учебного материала, мы характеризуем как информационно-содержательные. Это информация, которая содержится в опорных логических блок-схемах лекций, видеофрагментах лекций и учебных пособий, в справочных листах, обучающих программах и других средствах обучения, с которыми работает студент.

Стимулы, связанные с характером учебно-познавательной деятельности, относим к организационно-управленческим. Это приемы и средства побуждения познавательной активности, которые преподаватель использует в процессе организации; деятельности группы студентов: различные формы групповой работы, типы построения практических занятий, способы дифференциации учебного материала и предъявления заданий, контроль и коррекция действий студентов, непрерывная оценка накопительного характера и т.д.

Стимулы, связанные с характером отношений между преподавателем и студентами – эмоциональные стимулы, – могут применяться педагогом как во время лекций (артистизм, умение вдохновить студентов), так и во время игровых занятий (похвала). С другой стороны, интерес учащегося, желание показать себя сокурсникам с хорошей стороны, переживание радости успеха, как в случае возрастания баллов оценки, так и в случае победы в игре; во внеаудиторных мероприятиях, таких как КВН и конкурсы. Общая заинтересованность педагога и учащихся, взаимная удовлетворенность результатом, общее устремление создать атмосферу эмоционального комфорта в конечном итоге являются стимулом ведущей идеи самообразования, связанной с необходимостью дальнейшего изучения студентами основ своей будущей профессии, т.е. обучения в профессионально ориентированной среде.

Стимул первого самостоятельного шага – это совокупность условий и средств, побуждающих к возникновению познавательной активности при очень низком базовом уровне, когда динамика познавательной активности, на первый взгляд, практически невозможна из-за отсутствия интереса к изучаемой дисциплине, мнимой самостоятельности, полной бездеятельности и практической необученности. В формировании у студентов стремления удовлетворить свои познавательные потребности и интересы путем самообразования основными движущими силами являются следующие внутренние противоречия в их различных сочетаниях:

- между возникшей у студента необходимостью решения той или иной познавательной или практической задачи и имеющимися у него в данный момент знаниями (их недостаточностью);
- между стремлением удовлетворить появившийся познавательный интерес и ограниченными возможностями приобрести эти знания в условиях вузовского обучения непосредственно на занятиях;
- между достигнутым уровнем знаний и новыми (возникшими на этой основе) потребностями в более совершенных знаниях как предпосылке для более глубокого изучения данной дисциплины;
- между приемами познавательной деятельности, присущими вузовскому обучению, и средствами удовлетворения других духовных потребностей.

*Система стимулов, обеспечивающих формирование у студентов интереса к самообразованию*

<b>Стимулы, связанные с содержанием учебной работы</b>	<b>Стимулы, связанные с характером учебно-познавательной деятельности</b>	<b>Стимулы, связанные с характером отношений между преподавателем и студентами</b>
Новизна	Исследовательские работы	Сотрудничество
Историзм	Проблемные задания	Педагогический оптимизм (вера, успех студентов)
Практическая значимость	Конструкторская деятельность	Соревнование (конкурсы, олимпиады, КВН)
Занимательность	Прикладные работы	Поощрение
Эмоциональный фон	Познавательная деятельность	Порицание (наказание)

Познавательная потребность, побуждающая к самообразованию, формируется в активной общественно и личностно значимой самостоятельной деятельности студентов. Необходимо, чтобы познавательная деятельность имела подкрепление в форме положительных эмоциональных переживаний, сначала от достигнутых успехов, а в дальнейшем и от самого познавательного процесса. Успешное решение познавательных задач, похвала преподавателя и одобрение товарищей вызывают положительные интеллектуальные чувства. Повторяющиеся переживания удовлетворения интеллектуальной деятельностью становится устойчивой потребностью в знании, имеющей внутренний характер самодвижения и саморазвития. Эта потребность и выступает специфической силой самообразования.

В психологическом отношении процесс формирования у студентов интереса к самообразованию состоит, прежде всего, в формировании у них действенной потребности в знаниях. При ее формировании необходимо учитывать и создавать соответствующие условия.

Таким образом, *во-первых*, учитывая факт весомого влияния общественного мнения коллектива на формирование взглядов, убеждений и стремлений студентов, важными являются следующие условия: наличия в вузе профессорского корпуса – умных, эрудированных, креативных личностей, способных ответить вызовам нового времени и служить образцом для подражания; подготовленных менеджеров в сфере образования – преданных делу людей, умеющих строить жизнь и управлять ею; высокая оценка и должное уважение к интеллектуальному потенциалу коллектива, адекватная и гибкая система поощрения оценки интеллектуальной личности, его вклада в общее дело вуза. При этих условиях знания для студента приобретут личностно значимый характер.

*Во-вторых*, в процессе обучения у студентов в вузе должна сложиться устойчивая установка на необходимое овладение знаниями в течение всей жизни независимо от того, какой деятельностью в будущем они будут заняты.

*В-третьих*, потребность в знаниях и некоторые формы самообразовательной деятельности студентов необходимо развивать на каждом этапе обучения с учетом их возрастных особенностей. Если преподавателю не удастся сформировать у студентов с их повышенной восприимчивостью, впечатлительностью и высокой обучаемостью познавательные потребности, то в дальнейшем это часто приводит к неуспеваемости, пассивности, как в умственной работе, так и во многих других сферах жизни.

Следующими звеньями в программе действия преподавателя являются выбор средств формирования у студентов интереса к самообразованию и соответствующих умений, установление последовательности применения методических средств, их взаимодействия между собой с учетом индивидуальных особенностей личности, ее направленности, уровня умственного развития. Путем наблюдений, бесед и специально созданных ситуаций преподаватель может выяснить читаемость дополнительной литературы, выполнение заданий-максимумов, активность участия в решении проблем и внесение дополнений на занятии, участие во внеаудиторной работе. Увеличивая долю самостоятельности студентов в познавательной деятельности, преподаватель постепенно переводит его самообразование из управляемой системы в самоуправляемую.

#### Литература:

1. Бондаревский В.Б. Воспитание интереса к знаниям и потребности к самообразованию: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1985. – 144 с.
2. Подласный И.П. Педагогика: 100 вопросов – 100 ответов: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Изд-во «ВЛАДОС-ПРЕСС», 2001. – 368 с.
3. Ильина Т.А. Педагогика. Курс лекций. – М.: Просвещение, 1984. – 496 с.
4. Щукина Г. И. Проблема познавательного интереса в педагогике. – М., 1971. – С. 34.

#### Түйіндеме

Мақалада тақырыпқа теориялық талдау жүргізілген және сабақтан тыс уақытта студенттердің өз бетімен білім алуына қызығушылығын арттыру жолдары ашылған. Сонымен қатар, зерттеу тақырып-



бында болашақ мамандардың өз бетімен білім алуына қызығушылығын арттырудағы оқытушының жұмыс бағдарламасы қарастырылған.

#### Summary

Article covers theoretical analysis of ways of forming students' eagerness for self-education, practicing conditions and factors stimulating students' interest for self-education through out-of-class activity. Research reveals the teacher's role in development of students' interest for self-education, traits of using integration studies and out-of-class activity as means of formation students' interest for self-education.

УДК 517 .518

## ОРТА МЕКТЕПТЕ АЛГОРИТМДІК ӘДІСТІ ОҚЫТУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖАЙЫНДА

**Қ.Е. КЕРВЕНЕВ,**

*доцент*

**Н.Қ. МЕДЕУБАЕВ,**

**Ж. ҚИБАДАТ,**

*студенттер,*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы*

Математикаға оқытудың негізгі білім берудегі мақсатының бірі математикалық білім, іскерлік және дағдылар жүйесін игеру болып табылады. Алгоритмдік әдісті қолдануды үйрету анықталған бір іскерлік, дағдыларды игермейінше мүмкін емес болғандықтан, бұл мәселенің психологиялық аспектілерін де қарастыра кетейік.

Адам өмірде өзінің қандай еңбек саласында істейтініне қарамастан, ең алдымен, қайраткер ретінде танылады. Ол – жасаушы және жүзеге асырушы. Қызмет барысында адмның жан дүниесі танылады: ой тереңдігі мен сезімталдығы, ерік-жігері, мінез-құлқының қалыптасуы мен мүмкіндіктері.

Кез келген қызмет түрі, хат жазу кезіндегі қолдың бұлшықтық-буындық қозғалысы ма, жұмыскердің еңбек операциясын орындауында немесе сөз айтуындағы сөйлеу аппаратының қозғалысы ма, бәрібір, барлық әрекет қозғалысқа байланысты.

Іскерлік пен дағды барлық жағдайда адам қызметіне енеді. Іскерлік пен дағды қандай орын алады деген сұраққа: дағды іскерліктен бұрын орын алады немесе іскерлік алдымен болады деген әр түрлі пікірлер бар. Мұндай ой алшақтыққа себеп «іскерлік» ұғымының көп мәнділігі мен қызмет түрінің әртүрлілігі болып табылады.

Іскерлік деп қызметтің ең элементар деңгейін де, адамның берілген істегі шеберлігін де айтады. Өліппені аяқтаған бірінші сынып баласын ол оқи біледі деп айтады. Ересектер де оқи алады. Егер олардың білімдері арасындағы айырмашылықты ескермесек, онда бұл екі «іскерлік» арасында көптеген жылғы жаттығулар жолы, оқу дағдыларының жинағы жатыр. Бұлар – психологиялық құрылымы тұрғысынан әр түрлі іскерліктер. Қызмет бабында қандай да бір шеберлік деңгейін көрсететін, білімнен және іскерліктен кейін жүретін, дағдыны қалыптастыру этаптарынан кейінгі элементар іскерліктерді ажырата білу керек.

Элементар іскерлік – білім немесе еліктеушілік нәтижесі негізінде жасалатын, әрекет. Іскерлік(шеберлік) жүзеге асқан білім мен дағды негізінде қызметті орындау кезінде болады.

Балалар мектепке бара бастағанда қалам ұстауды біледі, ал кейбіреуі жаза да алады, алайда олардың хат жазу дағдылары жоқ.

Іс-әрекеттің квалификациялы орындалуы жеке істерді орындау дағдысын меңгерумен түсіндіріледі. Дағды – әрекеттің қысқа түрі. Қызметті орындау кезінде қалыптастырылған жүйке механизмдері бірталай өзгерістер тудырады.

Біріншіден, дағылану нәтижесінде іс-әрекетті орындау уақыты күрт төмендейді.

Екіншіден, артық қозғалыстар жойылады: қозғалыс күші іс-әрекет мақсатына сәйкес келеді.

Үшіншіден, жеке өз бетімен қозғалыстар бір қызметке бірігеді [1].

Дағдыланған қозғалыс нәтижесінде еңбек өнімділігі артады, жұмыс сапасы жақсарады және адамның шаршап-шалдығуы азаяды.

Дағды-жаттығулар орындау кезінде қалыптасады. Жаттығу іс-әрекетті жетілдіру мақсатындағы көздеген бағытта, бірнеше қайтара орындау болып табылады. Жаттығу барысында іс-әрекет жүйеге келтіріледі. Дағдыны бірден қалыптастыру мүмкін емес. Дағды күтілетін нәтижеге жетуі үшін уақытқа реттелген, ұзақ уақыт жаттығу қажет. Ал жаттығу іс-әрекетті жай ғана қайталау болып табылады. Жаттығуда қалыптасқан дағды жетілдіріледі.

Қандай да бірденеге тыйым салатын ережелер алгоритмге жатпайды, мәселен: «Бөтен адамдарға кіруге тыйым салынады», «Шылым шекпеңіз», «Көлікпен кіруге тыйым саланады». Бір нәрсеге рұқсат етілетін ережелер де алгоритмге жатпайды, мәселен: «Автокөлікке аялдауға рұқсат», «Кіру» және т.с.с.. Ал енді «Кетерде жарықты сөндірі», «Солға қарай жүр, оң жаққа тұр» (эскалаторда) алгоритмдер болады.

Алгоритм мысалына таңбалары оң және теріс сандарды қосу алгоритмін қарастыруға болады.

1. Қосындының таңбасын келесі ереже бойынша анықтаңыздар: егер сандар оң немесе оң санның модулі үлкен болса, плюс таңбасын қой, егер сандар теріс немесе теріс санның модулі үлкен болса, онда минус таңбасын қой;

2. Қосындының модулін келесі ереже бойынша анықтаңыздар: егер сандар бірдей таңбалы болса, онда олардың модульдерін қос, егер болмаса, онда үлкен модульден кіші модульді алып таста.

Бұл алгоритмде элементар операциялар: сан таңбасын анықтау, сан модулін анықтау, екі санды салыстыру, екі санды азайту немесе қосу.

Немесе, екі өрнектің квадраттарының айырымын  $a^2-b^2=(a-b) \cdot (a+b)$  формуласы бойынша табу.

1. Бірінші өрнектің арифметикалық квадрат түбірін табыңдар.

2. Екінші өрнектің арифметикалық квадрат түбірін табыңдар.

3. Алынған өрнектердің айырымын жазыңдар.

4. Алынған өрнектердің қосындысын жазыңдар.

5. Алынған өрнектердің айырымы мен қосындысының көбейтіндісін жазыңдар.

Бұл алгоритмде элементар операциялар: арифметикалық квадрат түбір табу, екі өрнектің қосындысы, айырымы және көбейтіндісін табу.

Оқушылардың әр түрлі даму сатысында элементар операциялар өзгеріп отыратынын айта кету керек. Мәселен, квадрат түбір табу алғашында элементар операция болып есептелген жоқ. Бұл операция элементар болып есептелуі үшін оқушылар «санның квадрат түбірін тап» деген сөзді кезіктіргенде олар оны ойланбастан орындай алатындай етіп үйрету керек.

Алгоритмдердің тұжырымдалуы мен ашылуы математиканың ғылым ретіндегі аса маңызды есептерінің бірі болды. Өзінің даму барысында ол есептерді шешудің жалпы (бір операциялар жүйесін қолдану арқылы) алгоритмін табуға тырысуда.

Баланың ең алғашқы танысқан алгоритмі саусақ санау болды. Бастауыш сыныптарда оқушылар арифметикалық амалдар алгоритмімен танысты: баған бойынша қосу, бұрыштап бөлу және т.б.

Бастапқы берілгендері бойынша нақты бір есепті шығаруда қолданылуына тікелей байланысты, дағдыға сай алгоритмнің жүзеге асуы. Мұндай қолданысты алгоритмдік процесс деп атайды. Ол берілгендерді бір жағдайдан екіншіге өткізуге арналған, өзіндік кезеңдер қатарына бөліктенген. Бұл кезеңдерді атап өтейік.

Алгоритмдік процесс кезеңдері [2].

Есептің қойылуы (есепті шешудің мақсаты анықталады, оның мазмұны ашылады, есептеу барысына немесе соңғы нәтижеге әсер ететін факторлары анықталады).

1. Есептің моделі құрылады.
2. Алгоритмін жасау.
3. Есептеу процесінің жеке кезеңдерін анықтау.
4. Олардың әрқайсысының мазмұнының формальды жазылуы.
5. Кезеңдердің орындалу ретін белгілеу.
6. Алынған алгоритмнің дұрыстығын тексеру.

«Оқытуды алгоритмдендіру» терминінің қолданылуына қатысты екі мәселені ажыратуға болады: оқытуды алгоритмдендіру ретінде мұғалім қызметінің алгоритмденуін айтады, оқыту алгоритмін құру және қолдану, оқушы қызметінің алгоритмденуі, яғни алгоритмге үйрету.

Математикалық есептерді шешуде алгоритмдеудің ашылуы, математиканы оқыту практикасының түбірлі өзгерісіне әкелді: алгоритмге оқыта бастады, бұл пәнді игеруді жеңілдетті және ыңғайлатты. Бірақ та оқу үрдісі тек қана алгоритмге оқытумен ғана шектеліп қоймайды.

- Оқушыларды алгоритмге оқытуға әр түрлі жолдармен келуге болады:
- Оқушыларға алгоритмді дайын күйінде беру. Мұндай жол өте жақсы деп айтуға келмейді, бірақ уақыт үнемдеуге қолайлы.
- Оқушы сәйкес алгоритмді өздігінен немесе мұғалімнің көмегімен ашуы өте маңызды болып табылады
- Мұғалім шешетін есептер мен орындайтын жаттығуларды таңдауда оқушыларда қажетті операциялар жүйесі қалыптасатындай етіп жинақтауы.

Барлық бұл әр түрлі жолдар қосылған кезде алгоритмдік процесстердің қалыптасуы өте тиімді болады.

Алгоритмді қалыптастыруда үш негізгі кезеңді көрсетеді [3]:

I. Алгоритмге кіріспе. Бұл кезеңнің мағынасы:

- Алгоритмді негіздеу мен енгізуге қажетті білімді өзектендіру.
- Мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың алгоритмді ашуы.
- Алгоритмді тұжырымдау.

II. Игеру.

- Алгоритмге кіретін жеке операцияларды өңдеу және олардың тізбектей орындалуын игеру.

III. Алгоритмді қолдану.

- Алгоритмді таныс немесе таныс емес жағдайда өңдеу.

Сонымен, математиканы оқытуда алгоритмдік әдісті қолдану оқулықтың басты кемшілігін жояды: оқушылардың түсінуі мен игеруіне ауқымды емес, ойлау қызметіндегі процесс қандай да бір қарапайым элементар операциялардың анықталған санына тармақталады.

Ұзақ уақыт бойы интуитивті түрде алгоритм ұғымын математика мен логика есептері үшін қолдану жеткілікті болғанымен, «алгоритм» ұғымына түзетулер қажеттігі туады. Айталық, қандай да бір алгоритмдік мәселе бар болсын, яғни белгілі бір есептер класын шешу алгоритмін құру керек болсын.

Мұндай алгоритм табылған болса, онда алгоритм жайында өзіндік интуитивті ұсыныстарына байланысты есеп шешуде ұсынылған әдіс бәрі үшін алгоритм ретінде танылады. Бірақ математика тарихында қандай да бір алгоритмді іздеуде ұзақ және нәтижесіз көп жағдайлар болғаны мәлім. Содан барып алгоритм бар-жоғы жайында күмәндар туды.

Мәселен, 1890 ж. Париждегі II Халықаралық математиктер конгресінде неміс ғалымы математик Давид Гильберт 23 күрделі мәселелер тізімін ұсынып, математиктер қауымдастығына оны шешу маңыздылығын айтты.

Гильберттің 10-шы проблемасы: кез келген бүтін коэффициентті Диофант теңдеуі үшін оның бүтін санды шешімдері бар ма екенін анықтайтын алгоритм құру талап етіледі. Тек 1968 ж. жас математик Ю. Матиясевич қойылған есепті шешуге мүмкіндік беретін алгоритмнің жоқ екенін дәлелдеді. Алгоритмнің жоқ екенін дәлелдеу үшін оның дәл анықтамасы қажет. Алгоритмнің дәл анықтамасын жасау – математика мен логиканың ең бір тамаша жетістіктерінің бірі. Ол XX ғасырдың 30-шы жылдары Э. Пост, А. Тьюринг, А. А. Марков еңбектерінен алынды [4].

Алгоритм болмайды деп айтқанда, онда қарастырылып отырған жалпы мәселе шешілмейтінін айтады. Математикадағы жалпы мәселелердің ролі оның мәні ретінде анықталып, алгоритм ұғымының қолданыс сферасы да болады.

Алгоритмді анықтау кезінде үш негізгі бағытты көрсетуге болады:

1. Алгоритмдік проблемаларды шешу барысында типтік жағдай ретінде бүтін санды аргументтер мәніне тәуелді болатын сандық функцияның мәнін есептеу алгоритмін табу қарастырылады. Мәнін қандай да бір алгоритм көмегімен шешуге болатын сандық функциялар эффектілі есептелетін функциялар деп аталады. Бұл – интуитивті ұғым, себебі алгоритм ұғымы интуитивті. Алгоритмді әр түрлі ұғуда есептелетін функциялардың әр түрлі жиынтығы шығуы тиіс. 1936 ж. Черч осы уақытқа дейінгі белгілі ауқымды алгоритм түсінігінде барлық есептелетін функциялар жиынтығына сәйкес келетін рекурсивті функциялар деп аталатын жиынтығын дәл көрсетіп берді. Черч тезисінің мәні: бөлік рекурсивті функциялар кластары эффектілі есептелетін функциялар кластарына сәйкес келеді.

Рекурсивті функциялар кластарының дәл сипатталуы Черч тезисімен қоса есептегенде алгоритм ұғымының түзетуі болып табылады.

2. Машиналы математикамен байланысты. Алгоритм ұғымының мәні машинада жүзеге асырылатын процестерді қарастыру жолымен анықталады. Бұл алғаш рет 1936 ж. Э. Пост және 1937 ж. А. Тьюрингтің нұсқауымен ашылды. Олар дәл математикалық терминдермен барлық алгоритмдік процестерді жүзеге асыруға болатын машиналы класын сипаттап берді.

3. Ресей математигі А.А. Марков жасаған қарапайым ұғыммен байланысты. Уақыт өте келе қарастырылған барлық жағдайлар тең шамалы екені анықталды. Сол арқылы Черч терминінің расталуы алынды.

Сонымен, есептелетін функциялар ұғымының интуитивті жасалу бағытын алғаш рет 1935 ж. А. Черч және С. Клини ұсынды.

Рекурсивті функциялар класы келесі жолмен құрылады: қандай да бір бастапқы, қарапайым функциялар алынады. Содан кейін бар функциялардан ереже негізінде жаңа функциялар құруға болатын қандай да бір ережелер құрылады. Функцияларға мұндай операциялар жасауды операторлар деп атау келісілген. Онда қажет етілетін функциялар класын қарапайым функциялардан таңдалған операторлар көмегімен алынған барлық функциялар жиынтығын айтады. Әр түрлі операторларға әр түрлі функциялар класы сәйкес келеді.

#### Әдебиеттер:

1. Оконь В. Введение в общую дидактику. – М.: Высшая наука, 1990.
2. Варпаховский К.М. Элементы теории алгоритмов. – М., 1997.
3. Ефремов Д.Н. Алгоритмы. – СПб., 1993.
4. Методика преподавания математики в средней школе / Под ред. В.И. Мишина. – М.: Просвещение, 1987.

## Резюме

В статье рассматриваются вопросы и этапы изучения алгоритмического метода в общеобразовательной школе. Анализируются психологические аспекты усвоения систем умений и навыков математических знаний. Перечислены этапы алгоритмического процесса, способы обучения учащихся алгоритмическому методу, вопросы формирования алгоритма, исторические сведения о возникновении алгоритмического метода.

## Summary

Article reviews the issues and stages of studying the algorithmic method at schools of general education. Psychological aspects of mastering the skills system and mathematical knowledge are analyzed. Stages of algorithmic process, ways of teaching algorithmic methods, issues of algorithm formation and historical data on occurrence of algorithmic method are listed.

ӘОЖ 377:37.018.48

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПӘНДЕ ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**З.У. УСПАНОВА,**

*доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы*

*Бар құндылықтар – білімге,  
Білім – Өмірге,  
Өмір – Адамзат үшін,  
Сезім – Адам үшін.  
Адам – рухани дүние бастамасы,  
Рухани құндылықтар – Өмірге,  
Өміршеңдік – Ғаламға,  
Адамзат құндылығынан Ғаламға,  
Бейбітшілікке жетелейді.*

**Сатъя Саи Баба**

Еліміздің үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде «Өзін-өзі тану» пәні бойынша өтілетін білім беру үдерісінің сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз етуге, рухани-адамгершілік құндылықтардың әлеуметтік тұрғыдан ілгерілеуіне және өзін-өзі тану педагогтарын кәсіби даярлаудың тиімді үлгілерін іске асыруға мүдделі болып отырған барлық құрылымдардың күш-жігерін біріктіру жөнінде келісімге қол жеткізілді.

«Өзін-өзі тану» курсы – адамның өзіне бағытталған әлемдік және отандық тәжірибелерге сүйенетін инновациялық кешенді пән. Ол жеке адамның рухани өсіп жетілуіне, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасын және өз өмірін өзі қалағандай етіп ұйымдастыру дағдыларын меңгеретін жаңа инновациялық пән болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту барысында мейірім, ізгілік заңдылықтарын басшылыққа алып, өз-өзімен толық үйлесіммен өмір сүруге дайындау бағытындағы тиімді әдістер кеңінен пайдаланылып



келеді. «Өзін-өзі тану» курсының мәртебесі, ерекшелігі және алға қойған негізгі міндеті төмендегідей әдістер шоғырын ұтымды қолдануға келіп саяды:

– білім көзі бойынша – ауызша сөйлеу (түсіндіру, әңгімелесу, дәріс), көрнекілік (бақылау, демонстрация), практикалық әдістер (жаттығулар);

– ойлау аспектісі мен танымдық дербестігі дәрежесі бойынша – проблемалық ізденіс әдістері;

– ынталандыру және мотивациялық әдістер (өнегелік әсерлену жағдаяттары, қызықтылық, айқындылық, танымдық ойындар, өмірлік жағдаяттарға талдау, нәтижелілік жағдаяттары).

Бұл пән өзіне тән рәсімдермен өткізіледі және интерактивті әдістерді пайдаланады. Көпжылдық тәжірибелік сынақтан өткізгеннен кейін «Өзін-өзі тану» пәні ҚР мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, жалпы білім беретін мектептердің, гуманитарлық колледждердің және педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу жоспарының тұрақты бөлігінен өзіне тиісті орнын алды (2 кредит).

Бұл курсты жүргізушілер республикамыздың беделді ғалымдарының жасаған философиялық, педагогикалық, психологиялық, этнопедагогикалық, әдіснамалық тұжырымдамаларын басшылыққа алып келеді.

ҚР білім беруді дамытудың басты ағымы гуманистық парадигманы іске асыру болып табылады. «Өзін-өзі» тану курсы оқыту процесінде дүние жүзіне танымал рухани көсем философ, кемеңгер Шри Сатья Саи Бабаның үш парадигмасы негізге алынады. Бүкіл адамзат баласы үшін:

– бір дін бар, ол – мейірім діні;

– бір тіл бар, ол – жүрек тілі;

– бір ұлт бар, ол – адамзат.

Пәннің міндеті:

– студенттердің бойына әлем және адамзат туралы дұрыс түсінік қалыптастыру;

– студенттердің қоршаған ортасына деген қызығушылық ояту;

– студенттердің адамгершілік мінез-құлықтарына баға беру мүмкіндіктерімен таныстыру;

– студенттердің когнитивтік (танымдық) белсенділігін арттыру;

– рухани-адамгершілік категорияларына көңіл аударып және өзінің тұлға ретінде «менін» ояту.

Өзін-өзі тануда қолданылатын әдістерді теориялық жағынан жинақтап, Г.М. Қасымованың жіктеуіне сүйендік, олар:

1. Белсенді әдістер.

2. Бағдарламалық және проблемалық оқыту әдістері: тапсырмалар, жағдаяттық тапсырмалар, жобалар.

3. Интерактивтік әдістер (коммуникативтік) – өзара қарым-қатынас пен бірлескен әрекетті танудың жолдары мен тәсілдері, белсенді диалог: әңгіме – әдептік және эвристикалық, ойталқы, «ойға шабуыл», «дөңгелек үстел», «іскерлік ойындар», практикалық жұмыстар, конкурстар және оларды талдау, тренинг, топтық жұмыс, терапия: ойын терапиясы, ертегі-терапия, бейнетерапия, ойындар және т.б.

4. Диагностикалық әдістер: тестілер – жеке тұлғаның даму деңгейін анықтау мақсатындағы тапсырмалар жүйесі. Психологиялық тестілер: а) тұлғалық – жобалау тестілері; б) интеллектуалдық тестілер; в) қабілетті тексеру тестілері – креативтік тестілер; г) әлеуметтік-психологиялық тестілер; жетістікті анықтау тестілері; педагогикалық тестілер және т.б.

5. Дәстүрлі әдістер.

6. Ойын әдістері: дамытушы ойындар, рөлдік ойындар, саяхат-ойындар.

7. Практикалық әдістер: жаттығулар, этюдтер және т.б.

8. Көрнекілік әдістер: көрнекі құралдар, макеттер, кестелер мен сызбалар, техникалық құралдар: аудио, бейне-техника және т.б.

9. Ауызша сөйлеу әдістері: дәріс, әңгіме және т.б.

Бұл инновациялық пәнді енгізудің 10 жылдық тәжірибеміздегі нәтижелеріне сүйенсек олар:

– топ мүшелерінің үрейлену деңгейлері төмендеп, өзіне-өзі сену белсенділіктері артты;

– жеке адамгершілік қасиеттері байытылып, өзін-өзі бағалау көрсеткіштері реттелді;

– тұлғааралық қарым-қатынастарында алға жылжушылық күшейіп, ол топтың ұжым ретінде қалыптасуына оң ықпалын тигізді;

– студенттердің таным қабілеттері артып, «Өзін-өзі тану» пәніне деген қызығушылық көзқарастар басым болды.

Оқыту процесінің жаңа ықпалын іздестіру жолында «Біз – Жер шарының ұрпағымыз» атты СОӨЖ сабағынан үзінді беруді жөн көрдік.

*Сабақтың мақсаты:* адамзаттың ортақ үйі ретіндегі Жер планетасын бағалау, сақтау сезімін дамыту.

Бұл сабақта біз ермексазды пайдалану арқылы ертегі терапиясымен таныстырамыз.

Құрметті студенттер! Сіздер білесіздер ме? Алғашқы сиқыршылар қайдан пайда болды? Ерте-ертеде құдайлар өмір сүріпті. Солар әлемді ретке келтірді. Сондықтан біз бүгін бірінші адамды және оның сиқырлы күшін тануға кездесіп отырмыз. Ол туралы көп аңыздар бар (осы жерде аңызды айтып береміз).

Қазір бәріміз шеңбер жасап, столдың айналасына ермексазды алып отырайық. Енді әрқайсымыздың ішімізде қазір бір сиқыршы орналасты. Күнделікті біз өзіміздің ішімізде және бізді қоршап тұрған әлемді жасаймыз, бірақ оған мән бермейміз. Әр сиқыршының ішкі әлемін Алла тағала жасады дейді. Сондықтан біз бүгін өзіміздің ішкі әлемімізді жасаймыз.

Алдарыңызда түрлі-түсті ермексазды көріп тұрсыздар, сондықтан Алла тағала осы ермексаз арқылы жерді жасады. «Бүкіл әлем адамның ішінде» атты аңызды іске асырамыз.

Жерді жасауға көмектесетін ермексазды алыңыздар және оны алақанмен жұмсартып, жердің пішінін келтіріңіз. Құдай жерді жасаған кезде оның құнарлылығы туралы ойлады, сондықтан жерде өмір сүрген болашақ адам өзіне сенімді, мықты бола отырып, өзіне қажет үйлерді жасай алады. Жер адамды еңбек етуге үйретеді және одан ләззат алуды. Сонымен құдай жерді жасады. Ол өзінің жасаған жерін басқа құдайларға көрсетіп мақтанды. Одан кейін жерге тыңайтқыш беруді ойлады, сол үшін суды жіберді.

Жасаған жеріңізді бөлек қойып, басқа ермексаз алып су жасаңыздар. Құдайлар ойлады, ол су таза болады, жерге сіңіп керемет өнім береді. Су адамдарды тазартады, оның ішкі әлемін әр түрлі уайымдардан арылтып, сезімталдығын дамытады. Сөйтіп олар суды жасады. Олар өзінің жасаған суын басқа құдайларға көрсетіп, мақтанып, рахаттанған. Содан соң жер мен суды біріктіріп бір композиция жасаған.

Енді құдайлар жасаған композицияларын бөлек қойып отты жасауға кіріскен. Жаңадан ермексаз алып от жасаңыздар. Отты жасау арқылы құдайлар ойлады: адамдарға жылу беріледі, тағам дайындайды және адамның жанында жылулық береді, сол арқылы олар өмір сүреді және ұмтылыс пайда болады. Сөйтіп құдайлар от жасады. Әрқайсысы өз отын бір-біріне көрсетіп мақтанды. Бірақ бұл от олардың қолын күйдірген жоқ. Содан соң жер мен суды, отты біріктіріп бір композиция жасаған. Бірақ өмір сүру үшін бір элемент жетіспеді: ол – ауа. Сондықтан құдайлар өз композициясын бөлек қойып, басқа ермексаздан ауа жасады. Ауа жасау кезінде құдайлар ойлады: ауа арқылы барлық элементтер байланысады. Ауа арқылы адамдар тыныс алады, әр түрлі иістерді түйсінуге көмектеседі. Ауа арқылы адамдардың ойлары бір-біріне жетеді. Демек, ауа арқылы оқимыз, жаңаны танимыз. Сөйтіп, құдайлар ауа жасады. Олар әрқайсысы өздерінің жасаған ауасын бір-біріне көрсетті. Сөйтіп, *жерді, суды, отты және ауаны* біріктіріп бір композиция жасады. Сөйтіп *әлемді* құрды. Жасаған әлеміне қарап рахаттанды, бір-біріне көрсетті. Олардың әрқайсысы әр түрлі болды. Соған таңғалды. Біраз уақыт өтті. Енді бұл әлем үшін адамдар қажет болды. Енді құдайлар *адам* жасауға кірісті. Ал оны жасаған әлемнен жасауды ұйғарды. Олардың жасаған әлемі әр адамның ішінде болу тиіс. Сондықтан олар өзінің жасаған әлемін қолына алып, өзінің ішкі жылулығымен бір үлкен шар жасады. Енді бұлардың жасаған шарында су, от, ауа, жер әр түрлі орналасты. Енді осыдан адамды жасайық деп шешті. Жасалған шарды екіге бөлді. Біреуі үлкендеу, екіншісі кішірек. Екеуінен шар жасады. Бірақ бұдан адамды жасау мүмкін емес.

Олар үлкен шарды тағы екіге бөлді. Біреуі үлкен, біреуі кішкентай. Енді оларда үш шар бар. Бірақ ол да адам жасауға жетіспеді.

Сондықтан үлкендеуін алып, тағы да екіге бөлді. Біреуі үлкен, біреуі кішкентай. Оны да домалақтады. Енді құдайлардың алдында төрт шар бар. Бірақ ол да аз болды.

Үлкен шарды алып тағы екіге бөлді. Тағы шарға айналдырды. Енді оларда бес шар болды. Құдайларға бөлу процесі ұнады. Сөйтіп үлкен шарды тағы екіге бөлді. Енді алдарында алты шар тұр. Енді тоқтатуды ұйғарып, үлкен шардан тағы да шамалы шымшып алып, оны домалақтады. Енді алдарында жеті шар тұр. Ол жақсы сан деді. Осыдан енді адам жасаймыз деді.

Ең үлкен шар – адамның денесі. Ең кішкентайы – мойны, ал қалғандары – басы, қолы, аяғы. Жеті шардан жасалған адам құдайлардың көңіл-күйін көтерді. Бұлар да біз тәрізді болу керек деп шешті олар. Сөйтіп адам мүшелерін созып, бір-біріне нық қосты. Сөйтіп бірінші адам пайда болды.

Енді ол өзінің аяғымен нық тұру керек деп ойлап, аяқтарына тұруға көмектесті. Сөйтіп, құдайлар жасаған адамдарын шеңберге қойды. Әрқайсысы рахаттанып қарады.

Құрметті студенттер, мынау сіздердің қолдарыңызбен жасаған адамдарыңыз әлі нәресте. Сондықтан құдайлар нәрестелерге сыйлық жасап сыйлайды. Әр сыйлықтың өзінің құпиясы бар, сондықтан ойланыңыздар. Өзіңіздің жасаған адамыңызға қандай сыйлық жасар едіңіз, оған қандай тағдыр және қасиеттер сыйлар едіңіз? Оны сөзбен жеткізіп өз адамыңызға беріңіз.

Қолыңызға ермексазды алып, сыйлық жасап, адамыңызға сыйлаңыз. Енді зейін тоқтатып шеңбердегі бар адамдарды қарап шығыңыз. Тағы да бір сыйлық жасаңыз, оны қай адамға сыйлағыңыз келеді? Ойланыңыз. Тағы да жиналамыз шеңберді айналасына, енді сыйлықтарыңызды сыйлаңыздар.

*Қорытынды.* Сонымен бүгінгі сабағымызда біз аңыздар арқылы дүниеде қалай пайда болғанымызды, Алла тағала қалай жерді, отты, суды, ауаны жасағанын түсіндік. Сол арқылы әрқайсымыз бүкіл әлем адамның ішіндегі дегенді ұғындық.

Енді мынау шынайы әлемге келгенде біз бүгін кімді жасадық? Әрине, өзімізді. Жасаған адамыңды өзіңнің ішкі әлеміңе орналастыр. Ал ол үшін өз адамыңды сыйлығымен қоса бір үлкен шарға домалақтауға тиіссіз.

«Өзін-өзі тану» пәні студенттердің жаңа өмірге бейімделіп, өзін еркін сезінуіне, өзіне деген сенімінің күшеюіне жағдай жасайды.

Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

#### Әдебиеттер:

1. Өзін-өзі тану: оқытушыларға арн. әдіст. құрал. 1 курс / құрастырушылар: Нұркеева С.С., Нұрбеков С.Ж. – Алматы: Бөбек, ҰҒПББСО, 2007. – 216 б.

#### Резюме

В статье рассматривается классификация методов курса «Самопознание», их краткая характеристика. С целью развития ценностного отношения к планете Земля, как к общему дому человечества, представлен конспект занятия СРСП по теме: «Мы – дети Земли». Использован метод сказкотерапии по притче «Весь мир внутри меня».

#### Summary

The article reviews classification of methods of «Self-knowledge» course and its features in-brief. With the purpose of developing appreciation of the Earth as a common home of humanity, the outline of the students' individual work under professor's guidance, themed «We are children of the Earth», is presented. Tale-therapy on the basis of «The whole world inside me» was conducted.

## **ИНФОРМАЦИОННО-ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ НА ПРАКТИЧЕСКОМ КУРСЕ РУССКОГО ЯЗЫКА**

**Б.С. АМИРАЛИЕВА,**

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
Республика Казахстан*

Технологии становятся краеугольным камнем развития любой страны. Уровень технологического развития становится определяющим фактором успеха. Интеграционные процессы и активная конкуренция, ужесточение стандартов и потребность в модернизации не оставляют выбора, требуя внедрения инноваций. Сегодня в гонку за инновациями вступили все страны, имеющие разумную стратегию. «Казахстан не может остаться на обочине», подчеркивает Глава государства Н.А. Назарбаев. Информатизация образования вошла в ранг стратегически важных направлений государственной политики. В данном случае можно перефразировать известное выражение о том, что тот, кто владеет инфокоммуникационными технологиями, владеет миром. Возникла необходимость изменения методов и технологий обучения на всех ступенях, повышения значимости тех из них, которые формируют практические навыки получения и анализа информации, самообучения, стимулируют самостоятельную работу студентов, формируют опыт выбора и деятельности. Таким образом, возникла необходимость в новой модели обучения, построенной на основе использования современных информационных технологий, реализующей принципы личностно-ориентированного образования. Информационные технологии, рассматриваемые как один из компонентов целостной системы обучения, не только облегчают доступ к знаниям, открывают возможности вариативности учебной деятельности, ее индивидуализации и дифференциации, но и позволяют по-новому организовать взаимодействие всех субъектов обучения, когда студент – активный и равноправный участник образовательной деятельности. Внедрение новых информационных технологий позволяет активизировать учебный процесс, реализовать идеи развивающего обучения, повысить темп урока, увеличить объем самостоятельной работы учащихся.

Сегодня педагогу представилась возможность сделать занятие более ярким и увлекательным.

Задачи, стоящие перед учителем-словесником при применении информационных технологий, во многом отличаются от целей и задач других учителей-предметников, так как проходит работа с текстом, с художественным словом. Учителю русского языка необходимо сформировать прочные орфографические и пунктуационные умения и навыки, обогатить словарный запас учащихся, научить их владеть нормами литературного языка, дать студентам знание лингвистических и литературоведческих терминов. Инновационные технологии позволяют реализовать одну из основных целей обучения русскому языку (развитие коммуникативной личности), то есть дают возможность перейти от изучения языка как системно-структурного образования к изучению его как средства общения и мышления, а учебно-познавательную деятельность перевести на продуктивно-творческий уровень. Применение информационных технологий в учебном процессе на уроках русского языка способствует развитию умений, формирующих коммуникативную компетенцию.

Владение русским языком, умение общаться, добиваться успеха в процессе коммуникации являются теми характеристиками личности, которые во многом определяют достижения студента практически во всех областях жизни, способствуют его социальной адаптации к изменяющимся условиям современного мира.

Важное место в работе по формированию речевых умений обучающихся, их коммуникативной компетенции занимают упражнения с текстами. На занятия готовятся тексты в электронном формате разных стилей, типов, жанров. Студенты, используя возможности компьютера, определяют стиль, его характерные черты, выделяют тему, составляют план, находят и подчеркивают изобразительно-выразительные средства языка и т. д.

Несмотря на то, что текст есть у каждого студента, такая работа проводится как в индивидуальном, так и в групповом режиме, который позволяет учитывать ведущую деятельность – общение со сверстниками. Студенты учатся свободно, правильно излагать свои мысли, соблюдать нормы построения текста, выражать свое отношение к фактам и явлениям окружающей действительности, к прочитанному и услышанному. Использование ИКТ на уроках формирует высокий уровень мотивации, интерес к учебной деятельности, способствует развитию у каждого студента собственной образовательной траектории, формированию языковых, коммуникативных умений и навыков, обеспечивающих свободное владение русским языком в разных сферах и ситуациях общения.

Информационно-коммуникационные технологии применяются мною на всех этапах обучения: при объяснении нового материала, закреплении; повторении, контроле ЗУНов и исследовательской деятельности. Организуя занятие с использованием ИКТ, планирую как фронтальную, так и самостоятельную работу, сочетаю работу на компьютере с обсуждением и общением. Преимущество использования на уроке компьютерных программ по русскому языку неоспоримо: это и оперативный контроль знаний, что дает значительную экономию учительского времени, и элемент занимательности, повышающий интерес учащихся к обучению, и создание условий для индивидуальной работы.

Благодаря компьютерным тестам учащиеся приобретают навыки самоконтроля за усвоением учебного материала, преподавателю всегда приходится ориентировать свою деятельность на результат: в какой форме будут оцениваться знания, умения и навыки его студентов. Студент сам задает темп работы и ответов на вопросы, сразу же получает оценку за свою работу. Он может воспользоваться подсказкой, может посмотреть количество допущенных ошибок. Конечно, преимущество использования на уроке компьютерных программ по русскому языку неоспоримо: это и оперативный контроль знаний, что дает значительную экономию учительского времени, и элемент занимательности, повышающий интерес учащихся к обучению, и создание условий для индивидуальной работы. Благодаря компьютерным тестам учащиеся приобретают навыки самоконтроля за усвоением учебного материала.

В процессе обучения русскому языку преподаватель и студент традиционно обращались и обращаются к различным источникам информации: энциклопедиям, словарям, справочникам, хрестоматиям и т.п. Основным ее источником перестает быть традиционная библиотека, ей на смену пришли электронные словари, энциклопедии, базы данных, представленные в большом объеме не только на электронных носителях, но и в Интернете. Объемы размещенной там информации значительно превышают объемы любых печатных изданий. В Интернете множество сайтов, на которых можно найти любой текст. Кроме этого, учитель-словесник может использовать в Интернете следующие виды полезных ресурсов: толковые словари, сборники правил и нормативные документы по преподаванию, программы, методические разработки, научные статьи, форумы, чаты, списки рассылки для участия в коллективных обсуждениях проблем образования. Уникальная поисковая система осуществляет поиск по заголовкам статей, по выделенным словам, система перекрестных ссылок позволяет найти толкование упоминаемых слов.

Проективный метод вновь становится популярной педагогической технологией в современном преподавании, так как он направлен на повышение эффективности занятий, на развитие творческих и аналитических способностей студентов, что является прекрасным стимулом для поддержания интереса к изучению русского языка. Метод проектов интересен тем, что выбор тематики необычайно разнообразен. На уроках русского языка он дает возможность использовать самые неожиданные формы



презентаций: конспект, газета, журнал, кроссворд, викторина. Роль преподавателя при подготовке занятия-проекта в основном сводится к тому, что он помогает формировать идею проекта, контролирует, консультирует, направляет творческую деятельность студентов в нужное русло. Как и любой другой, проективный метод может быть реализован с помощью различных средств обучения, в том числе с использованием новых информационных технологий. Русский язык как учебный предмет – плодотворная почва для проектной деятельности. Мы часто сталкиваемся с такими проблемами, как отсутствие читательского интереса среди студентов, узкий кругозор, отсутствие навыка анализа и обобщения. Интересная работа в группах над проектом дает студентам возможность почувствовать предмет, получить новые знания, а учителю решать вышеперечисленные проблемы. Метод проектов позволяет формировать исследовательские навыки студентов, активизировать их деятельность, использовать полученные ими знания на практике.

Создание мультимедийных презентаций как педагогом, так и студентами, выполнение творческих и научно-исследовательских работ с использованием информационно-коммуникационных технологий способствуют обучению сотрудничества, групповой работе, формированию и развитию аналитических навыков у студентов, повышению информационной грамотности.

Мультимедийные презентации используются для того, чтобы выступающий (студент или преподаватель) смог на большом экране или мониторе наглядно продемонстрировать дополнительные материалы к своему сообщению, например, видеозапись отрывка из художественного фильма, снимки, иллюстрации, диаграммы и т.п.

Дидактические материалы, представленные в компьютерном варианте, решают несколько задач:

- повышают производительность труда преподавателя и студентов на занятии;
- увеличивают объем использования наглядности на занятии;
- экономят время преподавателя при подготовке к занятию.

Использование видеотехнологии позволяет повысить роль наглядности, дает учащимся более полную и достоверную информацию об изучаемых процессах, включает их в активную работу.

Разумное сочетание средств ИКТ и живого великорусского слова, приумноженное профессионализмом учителя, обратит наше молодое поколение в высококультурную просвещенную нацию.

Уроки русского языка открыты для введения средств ИКТ, соответствуя тем самым требованиям нового времени и Концепции модернизации казахстанского образования.

#### Литература:

1. Чиконина Г.В. Информатизация как фактор обогащения образовательной среды сельской школы. – Новосибирск: Новосиб. гос. ун-т, 2004.

2. Чиконина Г.В. // Информационные технологии в образовании: Сб. научно-методических материалов. – Новосибирск: Новосиб. гос. ун-т, 2004. – С. 50-78.

#### Түйіндеме

Мақалада орыс тілінің тәжірибелік курс сабақтарында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану тәжірибелері баяндалады. Ақпараттандырылған қоғамдағы студенттердің интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту, оқу үдерісін гуманизациялау, даралау арқылы орыс тілі сабағының сапасын арттыру басты мақсат ретінде көрсетілген.

#### Summary

In the article the author offers her own implementation of information-communicative technology experience at the practical course of Russian languages course.

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АУДАРМАНЫҢ РӨЛІ**

**Н.Ә. ЖАПБАРОВ,**

*магистрант*

**М.Ш. ЖҰМАҒҰЛОВА,**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Жеке бағдарлап оқу гумандық педагогиканың негізгі принциптерін айқындап, дүниежүзілік педагогикада бүгінгі кезеңнің барлық білім түрлерінің басым бағыты болып табылады. Мұның өзі білім алушының жеке қабілет-қарымын ескере отырып оқу барысында біліктілігін арттыруды қажет етеді. Оқытушының күші білім алушының өнімді еңбек етуіне және оған қолайлы жағдай туғызуға бағытталады. Бүгінгі білім жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаның жеке және рухани тұрғыда кемелденуіне, шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыруға, ақпаратпен жұмыс істеуге машықтануға бағытталған [1].

Аударма түрлерін пайдалана отырып шет тілін кәсіби бағдарлап оқыту оқу процесін жекелеген және аралас дәрежеде құруға негізделген қолайлы жағдай туғызады:

а) білім алушылардың өздігінен бағалы-құнды ақпараттарды іздестіру, өңдеу, жүйелеу және пайдалану барысында шығармашылық қызмет атқаруын ұйымдастыру;

б) ақпараттық ортада сөйлеу мәдениетін жетілдіру;

в) өзін-өзі дамытуда жеке моделдер табу мен құрастыруда табиғи таланты мен қабілетін ашу.

Мұның өзі Е.С. Полат көрсеткендей, бүгінгі ақпараттық қоғамның талаптарына толық жауап береді, келешек мамандардың құбылмалы өмірлік жағдайға тез бейімделіп, өздігінен білім алуға, сыни ойлауға, проблемаларды көре білуге және аударманы пайдалана отырып, оның тиімді жолдарын қарастыруға, аудармамен сауатты жұмыс істеуге бейімдейді.

Ақпараттық қоғам жағдайында аударма жасай білу, өздігінен білім алуға ұмтылу, өзінің квалификациясын көтеру, жан-жақты ойластырылған аргументті шешімдер қабылдау маманның білімі мен дәрежесін көтеруде басты құндылықтар болып табылады [1].

Гумандық педагогика мен психологияның негізін салушылардың бірі американдық ғалым Дж. Дьюи рефлексорлық ойлануда логикалық ойластыру, өзара байланысқа негізделген логикалық моделдер мен шешімдерді қабылдау кезінде оның қайсыбірін шегеру не олармен келісу, әлде уақытша доғаруды ұйғаруды көрсеткен [2].

Америкалық психолог Д. Хальперн қоғамдық өмірдегі білімнің маңызын екі принципте құрып, тез өсіп келе жатырған ақпарат ағынында дұрыс бағдар ала білу және қажетіне сай ой елегінен өткізіп алынған ақпаратты пайдалана білуге назар аударды [3].

Техникалық мамандықтардағы шет тілін оқыту процесінде аударманың жаңаруы қазіргі заманғы дидактикалық құралдардың дамуымен байланысты, олардың қатарына мультимедиалық бағдарламалар, компьютерлер мен компьютер жүйелері, телекоммуникациялар, интерактивті видео, сонымен қатар электрондық техника негізінде құрылған оқу құрал-жабдықтары жатады. Олардың пайдаланылуы бүгінгі оқу практикасына инновациялық тұрғыда араласудың алғышарты болып табылады. Индустриалдық қоғамда шет тілін оқуда электрондық оқу материалдары мен оқу бағдарламаларының тез қарқынмен өсуі аударма жасауға да елеулі ықпал етті. Аударма сапасының артуы электрондық

агенттік материалдардың сапасы мен алуан түрлілігіне ғана емес, сонымен қатар ұстаз дайындығының жаһандық «internet» жүйесінің талаптарына сай болуына да байланысты.

Тілдік емес мамандықтың практикасына аударманы ендіру интерактивті сөйлесу қабілетіне ие болуға көмектеседі. Еуропалық Кеңестің Министрлер Комитеті қазіргі тілдер жөніндегі өздерінің тілдерді бағалау мен оқыту әдісін дайындаған ұсыныстарда үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдардың ұлттық және халықаралық байланысын қолдауға, ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып тілдерді оқытуда, аудармаға үйретуде және ғылыми зерттеулерде ақпарат алмасудың еуропалық жүйесін құру процесін аяқтауға зор мүмкіндік береді [4].

Білім және технологияның даму потенциалын әр түрлі көзқарас тұрғысында зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, адамдардың білім деңгейін кеңейту мен техникалық және әлеуметтік процестерді басқаруды дамытуда ақпараттық жинақтау, ұйымдастыру, сақтау, өңдеу және тарату әдістерінің жиынтығы мен техникалық құралы ретінде қарастыруға болады.

Жай бір формальдық тұрғыдағы нұсқаулардың орнына шет тілін оқыту динамикалық процесс ретінде қарастырылып, білім алушылар ақпараттық ресурстар мен көздерін зерттей білсе, жаңа білім түрлерін жемісті түрде игеруге болады.

Әдістемелік мүмкіндіктер мен педагогикалық технологияларды пайдалану әдістері мен білім алушылардың шет тілін игеру мүмкіндіктері артып, студенттердің ойлау белсенділігіне стимул тудырылып, оқылатын материалдың игерілу қабілеті арттырылады; қалыптастырылған машықтардың икемділігі арттырылады; оқулық есептердің алуан түрлілігі мен саны артады; интеллектуалдық қабілеті дамиды.

Шет тілін оқытудың дидактикалық потенциалы белсенді компьютерлік қызмет ұйымдастыра отырып, жекелеген адамдардың бір-бірімен және оқытушыментелекоммуникациялық сөйлесуіне байланысты.

Телекоммуникациялық технологияны пайдалану негізінде шет тілін оқыту процесін құруда компьютер кластарында сабақ өткізу әдісіне қойылатын арнайы талапты ескеру қажет. Оған жататындар: интерактивтілік, телекоммуникациялық хабарлардың тақырыптық формаларының басымдылығы, барлық оқу кезеңдері үшін дидактикалық материалдар дайындау.

Мынаны ескеру қажет, «internet»-те оқу «face-to-face» коммуникациясын нақты алмастыра алмайды. Сондықтан бұрыннан қалыптасқан оқу жүйесі шет тілін оқытудың негізі ретінде сақталып қалады. Бүгінгі күні интернет-коммуникацияны хаттық сөйлесу құрап отыр. Бұл факт мынаны көрсетеді, оқу мен хат «www» жүйесінде жұмыс істеу үшін қажет және келешекте жазбаша сөзбен байланысу шет тілі сабақтарының мазмұнын байыта түседі. Бұл жағдайда «internet»-ті пайдалана оқу аугиенттік болып табылып, виртуалды коммуникацияда нақты жағдайдың белгісіз коммуниканты дәрежесінде қалады.

Телекоммуникациялық технологияларды оқу процесіне ендіру арқылы аударма теориясында арнаулы дидактикалық және әдістемелік функцияларды иемденіп, шет тілін оқытуда осы технологияларды пайдалану қажеттігі туды.

Сонымен қатар аударма білім алушыларға мәдениаралық сөйлесуге негізделген, тәрбиелеу мен оқытуда жаңа қадамдар жасауда нақты зерттеу әдістерін кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Аударманың дидактикалық функциясы білім алушылардың бір тілден екінші тілге аудару қызметінің дамуының әдістемелік мақсаттарын шешуге игі ықпал етеді.

Оқу процесіне аударманы енгізу барысында тікелей ауызба-ауыз сөйлесуді ұйымдастыра отырып нақты тілдік ортаны құруға және пайдалануға болады. Білім алушылардың мұндай қызметтерін екі жақты қарастыруға болады:

1. Телекоммуникацияны тілдің қайсыбір аспектісін және сөйлеу қызметі түрлерін, яғни ұстаздардың құруымен жасалынған тілдік жобаларды оқу материалында пысықтау мақсатында пайдалануға болады.

2. Шет тілін нақты коммуникация деңгейінде пайдалану, мысалы: шығармашылық мәселелерді талқылағанда, түрлі аудармалар жасағанда (видеофильм жасап аудару, көркем аудармалар жасау, зерт-

теулер мен эксперименттер жүргізу барысын талқылау), т.б. Бұл ретте аударма білім алушылардың біріккен қызметінің мәдениаралық байланыс құралы ретінде орын алады.

Телекоммуникациялық каналдарды пайдалану арқылы шет тілін кәсіптік бағдарға сәйкес оқыту оны үйретудің жазбаша және ауызша түрін ақпараттық әдістемелік тұрғыда шынайы пайдалану болып табылады. Кәсіби салада басқа тілдік коммуникацияны игеруге байланысты халықаралық қатынаста өндірістік және ғылыми проблемаларды шешуде, өзара түсіністік пен толық дәрежеде сөйлесуде ғалымдардың назары кәсіби бағдарлық қабілетті зерттеуде интерактивті, бірінші кезекте аударманы пайдалануға көңіл бөлген.

Бөгде тілдік коммуникацияда аударма жасай білу техника саласы мамандарының бірден-бір кәсіби сапасы деңгейінің өлшемі болып табылады. Ендігі жерде аударманың ел мен елді байланыстырушы сұхбаттылық пәрменіне тоқталатын болсақ, онда мәдениетаралық коммуникация, мәдениеттер сұхбаттастығы терминдері өзара ажыратуды, арақатынастарды саралауды қажет ететіндігін айтуымыз керек. Коммуникация термині бізге орыс тіліндегі әдебиеттерден келгенмен, әуел баста латын тілінен шыққаны белгілі. Қазақ тіліне бұл термин «қатынас» деп аударылады әрі дәл аударылады деп ойлаймын. Қатынастың да түр-түрі болады. Солардың барлығын екі негізгі топқа бөліп қарауға болады. Олар: тікелей қатынас, жанама қатынас. Тікелей қатынасты біз «араласу» деген ұғым арқылы да жеткізе аламыз. Ол адамдардың өзара, бөгде біреулерсіз, тікелей, бетпе-бет қатынасқа түсуін білдіреді. Қазақи тілдік санада «аралас-қораласымыз бір», «араласып жүрген жандар» деген сияқты тұрақты сөз тіркестері содан хабар береді. Ал қатынастың жанама түрі орталық қосымша буын болуын қажетсінеді, яғни ол ауыз екі тілден өзге қатынас құралдарының қолданылатындығынан хабар жеткізеді. Мысалы, телефон, телеграф, хат-хабар, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. Осы орайда бой көтеріп отырған тағы бір мәселе – ақпарат құралдарына сай ақпараттың өзінің де, жеткізілуінің де түбегейлі өзгерістерге ұшырайтындығы.

Қазіргі кезде халықаралық деңгейдегі жобалық-конструкторлық, өндірістік-технологиялық, ұйымдық басқару, ғылыми-зерттеу, пайдалану қызметтеріне негізделген мамандардың коммуникативті кәсіби-бағдарлық сапасы үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Осыған байланысты техникалық мамандық білім алушыларыныңағылшын тілін кәсіптік сөйлесу құралы ретінде игеруі дүниежүзілік өндірістік рынокта өзара тиімді іс-қимыл жасаудың сыннан өткен алғышарты болып табылады.

Бүгінгі күннің техника инженерінің келешек кәсіби қызметінің ерекшелігін ескере отырып, шет тілінде техникалық құжаттарды оқу мен тіркеу, біріккен кәсіпорындарда және шетелдік әріптестермен тікелей кәсіби байланыстар орнату, халықаралық техникалық көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуда және ғылыми-техникалық семинарларда, т.б. тілдік коммуникативтік компетенция техникалық мамандық бітірушіге өз елінің өндірісін дамытуға жауапты жаңа буын ретінде қойылатын талаптарға сүйенеді.

Нәтижесінде техникалық мамандықтардағы білім алушыларды ағылшын тілін оқытуда кәсіптік бағдарламаға сай аударма түрлері пайдаланылды. Бұл тәжірибе тілді игеруде оң өзгерістер жасады. Оқу процесіне аударманы енгізу келешек маманның кәсіптік және практикалық деңгейлерінің қалыптасуына және көтерілуіне игі ықпал жасайды.

Шет тілін оқыту практикасы көрсеткендей, бөгде тілдік коммуникативтік компетенцияны қажетті деңгейде ұстау үшін кәсіби бағдарлап оқыту процесінде аударманы пайдалану тиімді.

#### Әдебиеттер:

1. Полат Е.С. Личностно-ориентированный подход к системе школьного образования // Дополнительное образование. – 2002. – № 4. – С. 24-30.
2. Дью Дж. Психология и педагогика мышления. – М., 1999.
3. Хальперн Д. Психология критического мышления. – СПб., 2000. – С. 120.

4. Общеввропейские компетенции владение иностранным языком: изучение, обучение, оценка. Департамент по языковой политике Совета Европы, Страсбург. – М.: МГЛУ, 2003.

#### Резюме

В статье рассматривается роль перевода в развитии профессионально-ориентированных способностей обучающихся. В условиях информационного общества перевод позволяет совершенствовать культуру речи и раскрывать природный талант и способности обучающихся. Авторы акцентируют внимание на телекоммуникационных и интерактивных технологиях, которые активно внедряются в учебный процесс и имеют огромное значение в обучении переводу.

#### Summary

The article deals with the role of translation in the process of development of learners' professionally-oriented abilities. In the informative society translation enables to improve speech culture and reveal the learners' natural talent and abilities. The author emphasizes on the telecommunication and interactive technologies that are introduced into the education process rapidly and have a great importance in teaching translation.

UDK 82.03:37.047

## KEY STRATEGIES IN EFFECTIVE TEACHING FOREIGN LANGUAGES

**S.I. SADYBEKOVA,**

*Candidate of Philological Sciences, docent,  
The Korkyt Ata Kyzylorda State University,  
Republic Kazakhstan*

In recent years we can more and more clearly notice the discrepancy between the actual quality of the language training of graduates of non-language universities and modern society's needs for highly qualified professionals, practically speaking one or more foreign languages.

Major role in the successful resolution of this problem belongs to the latest educational technologies allowing students to master the most effective teaching material.

However, you need to find the basic criteria of teaching significantly improving students' motivation to master a foreign language, the quality of their progress on the subject, as well as contributing to the success of our students in participation in student competitions, conferences in foreign languages, the defense of their graduation projects in the target language.

It is well known that in addition to the selection of objectives and means of education, it is important to determine the methods of teaching. The basic idea of modern methods of teaching foreign languages is one and the same: the best way of learning is communication. It is necessary to consider the following factors contributing to the successful mastery of a foreign language by students:

- positive psychological atmosphere where students feel comfortable and are in a climate of mutual understanding and active cooperation; share not only information but also emotions;
- creation of additional motivation helping to boost students' interest in learning;
- independent cognitive activity of students. Providing students with ready material is discouraged; they must take greater ownership because it contributes to a better memorizing the lesson.

While learning a foreign language at an early stage, you should start with two ways: through the spoken word (oral) and through reading. If possible to choose, the first option is more appropriate for students with a



good mechanical memory, a good ear and simulation capabilities. The second way may be more liked by the students with a good logical memory, prone to logical thinking, analysis and comparison. But what would they start, it is necessary to learn all kinds of language skills: speaking, writing, comprehension, reading. Of course at the same time, there are important ways to overcome the barrier of constraint and memorizing new words.

It's no secret that a foreign language, especially memorizing its new words, seems to be very complicated, tedious process, often requiring many hours of tedious cramming. How to turn this process into a quick and fascinating work?

For a start, imagine people easily beset several languages at once, and thus have little difficulty, or small children mastering the language in the course of the game or communication. We offer several strategies to memorize English words using the capabilities of brain which will allow students memorize words much easier and faster.

#### Using the power of emotions

Suppose the student to remember the word «honey» (мед). For the purpose of effective (fast and easy) memorizing the word he must associate it with something special and important to him: for example, the image of a loved one (as the Americans call those whom they love). If this new word appeared while reading a text, he has to associate it with the emotions that he experiences during the reading, and then the student will be able to remember the word. The fact is that any positive emotions signal that the word refers to something meaningful for us and increase our ability to contribute to the study.

In this regard, it is particularly important the use of interesting books, texts, films, meeting with interesting people under the study of the English language. The very experience of this training will be a positive emotional factor that help you to remember the word.

#### Introduction of a new word in one's experience

The student must present himself as a small child when he first heard the word «white» (белый), began to repeat it, seeing the white snow, white paper, white sugar. This process takes place as under the study of the native language the children began to notice a new word in a variety of situations, environments, contexts which allow them memorize the words quickly and easily. In this case the brain creates associations with the various parts of the previous experience, the new word is associated with the fact that the child already knows that becomes a more natural and familiar. And in order to reproduce it in memory it does not need to strain; we need only think of sugar or snow.

Thus, in order to remember the word better it is necessary to use it more often in different situations – try to make it work, relaying the text, doing homework, practicing the English language with teacher, groupmates, with native speakers.

#### Belief in own ability

Another key criterion for memorizing new words is the belief of the student in his ability to learn the word, regardless of the quality and capacity of his memory in memorizing English words. He has to believe in his ability to do this, as people who successfully learn English. It is important for student to make himself to convince, to persuade himself that he will succeed. It's like a kind of process of prophecy. But in any case, it must not program student's brain to the contrary, to the resistance of learning, mentally repeating that languages are given to him with difficulty and everything is useless.

In that case, the student needs to try to understand where this belief comes from. In this case, it is not necessary to refer to past experience: poor grades in English at school, at university. It is likely that a knowledge of the language was not necessary at that time, or whether someone felt bad, there was no time to prepare, etc. There is a need to believe oneself, to learn to share individual failures and their abilities at all.

#### Remembering forever

For successful mastering the English language a student must have a strong belief and motivation of his ability to not only take information, but also to store it.

It is a natural question for students about how long the acquired knowledge of English will be stored after completion the course of its learning. The answer to this question also depends on the beliefs and motivations

of the individual. People successful in learning language usually believe in their ability to quickly recover knowledge. The fact is that our beliefs shape not only the ability to perceive information but the ability to store it. We can believe that in fact we have a good memory – just a little short. «In one ear will fly and fly out to the other», – we say in such cases – and as usual the reality confirms our expectations.

Therefore, the student must create the image of a quick recovery of lost skills in his mind. It is necessary to define the period of time during which his skills will be restored: «I will need a week for work on the language to remember everything», «It took me two hours to communicate with a foreigner to begin to speak fluently and confidently again».

#### *5. Availability of a constant goal*

According to studies people who have a good reason for learning the language can learn it much faster than the others. For example, if a student should go to foreign trip in a month, then he will be able to learn English just for this time, knowing that it will allow him to travel to a foreign internship. According to statistics students who are said that certain words would be required for the next lesson, remember them better than those are whom are not mentioned about it.

The bottom line is that any undertaking is not possible without a good reason, desire and motivation. Motivation gives strength. Students who start to learn English because it is fashionable, often drop out their learning on a halfway. And if a person has a goal, then his chance of successfully mastering the language is much increased.

Thus, student should always remember why he learns English. Perhaps he dreams to study in the United States, to get a promotion at work, to see the original version of the famous movie or dream to give lectures in English. Memorizing words he must choose first of all the ones that he actively uses in his native language.

#### *6. Unconscious learning*

We have already talked about the ability of a young child to easily acquiring the native language through play, communication, understanding the world. Person rapidly «absorbs» hundreds of new words with their pronunciation and grammar if he is in a country of the acquired language. And it happens despite the fact that they do not use the books and hack words specially!

The fact is that people who successfully master any language use the hidden potential of their unconscious being, while the ordinary person uses only a tiny fraction of the potential of his brain. It is known that the unconscious one is trained several times faster than the mind. This happens in those moments when the mind is «uploaded» by other activities. For example, while you are watching a movie or talking with a friend, you focus on the topic of conversation. Meanwhile, your unconscious being learn new words.

In this regard, you should follow these recommendations: to learn English words in practice. For example, to read an interesting story, watch movies, listen to audio, news and to communicate in English more often. We should not teach the word specifically. They do not care to remember. Consciousness will be busy by plot and the unconscious one can easily learn new words and expressions.

Thus, to memorize foreign words fast and easy is quite real. You need to set a goal, believe in yourselves and work at English. And then your ability to easily communicate, to become a highly skilled specialist who practically masters one or more foreign languages or to lecture in a foreign language after the graduate or doctorate course will become your reality.

#### References:

1. Conception of the Kazakhstan Republic on Education to 2015. // Higher School of Kazakhstan. – 2004. – № 1.
2. Daniel Lapp. Improve memory at any age. – St. Petersburg: Publishing «Peter», 2007.
3. Maslyko E.A., Budko A.F. Handbook of language teacher. – Minsk: Higher School, 1997.
4. Rogova G.V., Vereshchagina I.N. Methods of teaching English. – Moscow: Vlados, 1998.

### Түйіндеме

Мақалада студенттердің шетел тілін меңгерудегі қызығушылығын біршама көтеруге мүмкіндік беретін оқытудың негізгі бағыттары қарастырылады. Сонымен қатар, бұл ағылшын тілі пәні бойынша студенттердің сапалы білім алуына, студенттік олимпиадаларда, шетел тілінде өткізілетін конференцияларда және диплом жұмыстарын қорғауда ықпалын тигізеді. Қорыта келе, осының барлығы білім саласындағы маңызды міндеттерді шешуде, яғни ЖОО түлектерінің тілдік дайындықтарының сапасы мен қоғамның қазіргі талабы – бір немесе бірнеше шетел тілін меңгерген жоғары білікті мамандар даярлауға жетелейді. Мақалада студенттерге ми қабілетін қолдану арқылы ағылшын тіліндегі сөздерді жылдам әрі оңай есте сақтаудың бірнеше негізгі оқыту стратегиялары ұсынылады.

### Резюме

В статье рассматриваются основные критерии обучения, позволяющие значительно повысить мотивацию студентов к овладению иностранным языком. Вместе с тем это повысит их качественную успеваемость по предмету, а также будет способствовать успешному участию студентов в студенческих олимпиадах, конференциях на иностранных языках, защите дипломных работ на изучаемом языке. Все это в конечном итоге приведет к решению важной образовательной задачи – соответствию между реальным качеством языковой подготовки выпускников вузов и современными потребностями общества в высококвалифицированных специалистах, практически владеющих одним или несколькими иностранными языками. Предлагается несколько стратегий запоминания английских слов с использованием возможностей мозга, которые позволят студентам запоминать слова гораздо легче и быстрее.

ӘОЖ 894.342-2

## ҚАПАН САТЫБАЛДИН ЖӘНЕ ДРАМАТУРГИЯ ЖАНРЫ

**Ж.А. РҮСТЕМОВА,**

*филология ғылымдарының кандидаты*

**Қ.М. ШАКИРОВА,**

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Драматургия – қазақ әдебиетінде кенже туып, қалыптасқан жанр. Кенже дамыды дегенде де, қазақ драматургиясы қазақ әдебиетінің қомақты саласы болып қалыптасты. М. Әуезов, Ғ. Мүсіреповтен бастау алған классикалық драматургияға өзіндік қолтаңбасымен келіп қосылған қаламгер Қапан Сатыбалдиннің шығармашылығындағы негізгі драматургиялық желілер қазақ драматургиясының қалыптасып дамуымен сабақтасып жатқандығы анық.

Қапан Сатыбалдиннің әдеби сын мақалалары қаламгердің тек өз шығармашылығы емес, жалпы қазақ әдебиетінің көркемдік мәселелеріне ұдайы ой қосып, пікір ұластырып отырғанын көрсетеді. Жазушының «Поэзиядағы беталыс», «Қазіргі қазақ драматургиясы туралы бір-екі сөз», «Қазақ совет драматургиясы мәселелері», «Драматургиямыз есейіп келеді», «Қазақ киноөнері», «Сөз киносценарий туралы», «Саттар Ерубасев», «Әке жолы», «Кәрі тарлан», «Аяулы дос», т.б. әдеби-сын мақалалары оның әр жанрдың өзекті жайларына көңіл бөліп отырғанына, соның ішінде өзінің шығармашылық ғұмырбаянында елеулі белес болған драматургия мәселелеріне жан-жақты барлау жасап отырғаны айғақ.

Қазақ әдебиетінде кеш туып, дамыған драматургия туралы арнайы сөз қозғап, мәселе көтеруге бара беретін шығармашылық тұлғалар көп емес. Осы жанрдың ыстығына күйіп, суығына тоңғандар ғана сезінер құпия, қалтарысы көп драматургияны.

Қапан Сатыбалдин танымал драматургияның қайсыбір көкейкесті көркемдік мәселелерін көре отырып, көтере отырып та тоғая түседі. Өзінің «Қазіргі қазақ драматургиясы туралы бір-екі сөз», «Драматургиямыз есейіп келеді» атты зерттеу, проблемалық мақалаларында автор қозғаған қайсыбір жайлар осы ойымызды растай түспек.

Қапан Сатыбалдин қазақ әдебиеті классиктерінің барлығы дерлік драматургияда ат-ізін салып отыруы фактісін атап өте келіп, соның ішінде Бейімбет Майлиннің драмалық шығармаларын бөлек атап өтуінде де өзінің драматург маман мәніндегі талғам-танымын аша түскен.

«Дегенмен, Майлин Бейімбет былайынша қазақ әдебиетінде прозаиктер қатарында саналғанмен, драмалық шығармаларында өзін шебер драматург есебінде көрсете білді. Онда да, ол адам бейнесін айқын шығаруға олардың аузына кейіпкердің ішкі дүниесін, мінез-құлқын бұлжытпай берген ұтымды тапқыр сөз салуға керемет ұста болатын. Сонымен бірге, Бейімбет жылы юморға, ащы әжуаға, сатираға бейім еді. Оның колхоздастыру кезінде ауылда болған асыра сілтеушілікті шенеп жазған «Талтаңбайдың тәртібі» атты пьесасындағы ұрда-жық, нойыс Талтаңбай – қазақ драматургиясының өмір бақи өлмес образдарының бірі» [1, 239].

«Оқиғалары қазіргі заман тақырыбынан алынып, тартысқа құрылған пьесалар да бар, көбіне жанр талаптарына таза көркемдік мәнде жауап бере алмай жатады» деп айтар ойын ашық, бүкпесіз, жұмбақтамай жеткізеді.

Драмалық желі, бейне ашу шеберлігі, композициялық құрылым, соқталы әрекет, тартыс мазмұнын айқындап айтып отыруында Қапан Сатыбалдин жанр сырына тереңінен үңіледі. Драмалық тартыс пен драмалық мінез проблемасын практика жүзінде меңгеруде қаламы ұшталған жазушылардың өзі шоқырақтай беретінін көлденең тастайды.

Қапан Сатыбалдин 30 жылдан астам уақыт әдеби шығармашылықта болды. Халқының мәдени, рухани өмірімен бірге тыныстап, біте қайнасты.

Қайбір мәселеде болмасын оның принципшілдігі, ненің жайында айтқанда да білімді, біліктілігі көрініп тұратын, қаламгер поэзия, проза, драматургия жанрлары проблемаларына қатысты тың, тұшымды ой-пікірлерін ұдайы тақырыптық жиындарда, келелі кеңестерде, баспасөз бетінде айтып, жазып отырған. Оның сонымен бірге кинодраматургия мәселелеріне де қатысты ой қозғап отырғаны белгілі.

Қапан Сатыбалдиннің киносценарийлер туралы «Алдымен келісіп алайық» атты мақаласы күн тәртібінде тұрған өзекті проблеманың біріне арналған болатын.

«Біріншіден, кинодраматургия – көркем әдебиеттің әлі қабырғасы қатып, буыны бекімеген ең жас жанры. Бірақ соны жанр деп танып, бұл салада қалам тербеуге құлшына құмартып отырған жазушы бізде жоқтың қасы. Рас, киностудияның ондаған жазушылармен шарты бар. Бұл ретте киностудия автор тартпай отыр, қазақ жазушыларын сценарий жазуға шақырмай отыр деуі ағат айтылған, бос сөз. Қазір біздің киностудияға Ғабит Мүсрепов, Асқар Токмағамбетов, Қалижан Бекхожин, Зейін Шашкин, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Жекен Жұмаханов сценарий жазып жатыр» [1, 272].

Қаламгер кинодраматургияның жанрлық төлтума ерекшелігін көптеген қаламгер игере алмай жатқанын, басқа да толып жатқан себептерді саралауда бұл салада да білгір, білікті маман екендігін көрсетеді.

Кім сценарий жазуы керек деген мәселені төтесінен қойып отырып, былай дейді: «Анда-санда бір жазушы кинодраматургияға тиіп-қашып бір соғып кеткенімен, ешуақытта сценарий проблемасы дұрыстап шешілмейді, киностудия сценарий тапшылығынан ешуақытта құтылмайды. Бұл турада менің ұсынысым: Кайнекей, Қуандық, Зейнолла, Тахауи, Зейін, Әбдіжәміл, Сафуан тәрізді арғы-бергіден хабары мол, әрі әдеби сауаты бар, әрі бірсыпыра өмір көрген орта буынның жазушылары осы бір өрелі жанрға ізденіп бел байласа деймін» [1, 274].

Драматургияға Қапан Сатыбалдин проза, көркем очерк, публицистика жанларында шыңдалып барып келді. Драматургияның жанрлық талаптарын, мінез ашу, тартыс құрудың қазақ драматургиясындағы, әлемдік драматургиядағы ерекшеліктерін сауатты түрде игеріп барып, жазуға кіріскеніне қаламгердің көп жағдайда көрермен көңілінен шыққан пьесалары куә.

Өмірінің кейінгі кезеңінде Қапан Сатыбалдин кенже дамып келе жатқан драматургия саласына ойысып, ұзақ жылдар бойы театр сахналарында табыспен қойылған драмалық туындыларын жазды. Драматургиядағы тарихи тақырып, бүгінгі күн тақырыбы мәселелерінің қалыптасып, көркемдік сапасының нығаюында драматургтің елеулі үлесі бар деуімізге болады.

Қапан Сатыбалдиннің «Аякөз ару», «Махаббат машақаты», «Қынаптан суырылған қылыш», «Қабаған ит», т.б. драмалық туындылары көрермен жұртшылық тарапынан оң бағаға ие болды.

«Мен соңғы кезде көркем әдебиеттің драматургия дейтұғын поэзия мен прозаға қарағанда көп көзінен қағаберіс, былайғы жұртқа бейтаныс жанрында жүрмін. Биылғы жазушылық жылымды да негізінен осы азабы қиын жанрға арнаймын. Қазір «Қабаған ит», «Атадан алтау», «Әрі болар шағымыз» атты үш пьесаның үстінде отырмын. Үшеуінің де тақырыбы – бүгінгі күн. «Қабаған ит» осы айда аяқталады, қалған екеуі де биыл бір жобаға келеді. Ал бұлардың көруші мен оқушының рухани қажетін ашуда қаншалықты кәдеге асарын әзірше кесіп айтпай қоя тұралық. Оны дер кезінде жұртшылық өзі айта жатар», – дейді қаламгер «Қазақ әдебиетінің» сауалнамасына берген бір жауабында.

КСРО Жазушылар одағының 1948 жылғы XII пленумында «Совет драматургиясының кезекте тұрған кейбір мәселелері» туралы сөйлеген сөзінде Ғабит Мүсірепов былай дейді: «...Біздің байқауымызша, қазақ, қырғыз, өзбек, әзербайжан сияқты советтік шығыс елдерінің совет дәуіріндегі драматургиялары екі арнамен өрістеп келеді: бір саласы мол қорлы халық фольклоры мен тарихи тақырыптарды меңгеру жағында болса, екінші саламен советтік бүгінгі тақырыптар сахнаға шықты» [2, 240-245].

Осы тұрғыдан келгенде, Қапан Сатыбалдин драматургияға бүгінгі күн тақырыбын батыл енгізген қаламгер есебінде ерекшеленеді. Жазушы-драматург замандас бейнесін тұлғалауда өмір шындығын негіз етіп отырды. Ұлы Отан соғысы кезеңінің тарихи ерекшеліктері, соғыстан кейінгі кезең, бейбіт құрылыс жылдары, ел өміріндегі индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын өркендету іс-шаралары, социалистік құрылыстың еңбек адамдарының жан-дүниесі, арман-аңсары, азаматтық болмысы, қоғамдық-әлеуметтік ахуал арқау болған ондаған пьесаларында Қапан Сатыбалдин замандастың өміршең, шынайы, ұлттық негізі мығым бейнесін жасады.

Зейнолла Қабдолов: «Драмадағы ең шешуші нәрсе – тартыс. Көлемді эпикалық шығарманың сюжеті сенімді, драмадағы тартыстың да кезең-кезеңдері – басталуы мен байламы, шиеленісі мен шешімі болады: драматургиялық шығармалардың классикалық үлгілерінде бұл кезеңдер композициялық жағынан шебер қиыстырылып, оқиғаны өрбіту тәртібі жазылмаған заң ретінде қатал сақталған» [3, 342], – дейді.

Драмалық шығарманың өзіндік ерекшеліктері, жанрлық өзгешелігі, негізгі заңдылықтары драматург Қапан Сатыбалдин туындыларында айқын. Осы тұрғыдан Мырзабек Дүйсеновтің мына бір пікірін Қапан Сатыбалдиннің драматургия жанрындағы шығармаларын саралауда назарда ұстауға болатынын айтар едік.

«Драмалық шығармалардың сахналық материал екенін мойындай, оның ролін жоғары бағалай отыра (өйткені кез келген көркем шығарма сахналық материалға айнала бермейді) біз оны әдеби көркем туынды деп қабылдаймыз. Сондықтан да ол әдебиеттің драматургия жанры саналады. Роман, повесть, лирика, поэманы талдағанымыз сияқты драмалық шығармаға да әдеби туынды ретінде қараймыз. Бірақ оның өз жанрының басты-басты шарттарын ұмытуға тиісті емеспіз. Поэманың жанрлық шарты драмаға (немесе керісінше) келе бермейді. Әр жанр өз табиғатын сақтаумен, соны байыптап, дамыта алуымен құнды, бағалы» [4,5].

Драма тартыстың шырығып барып, шиеленісе түсіп көрініс табуын қажет етеді. Драматургия жанрларына мінезді кейіпкер керек. Пьесаға жан сезімін жарқ еткізіп ашып, лақ еткізіп ақтаратын монолог керек. Мінез ашар диалогтар қажет.



Тіршіліктің өзекті тақырыбын таңдау, оны көркемдік өрісте ашу, ширыққан тіршілік тартыстарын қамтып отырып түйінді жайларға бойлау, адам мінезіне психологиялық барлау жасау, драматургияның толып жатқан басқа да заңдылық, шартын игеру қаламгерге көп талап қояды. Білім, білік, шеберлік, мүмкіндік керек мұнда.

Қапан Сатыбалдин жанр талаптарына сай, сахналық шешімін тапқан ондаған драмалық шығармалар жазды. Бір кезеңдері тартыс ескі мен жаңаның арасында құрылды. Қазан төңкерісіне шейінгінің бәрі ескі аталды, кейінгінің бәрі жаңа аталды.

Қапан Сатыбалдиннің драмалық шығармаларында тартыс негізінен ескі мен жаңа бағытында емес, оң мен теріс, ақ пен қара, жақсы құлық пен жаманшылық, ізгілік пен аярлық, біліктілік пен тоғышарлық сияқты атам заманнан келе жатқан адам бойындағы кереғарлықтар арасындағы тартысқа құрылып отырады. Қозғап отырған мәселелері бүгінгі уақыттың келелі, көшелі істері болады. Тақырып аясында ашылып, қамтылады. Қолдан жасалған қоғамдық тартыс Қапан Сатыбалдин драматургиясында жоқ деуге болады. Осы жөнде Нығымет Ғабдуллиннің тартыс табиғатындағы эволюция жайлы айтқан мына бір тоқтамдары Қапан Сатыбалдин шығармашылығының да өзіндік сипаттарын айқындай түсуге мүмкіндік береді деуімізге болар еді.

«Елімізде жау тап жойылды, социалистік қоғамның іргесі бекіп нығайды. Енді өмірдегі күрестің де сипаты өзгерді. Ендігі күрес бұрынғыдай біріне бірі өш таптардың қылыш шабысқан айқасы емес, тегі бір, бірақ түсінік ұғымдары әр алуан адамдар арасындағы тартыс. Яғни, бір қоғам ішіндегі ескі мен жаңаның шарпысы. Шығармаларында осы шындықты бейнелеуге біздің драматургтеріміз де белсене атсалысты. Бірақ, шынын айту керек, бізде драмалық тартыстың әлеуметтік сырларын тереңдеп ашу жағы жетіспей келеді. Бұған бір кездегі «тартыссыздық теориясының» да қырсығы аз тиген жоқ. Біздің кей драматургтер осы соңғы уақытқа дейін бір жалған тартыстың ауқымынан шыға алмай келді. Бұл тартыстың түрі мынау: шаруашылықты, яки өнеркәсіпті өркендетуді немесе село мен қаланы көркейтуді көздеп, екі бастық екі түрлі жоспар ұсынады да, әрқайсысы өз ойын жүзеге асыру үшін күреседі және де драматург мұның біреуі керітартпа, екіншісі жаңашыл екенін күні бұрын сездіріп қояды. Шындығында, бұл драмалық тартыс емес, нағыз «тартыссыздық». Өйткені, оқиғаның қалай өрбіп, немен тынатынына, кімнің жеңіліп, кімнің үстем шығатынын көрермен алдын ала сезіп, біліп отырады» [5,17].

Негізінде, Қапан Сатыбалдиннің драмалық туындылары осындай бел алған елеулі кемшіліктерді мақсатты түрде қайталамауды көздейді. Жандылық жасандылыққа жеңдірмейді. Сонымен бірге уақыт бағдарындағы негізгі шығармашылық көркемдік үстем айшықтардан да ада емес екендігі даусыз.

Қорыта айтқанда, Қапан Сатыбалдин – драматургияға елеулі дайындықпен келген қаламгер. Ол проза жанрында, очерк, публицистикадағы шығармашылығында өзінің драмаға әзірлік жолынан өтті деуге болады.

#### Әдебиеттер:

1. Сатыбалдин Қ. Таңдамалы шығармалар. Очерктер. 4 т.:– Алматы: Жазушы, 1975. – 300 б.
2. Мүсірепов Ғ. Шығармалары. 4 т. – Алматы, 1975. – 350 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
4. Дүйсенов М. Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 176 б.
5. Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. Монография. – Алматы: Өнер, 1982. – 192 б.

#### Резюме

В статье рассматриваются научно-исследовательские работы и драматические произведения казахского писателя, драматурга Капана Сатыбалдина, выявляется их значимость в формировании и становлении казахской драматургии. Также определено место творчества казахского драматурга в общем литературном процессе и выявлена роль его творчества в развитии современной казахской драматургии.

## Summary

The article deals with scientific research and dramatic works of Kazakh writer, playwright Kapan Satybaldin, reveals their importance in the formation and establishment of the Kazakh drama. The place of the Kazakh playwright's creativity in the general literary process and its role in development of modern Kazakh drama are defined.

ӘОЖ 372.881.111.1: 801.323.2: 809.434.2

## ҚАЗАҚ ТІЛДІ ОРТАДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Г.Р. НҮРЕКЕШОВА,**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы*

Қазіргі таңда шет тілі ретінде ағылшын тілін оқытуды жаңа сатыға көтеру отандық педагогикадағы іргелі міндеттердің біріне айналып отыр. Өйткені, елімізде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасын дамыту басымдыққа айналып, соның ішінде жаһандану жағдайында әлемдік интеграцияға кірігу тілі ретінде ағылшын тіліне мән берілуде. Тілдердің үш тұғырлылығы елдің бәсекелестік қабілетінің көрінісі болып табылады. Жаһандану процесінің күшейіп, әлемдік интеграцияның қарқын алуы дүние жүзіндегі тілдік кеңістіктердің өзгеруіне алып келді. Халықаралық қатынастар, бизнес, туризм, әлемдік экономика, саясат, білім және ғылым салалары, озық ақпараттық-танымдық технологиялар, құқық пен мәдениет салаларының халықаралық аренадағы негізгі қолданыс тілі ағылшын тілі екені айдан анық.

«Үш тұғырлы тіл» атты мәдени жобаны іске асыру мақсатында ағылшын тілін үйренуге ынталандыратын әр түрлі деңгейдегі білім алушыларға тең құқылы білім алуға мүмкіндік жасауымыз қажет, осылайша біз мемлекетіміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатыса алатын тұлғалар дайындауға үлкен септігімізді тигізетініміз айдан анық. Қазіргі таңда ағылшын тілінде сапалы оқулықтар, әдістемелік оқу кешендері шығарылып, ағылшын тілін ғаламдық интеграция тілі ретінде үйрету мәселесі қарастырылуда. Оның негізгі себебі келешекте бұл тіл кез келген маманға қол жетерліктей жағдайда болуы қажет. Нарық аясының кеңейуі қазірден бастап көптеген шетел компанияларын қызықтыруда, ал ағылшын тілі кәсіби қолданыс пен аудармадағы ең ортақ, ең маңызды тіл болып отыр.

XX ғасырдың орта кезінен ерекше қарқын алған ғылыми-техникалық революция білім көлемінің шұғыл артуына ықпал етті. Ендігі жерде ғылымның жедел дамуы білім беру саласында білім алушының ақыл-ой күшін дамытуға бағыт алу қажеттілігін туындатты. Формальдылық теориясы мен материалдық білім беру теориясының өзгешеліктері мен олардың ерекшеліктері қазіргі білім беруде жалғасын тауып, білім беру мазмұнын өзгертуде мазмұндық жағын да, процессуалдық жағын да үйлестіріп ескеру қажеттілігі алға шығарылды.

Әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, жаһандану процесі қазіргі білімге құштар жастарға арнап ағылшын тілін және басқа да халықаралық тілдерді оқыту және танымал ету үшін алуан түрлі оқу-әдістемелік өнімдерді бүкіл әлемге таратуда. Аудио және бейне материалдарға көпшіліктің қолдары жетерлік, ал интернет сайттарының өзі көз сүріндірерлік екені белгілі. Бүкіл медиа (радио, теледидар, интернет, газет-журналдар және т.б.) тіл үйретуге жұмылдырылған. Сан салалы

білім беруге арналған теле және радио арналары тағы бар. Қазіргі кезде тіл үйрету саласында жаңа ақпараттық-танымдық технологияларды қолдану қажеттігі бүкіл әлемнің білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің біріне айналды.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ. Шет тілін оқытуда оқытудың жаңа технологиялары оқушылардың тілдік қабілетін дамытуға, сонымен қатар олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Интерактивтік тәсілді қолдана отырып, оқытушы білім алушының шетел тілін меңгеруде белсенділігін арттырып, бірігіп жұмыс жасауға қол жеткізуге толықтай мүмкіндігі болады.

Шет тілін оқытуда интерактивті әдістемелерді қолдануға үлкен мән беріледі. Бұл әдістеменің негізі оқытушының оқу процесінің басқарушысы ретінде барлық жағдайды ескере отыра, білім алушының белгілі бір бағыт бойынша жұптық жұмыстар жүргізуі, бір-бірімен ақпараттармен ауысып, алға қойған мақсатқа жету үшін сабақ барысының жан-жақты қарастырылғанын ескеру болып табылады. Интерактивті әдістемелерді пайдалану білім алушының жаңа сабақты неғұрлым жете түсінуіне үлкен әсер етеді. Бұл әдістемелер дәстүрлі түрдегі лекциялар мен семинарларда кеңінен пайдаланылады. Қазіргі таңда инновациялық әдістемелерді пайдаланудың мақсаты – білім алушының тілді білуге деген құштарлығына жан-жақты әсер ету, қызығушылығын арттыру. Интерактивті сабақта білім алушы өз пікірін дұрыс жеткізуге, өз көзқарасымен пікірталастарға қатысып, басқа адамның пікірі мен көзқарасын тыңдап, басқа да альтернативті пікір алмасуға мүмкіндік тудыртады. Осындай жұмыс нәтижесінде интерактивті сабақта әрбір білім алушының өз пікірі мен көзқарасы қалыптасады.

Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі, тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі. Яғни, ол төмендегідей көрініске ие болады: «сөздік қор + қажетті құрылым = тіл». Алайда тілдік құрылымды жаттаумен шектелу тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді. Шетел тілінде тілдік қарым-қатынасқа үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындату қажет. Ол студенттердің қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыруға жағдай жасайды. Біз дәстүрлі шетел тілі сабағына тағы да сипаттама жасайық. Көп жағдайда шетел тілін оқыту үрдісінде оқытушы студент ойын басқарады, яғни бағыт-бағдар беру немесе жетекшілік етуден гөрі, ол басшылық қызметіне ауысады. Бұл әрекет студенттердің ойлау процесін тежейді. Мысалы, дөңгелек үстел, пікірталас мәселесін оқытушы өзі дайындап, жоспарды беріп, студенттен сөйлеу барысында тек соған сүйенуін талап етеді. Яғни, өз ойын айтуда тұлғаға еркіндік берілмейді. Ақпараттық технологияның дамуына байланысты шетел тілін үйретудің жаңаша түрі – жаңа технологияларды қолдану. Ол шетел тілін үйренушінің коммуникативтік қабілетін дамытып, пәндік білімін тереңдетіп, заманауи ағымда дамуындағы негізгі рөлді атқарады. Бұл тәсіл оқытушының да кәсіби біліктілігін арттырады. Шетел тілін оқытуда ойын элементтерін қолдану – оқыту процесін жеңілдетіп, қызықты етері сөзсіз. Ол білім алушының материалды жеңіл меңгеруіне ықпалын тигізеді.

Қазақ тілді ортада шет тілін оқытудың заманына сай көрнекі құралдарын, аудио материалдар жиынтығын, мультимедиялық құралдарды өз дәрежесінде пайдалануға үлкен мән берген дұрыс. Сабақ барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейнемагнитофон, теледидар, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану білім алушылардың өз тілінде сөйлейтін адамдардың сөйлеу тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай білім алушылардың сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Интернет шетел тілін үйренушілерге көптеген мүмкіндіктер береді. Мысалы:

ана тілі болып саналатын шетел адамдарының тілдерін тыңдауға, олармен қарым-қатынасқа түсуге, керекті мәтіндермен жұмыс істеуге қол жеткізеді. Интернет арқылы студенттер тілдік қарым-қатынасқа түсе алады. Сол сияқты, тілдік қорын дамыта алады. Осыдан жазу іскерлігі мен дағдысын жоғары деңгейде қалыптастыра алады.

Бағдарламалы оқыту әдістері компьютерлік оқыту әдісінің кеңінен дамуына жағдай жасады. Шетел тілін оқытуда компьютерді интернетті сабақтарымызға түбегейлі пайдаланып отырмыз. Оларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары олардан жан-жақты ақпараттар алып, өз бетінше сабақ материалдарын таңдауымызға мүмкіндіктер туғызды. Электронды поштадан түскен мәтіндер білім алушыларға қиындық тудыруы мүмкін, бірақ олар тезірек мәтін мағынасын түсініп, тезірек жауап беруге қызығушылығын арттырады. Жоғарыда көрсетілгендер білім алушыларға түсініп оқу, тыңдау, жазу және сөйлеуде өз ойларын толық жеткізуге дағдыландырады, яғни тіл дамыту жұмысын іске асырады.

Білім алушыға белгілі бір көлемдегі білім, дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейте отырып, оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру сабақтағы білім алушының шығармашылық ролін арттырып, еркіндігін қамтамасыз етеді, сол арқылы оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, бейімділіктерін ашады. Шығармашылықтың негізгі сипаты жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтуға толық негіз бар. Шығармашылыққа жаңа тың нәрсе жасау тән десек, ертеден белгілі нәрсені қайталау, көшіру шығармашылыққа жатпайды, бірақ бұрыннан белгілі нәрселерден қандай да бір ерекшелік тауып, оны жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс деуге болады. Шығармашылық әрекетке білім алушының танымдық белсенділігін оята отырып, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, тәртіп пен жолдастыққа, адамгершілік қасиеттеріне әсер етуге болады.

Кенес Одағы тұсында қазақ мектебінде оқыған балалар ағылшын тілін, әрине, орыс тілінде оқуға мәжбүр болды. Мәселенің мәнісі елімізде ағылшын тілі ұзақ жылдар бойы қазақ тілінде оқытылмай, орыс тілінде оқытылуы болып отыр. Ауылдық жерде немесе қалада орналасқанына қарамастан кез келген қазақ мектебінде ағылшын тілі ана тілінде оқытылмады. Мектеп оқушысы әлі орыс тілін игермей тұрып, орыс тілінде ағылшын тілін оқуды бастайтын. Қазақ тілінде шетел тілін оқыту деген сирек құбылыс еді. Мысалы, біздің тәжірибемізде қазақ тілінде бір ғана ағылшын тілінің оқулығы бар болатын (English – Ағылшын тілі, авторлары: Ж. Қалиев, В.С. Мальцев, З.Н. Очаковская, «Мектеп» баспасы, 1981 жыл). Дәл сондай жағдай мектепте ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарында да болған.

Алайда бұл жағдай ХХ ғасырдың 80-90 жылдары қазақ мектептерінің аймақтық жерлер мен қалалық жерлерде ашыла бастауымен өзгере бастады. Қазақ мектебінде оқушылардың санының артуымен байланысты енді ағылшын тілін бұрынғыдай орыс тілі арқылы емес, ана тіліміз – қазақ тілі арқылы үйренудеміз.

Ал енді оқу үрдісіндегі қазақ тілінің ағылшын тіліне немесе керісінше ағылшын тілінің қазақ тіліне әсері жайлы мәселеге келетін болсақ, қазақ тілді азаматтарға ағылшын тілін үйрену өте оңай, ол қазақ тілінде сөйлеуге бағытталған үгіт-насихат емес, ол көптеген объективті көрсеткіштермен дәлелденген жайт. Әлем тілдерін грамматикалық жағынан қарастыра отырып, адам ойының процесінің өзін реттейтін логикалық заңдар барлық тілдер үшін бірдей, ал әрбір тіл үшін грамматиканың әр түрлі екеніне көз жеткіземіз. Бір тілде ыңғайлы, ұғынықты түсініктер екінші тіл үшін қолайсыз және басқа тіл үшін артық.

Біріншіден, фонетикаға мән беретін болсақ, ағылшын тіліндегі де дауыстылар саны 11, алайда артикуляцияда аздаған айырмашылықтарды байқауға болады. Мысал үшін, қазақ тілінде сөзге (түбірге) немесе сөздік формаларға әр түрлі жалғаулықтар жалғану арқылы жаңа сөз туындайтын болса, ағылшын тілінде де сондай тәсіл арқылы жаңа сөз туындайды. Мысалы, инфинитивке -ing жұрнағы жалғану арқылы көп салалы ағылшын формасы пайда болады, кей жағдайларда біз оны «ингтік» форма деп те атаймыз.

Инфинитивке -er (сирек жағдайларда -or) суффиксі жалғану арқылы іс-әрекетті істеуші тұлға жайлы айтуға болады: to teach – teacher (оқыту – оқытушы), to play – player (ойнау – ойыншы), to build – builder (үй салу, құру – құрылысшы), to sail – sailor (жүзу – матрос). Қазақ тілінде де сөзден сөз тудырып, сөзге жаңа лексикалық мағына беретін ол – жұрнақ. Мысалға: оқу – оқушы, ойын – ойыншы, сату – сатушы, жазу – жазушы, т.с.с.

Десек те, ерекшеліктердің болатыны заңды жайт. Ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де дауыссыздар саны – 24. Ағылшын тілінде де қазақ тіліндегідей сөздердің дұрыс айтылмауы сөздің мағынасын түбегейлі өзгертіп жіберуі мүмкін. Мысал үшін қазақ тілінде зат есімдерді жеті септікте септей алатын болсақ, ағылшын тілінде негізгі екі септік бар. Оның себебі екі тілдің екі топқа тиесілілігі. Ағылшын тіліндегі сөйлемдерде негізгі сөз табы етістік болатын болса (яғни етістіксіз көп сөйлемдердің құралмауы), қазақ тіліне келетін болсақ, ағылшын тіліндегі етістік қызметін жұрнақ немесе жалғаулар арқылы айтуға болады. Мысалға: This is my book – Мынау менің кітабым, I am a student – Мен студентпін, бұл сөйлемдердегі to be (am, is) етістігінің қызметін қазақ тіліндегі (-ым, -пін) жұрнақтары атқарып тұр. Ал басқа септіктердің қызметін ағылшын тілінде арнайы сұрақтар арқылы беруге болады. Мысалы: Whose book is it? – Мынау кімнің кітабы? What kinds of pictures can you see from this picture?

Бірақ қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де етістіктің алатын орны ерекше, сөйлемнің негізгі мағынасын жеткізуде етістіктің рөлі өте зор. Бұл жайт ағылшын тілін жаңадан үйренушіге аздап болсын қиындық туғызатын болса, келесі фактор қазақ тілі мен ағылшын тілін салыстыра оқуда тіл үйренушінің қызығушылығын арттыруы мүмкін.

Тағы бір айырмашылық туралы айтар болсақ, ол қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі сөз тәртібі. Қазақ тілінде сөз тәртібіне үлкен мән берілген, мысалға жай хабарлы сөйлемдерді алар болсақ, сөйлемде бастауыш көп жағдайларда бірінші орында тұрған болса, етістік соңғы орында. Ағылшын тілінің сөйлемдеріне келер болсақ, көп жағдайларда бастауыш бірінші орында, етістік екінші орында тұруы тиіс, алайда ол сөз тәртібі де кей жағдайларда өзгеріп отырады. Мысалға: Ол хат жазғанды жақсы көреді. – He likes writing a letter.

Сондай-ақ мақал-мәтелдерде, метафораларда, салыстыру мен теңестірулерде көп айырмашылықтар мен ұқсастықтар табуға болады. Осы заңдылықтарға қарамастан ағылшын тілі біздің елімізде кең етек жаюда, әсіресе ағылшын тілін үйренуге құштарлық жастар арасында кең қолданыс табуда. Бұл жайт тек тіл саласында ғана емес, сондай-ақ экономика, саясат, құрылыс, өндіріс және т.с.с. ғылыми салаларға мол пайдасын әкеледі дегенге кәміл сенеміз.

Сонымен қатар қазақ тіліндегі сөйлемдегі сөздердің өзіндік реті бар, ол тұрақты. Жай хабарлы сөйлемдегі бастауыш әдетте басында, ал баяндауыш әрқашан соңында, анықтауыш анықталатын сөздің алдында, мезгіл пысықтауыш сөйлемнің басында тұрады. Дәл осылай ағылшын тілінде де бастауыштың, баяндауыштың және т.б. сөйлем мүшелерінің өз орны, бекітілген белгілі бір тәртібі бар. Мысалы, We live in Astana. – Біз Астанада тұрамыз, Put the book on the table! – Кітапты столдың үстіне қой!

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы шетел тілдерінің өзіндік қиындықтарына қатысты проблемаларға қарамастан, елімізде шет тілдік қарым-қатынастар процесінің дұрыс жолға түсіп келе жатқанын нық сеніммен айта аламыз. Сонымен қатар, инновациялық технологияларды сабақта қолдану – оның нәтижелілігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бірі жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, оқытуға жаңашыл көзқарасты енгізуге, қарым-қатынастар тудыртуға себепкер болары сөзсіз.

#### Әдебиеттер:

1. Сеитов А. Триединство языков // «Бәйтерек» журналы. – 2012.
2. Қалиев Ж., Мальцев В.С., Очаковская З.Н. English – Ағылшын тілі. – Алматы: Мектеп, 1981.
3. Колпакчи М.А. Дружеские встречи с английским языком. – Л., 1978.
4. Кузьмин С.С., Шадрин Н.Л. Русско-английский словарь пословиц и поговорок. – М.: Русский язык, 1989.



5. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2007. – 28 сәуір.
6. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии. – М.: Наука, 2001.
7. Иманбаева А. Оқу тәрбиесінің ақпараттандыру деңгейі // Қазақстан мектебі. – 2000. – № 2.

#### Резюме

В статье рассматривается качество ныне издаваемых учебников по английскому языку. Анализируется состояние подготовки учебно-методических комплексов на английском языке как языке глобальной интеграции. Постановка вопроса объясняется еще и тем, что знание английского языка должно быть доступным каждому специалисту в отдельности. В связи с расширением рыночных отношений на международном уровне растет востребованность специалистов со знанием английского языка для зарубежных компаний. Английский язык остается важнейшим прикладным языком международного характера. Также рассматриваются преимущества применения инновационно-информационных технологий, являющихся основным фактором повышения качества образования и обучения иностранным языкам.

#### Summary

Quality of the currently published ELT textbooks is reviewed and the condition of developing educational-methodological systems in English language, as a language of global integration, is analyzed. Such definition of the issue is also explained by the fact, that English language shall be available for every professional. With the growth of market relations on international scale, grows the need for English language speaking professionals for the foreign companies. English language remains being the primarily practiced language of international conduct. Advantages resulting from implementation of innovational Information Technologies, which is a core factor of improving quality of education to foreign languages, are reviewed as well.

УДК 371.123 (574):378

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ**

**М.А. АКАЕВА,**

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата*

**Г.А. НУРУМБЕТОВА,**

*средняя школа № 136 имени Т. Жургенова,*

*г. Кызылорда, Республика Казахстан*

Технология интерактивного обучения привлекает преподавателей, учителей своей нестандартностью, открывает большие практические возможности, способствует развитию творчества, преодолению пассивности учащихся на занятии.

В настоящее время, когда приоритетными направлениями обучения становятся личностно- и практико-ориентированное обучение, перед нами стоит задача сделать его не только содержательным и практическим, но и доступным и интересным. Использование на практике технологии интерактивного обучения позволяет оживить урок, сделать его увлекательным и эмоциональным, добиться положительных результатов в учебной и воспитательной работе.

Интерактивные методы обучения очень эффективны, так как предполагают широкие возможности для творчества, самореализации учащихся, позволяют им почувствовать свои силы, способности. Вместе с тем учат взаимоуважению, терпимости к мнениям и поступкам окружающих людей, поскольку методика интерактивного обучения означает, что участники учебного процесса должны находиться во взаимодействии, действовать друг на друга, обучаться через участие, взаимодействие в составе групп. При интерактивном преподавании и обучении между учащимися, а также между учащимися и учителями наблюдается высокий уровень взаимодействия, которое обычно происходит в форме обсуждения: каким образом решить ту или иную проблему и насколько приемлемо предложенное решение. При этом процесс решения проблемы является таким же важным, как сам ответ: целью интерактивной методики является не просто передача информации, а привитие учащимся навыков самостоятельного нахождения ответов.

Интерактивная деятельность на уроке предполагает организацию и развитие диалогового общения, индивидуальную, парную и групповую работу; применяются исследовательские проекты, ролевые игры, творческие работы. Все это ведет к взаимопониманию, взаимодействию, к совместному решению задач, что влияет как на повышение качества знаний, так и на повышение работоспособности, активности учащихся, их заинтересованности предметом.

Одной из целей интерактивного обучения является создание таких условий обучения, при которых обучающийся чувствует себя на уроке комфортно, чувствует свою успешность, интеллектуальную самостоятельность, что делает продуктивным сам процесс обучения. Для того чтобы учащиеся активно высказывали свои мнения и идеи, преподаватель может использовать следующие приемы: всегда благодарить учащихся за высказанные идеи; не говорить, что считает ответ учащегося неверным, лучше спросить других учащихся: согласны ли они с таким мнением; стараться выбирать не только активных, но и пассивных учащихся: иногда некоторые учащиеся кажутся пассивными, но у них могут быть интересные мысли, мнения.

В интерактивной методике, как и в любой другой методике преподавания, существует множество приемов. У каждого учителя свой набор средств, приемов, методов обучения, которые он использует, основываясь на особенностях каждой аудитории, каждого класса.

В данной статье мы приведем примеры тех приемов, которые наиболее часто используем в своей педагогической практике. На наш взгляд, интерактивное обучение эффективнее начинать с работы в парах: пара – идеальная форма для совместной деятельности.

На первых занятиях в новой группе, новом классе используем игру «Интервью-знакомство». Каждый учащийся беседует с соседом по парте, задает ему вопросы, а затем рассказывает о нем всему классу: чем он любит заниматься, что коллекционирует, что любит читать и т. п.

Игра поможет преподавателю сформировать портрет группы, класса и составить начальную диагностику сформированности коммуникативных умений учащихся. Работу в парах можно практиковать при проверке домашнего задания (взаимопроверка), при проведении письменного контроля: учащиеся готовят карточки с различными заданиями для соседа (словарный диктант, графический диктант). Необходимо отметить, что учащимся нравится работать в парах: они с удовольствием готовят карточки, работают по ним, слушают и оценивают ответы партнера. Конечно, преподаватель оказывает помощь, консультирует, помогает решить спорные вопросы.

Затем начинаем практиковать работу в группах. Часто используем игры-соревнования, основанные на групповой деятельности. Вот некоторые из них.

«Снежный ком»: определяется рассматриваемый вопрос. Игра проводится по рядам по цепочке. Начинает первый учащийся с сообщения известных ему фактов, явлений и т.д. Второй продолжает, не повторяя того, что уже было сказано. Этот прием часто используем при пересказе текстов.

«Отгадай термин»: один из учащихся выходит из аудитории. Остальные загадывают какое-либо понятие, относящееся к изучаемой теме. Водящий должен отгадать это понятие, для этого ему разрешается задавать вопросы всем учащимся. Но ответы должны быть только «да», «нет», «отчасти». Игра при-

учает участников логически размышлять, правильно формулировать вопросы, анализировать ответы и делать правильные выводы. У этой игры могут быть варианты: «Отгадай героя», «Отгадай слово» и т.п.

На занятиях по русскому языку в национальной аудитории традиционной является работа по тексту. При работе с текстом также используем дидактические игры.

«Три предложения»: преподаватель зачитывает короткий текст. Учащимся необходимо внимательно прослушать и передать содержание тремя простыми предложениями. Побеждает тот, у кого рассказ короче и при этом передано точное толкование содержания текста.

Другой вариант игры – работа с печатным текстом. Три простых предложения учащиеся могут записать в тетради. В этом случае легче выявить победителя.

Эта игра развивает важное умение – выделять главное, на котором основывается умение составлять план, конспект, реферат.

«Переводчик»: эта игра используется при работе с текстом научного стиля. Трудность усвоения различных дефиниций определяется сложностью научного языка. В процессе игры предлагается перевести текст с научного языка на доступный.

Также при работе с текстом используем прием «Верно / неверно». После выполнения предтекстовых заданий и чтения текста учащимся предлагаются утверждения по содержанию текста. Задача учащихся – решить, верны они или нет. Если утверждение неверно, то они должны переписать его таким образом, чтобы оно стало правильным (задание: прочитайте предложения и исправьте их, если они не соответствуют содержанию текста).

В процессе преподавания русского языка в национальной аудитории преподаватели часто сталкиваются с проблемой, когда учащиеся не умеют строить высказывание на определенную тему. «Метод Пресс» развивает умение формулировать высказывание аргументированно, лаконично.

«Метод Пресс» состоит из четырех этапов:

1. Высказывание собственной точки зрения (я считаю, что);
2. Обоснование своей мысли (так как);
3. Примеры и аргументы (например);
4. Вывод, обобщение (итак).

Приемов технологии интерактивного обучения множество, мы остановились лишь на некоторых из них. Использование этих приемов способствует возникновению мотивированного компонента учебно-познавательной компетентности учащихся на занятиях русского языка.

#### Литература:

1. Кульневич С.В., Лакоценина Т.П. Совсем необычный урок: Практическое пособие. – Воронеж, 2001.
2. Власенков А.И. Развивающее обучение русскому языку. – М.: Просвещение, 1983.
3. Жаналина Л.К., Мусатаева М.Ш. Практический курс русского языка. – Алматы, 2005.

#### Түйіндеме

Мақала орыс тілі сабақтарында оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану мәселесіне арналған. Авторлар өздерінің педагогикалық тәжірибесінде жиі қолданатын дидактикалық ойындар, «Дұрыс дұрыс емес әдісі», «Пресс әдісі» және т.б. әдістердің тиімділігіне тоқталған. Қазақ тілінде білім алушылардың әр түрлі мәтіндермен жұмыс істеу стиліне ерекше мән берілген. Оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратыны көрсетілген.

#### Summary

Article reviews the issue of using interactive methods in teaching Russian language. Authors focus on methods, which are used the most in their pedagogical practice, such as «Right or wrong method», «Press method», etc. Special attention is paid to the style of working with different texts for learners, taking course in Kazakh language. Use of interactive methods of teaching has proven to increase students' participation.

## **О СПЕЦИФИКЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ КУРСА ПО ВЫБОРУ «ПРОБЛЕМА «ЛИШНЕГО ЧЕЛОВЕКА» В РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ XIX ВЕКА»**

**Г.Ж. ЖАЛЕЛОВА,**  
*кандидат филологических наук,  
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
Республика Казахстан*

В современном литературоведении по-прежнему проявляется большой интерес к рассмотрению проблемы «лишнего человека» в русской литературе XIX века. Тема «лишнего человека» была и остается одной из самых актуальных проблем в русской литературе.

Все выдающиеся писатели русской литературы XIX-XX веков размышляли над вопросами о месте человека в обществе, его роли в историческом развитии страны. Проблема «лишнего человека» тесно взаимосвязана с проблемой «героя своего времени».

В литературоведении содержание этих понятий неоднократно переосмысливалось и переоценивалось. Русский романтизм противопоставлял безликой массе человека наиболее героического, старающегося разорвать путы порабощения, вырваться из неволи. Развитие реалистического метода позволило писателям создать образы героев, чьи характеры сформировались под непосредственным влиянием среды и, как следствие этого, выразили свою эпоху.

В настоящее время интерес учащихся к урокам литературы ослабевает, то же самое наблюдается и в высших учебных заведениях. Новые информационные технологии, Интернет все больше у молодежи являются не столько источником получения и расширения знаний, сколько средством удовлетворения примитивных интересов и увлечений. Чтение и анализ художественных произведений, не говоря уже о научно-исследовательской работе, не являются приоритетом для молодежи. Между тем, как заметил Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в ходе недавней интерактивной лекции «Казахстан на пути к обществу знаний», с которой он выступил 5 сентября перед студентами Назарбаев Университета, сегодня в условиях бездуховности чтение произведений казахской, русской и зарубежной литературы как никогда необходимо.

В связи с этим возрастает роль учителя-литератора, который обязан так организовать учебный процесс, чтобы повысить интерес учащихся и студентов к занятиям по истории русской литературы, вернуть авторитет художественной литературы, активизировать творческое, аналитическое мышление у студентов.

Также актуализируется проблема качественного преподавания уроков литературы, разработки методических рекомендаций с использованием инновационных технологий, что не только способствует повышению заинтересованности студентов литературным материалом, но и развивает навыки анализа образов любого художественного текста.

Формирование знаний у студентов о русской литературе XIX века как диалектически развивающемся процессе, в котором проблематика, идеи, характеры и выражающие их художественные средства проявляются в органическом сочетании традиции и новаторства.

Для достижения вышестоящей цели студентам предлагается:

1. Изучить теоретический материал по соответствующей проблеме и на его основе проследить, как рассматривается тема «лишнего человека» в русской литературе XIX века (в данном исследовании делается попытка рассмотрения проблемы «лишнего человека» через образы Евгения Онегина (А.С. Пуш-

кин «Евгений Онегин»), Печорина (М.Ю. Лермонтов «Герой нашего времени»), Базарова (И.С. Тургенев «Отцы и дети»).

2. Усвоить классификацию трудов исследователей, посвященных данной проблеме.

3. Ознакомиться с методами и приемами передачи вышеназванными писателями образа «лишнего человека» в русской литературе XIX века.

С точки зрения исторического подхода необходимо сосредоточить внимание студентов на конкретном раскрытии мирового значения русской литературы XIX века, а также показать связь истории литературы со всем блоком исторических дисциплин.

Социологический подход предлагает студентам научиться устанавливать связь между общественной жизнью России и движением литературы, критики, науки о литературе, влиянием цензурного аппарата и уровнем политизированности культуры.

Используя культурологический подход, студенты смогут понять, какова же соотнесенность развития русской литературы XIX века с другими областями национальной культуры: философией, религией, книгопечатанием, образованием и просвещением, взаимовлиянием различных национальных культур.

Жанрово-типологический подход ознакомит студентов с историей становления, развития, трансформации, модификации различных жанров и традиционных литературных форм (на примере творчества А.С. Пушкина, М.Ю. Лермонтова, И.С. Тургенева).

Подход с точки зрения конкретной поэтики позволит рассмотреть преемственность и обновление различных приемов, художественных форм в области построения художественных образов, композиции, сюжета, организации художественного времени и пространства, способов и особенностей повествования, выделения сквозных тем и мотивов.

Монографический подход научит студентов правильно рассматривать конкретные биографии и творчество отдельных писателей.

В рамках изучения данной проблемы предлагается разработка лекционного занятия по русской литературе XIX века (2-я половина) с внедрением инновационной технологии критического мышления.

Тема лекции: Отражение общественной борьбы 60-х годов XIX века в романе И.С. Тургенева «Отцы и дети».

Цель: формирование у студентов навыков глубинного прочтения романа И.С. Тургенева «Отцы и дети» и выработка умений анализировать произведение с точки зрения отражения социально-политических процессов, происходивших в российском обществе 2-й половины XIX века.

Задачи:

1. Описать и охарактеризовать основные интеллектуально-идеологические течения российского общества 2-й половины XIX века;

2. Выявить и охарактеризовать основные отличия в идеологической платформе «отцов» и «детей»;

3. Определить и охарактеризовать основные внутренние противоречия либерального дворянства.

Вид занятия: лекция.

Наглядные пособия: использование интерактивной доски, на которой проецируются изображения (слайды) в виде: а) портрета самого писателя И.С. Тургенева; б) фотографий с различными видами улиц, домов, площадей старого Петербурга середины второй половины XIX века, воссоздающих атмосферу того периода. В процессе демонстрации слайдов и фотографий через интерактивную доску используется звуковое сопровождение (через магнитофон) классических музыкальных произведений П.И. Чайковского.

Методы, используемые на занятии: технология критического мышления, метод организации чтения с использованием разных типов вопросов, метод единства формы с содержанием.

Связь с другими предметами: Теория литературы, Введение в литературоведение, Русская литература XIX века (1-я половина).



Содержание занятия:

1) Организационный момент;  
2) Интерактивная доска заранее подготовлена для воспроизведения слайдов и фотографий. Объяснение нового материала периодически подкрепляется наглядностью, что позволяет преподавателю уравновесить словесную и образную формы мышления;

3. Контрольные вопросы:

- 1) В чем смысл названия романа «Отцы и дети»?
- 2) Можно ли считать Базарова героем своего времени?
- 3) Какова роль в романе образов Аркадия, Ситникова, Кукшиной?
- 4) В чем жизненная драма главных героев романа?
- 5) С кем из персонажей И.С. Тургенев связывает будущее России?

Заключение.

Литература по теме:

1. Батюто А.И. Тургенев-романист. – Л., 1972.
2. Маркович В.М. Человек в романах И.С. Тургенева. – Л., 1977.

Дополнительная литература:

Топоров В.Н. Странный Тургенев (4 главы). – М., 1998.

Задание студентам:

Написать эссе на тему: «Сила и слабость Евгения Базарова».

В своей интерактивной лекции Н.А. Назарбаев уделил особое внимание вопросам модернизации национальной системы образования, получения качественных знаний и развития высоких технологий. Он подчеркнул, что наши знания – это результат нашего труда. Наши знания рассматриваются как экономический ресурс государства.

Литература:

1. Интернет-лекция Н.А. Назарбаева «Казахстан на пути к Обществу знаний» // Казахстанская правда. – 2012. – 5 сентября.
2. Лермонтов М.Ю. В воспоминаниях современников. – М., 2003.
3. Батюто А.И. Творчество И.С. Тургенева и критико-эстетическая мысль его времени. – Л., 1990.
4. Одинокое В.Г. Поэтика русских писателей и литературный прогресс. – Новосибирск, 1987.

Түйіндеме

Мақалада автор «XIX ғасыр орыс әдебиетіндегі артық адам мәселесін» оқытуда жаңа технологияларды қолдану ерекшеліктеріне тоқталады. Ғылыми және тарихи принциптерді негізге ала отырып, автор «біздің заманның қаһарманы» және «артық адам» терминдері мен негізгі ұғымдарына берілген анықтамаларға қатысты түрлі көзқарастар мен теорияларды қарастырады. Автор бір жағынан жаңа технологиялар мен интернеттің, екінші жағынан кітап оқу мәселесіне көп мән береді. Аталмыш мәселені шешуде автор 2012 жылдың 5 қыркүйек күні Н.Ә. Назарбаев университеті студенттері үшін арнайы оқылған Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың интерактивті лекциясын әдеби негіз етіп алады.

XIX ғ. (II жартысы) орыс әдебиеті пәнін инновациялық технологиялар мен сыни ойлауды дамыту әдістері негізінде оқытуда лекция сабақтарының нақты әдістемелік кешенінің жасалуы мақаланың жетістігі болып табылады.

Summary

Article reviews the features of using new technologies in studying the topic of «Superfluous person in 19th century Russian literature». Putting the scientific and historical principles in the core of research, author studies the expressions «a hero of our time» and «superfluous person», and the different definitions and theories

associated with them. The author pays great attention to new technologies and internet on one hand, and issue of book reading on the other. As a methodological instrument in solving the given matter, author uses the text of the interactive lecture by N.A.Nazarbayev – a speech given to the students of Nazarbayev University on September 5th, 2012.

Given article fruitfully resulted in elaboration of definite methodological course system of studying 19 century Russian literature, with the use of new technology and analysis methods.

ӘОЖ 372.881.1: 809. 434.2

## **АНА ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ**

**К.С. ҚАМЗАЕВА,**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*

**Г. ТАРКЕШЕВА,**

*С. Сейфуллин атындағы № 4 орта мектеп,  
Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы*

XXI ғасыр – тәуелсіз еліміздің дүниежүзілік өркениетке өрлеу ғасыры. Жоғары мектепті дамыту үшін жаңа ұғым, жаңа үлгі, жаңа тәсілдер қажет. Жаңа көзқарас қажеттілігі – өмір талабы. Ақпараттық қоғамдағы өмір сүру жағдайының аса үлкен жылдамдықпен өзгеруі – оқыту үдерісін технологияландырудың уақыт талабына сәйкес келуі үшін шығармашылық жаңа жолдарды іздейді, қажет етеді.

Ана тілін ұлттық-мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде меңгерту, ана тілінің дүниетанымдық, тәрбиелік, әлеуметтік, этномәдени аспектілерін біртұтастыққа қамти отырып оқыту, ана тілін білім алушының логикалық ойлауын, жалпы жекебас қабілеттерін дамытудың тетігі ретінде қолдану, ана тілінің білім мазмұнын оқушының коммуникативтік біліктіліктерін дамытудың базасы ретінде пайдалану, ана тілінің мотивациялық сипатын күшейте отырып оқыту, ана тілін оқытудың бүкіл әдістемелік жүйесін (оқыту мақсатын, міндеттерін, білім мазмұнын, оқыту түрлерін, оқыту әдіс-тәсілдерін, оқыту нәтижесін) жаңа бағытқа лайық оқытудың жаңа технологияларымен сәйкестендіру, жалпы білім беретін мектептің әр сатысындағы игерілетін білімнің түпкі нәтижеге бағытталу жүйесін берік ұстану барысы көзделіп отыр.

Осы ретте жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде шешімін табуға тиіс міндеттер туындайды:

- мемлекеттік тілді оқытудың ең жетік жолдарын меңгерген қазақ тілі маманын даярлау;
- кәсіби пәндерді игерумен қатар, адамгершілік, рухани-мәдени құндылықтарды меңгерген адамды тәрбиелеу.

Жоғарғы оқу орындарында маман даярлауға қойылатын талаптар:

- болашақ мұғалімнің қоғамдағы әлеуметтік белсенділігін арттыру;
- болашақ маманның жалпы педагогикалық әдіскерлік шеберлігін арттыру;
- өз бетінше білім алуға тәрбиелеу;
- педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттырып отыру дағдысын қалыптастыру.

Ана тілі мен ана тілі әдебиетін әрбір жас буынға екі алуан жолмен жақын етіп білдіру бар. Бұның алғашқы сара жолы – мектеп арқылы оқытып білдіру. Екіншісі – әр адамның өздігінен ізденуі.

«Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, өзінің ана тілі мен ана тілі әдебиетін сүюі шарт. Сол сүюді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтау керек...» деген болатын М. Әуезов.

Қазақ тілін оқыту жүйесін дамыту мәселелері қазақ тілінің ішкі және сыртқы функцияларының дамуымен үндеседі.

Қазақ тілінің функциялары – қазақ тілінің оқыту әдістемесінің лингводидактикалық негізі.

Қазақ тілінің маңызды функциялары:

- Тілдің коммуникативтік функциясы. ҚТ қарым-қатынас құралы ретінде үйрету.
- Тілдің танымдық функциясы. ҚТ қазіргі жас ұрпаққа дүниеге қазақтық, қазақстандық, адамдық көзқараспен қарауға дағдыландыру негізінде үйрету. ҚТ ұлттық дүниетаным картинасын меңгерту.
- Тілдің кумулятивтік функциясы. ҚТ қазақ ұлтының тарихын, рухани және материалдық мәдениетін сақтаушы, тасушы, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жеткізуші қазына ретінде үйрету.
- Тілдің сезім білдіру функциясы. ҚТ адамның түрлі көңіл-күйін білдіру амалдары мен жолы мол жүйе ретінде, сезімін сыртқа шығарудағы ұлттық ерекшеліктері мол тіл ретінде үйрету.
- Тілдің ойды жарыққа шығару функциясы. ҚТ сөздердің көп мағыналылығын, сөздердің тіркесімдік қабілетін (валенттілігі), қазақ сөйлеміндегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібін, жай сөйлемдердің құрмаласу жүйесін, мәтін туындауын ойды білдіру барысындағы ұлттық болмыстың көрініс беруі екендігін таныту негізінде үйрету. ҚТ формалдық логиканың, диалектикалық логиканың әдіс-амалдарының көрініс беруін лексика-грамматикалық минимум арқылы үйрету (ұғым, байымдау, ой қорыту).

*Сабақтасстыққа орай тұлғаны бағдарлау жолы*

↓

*Әрекет*

↓

*Қажеттілік → Түрткі (мотив) → Көзқарас → Таным түсінікті бекіту → Мақсат*

↓

*Шығармашылық*

↓

*Қажеттілік → Материалдық → Әлеуметтік → Рухани*

Студенттердің қарқыны қай пәнді болсын оқу кезіндегі өздік жұмыстарының дәрежесімен сипатталады. Студенттердің өздік жұмыстарының ішкі мазмұны мұғалімнің қатысуынсыз немесе көмегінсіз дайындалу ғана емес, студенттің әрекеті алған ақпаратты білімге қолдана білуге айналдыру функциясы мен сол қызметті басқара білу функциясының үйлесімділігінен тұрады немесе олардың өздерінің алдарына қойған мақсаттарына жету үшін құрған амалдарын білдіреді десек те болады. Негізінен алғанда, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұратындығы белгілі: студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау, әдістемелік қамтамасыз ету, бақылау және орындалу бағасы, талдау және жетілдіру. БАӨЖ-дің көлемі әр пәнге бөлінген лекция, практика, студиялық және семинар сағаттарының толық көлемінен кем болмауы керек.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздік жұмыстарының қарапайым және қолайлы түрі – белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәселені талқыға салатын ғылыми жиналыс түрінде ұйымдастыру. Білімгерлердің өздік жұмыстарын қадағалаудың тәсілдері де үлкен нәтиже береді. Өзін бағалай және қадағалай білуді, өзіне баға беруді қалыптастыру – қызығушылық көзқарасын және белсенділігін арттыратын сенімді тәсіл. Әр пәнге арналған өзіндік жұмыстар студенттердің өз күштеріне сенімділігін және жауапкершілігін арттырып, өзіндік баға беру қабілетін қалыптастырады. Өзіндік жұмыстың нәтижесін көру үшін ұйымдастыру әдістемелік шараларының анық жоспарланған жүйесі болуы тиіс. Өзіндік жұмыстың керекті нәтижесін алу үшін қойылатын негізгі шарт – білім алушыны оқу-әдістемелік және анықтама-нормативтік материалдармен толық қамтамасыз ету қажет. Әрбір студенттің өсуі мен жетілуі оқыту барысында табысты болуы үшін оқытушы олардың әрқайсысының қабілетіне байланысты бейімделген және ерекшеліктеріне сай болуға тиіс. Білім беру барысында

оқытушы пәнге деген қызығушылықты тудырып, оқушы содан қанағат алатындай жағдай жасауы керек. Өйткені оқу материалын саналы түрде меңгеру оның қажеттілігін түсініп, мәнін ұғынуға көп байланысты.

Сабақ өткізу кезінде іскер ойын ұйымдастыру да үлкен жетістікке жеткізеді. Ойынның мақсаты оқу жоспарының мағынасына, білім алушы-ойыншылардың құрамына, олардың дайындығына, ойынға кететін уақытқа және сабақтың тақырыбы мен мәніне байланысты шешіледі. Ойын пікірталасқа негізделген мағыналы, ақпаратты және берілген сабақтың тақырыбын ашатын нақтылы болуға тиісті. Ойынға қатысушы білім алушылар нақтылы жағдайды өз беттерімен қарастырып, ойынның мақсатына өз жетістіктерімен жетулері тиіс. Ең бастысы, оқытушы ойынды ойыншы қауымның өздері ұйымдастыруына ерік беріп, оларды қанағаттандырып отыруы керек.

Білім алушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру мақсатын тиімді шешудің және бір түрі – үйренген оқыту әдісінен алшақ, қазіргі кезге сай ғылыми дәйектелген және жете зерттелген оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарын оқыту үрдісіне енгізу. Білім алушы оқулықты жете түсініп, жеңіл қабылдауы үшін сабаққа өздігінен дайындалу барысында қолданатын әр пәннің лекциялық курстары, оқулықтары және оқу құралдары міндетті түрде оқу жоспарына сәйкес болғаны жөн. Сонымен қатар барлық қажетті оқу-әдістемелік және анықтама материалдары баспа түрінде де, электронды түрде де жеткілікті және қол жеткізерліктей болуы міндетті.

Дербес танымдық қызметте оқытушы және білім алушы жүйесінің іс-әрекетіндегі жетістікті анықтайтын маңызды факторлардың бірі педагогикалық қарым-қатынас болып табылады. Ол мұндай жағдайда хабар алмасу ретінде емес, адамның басқа адамдармен өзара байланысының тұрмыстық тәсілі ретінде қарастырылады.

Егер студенттерге білім беру және іскерлік пен дағдыны сіндіру үдерісі педагогикалық қарым-қатынастың қандай ынталандырушы түрінде берілгендігі және ұйымдастырушылығы ескерілмесе, онда сабақтың сәтті болуын мәтіндердің мазмұны да, тиімді жаттығуларды да, әдіс-тәсілдер мен құралдарды іріктеп алу да қамтамасыз ете алмайды. Сабақта қарым-қатынас кезінде сезімталдық пен тілектестік, табиғилық пен еркіндік, адамгершілік жағдайын жасау студенттің тілдік қызметін және белсенділігін жандандырады.

#### Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1993.
2. Сүлейменова Ж. Студенттердің өзіндік жұмысы. – Алматы, 2004.
3. Хасанов Б. Мемлекеттік тілді оқыту. – Алматы, 2001.

#### Резюме

В статье рассматривается методика преподавания государственного языка. Показано, что организация самостоятельной работы студентов по системе Блума является оптимальным вариантом при преподавании родного языка.

#### Summary

Article reviews effective methods of teaching the official language at high schools throughout the country. Organization of self-sustained work of the students in accordance with Bloom's system has demonstrated to be an optimal choice when teaching native language.

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**К.Ш. АРЫНОВА,**

*педагогика ғылымдарының кандидаты*

**С.М. НАРЕНОВА,**

*техника ғылымдарының кандидаты, доцент*

**Ш.О. ЕСПЕНБЕТОВА,**

*техника ғылымдарының кандидаты,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы*

Жаңарған Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты мақсаттарының бірі – әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену. Осы бағытта білім алушыларды жоғары маңызды құндылық деп танып, қоғамның дамуының өзегі болып табылатын болашақ мамандарды кәсіби даярлау сапасын жетілдіруді басты бағдар тұтады.

Химия ғылымы – мемлекетіміздің дамуына, әл-ауқатының артуына, өнеркәсібіне, ауыл шаруашылығына тікелей әсер ететін практикалық маңызы бар сала. Әлемдік өркениеттің, ғылым мен техниканың қарыштап өсуі мен үздіксіз алға жылжуына байланысты химия ғылымының рөлі барған сайын арта түсуде. Сондықтан ол өзге де ғылым салаларымен астасып, адамзат қоғамының дамуына игі әсерін тигізіп отыр.

Тұғырлы білімдері мен кәсіби біліктерін оңтайлы сабақтастыра отырып, кәсіби міндеттерін шығармашылықпен шеше білетін жаңа тұрпатты маман даярлау үдерісін білім алушылардың дербес іс-әрекетінсіз елестету және оны жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан оқу орындарында кәсіби даярлау үдерісін жаңаша сипатта қарастырып, шығармашылық дербестік сапаларын дамыту негізінде меңгерген білімдері мен білік, дағдыларын шығармашылықпен қолдана білуге үйрету маңызды міндет.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына, қазіргі таңдағы оқытудың дидактикалық жаңа сипаты – жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдалануға байланысты. Ал шығармашылық іс-әрекет арқылы жаңа нәтижеге жету мен өзекті мәселенің шешімін табу шығармашылық дербестік негізінде жүзеге асады.

Шығармашылық дербестік болашақ маманның танымдық-интеллектуалдық әлемін дамытып қана қоймай, кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан шығармашылық дербестік жеке тұлғаның дамуында, оның рухани тұрғыда жетілуінде маңызды, білімдік және психологиялық мәні терең құндылықты бағдар ретінде танудың маңызы зор.

Біздің қазіргі орта мектеп және жоғары оқу орындарының маңызды мәселелерінің бірі – білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру және білімді өз бетінше алуы және оны қолдана білуі. Білім алушының белсенділігін, қызығушылығын арттыруда пәндік олимпиадаларды ұйымдастырып, өткізу өте қажет.

Олимпиада кәсіби құзырлылық деңгейіне жеткен шығармашыл дарынды білім алушылардың педагогикалық икемділіктерін дамытуға жағдай жасап, республикалық, халықаралық олимпиадаларға қатысатын команда жасақтауға да пайдасын тигізетіні сөзсіз.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Химия және экология» кафедрасының базасында студенттер және мектеп оқушылары арасында жылда дәстүрлі химиялық



олимпиада өткізу жақсы жолға қойылған. Бірінші жартыжылдықта мектеп оқушылары арасында, ал екінші жартыжылдықта студенттер арасында өткізіледі. Сонымен бірге жыл сайын сәуір айында 8-11-сынып оқушылары арасында облыстық сырттай олимпиада ұйымдастырылып тұрады. Білім алушылардың пәндік олимпиадасы болашақ мамандық таңдауда және жан-жақты білім алу мақсатында шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал етіп, қажетті білім, білік, дағдылармен шындалуына бағытталады.

Мектеп, университет қабырғасында жүріп, оқу-танымдық, зерттеушілік әрекеттерін қалыптастыратын осындай іс-шараларға білім алушылардың барынша тартылуы, химия мамандығында соның ішінде болашақ химия пәні мұғалімінің мектепке барғаннан кейін де шағармашылықпен жұмыс істеп, дарынды, талантты оқушыларды олимпиадаларға дайындап, жоғары нәтижелер көрсететіні белгілі. Осы тұста тәжірибеміз келтірілген.

Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:

- оқу-танымдық және оқу-зерттеушілік әрекеттерін ынталандыру;
- кәсіби-тұлғалық потенциалдарын ашу, өзін-өзі тануға, өзін-өзі қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуға жағдай жасау;
- азаматтық ұстанымдарын тәрбиелеу;
- дарынды, талантты білім алушыларды тандап, қолдау көрсету;
- білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында белсенді кәсіби қатынасты қалыптастыру.

Кафедра базасында ұйымдастырылған олимпиадаға мектеп оқушылары, химия, биология, экология мамандықтарының студенттері қатысады.

Олимпиада үш кезеңде өткізіледі. Бірінші кезеңде қатысушылардың химия пәні бойынша жалпы деңгейін анықтау үшін 5 вариант 50 сұрақтан тұратын тест тапсырмалары беріледі. Әр сұрақ 1 ұпаймен бағаланады, 40 ұпайдан төмен жинаған қатысушылар келесі кезеңге жіберілмейді. Екінші теориялық кезеңде әр түрлі күрделіліктегі 7 есеп беріледі, ал эксперименттік кезеңде сапалы және сандық талдау әдістері бойынша практикалық жұмыстар беріледі. 8-9-сынып оқушыларына сапалық талдау әдістерімен белгісіз заттардың химиялық құрамын анықтау, ал студенттерге және 10-11-сынып оқушыларына сандық талдау әдісімен анықталатын тапсырмалар ұсынылады.

Сонымен қатар облыстағы мектеп оқушылары арасында химиялық сырттай олимпиада ұйымдастырылып өткізіледі. Осы оқу жылында олимпиадаға барлығы 150-ден аса оқушылар қатысып, өз білім деңгейлерін дәлелдеп, көрсетіп, лайықты марапаттауларға ие болды.

Жалпы химиялық олимпиаданы жоғары дәрежеде өткізуге аталған кафедра базасында мүмкіншілік бар. Кафедраның профессор-оқытушылары мен оқу көмекші персоналдары тарапынан көптеген жұмыстар атқарылып, олимпиаданың өз деңгейінде өтуіне жағдайлар жасалған. Химиялық олимпиада кезінде студенттер өздерінің теориялық дайындықтарының қандай дәрежеде екендігін біліп, химиялық тәжірибелер жүргізгенде өздерінің білім, білік, дағдыларын пайдаланып, әрі қарай дамытады. Химиялық олимпиада нәтижесінде студенттердің өздеріне деген сенімділігі артып, таңдаған мамандықтарының қызық та, қиындығын сезінді.

Жоғарыда айтылғандай, кафедра тарапынан ұйымдастырылған студенттердің пәндік олимпиадасы нәтижесінде студенттер командасы жасақталып, олимпиаданың келесі сатысы республикалық деңгейде өткізілген олимпиадаға жолдама алды.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2011.
2. Бекішев Қ. Химиядан олимпиада есептері. – Алматы: Рауан, 1997. – 186 б.
3. Чуранов С.С. Химические олимпиады в школе. – М.: Просвещение, 1982. – 191 с.

## Резюме

В статье приводится методический опыт преподавателей кафедры «Химия и экология» КГУ имени КORKYT ATA по проведению предметной олимпиады по химии среди учащихся средних и специализированных школ, студентов.

## Summary

Article provides methodical expertise of professors of the «Chemistry and Ecology» Department, Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, in organizing chemistry Olympics among secondary school, junior technical college and university students.

ӘОЖ 93.99.574

## ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

**Л.Т. ДЖУМАЛИЕВА,**

*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар  
және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы*

Білім мен ғылымның өсіп-өркендеуі қай мемлекеттің болса да өркениеттілік деңгейінің басты өлшемі болып табылады. Ғылымды дамытып, жалпы мәдениетті қалыптастыруда, өндіріс пен өнеркәсіпті жетілдіріп, жаңа технологияларды игеруде білімнің орны ерекше. Еліміздегі жоғары білім берудің әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуы қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың маңызды факторы болып табылады. Жаһандану кезеңіндегі қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени сұранысына сай жоғары кәсіби білімді маман дайындау жоғары білім берудің сапасын арттыру бағытындағы білім беру ұйымдарының қызметін тиімді үйлестіру секілді бірқатар міндеттерді айқындайды. Еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Бүгінгі таңда жастарға әлемдік деңгейге сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар кәсіби біліктілігін, іскерлігін арттыру өркениетті қоғамның міндеті болып табылады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары жобасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымның ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялы қауымның деңгейіне байланысты. Әлемдік практикада өткен ғасырдың 40-жылдарында қолданысқа ене бастаған «үздіксіз білім беру» термині ересек адамдарға білім беру жүйесі ретінде қарастырылды. Дәстүрлі өмірлік білім беру идеясын басшылыққа алудың дұрыстығы заман талабынан туындап отыр. Жеделдете оқыту жүйесі педагогикалық жүйелердің бөлігі бола отырып, адамның белгілі бір деңгейдегі

еркіндік дәрежесін жүзеге асырады, яғни сол мезетте қажет болатын белгілі бір іс-әрекетке бағыттайды [1,5 б].

Үздіксіз білім беру жүйесінің ұстанымдары жеке тұлғаның жан-жақты жалпы мәдени дамуы, тұлғаның бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, әлеуметтік тұрақтылық және әлеуметтік даму және тағы басқа да функцияларды жүзеге асырумен тікелей байланысты. Үздіксіз білім беру мазмұнын жаңарту қоғамды ақпараттандыру оқыту мақсаттарына терең деңгейде әсер етеді. Қоғамда білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары – бұл білім берудің сапасын арттыру, қоғам мүшесінің өмірінің даму деңгейін көтеру. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, телеконференция, видео-конференция, телекоммуникациялық жүйе арқылы іске асырылады. Ғалымдардың пайымдауынша, келешекте Қазақстанда білім беру жүйесін ақпараттандыру телекоммуникациялық желілерді жасау дамытумен ұштасады. Олар мынадай:

- білім беруді дербестендіруді қамтамасыз ету, дистанциялық оқытуға мүмкіндік жасау;
- ақпараттық мәдениетті ұйымдастыру мен жеделдету үрдісін жоғары деңгейге жеткізу;
- жасалынған және дамып келе жатқан телекоммуникациялық желілерді біртұтас әлемдік ақпараттық кеңістікте интеграциялау.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологияны кең көлемде оқыту мен педагогикалық жұмысты ұйымдастыру қызметінде барлық жоғарғы оқу орындарында қолданылады. Компьютерлік технологияларды пайдалану, біріншіден, оқытушының жұмыс өнімділігін арттырып, оқу нәтижесін тексеруге көбірек уақыт бөлуге көмектеседі. Екіншіден, объективті түрде қадағалай отырып, студенттердің алған білімін бағалауды жүзеге асырады. Үшіншіден, бақылау технологиясына ғылыми элементтер енгізіп, оны кеңінен пайдалануға болатындай етіп, білім мекемелерінен алатын білім мен дағдылау деңгейлерін нақты түрде стандарттау технологиялары жайлы айтуға болады. Бүгінгі білім жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану оқу үрдісін едәуір тиімді, сапалы ете түскені, тәрбиенің жаңа құралдарына қол жеткізгені, оқытушы мен студент байланысының жетілгені белгілі. Оқытуда жаңа технологияны пайдалану, студенттің таным белсенділігін арттыру эстетикалық талғамдарын қалыптастырып, елдікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Сонымен қатар, электрондық оқулықтардың мультимедиялық мүмкіндіктері студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, ынтасын арттырып, соған байланысты білім сапасын да арттырады [2,3].

Сонымен қатар, дистанциялық (қашықтықтан оқыту) білім беру жүйесі университеттердің ғылыми және білім беру мүмкіндіктерін үлкен аудитория үшін толық қолдануға жиналған тәжірибесін ақпараттық оқыту технологияларын жүзеге асыру мен қолдануға мүмкіндік береді. Дистанциялық оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің білім формасы болып табылады. Ол әр түрлі оқушылар категориясына бірдей мүмкіншілік беруге жағдай жасайды. Инновациялық мектептер дәстүрлі жаңа міндеттерді қазіргі деңгейге сай шеше алатындығын дәлелдейді және де бала тұлғасының мәдени, адамгершілік дамуының кепілі болатындығын көрсетеді [3,13].

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу, тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі деп көрсетеді. Педагогикалық технологиялар теория негізінде құрылады: оқыту әдістемесі дамыту теориясына негізделсе, ол өзінің ұстанымын содан іздеп табады. Білім саласындағы педагог ғалымдарымыздың ұсынған анықтамаларын зерделей келе, педагогикалық әрекетті әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін әрекеттің дербес түрі деп, ал педагогикалық технологияны педагогикалық мақсаттарға жетуге кепілдік береді. Атап айтсақ, оқыту құралының, әдіс-тәсілінің жиынын жаңаландыру, жетілдіру процесін және алдын-ала жобаланған оқу-тәрбие үрдісі бірізді жүзеге асыратын жүйе деп түсінуге болады.

Педагогтардың үздіксіз білім беру жүйесінің жаңа моделі білім беру қызметін ұйымдастыруға деген құзыреттілік тұрғыдағы жаңаша көзқарас, оның мақсаты – білім берудің әр субъектісін инновациялық-шығармашылық үрдіспен қамту. Нәтижесі: педагог – стратегиялық ойлау иесі, педагогиканың жаңалық

үрдістерін қабылдай алатын, оны шығармашылықпен іске асыратын, өзінің үздіксіз білімін үнемі жетілдірумен шұғылданатын іскер тұлға. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңғырту стратегиялық басты бағыттарының бірінде сапалы білім беруді іске асыра алатын жауапты тұлға шығармашылық құзыретті педагог екені ақиқат.

Ресейлік ғалым В.А. Кузнецова жоғары оқу орындарында көп деңгейлі педагогикалық білім берудің мүмкін болатын бес түрлі нұсқасын ұсынған еді. Бірінші нұсқасында бакалавриат сатысында қосымша білім беру деңгейінде үш деңгейлі білім беру жүйесін ұсынады. Мұнда бакалавриаттың екінші жылынан кейін түрлі себептермен білім алуын тоқтатқысы келген 3-4 айдан 1 жылға дейінгі уақытта қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары ұсынылады. Ал екінші нұсқасында бакалавриат қосымша білім беру деңгейіне бөлінбейді. Онда мамандыққа сәйкес жалпы ғылыми білім беріліп, педагогикалық мамандық бойынша тек бағыт беріледі. Білім берудің үшінші нұсқасында жалпы ғылыми бағыттағы академиялық білім мен кәсіби педагогикалық білім біріктіріліп, бакалавриат деңгейінде базалық мектептің мұғалімін даярлау үшін жүзеге асырылады. Бітірушіге бакалавр академиялық дәрежесіне қосымша базалық мектептің мұғалімі біліктілігімен диплом беріледі. Төртінші нұсқада бакалавриат деңгейінде академиялық білім берумен қатар толық орта мектеп мұғалімінің кәсіби даярлығы да жүзеге асады. Білім берудің бесінші нұсқасында бакалавриаттың бірінші деңгейін екі жыл мерзімде, бітіргеннен кейін студент аталуы мен мазмұны жағынан ғылым бағыты бойынша арнайы іріктеліп алынған оқу пәндерін игерумен қатар, екі жылдық кәсіби-педагогикалық білім алуға барады [4, 14].

Кәсіби білім беру деңгейлерінің арасындағы өзара байланыстар жүйесінде қайсыбір болмасын білім беру деңгейінің стандарты даярланатын мамандардың кәсіби біліктіліктерімен мамандарды даярлаудың құрамы анықталады. Көп деңгейлі үздіксіз білім берудің заманауи жүйесін одан әрі дамыту және білім беру жүйесін басқарудың әдістемелік негіздерін жасау барлық деңгейдегі кәсіптік білімнің сапасын арттырады. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі ғылым мен тәрбие екендігінде ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда, білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Мұғалімдер даярлауды сабақтастықпен басқару көптеген компоненттерді біріктіретін күрделі кешенді ерекше құбылыс. Ол дамушы нысандардың (немесе субъектілердің) әр түрлі кезеңдері мен олардың сапалығы арасындағы өзара байланысты жүзеге асыруға және оларды біртұтастыққа біріктіруге жағдай туғызады, үздіксіз педагогикалық білім беру сияқты күрделі ұйымдасқан жүйенің нәтижелі дамуына жағдай жасайды. Үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі сабақтастықпен басқару кәсіпке дейінгі даярлық, көп деңгейлі базалық кәсіби білім беру, кәсіби біліктілікті жетілдіру кезеңдерінің арасындағы диалектикалық байланыстарды жүзеге асырады. Үздіксіз білім беру жүйесінде мұғалімдер даярлауды сабақтастықпен басқарудың құрылымдық және қызметтік компоненттерінің өзара әрекеттестігін зерттеу бірқатар жетекші үдерістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеру кезеңінде маманның практикалық және кәсіби шығармашылық қызметі жетілдіріледі, жеке өзіндік-шығармашылық қабілеті қалыптасады, маманның кәсіби қызметін талдау мен бағалау жүзеге асырылады, авторлық педагогикалық жүйе қалыптасады, мұғалімнің жеке басына тән педагогикалық шеберлігі мен мәдени деңгейі жетіліп, үздіксіз білім алып, дамуына ынта-ықыласы артады.

#### Әдебиеттер:

1. Преподавание в сети Интернет. – М., 2003.
2. Дәрмағанбетұлы Ш. Білім берудің сапасы: проблемалары және оларды шешудің жолдары // Сыр мектебі. – 2006. – 5 қыркүйек.
3. Тастанов Ә.Ж., Тастанова А.Ж. Қазіргі жаңа педагогикалық технологиялар // Педагогика мәселелері. – 2012. – № 2.

4. Кузнецова В.А. Теория и практика многоуровневого университетского образования: Автореф. дис... докт. пед. наук. – М., 1996. – 47 с.

#### Резюме

В статье рассматриваются методы обучения и применения новых технологий в учебном процессе. Представлены формы использования развивающего обучения, специфика их адаптации в учебном процессе.

#### Summary

This article reviews teaching methods and use of new technologies in the learning process. It also reviews a forms of developmental education, features of their adaptation into the learning process.

ӘОЖ 93/99 (574) (075)

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРДА

**Б.Б. ЕҢСЕПОВ,**

*тарих ғылымдарының кандидаты,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*

**Н.Т. ҚАЙНАЗАРОВ,**

*Қызылорда «Өркениет» медициналық колледжі,*

*Қазақстан Республикасы*

*Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел не істеп,  
не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына  
көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тари-  
хын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы боп тұрады.*

**А. Байтұрсынов,**

**«Қазақ» газетінен»**

Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеу мен оқыту көкейтесті мәселелердің бірі. Осы орайда Қазақстан тарихы туралы жазылған іргелі зерттеу еңбектер мен оқулықтарда бірқатар мәселердің басы ашылғаны анық. Дегенмен еліміз егемендік алғалы бері мемлекетіміздегі біршама түбегейлі өзгерістер мен оқиғаларды бұхара халыққа таныту жағы кемшін. Бұның бірнеше себептері де бар, біріншіден, кешегі кеңестік дәуірде Дүние жүзі мен КСРО тарихы арнайы оқытылып, Қазақстан тарихы сол Кеңес Одағы тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Сол жарыққа шыққан оқулықтарда қазақ тарихы жайлы көптеген жайттар бұрмаланып, негізгі мәселелер партиялық ұстанымдармен, тар таптық шеңберде жазылды. Екіншіден, Ресейдің өзінде бұрыннан оқулық жазумен арнайы жеке бір институттар айналысады. Ал біздің елімізде тарихты зерттейтін санаулы ғана ғылыми зерттеу институттар бар. Оның өзінде аталған ғылыми зерттеу институттарының зерттеу нысаны көбіне отан тарихының іргелі мәселелері болып табылады.

Осыған қарамастан қазіргі кезде Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы тарихы біршама оқулықтарда көрініс табуда. Осындай оқулықтардың қатарына орта мектептің 9-сыныбына арналған Б.Ғ. Аяған мен М.Ж. Шәймерденова шығарған «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» атты оқулықты айтуға болады. Осы оқулықтың төртінші бөлімі тәуелсіз Қазақстан тарихына арналып, онда тәуелсіз мемлекетіміз Қазақстан Республикасы қалыптасуының қиын да сындарлы жолдары жалпы адамзат тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырған. Атап айтқанда, КСРО-ның ыдырауының себебі мен



салдары, оның республикамыздың саяси өміріне әсері айқындалып, еліміздің егемендігін жариялауымен бірге Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардағы дамуы жан-жақты ашып көрсетілген. Сонымен қатар тәуелсіз Қазақстанның саяси дамуы, экономикадағы түбегейлі өзгерістер. Қайта құру мен тәуелсіздік жылдарындағы мәдени құрылыс, білім беру мен денсаулық сақтау және Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастардағы орны мен рөлі көптеген деректі құжаттар арқылы айшықталып, оқушыларға түсінікті тілде жеткізілген [1].

Мектеп оқулықтарында оқушыларға көмекші құрал ретінде Б.Ғ. Аяғанның құрастыруымен шыққан жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» хрестоматиясында тәуелсіз Қазақстан тарихы жайлы документтер жинағын молынан көрсетеді [2].

Орта мектеп оқушыларына арналған оқулықтарда тәуелсіз еліміздің тарихы сомдалған. Олардың қатарына М.Қ. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Қ. Жүкешевтің 9-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы, Т.С. Садықов, Р.Р. Қайырбекова, С.В. Тимченколардың 11-сынып оқушыларына бейімдеп жазылған Дүние жүзі тарихы оқулықтарын айтуға болады.

М.Қ. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Қ. Жүкешевтің 9-сыныпқа арналған Қазақстан тарихында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының себебі мен тарихи маңызы, Қайта құру кезіндегі демократия мен жариялылық, Кеңес Одағының ыдырауы мен ТМД-ның құрылуы тарихи тұрғыдан жүйеленіп берілген. Сонымен қоса кітаптың бесінші тарауында еліміздің конституциясының қабылдануы мен экономикалық дамудағы нарықтық қатынастардың орнығуы және ғасырлар тоғысындағы Қазақстанның даму белестеріне талдау жасаған [3].

Т.С. Садықов, Р.Р. Қайырбекова, С.В. Тимченколар шығарған 11-сынып оқушыларына арналған Дүние жүзі тарихы оқулығының «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы» атты төртінші тарауында КСРО-ның ыдырауының себеп-салдарын және ТМД органдарын құру үдерісін екі кезеңге бөліп, біріншісі 1991 жылғы желтоқсан мен 1993 жылғы қаңтар аралығын қамтып, осы кездегі достастықтың саяси үйлестіруші органдары құрылып, олар ТМД жарғысына тіркелгенін, екінші кезең 1993 жылғы қаңтардан бүгінгі күнге дейінгі халықаралық жағдайдағы ықпалымен және мемлекетаралық қатынастардың өзгеруі себепті ТМД-ның басқарушы құрылымының өзгерістеріне талдау жасайды [4]. Яғни осы тарауда Қазақстанның ТМД елдерімен өзара байланыста жетекші орында келе жатқанын, әсіресе ТМД-дағы аймақтық экономикалық құрылымдар – Ресей, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттерінің біріккен Еуразиялық экономикалық қауымдастық құрылуы мен оның маңызына тоқталады.

Мектеп оқулықтарымен қатар бүгінгі күні оқушылар, студентер және жалпы оқырман қауымға арналған оқулықтар мен оқу құралдары көптеп кездеседі. Міне, сондай оқулықтардың қатарына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институты ұжымы шығарған «Қазіргі Қазақстан тарихы» атты оқулықтың маңызы зор. Себебі бұл оқулықта Қазақстан тарихының көне замандардан бүгінге дейінгі өзекті мәселелері қамтылып, тәуелсіз мемлекетіміздің саяси дамуы, мемлекеттік стратегияның маңызды тұстары, қоғамның қазіргі даму ерекшеліктері және Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мәселелік тұрғыдан қарастырылған. Сондай-ақ ол оқытудың көрнекті құралдарымен, суреттер мен кестелермен жабдықталған [5].

Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған келесі оқулықтар мен оқу құралдарының қатарында А. Күзенбайұлы, Е. Әбіл, Г.В. Кан, Н.У. Шаяхметов, С. Сабырұлы еңбектері ерекше.

Мәселен, А. Күзенбайұлы мен Е. Әбіл шығарған «История Казахстана» [6] деп аталатын оқулықта Қазақстанның ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихын жаңаша көзқараспен жазады. Соның ішінде Қайта құру жылдарындағы республикамыздың әлеуметтік, саяси өмірі мен тәуелсіздік жылдарындағы мемлекетіміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық демографиялық үдерісін тарихи тұрғыдан баяндайды.

Ал Г.В. Кан мен Н.У. Шаяхметов шығарған жоғарғы оқу орындарында арналған «Қазақстан тарихы» атты оқулықтың оныншы бөлімінде тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңдері мен қазіргі Қазақстанның дамуының негізгі бағыттары сараланады [7].

Барлық аталған оқулықтардың мазмұны толыққанды ашылып, еліміздің тәуелсіздік кезеңіндегі аса маңызды даталар, оқиғалар, құжаттар жүйелі түрде берілген. Бүгінгі жаңа елорданың құрылысы игілікті өзгерістің белгісіне айналғанын, Астанада қысқа мерзім ішінде дамыған инфрақұрылымды заманауи әсем мегаполис бой көтергенін, мемлекеттік сыртқы саясатта да айтарлықтай табысқа қол жеткізілгенін, Қазақстан халықаралық қауымдастықтың толық құқықты мүшесі болғанын, мемлекеттің алғаш қалыптасу барысында еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қыруар рөл атқарғанын, жаңадан ірге көтерген ел миллиондаған қазақстандықтардың ерен еңбегі мен қайрат-қажыры арқасында табысқа қол жеткізілгенін айқындаған.

Қазіргі оқу үдерісінде Қазақстан тарихы пәнінің бағдарламасы бойынша Тәуелсіз Қазақстан тарихы жалпылама оқытылып, тәуелсіздік кезеңіндегі мемлекет тарихы, төл Конституциямыздың қабылдануы, әлеуметтік жағдайымыз, Қазақстанның саяси дамуы, мәдениеті, ғылымы, экономикадағы түбегейлі өзгерістер, тағы басқа мәселелер Қазақстан тарихы бөлігінің құрамдас бөлігі бола отырып, өзіндік жеке қарастыруға өзекті әрі сұранып тұрған тақырыптар. Аталған тарихи оқиғалардың тәуелсіздігімізді қалыптастырудағы үлесін болашақ ұрпаққа жеткізуге міндеттіміз. Егемен Қазақстанның жүріп өткен жолдары төңірегінде берілген материалдардың алдымен танымдық жағын ескеруіміз қажет. Тәуелсіз Қазақстан тарихының негізгі тараулары тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қадамдарын сипаттаудан басталуы тиіс. Оқулықта өткен оқиғаларға тұжырымдамалық бағытта және неғұрлым объективті тұрғыдан баға берілуі керек. Тәуелсіз Қазақстан тарихын оқып үйрену барысында бүгінгі күні игіліктер – еліміздің қол жеткізген экономикалық, ғылыми-ағартушылық, мәдени жетістіктерін дәріптеу де өз орнын алады. Тәуелсіз Қазақстанның даму кезеңдерінен халықтың санасын, ойын, рухын көтеретін мәліметтерді баса көрсетуіміз қажет. Тарих – тәрбие құралы, ол – идеология. Яғни мемлекетшілдік сана-сезімді қалыптастырудың ең төте жолы – тарих оқулығы. Тәуелсіз Қазақстан тарихының негізгі міндеттерінің бірі жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу болуы қажет, сонымен бірге, тарихтағы жалғастық ұлттық құндылықтарды ұрпақ санасына жеткізуде, түсіндіруде – басты құрал. Әлемдік тарихпен байланыстыратын болсақ, ақпараттық технологияның дамыған заманында Жапония, Корея, Қытай елдерінде қоғамның кез-келген саласы дәстүрге негізделгенін байқауға болады. Қоғам дамуының мүмкіндіктері дәстүрге негізделсе, жаһандану заманында халықтың өз болмысын сақтап қалуы мүмкін болары сөзсіз. Бұдан келіп туындайтын мәселе, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бүгінгі күнге дейін саяси оқиғалар атап айтатын болсақ, Егемендік туралы декларация, Президенттік сайлаулар, тәуелсіздіктің танылуы, Қазақстан Республикасының рәміздері, БҰҰ-ға мүшелік, Қарулы күштерімізді құру, экономикалық ынтымақ ұйымдарына мүшелік, дипломатиялық қарым-қатынас, халықаралық жағдай, тағы басқалар жарқын оқиғалар ретінде сарапталуы тиіс. Демек, қазіргі жаһандық үдерістердің бой алған кезінде әлемдік дамыған державалы елдердің әр түрлі мақсаттағы экспансиясы (экономикалық, діни, мәдени, т.б.) қауіп төндіруі мүмкін. Белгілі ғалым Х.М. Әбжановтың тұжырымды пікірінде: «Егер кешегі отарлау мен тоталитаризм бір мемлекеттің ғана күшімен жүзеге асса, жаһанданудың артында әлемдік әлденеше алпауыт мемлекеттер тұрғанын бір сәтте қаперден шығармау керек. Ендеше тарихты зерттеу өткен-кеткенді судай сапырып, құрғақ, желбауыз әңгіме емес. Ол – бүгінгі өзекжарды міндеттерді оң шешу үшін ауадай қажет шарттылық әрі заңдылық. Тарих – қауіпсіздік пен болашақтың кілтін ұстаушы күдірет [8].

Қорыта келгенде, Тәуелсіз Қазақстан тарихын аталған ұстанымдар бойынша негіздеуіміз бүгінгі қоғамда ұлттық тарихи сананы, идеологияны қалыптастыруға бірден-бір себепші болары анық. Тарихтың рухани құндылық бастауы ретінде рөлі артады. Тарих, ол – қоғам тарихы, мемлекет тарихы, халық тарихы, ондағы адамдардың тарихы ұлттық құндылықтарды ұлықтау негізінде іске аспақ. Тәуелсіз Қазақстан тарихын жазуда ақпарат беру әдісімен қатар танымдық мәселелер де жетекшілік етуі аса маңызды. Танымдық ол, алдымен, білімді санада нығыздайды, әрі өздігімен ойлауға жетелейді.

#### Әдебиеттер:

1. Аяған Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. 9-сынып. – Алматы: Атамұра, 2005.
2. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. 9-сынып. Хрестоматия. – Алматы: Атамұра, 2005.
3. Қозыбаев М.Қ., Нұрпейіс К., Жүкешев Қ. Қазақстан тарихы. 9-сынып. – Алматы: Мектеп, 2009. – 239 б.
4. Садықов Т.С., Қайырбекова Р.Р., Тимченко С.В. Дүние жүзі тарихы. 11 сынып. – Алматы: Мектеп, 2007. – 255 б.
5. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010.– 429 б.
6. Кузембайұлы А., Абил Е. История Казахстана: Учебник для вузов. – СПб.: Солда, 2004. – 419 с.
7. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. – Алматы: Кітап, 2007. – 263 б.
8. Әбжанов Х.М. Ұлт тарихы. Оны зерттеудің өзекті ұстанымдары қандай болу керек? // Егемен Қазақстан. – 2006.

#### Резюме

В статье рассматриваются фундаментальные проблемы исследования и преподавания истории Казахстана в школах и высших учебных заведениях Казахстана. Отмечается особый вклад казахстанских ученых-историков в подготовку и издание объективных исследований по отечественной истории. Автор среди учебников выделяет учебник по истории для девятого класса, выпущенный под редакцией Б.Г. Аягана и М.Ж. Шаймерденова, который отвечает современным требованиям исторической науки. Анализируется состояние подготовки монографии по истории Казахстана. Отмечены труды и исследования таких авторов, как М.К. Козыбаев, К. Нурпейсов, К. Жукешов, Р. Кайырбеков, С.В. Тимченко. В подготовке учебников для студентов вузов в эти годы плодотворно работали А. Кузембайұлы, Е. Абиль, Г.В. Кан, Н.У. Шаяхметов, С. Сабырулы, в учебниках которых история Казахстана представлена с древнейших времен до наших дней. Особняком выделяются также труды Х.М. Абжанова, которые всегда носили концептуальный характер.

#### Summary

The relevance of studying and teaching the history of Kazakhstan of the age of Independence doesn't raise any doubts. In the article – «Independent Kazakhstan in history textbooks», the fundamental issues of studying and teaching the history of Kazakhstan at schools and higher educations are reviewed. Distinctive contribution of Kazakhstani historians in conducting and publishing of impartial researches on domestic history are noted. Among history textbooks, author distinguishes a ninth-grade textbook on history, published under editorial supervision of B.G.Ayagan and N.Zh.Shaimerdenov, which meets all modern requirements of modern history science. Status of the study on history of Kazakhstan in development is analyzed; such authors as A.Kuzembayuly, E.Abil, G.V.Kan, N.U.Shayakhmetov, S.Sabyruly worked on studies and textbooks for higher education students, where history of Kazakhstan is described from ancient times till present. Works of H.M.Abzhanov, which always possessed conceptual features, stand out among others.

## **ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ МЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

**К. СӘДУАҚАСҚЫЗЫ,**

*педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор*

**С. НАРЕНОВА,**

*техника ғылымдарының кандидаты, доцент*

**Ш.О. ЕСПЕНБЕТОВА,**

*техника ғылымдарының кандидаты,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Білім беру үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін кем дегенде орта білім мен жоғары білім берудің өзара әрекеттестігі мен сабақтастығының түйінді мәселелерін шешу қажет. Қазіргі таңда жоғары мектеп оқытушыларымен оқу орнына келіп түскен 1-курс студенттерінің білімдерінің төмен деңгейде болу фактісі қатты алаңдатып отыр. Көптеген олқылықтар студенттердің қалыпты оқып кетуіне кедергі келтіріп отыр. Бұл қиындықты шешу жоғары және орта мектептегі білім берудің нақты жолға қойылған өзара әрекеттестігі, сабақтастығы негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

*Сабақтастық* – оқу және тәрбиелік субъекті ретінде қалыптастыру мақсатында жоғары білім беру мекемелерінің оқу-тәрбиелік үдерісінің жалпы білім беретін мекемелердің қызмет жүйесімен диалектикалық байланыста болуы.

*Білім беру үдерісінің үздіксіздігі және сабақтастығы:*

– ҚР «Білім туралы Заңына» сәйкес Қазақстандағы білім беру жүйесінің маңызды элементі болатын, оқытудың кез келген кезеңіндегі әр түрлі деңгейлі білім беру стандарттарының және бағыттарының барлық жиынтықтарының рет-ретімен меңгерілуі қамтамасыз етілуі тиіс.

*Мектептік және жоғары білім берудің сабақтастығы:*

– Жалпы білім беретін мектептердің бітірушілерінің жоғары кәсіптік білім беруге мемлекеттік білім стандарттары тұрғысынан математика, жалпы жаратылыстану, гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндерге мемлекеттік талаптар.

Сабақтастықты жоғары мектептегі оқу-әрбиелік үдеріс жүйесін белгілі бір ретпен студентті оқыту мен тәрбиелеудің субъектісі етіп қалыптастыру деп түсінген жөн.

Оқытудағы сабақтастық мына түрде көрінеді:

– оқыту мен тәрбиеленудің алдыңғы басқыштарында оқушының бойына сіңген жақсы жақтарының ілгері қарай дами түсуі;

– оқытудың мазмұны, формалары және әдістерінің дамуы және білімнің жүйелілігінің қамтамасыз етілуі;

– болашақта дамуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқушыны тәрбиелеу мен оқытудың алдын-ала ертерек жүргізілуі;

– тұлғаның жетілуіне мүмкіндік беретін оқытудың мазмұны, әдістері және формаларының ертерек қолданылуы.

Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы білім берудің өзара әрекеттестігінің әлеуметтік-психологиялық шарттарына мыналар жатады:

– орта және жоғары білім беру мекемелерінде оқитын оқушылардың әлеуметтік-психологиялық қабілеттерін, орта және жоғары білім беру мекемелерінде оқытудың формалары мен әдістерін мұғалімнің білуі;

– орта және жоғары білім беру мекемелеріндегі қолданылатын оқытудың формалары, әдіс-тәсілдерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;

– орта мектеп оқушыларын өзіндік білім алу және өзіндік бақылаудың әдіс-тәсілдеріне үйрету, ЖОО-дағы оқыту әдістеріне үйрету;

– орта мектептерде оқытуды ЖОО-дарындағы оқыту атмосферасына жақындату (сынақ, сессия тапсыру, курс жұмыстарын қорғау, ғылыми ізденіске баулу, т.б.). Орта мектептен келген оқушы жоғары мектепте оқуға бірден қалыптасып кете алмайды. Нәтижесінде оқушының мектептегі статусы мен жоғары мектептегі статусы арасында қарама-қайшылық туады.

Осы қарама-қайшылықтарды жоюдың бірден-бір негізгі жолы – орта және жоғары мектептің өзара әрекеттестігі болып табылады.

Өзара әрекеттестіктің функциялары:

1. *Бейімдеуші* – оқушыларды жоғары оқу орнында оқуды жеңілдету мақсатында оның оқыту технологияларына және білім беру мазмұнына бейімдеу.

2. *Түзетуші* – қол жеткізілген мектеп білім беру деңгейін ЖОО талаптарына сәйкестендіру.

Орта мектеп және жоғары мектепте білім берудің өзара әрекеттестігі – өз кезеңдері мен бағыттары бар тарихи құбылыс.

1-кезең (ерте кезден бастап ХІХ ғ. аяғына дейін)

– Мектеп пен жоғары мектеп арасындағы айырмашылық көмескі және білімді таңдаулы оқушыларға беру бағыты басым болды.

2-кезең (ХVІІІ ғ. бастап ХІХ ғ. бірінші жартысына дейін)

– Жоғары білім беру кезінде орташа бірінші қажетті контингентке дайындаумен ерекшеленеді.

– Жоғары оқу орнының оқытушылары мектепке сабақ беру арқылы олардың әрі қарай оқуды жалғастыруын қамтамасыз ететін.

3-кезең (ХІХ ғ. ортасынан ХХ ғ. бірінші жартысына дейін)

– Орта білім берумен қатар өзара байланысы жоқ жоғары оқу орындары көптеп пайда бола бастады. Өзара әрекеттестік оқу бағдарламаларын келісу және білім беретін мекемелердің типіне қарай оқылатын пәндерді жіктеп саралау бағытында болды.

4-кезең (ХХ ғ. ортасынан бастап осы күнге дейін)

– Орта және жоғары білім беру мекемелері арасындағы стихиялық байланыстар орнатумен ерекшеленеді. Бірақ олардың бағдарламаларында сабақтастық болмады, іс жүзінде әрекеттестікті жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылмады, оның тиімділігі бағаланбады, әрекеттестіктің оңтайлы түрлері мен тәсілдері анықталмады.

Осы мақсатта Химия және экология кафедрасы орта және жоғары мектептегі білім берудің әрекеттестігі мен сабақтастығын жүзеге асыру үшін облыс оқушыларының әр түрлі деңгейдегі олимпиадаларын ұйымдастырды. Әсіресе интернет олимпиадаларды ұйымдастыру өте тиімді екендігін іс-тәжірибеміз көрсетіп келеді.

Олимпиаданы өткізу арқылы оқушылармен, олардың химия пәні мұғалімдерімен жақын танысуға мүмкіндік алдық. Олар жайлы мәліметтердің базасын құрдық. Соның арқасында әрбір оқушы әрбір мұғаліммен интернет арқылы байланысып, оларға ғылыми-әдістемелік көмек, нұсқаулар беріліп отырады. Жүргізілген жұмыстардың арқасында биылғы оқу жылында химия пәнін таңдаған және бізге оқуға түсуге тілек білдірген абитуриенттер саны да арта түсті.

Кафедра оқытушылары биыл бірінші рет ұйымдастырылған химия пәні мұғалімдерінің облыстық олимпиадасының жүргізілуіне де зор үлесін қосты деп айта аламыз. Кафедра оқытушылары олимпиаданың 1-кезеңінің теориялық турына арнап олимпиада есептерінің талаптарына сай келетін әрқайсысы 5 есептен тұратын 10 нұсқа, бас-аяғы 50 есеп, ал 2-ші туры үшін әдістемелік мазмұнды 10 сұрақ және 10 эксперименттік есептер құрастырды. Осы тұста мұғалімдердің барлығы қатысатындығын және олардың деңгейін ескере отырып, есептер қарапайымнан күрделіге қарай, яғни кез келген мұғалім ең



кемі бес есептің үшеуін шығара алатындай мазмұнда ұйымдастырылды. Өкінішке орай, олимпиаданың 2-ші кезеңіне 8-ақ мұғалім жолдама алды.

Осы олимпиаданы өткізу арқылы облыс химия пәні мұғалімдерінің теориялық және әдістемелік білім деңгейлері жайлы толық мәлімет алдық. Болашақта кафедра тарапынан көмек көрсету мақсатында мұғалімдермен бірлесе отырып, семинарлар, білім көтеру курстарын және әр түрлі мазмұнды тренингтер өткізу қажеттілігін өткір сезіне отырып бірқатар жұмыстарды жоспарлап отырмыз.

Педагог пен мектептің моральдық борышы – оқушыларға өмірде, күнделікті жұмыста қажет болатын негізгі білімдерді беру. Әрине, барлық оқушы химик болып шыға бермейді, бірақ қазіргі таңда күнделікті тіршілік үшін химия ғылымының маңызы артып келеді.

Барлық мәселенің түйіні – ұстаз баланы өмір сүруге үйретуі, еңбекке, адаммен қарым-қатынасқа үйретуге, әрбір баланың өзінің қоғамдағы орнын анықтауына, бір сөзбен, дүниетанымдық көзқарасқа тәрбиелейді. Тек сабақ берумен шектелетін мұғаліммен нағыз мәнінде салыстырғанда, ұстазбен қарым-қатынаста болу оқушыны қуанышқа бөлейді, білім алуға жігерлендіреді. Бәсекеге қабілеттілік мәселесін шешу қажеттілігі «Мектеп – ЖОО» жүйесінде жоғары мектепке дейінгі білім берудің жаңа түрлерін, жаңа бағыттарын және жастардың дұрыс кәсіби бағдарлануының жаңа жолдарын іздестіруге итермелейді.

Республика бойынша жаратылыстану бағытындағы білім берудің төменгі деңгейде екендігінің мойындалып отыруы – химиялық білім беруде жоғары мектеп пен жұмыс беруші мекемелер арасындағы өзара әрекеттестік пен сабақтастықты жақсартуды қажет етіп отыр.

Орта және жоғары мектептің өзара әрекеттестігі үдерісі нәтижесінде пайда болған жалпы білім беретін мектептердегі лицей сыныптарының ашылуы басты қиындыққа айналып отырғаны бәрімізге аян. Лицей сыныбында дарынды балалар тереңдетілген бағдарламамен оқыса, жай сыныптағы оқушы қарапайым бағдарламамен оқиды. Оқушыларды осылайша екі топқа жіктеп оқыту мектептің психологиялық атмосферасын уландырады, лицейде оқитындар өздерінің артықшылықтарын, ал жай сыныпта оқитындар өздерінің «толыққанды» еместігін сезінеді. Нәтижесінде білім беру сапасы екі сыныпта да төмендейді.

Осы айтылған мәселелермен қоса жоғары білім алуға ауқатты азаматтардың балалары ғана қол жеткізіп, ал жағдайы төмен отбасы балалары үшін жоғары білім арманға айналып бара жатырғанын өмір тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан осы қиын мәселені шешу үшін:

- жалпы білім беретін мекемелерде оқушылар жеткілікті білім деңгейімен қамтамасыз етілуі тиіс;
- балада өз бетінше әрекет ету арқылы білім алу дағдысын қалыптастыру қажет;
- білім алу мотивациясын жоғарылату керек деп есептейміз.

Қазіргі таңда жастардың білім алуға ынтасы өте жоғары екендігі байқалып отыр. Сондықтан мектеп әкімшілігі, мұғалімдері және жоғары оқу орнының оқытушылары өзара әрекеттестікте бірлесе отырып білім берудің жоғары деңгейін сақтауға және оқушыны өз білімін үнемі тұрақты түрде толықтырып отыруға үйрету аса маңызды.

Бірлесе отырып оқушының болашақта қандай мамандықты таңдайтындығын ескере отырып бейімді сыныптар ашып, оларға арнайы таңдамалы элективтік курстар оқыту көптеген мәселелердің түйінін шешер еді деп ойлаймыз. Ондай сыныптарды педагогикалық, медициналық немесе инженерлік, т.с.с. сынып деп атауға болар еді. Қосымша пәндерді оқытуға жоғары оқу орнының оқытушыларын тартуға болады.

Осы тұрғыдан № 4 облыстық дарынды балалар мектеп-интернатында біздің кафедра оқытушылары Ш.О. Еспенбетованың химиядан сабақ беретіндігін, ал профессорлар К. Сәдуақасқызы мен Ә. Тапалованың оқушыларды олимпиада есептерін шығаруға, ғылыми жобалар жасауға үйрететіндігі орта және жоғары мектептің өзара әрекеттестігінің нақты мысалы бола алады.

Өзара әрекеттестіктің түрлері алуан түрлі. Соның арқасында білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығы қамтамасыз етіледі, оқушылардың қызығушылығына орай шығармашылық қабілеттері дамиды, кәсіби бағдар негізін алады, оқушы тұлғасының жалпы рухани және мәдени дамуы жүреді.

Еліміздің мектеп білім беру жүйесіндегі күрделі өзгерістер, оның саралануының күшеюі, сондай-ақ жоғары білім берудің көп деңгейлі құрылымдалуы орта және жоғары білім берудің әрекеттестігі арқылы үздіксіз білім беру жүйесінің дамуына және жетіле түсуіне жаңа мүмкіндіктер ашады.

Орта және жоғары мектеп арасындағы тиімді әрекеттестік пен сабақтастықты жүзеге асыру үшін Химия және экология кафедрасы көптеген жұмыстарды атқару үстінде. Кафедраның басты мақсаты – болашақ химия пәні мұғалімдеріне сапалы да жүйелі білім беру. Осы мақсатта 5В011200-Химия мамандығы бойынша оқитын бакалавриат студенттері мен 6М011200-Химия мамандығы бойынша оқитын магистранттарға арналған элективтік курстар каталогы жасалды. Оған қоса Қызылорда облыстық білім басқармасымен, республикалық кәсіпорын мұғалімдерді қайта даярлау және кәсіби біліктілігін жетілдіру институтымен, № 4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты және № 3 мектеп-лицеймен бірлесіп жұмыс жасау жөнінде келісімшарттар жасалды. Ол келісімшарттар бойынша педагогикалық кадрлардың сапасын жақсартуға бағытталған бірігіп атқарылатын ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, оқу-ұйымдастыру жұмыстарының жоспарлары жасалынып жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ студенттер мен магистранттардың білім алу сапасын жақсарту мақсатында Москва ашық білім беру институтының химияны оқыту әдістемесі кафедрасымен бірлесе отырып мына бағытта жұмыс жүргізу де көзделіп отыр:

- Білім алушының тұлғасын қалыптастыру және дамыту – білім берудің негізгі міндеті. Тұлғалық-бағдарлық білім беру жағдайындағы білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері;
- Химия сабақтарында оқушыларда пәнаралық біліктерді қалыптастырудың әдістемелік тәсілдері;
- Оқушылардың білім алу әрекетінің нәтижелерін бағалаудың құзырлылық тәсілі;
- Инновациялық білім беру технологиялары және олардың басты педагогикалық проблемаларды шешудегі рөлі;
- Химия курсындағы таным әдістеріне үйрету.

Сондай-ақ Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің химия кафедрасымен бірлесіп білімдік оқу бағдарламалары жасалуы үстінде. Жүргізіліп отырған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құралдар даярлануда. Химия және экология кафедрасы орта мектеп пен жоғары мектеп арасындағы өзара әрекеттестік пен сабақтастықты дамытып жетілдіру мақсатында әлі де талай жұмыстарды жүргізе береді.

#### Әдебиеттер:

1. Пак М.С. Дидактика химии. – М.: ВЛАДОС, 2004.
2. Оконь В. Введение в общую дидактику. – М., 1990.
3. Гузик Н.П. Учить учиться. – М., 1981.

#### Резюме

В целях повышения качества подготовки будущих учителей необходимо обеспечить непрерывность процесса образования. В этом направлении определенную роль играет диагностика проблем образования и связь с предприятиями работодателей. На кафедре химии и экологии Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата проводится целенаправленная работа по нескольким направлениям: организация очных и заочных олимпиад, разработка каталога элективных курсов, разработка учебных программ совместно с зарубежными вузами.

#### Summary

To achieve improvement of training prospect teachers it is necessary to maintain integrity of the education process. Diagnostics of problems of education and communication with employer enterprises play a distinctive role in following this path. Focused actions are taken by Chemistry and Ecology Department of Kyzylorda State University in several directions: organization of intermural and extramural science Olympics, design of elective courses catalog, design of academic curriculum together with foreign higher education institutions.

## СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СТИЛИСТИЧЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ЖУРНАЛИСТСКИХ ТЕКСТОВ РЕГИОНАЛЬНЫХ МЕСТНЫХ ПЕЧАТНЫХ ИЗДАНИЙ

**А.Н. КОРНИЛОВА,**

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
Республика Казахстан*

Актуальность изучения проблемы социальной обусловленности стилистической организации журналистских текстов региональных местных печатных изданий вызвана несколькими причинами [1]:

Возрастанием роли и значения региональной местной прессы в новой типологии СМИ, сформировавшейся в постсоветский период и характеризующейся переходом с вертикального на горизонтальный тип взаимоотношений СМИ в рамках региона [2, 49].

Необходимостью социолингвистического подхода при изучении публицистического текста как социально-коммуникативной системы [3, 49].

Изменениями в функциональной направленности региональной местной прессы, характеризующейся поворотом от чисто репрезентативной функции к функциям социальной, эстетической.

Необходимостью выявления и описания стилеобразующих факторов журналистских текстов в условиях размывания их строгих жанровых границ.

Повышенный интерес читательской аудитории к изданиям местной региональной прессы объясняется их информационным содержанием, отличающимся общедоступностью, простотой изложения, близостью, общеузнаваемостью освещаемых проблем и тем [2, 49].

Исчезновение с информационного горизонта партийно-идеологической монополии СМИ, имевшей место в советский период, и появление множества разнообразных по типам и формам учредительства изданий, функционирующих по законам рыночной модели экономики, выдвинули к жизни новые приоритеты и задачи, отодвинув на второй план нормы и цели чисто творческого характера.

Смещение акцентов в функциональной направленности региональных местных СМИ, предикативных необходимостью экономического и финансового выживания, борьбой за читателя, за лидерство по тиражу в регионе не могло не сказаться на самой журналистской продукции – текстах, на их стилистическом облике, претерпевшем за последние годы существенные изменения.

Суть социолингвистического подхода в изучении языковых явлений заключается в выявлении, описании и характеристике основных условий и причин социальной обусловленности языковых вариантов. Причем языковая вариативность проявляется в двух измерениях – через стратификационную и ситуативную вариативность.

По словам А.Д. Швейцара, «ситуативная вариативность проявляется в преимущественном использовании тех или иных языковых единиц или целых систем или подсистем (функционально-стилистических, диалектных, языковых) в зависимости от социальной ситуации» [3, 36].

Журналистские тексты региональных местных печатных изданий, чей стилистический облик зависит от ряда внеязыковых, экстралингвистических факторов, в том числе от специфики культурно-национальной среды данной территории, представляют яркий пример проявления ситуативной вариативности речи.

В результате комплексного социолингвистического анализа журналистских текстов областной газеты «Кызылординские вести», издающейся на русском языке (общественно-политический тип издания, общий тираж – свыше 6 тыс. человек, территория распространения – город Кызылорда, Кызылординская область и город Байконур) можно сделать следующие выводы:

1. Стиль «долженствования», господствовавший в советский период, сменился на стиль размышления, приглашения читателя к диалогу, конкретное предложение. Например: «Если брать во внимание опыт жарких стран, то там давно на таких объектах применяется экономичное и результативное капельное орошение из собственной скважины. Почему проектировщики не используют этот вариант? Наверное, привыкли к старым шаблонам. Или считают, что, автоматизировав полив пришкольного участка, они обидят детей, лишив их общения с лопатой?»

Вопросы, которые у автора возникли, существуют, и, думаю, для пользы дела нужно говорить о них открыто, а не делать вид, что все идет без проблем» («Строго по первой категории», «КВ», 2 августа 2012 г.).

2. Наблюдается тенденция на персонификацию текста. Спрос на личностную журналистику вызван не только процессом демократизации общества, но и возможностью выбора для читателя в условиях жесткой конкуренции СМИ. Имена авторов публикаций (И. Корнилов, Т. Касымов, И. Титенок и др.) становятся знаком издания и способствуют возникновению диалога с аудиторией. Подтверждением тому служит появление по существу, новых жанров – колонки обозревателя, персонально закрепленной за конкретным журналистом, и колонки редактора, регулярно выходящей на страницах газеты.

3. Ориентация на читательскую аудиторию, ставшая доминантной в функциональной направленности издания и обеспечивающая ему высокий рейтинг публикуемых материалов, а следовательно, и тираж, нарушила отношения внутри коммуникационной системы «действительность – автор – произведение – аудитория». Определяющими стали не столько жанрово-стилистические ожидания аудитории, сколько тематико-смысловые особенности публикуемых текстов. Происходит размывание жанровых границ текстов и расширение их содержательно-смыслового пространства. А «смысл, – по словам М.М. Бахтина, – это особый способ социальной коммуникации», «...повсюду действительный и возможный текст и его понимание» (1,309).

4. Актуализируются категории «контекста» и «подтекста». А под «контекстом понимаются система социальных отношений, породившая данный текст, историческое время, в котором существуют СМИ, связь текста с этносом, на который он рассчитан...». Подтекст также интерпретируется как «социально-нравственная и психологическая подоплека» [4,132].

Знаком представления категорий «контекста» и «подтекста» в журналистских материалах выступает, прежде всего, сам предмет отображения действительности, независимо от конкретного его вида (личность, процесс, ситуация, событие).

Социальная природа предмета отображения действительности делает его определяющим и стилеобразующим фактором в организации журналистских текстов, в отборе языковых и речевых единиц. В этом плане интересными представляются издания, функционирующие в границах конкретного региона, в частности, на территории Кызылординской области, где подавляющую часть населения (97%) составляет коренное население – казахи.

Именно предмет отображения действительности, отражающий всю палитру современной жизни местного населения, являющегося носителем и выразителем, прежде всего, национально-культурной самобытности народа, и является главным объединяющим ядром в стилистической организации журналистских текстов, придающих им целостность, социальную и эстетическую ценность. Например: «Аульный округ Томенарык – один из самых густонаселенных в Жанакорганском районе. Здесь в более чем 700 семьях проживают почти 5 тысяч человек. В начале 20 века, в 1905 году, здесь была построена железнодорожная станция на дороге, соединяющей Оренбург – Ташкент...» («Аул овцеводов и железнодорожников», «КВ», 2 августа 2012 г. Или: «Арман Бисенов – молодой комбайнер – механизатор ТОО «Турмагамбет Кармакшинского района». Седьмой год подряд он показывает лучшие результаты на жатве, награжден многочисленными грамотами и ценными подарками. В этом году он удостоен премии акима области «Сыр Үміті» («Есть мечта у комбайнера», «КВ», 13 сентября 2012 г.).

Специфика предмета отображения действительности отражена в названиях заголовков журналистских публикаций, таких как: «Сердце Казахстана», «Чернозем из Аральска», «ШШШШ: Шахматная шко-

ла «Шугыла» («КВ», 21 июня 2012 г.), «Когда цветет рис» («КВ», 26 июля 2012 г.), «В Сырдарье «скупать некогда» («КВ», 2 августа 2012 г.), «Ангус, шароле или акбас?» («КВ», 1 сентября 2012 г.), «Аким области в роли учителя» («КВ», 4 сентября 2012 г.), «Учатся имамы» («КВ», 6 сентября 2012 г.), «А от всадника не спрятаться, не скрыться...» («КВ», 13 сентября 2012 г.), «Болгарские песни с казахским акцентом», «От маленьких – большой рахмет» («КВ», 15 сентября 2012 г.) и др.

Таким образом, создание понятийно-образной картины повседневной текущей жизни, близкой и узнаваемой простыми людьми, является одной из главных задач сегодняшних СМИ, определяющих, в конечном счете, стилистическое своеобразие публикуемых материалов.

#### Литература:

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Наука, 1986. – С. 309.
2. Грабельников А.А. Работа журналиста в прессе. – М.: РИП-Холдинг, 2003. – С. 49.
3. Социоально-лингвистические исследования / Под редакцией Л.П. Крысина и Д.Н. Шмелева – М.: Наука, 1976. – С. 34-36.
4. Корконосенко С.Г. Основы творческой деятельности журналиста. – СПб., 2000. – С. 132.

#### Түйіндеме

Авторы жергілікті мерзімді басылымдардағы журналистік мәтіндер стилистикалық құрылысының әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін қарастырған. Мақалада кеңестік кезеңнен кейінгі аймақтық басылымдардың ақпарат айдынындағы рөлінің күшеюіне әсер еткен негізгі әлеуметтік факторлар көрсетілген.

Зерттеудің нысаны ретінде облыстық «Қызылординские вести» газеті алынған.

Қазіргі кездегі жергілікті халықтың ұлттық мәдениеті мен тұрмыс тіршілігі, өзіндік ерекшеліктерін аңғартатын журналистік мәтіндер талданған. Автор халықтың тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін айдарлар аясында жарық көрген журналистік мәтіндерге мән берген.

#### Summary

Article reviews social and linguistic features of the journalistic texts' stylistic structure published in local periodic press. General social factors that empowered regional press' role on the informational arena, after the Soviet era, are described.

Regional paper «Kyzylorda News» is chosen as a target of study.

Journalistic texts, which review culture and lifestyle, as well as personal distinctive features of present local public, were analyzed. Author paid special attention to the texts which were published in the columns that reviewed public's household.

ӘОЖ 372.857:004.031,42

## **БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ**

**Г.А. НАЗАРОВА,**

*педагогика ғылымдарының кандидаты*

**Г.Ы. НӘЛІБАЕВА, А.Ж. БЕРДЕНҚҰЛОВА,**

*биология ғылымдарының кандидаты,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Биологиялық білімді дүниетаным жүйесіне енгізу үшін биологиялық таным ұстанымдарына бағдарлау керек. Бұл ұстанымдар мұғалімге оқыту мазмұнын дұрыс құрылымдауға көмектеседі.



Биологиялық танымның негізгі ұстанымдарына: детерменизм (себептілік), жүйелілік, тарихилық (эволюциялық), редукционизм және кіріктіру жатады.

*Детерменизм.* Детерменизм ұстанымы дүниенің материалды біртұтастылығы, материяның өз бетінше қозғалысы және құбылыстың өзара байланыстары секілді жалпы философиялық ұстанымдарды нақтылайды. Детерменизм себеп-салдар қатынасы арасында маңызды орынға ие болатын әр түрлі формада жүзеге асырылатын құбылыс пен үдерістің арасындағы заңды байланысты мойындайды. Америкалық эволюцияны танушы әрі биологияның негізін зерттеуші Э. Майр «Себептілік ұстанымы арқылы өткен оқиғаны түсіндіріп, болашақты болжауға және болжамды түсіндіруге болады» деген.

*Редукционизм және кіріктіру.* Тұтас организмді оның жеке бөліктері, элементтері (мүшелері, ұлпалары, клеткалары) арқылы зерттеу, зерттеудің аналитикалық әдісі – тірі табиғатты танудың заңды және қажетті жолы. Алайда жеке элементтерді зерттеу барысында олардың біртұтастылығын қамтамасыз ететін арасындағы байланыстарды да ұмытпауымыз керек. Тек жеке элементтердің өзін ғана зерттеуге әуестену зерттеушіні жалған тұжырым жасауға соқтырады.

Күрделі жүйені (организмді) қарапайым бірліктердің (клеткалардың) қосындысына жинақтау – редукционизм (лат. тілінен аударғанда сведение немесе жинақтау деген мағынаны береді) – таным объектісін бөліктерге бөліп зерттейтін эксперименттік, аналитикалық зерттеу әдісінің нәтижесі.

Биологиялық құрылымның жүйелілік сипаты, иерариялық құрылымдылығы ғылыми танымның кіріктіру ұстанымын айқындайды. Яғни алға жылжи келе күрделену нәтижесінде жаңа сапа, қасиет қалай жасалады деген сұрақтарға жауап іздей отырып, зерттейді.

*Жүйелілік.* Жүйелілік ұстанымының дүниетанымдық және әлеуметтік мәдени бастамалары, әсіресе, экологиялық дағдарыс – утилитаризмнің (тұтынушылықтың) туындауының нәтижесінде өзекті болған, табиғатты тұтастылықта қарау қажеттілігі.

Жүйелілік – құбылысқа, олардың өзара әрекеттестігіне сәйкес тұрақтылықты, бірқалыптылықты түсіндіруге бағдарланған зерттеу ұстанымы. Тірі табиғатты осы ұстанымға сәйкес зерттеу аясында пайдаланылатын «клетка торы» мынадай ұғымдардан тұрады: жүйе – қоршаған ортаға және басқа да жүйелерге қатысты біртұтастылықты құраушы өзара байланысты тұтастылық; элемент немесе құрама бөлік – белгілі бір қызмет атқаратын жүйенің ең кішкентай бірлігі; жүйе құрамында элементтердің байланысының жиынтығы оның құрылымын құрайды; жүйенің қызметінде және элементтермен бірігіп орындайтын элементтің рөлі оның қызметі болып табылады.

*Тарихилық.* Тарихи танымның бастауы уақытты үздіксіз әрі қайтымсыз үдеріс деп танудан шығады.

Биологияда тарихилық ұстанымның мәні Д. Бернальдің сөзімен түсіндірілгенде, тіршілікке «тарих элементі» тән. «Биологияның зерттейтін барлық құбылыстары оқиғалардың үздіксіз тізбегін құрайды және алдыңғы, яғни жаңа оқиғаны өткен оқиғаны ескермей түсіндіру мүмкін емес. Тіршіліктің біртұтастылығы оның тарихынан бастау алады және соған сәйкес оның шығу тегінің бейнесі болып табылады.

Осыған сәйкес, бүгінгі күн проблемаларының бірі ақпараттың, соның ішінде биологиялық ақпараттардың да «ақылға сыймайтын шамадан тыс, игеруде адамның биологиялық мүмкіншіліктерінен артық» [1] мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу / оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игерте алатын және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап білім саласында тұлғалық дамуды оқудың / оқытудың негізі ретінде қарастырады. Бұл ұстаным білім игеру процесіне жаңа парадигманы қалыптастырады. Яғни, егер кешегі күні таным процесін біз «білім беру», «оқыту», «үйрету» деп түсініп, сабақты осы тұрғыда жүргізсек, енді бүгінгі күні бізге бұл түсініктерді «білім алу / игеру», «оқу», «үйрену» деген ұстаным бойынша ұйымдастыруымыз керек.

Дәстүрлі «білім беру» өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген (мемлекеттік стандарттарда көрсетілген пәндер мен сабақтардың аумағында) білім жиынтығын игерумен (оқытумен) шектейді. Ал инновациялық көзқарас оқу / үйренудің негізін тек пәндер емес, ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді әдістер құрауы керек деп тұжырымдайды. Интербелсенді әдістер педагогикалық тәсілдердің өзгеруіне алып келіп, оқушылардың өз бетінше дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Интербелсенді (интерактивті) оқу / оқыту бірінші мезетте білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «act» – «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз – біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

- барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;
- әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

Сонымен интербелсенді оқу/оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) ортақ мағынасына және аяққы нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, ойларымен алмасады, тиімді нәтижеге (білімге) қандай бірлескен үйрену/оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды.

Интербелсенді оқу/оқыту диалогтық қатынасқа негізделеді, ал диалог өз кезегінде өзара түсіністікке, бірлескен әрекеттерге, таным процесінде туындаған мәселелер мен проблемаларды бірлесе шешуге алып келеді. Интербелсенді оқуда / үйренуде білім алушылар келесідей білім, білік, дағды, құзырлық, машықтарға үйренеді:

- терең ойлануға;
- ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алуға;
- ақпаратты жан-жақты талдауға;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыруға;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеуге;
- басқа да балама пікірлерді ескеруге;
- шешім қабылдауға және қиын мәселелерді шешуге;
- жауапкершілікке (өз біліміне, өміріне);
- басқалармен тиімді қарым-қатынас құруға.

Интербелсенді оқу/оқыту келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл сыныппен);
- жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары;
- ситуативтік және рөлдік ойындар;
- ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай, басқа адамдар: мамандар, т.б.);
- шығармашылық жұмыстар, т.б.

Өз кезегінде бірлескен жұмыс әдістері өзін-өзі мен басқа адамдарды танудың құралы болып табылады, олар дүниетаным қалыптастырып, тұлғаның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды.

Интербелсенді оқу/оқытуға негізделген «Бөлме өсімдіктерін күту» пәні бойынша зертханалық сабақтың үлгісін ұсынамыз:

*Тақырып. «Бөлме өсімдіктерінің зиянкестері мен аурулары және олардан қорғау шаралары»*

*Мақсаты.* Студенттер «Бөлме өсімдіктерінің зиянкестері мен аурулары қандай?» деген сұраққа жауап беріп, бөлме өсімдіктерінің зиянкестері мен ауруларының белгілерін, ерекшеліктерін, олардан қорғау шаралары туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

*Жабдықталуы.* Дәріс материалдары: бөлме өсімдіктерінің зиянкестері мен аурулары туралы мәліметтер, суреттер, слайдтар, маркерлер.

*1. «Проблеманы айқындау» кезеңі*

Ой сергек ұйымдастырылады.

№ 1 тапсырма. «Бөлме өсімдіктерінің зиянкестерінің және оларға тән ауруларының басты белгілері не? Олардың пайда болуының алғышарты қандай?»

Сабақ басында оқытушы студенттерге талқыланатын проблеманы (проблемаларды) ұсынып, сол мәселе бойынша білімдерін, пікірлері мен көзқарастарын анықтау мақсатында оларға келесі тәртіппен төмендегідей тапсырмаларды орындауды ұсынады:


– *Жеке жұмыс.* Әр студент «Бөлме өсімдіктерінің зиянкестері мен ауру түрлері қандай» деген сұрақтар төңірегінде берілген уақыт ішінде (1-3 минут) жекелей ойланып, өз идеяларын қағазға түсіреді. Бұл жазбаларын оқышы сабақ бойы толықтырады, сабақ соңында бастапқы жазғандарына қайта оралып, оларды қорытынды жазбасымен салыстырады, сол арқылы өз білімін қандай деңгейде жетілдіргендігін анықтайды, ой толғайды.

– *Топтық жұмыс.* Шағын топ ішінде оқушылар жазғандарымен бөлісіп, талқылау ұйымдастырады, өз ойларын толықтырады, оларға өзгерту енгізеді. Топтық талқылау нәтижесінде студенттер бәріне де ортақ, жалпылама бір шешімге тоқталуы керек. Бұл жұмысқа уақыт көбірек беріледі (шамамен 5-7 минуттай).

– *Жариялау.* Кезекпен әрбір топтан бір студент (шешен, спикер) топ тұжырымдарын ауызша жария қылады.

– *Қорытындылау.* Оқытушы тақтаны (немесе плакатты) екі бағанға бөліп, сол жағын «Не білеміз?», ал оң жағын «Қандай проблемалар бар?» деп атап, студенттің жауаптарын жазады.

Мұғалім сұрауы бойынша бір студент талқыланатын проблема бойынша оқу тобындағы бүкіл студенттер келтірген негізгі деректер мен проблемалардың қысқаша тізімін тақтаға (плакатқа) жазады. Мысалы:



– *Негізгі проблеманы айқындау.* Тақтаға жазылған тізім ішінен студенттер оқытушының ұйымдастыруымен ең өзекті проблеманы таңдайды (проблемалардың бірнешеуі болуы да мүмкін; мұндай жағдайда әр топ сабақтың келесі кезеңінде жеке проблеманы қарастыру ісімен шұғылданады).

## II. «Проблема шешу» кезеңі

Студенттерге қағазға басылған дәріс мәтіні немесе электронды нұсқасы интерактивті тақта арқылы таныстырылады, оның бөлімдер бойынша оқылатындығы ескертіледі.

№ 2 тапсырма. Мәтінді оқып, бөлме өсімдіктерінің зиянкестері мен ауруларының ерекшеліктерін, айырмашылықтарын Т кестесін толтыра отырып анықтау.

– *Жеке-топтық жұмыс.* Әр студент мәтінді оқып, бірінші қатар мен екінші қатардың жартысындағы студенттер бөлме өсімдіктерінің зиянкестері, ал үшінші қатар мен екінші қатардың қалған жартысындағы студенттер өсімдіктердің ауруларының түрлерін анықтап және олардың белгілеріне, ерекшеліктеріне сипаттама беру (10 мин).




– *Топтық жұмыс.* Студентер шағын топ ішінде (10-20 минут) проблеманы шешу ісімен шұғылданады. Оқытушы оларға мәліметті жан-жақты қарастырып, зерттеп, игеруге тиімді белсенді тәсілдерді ұсынады. Бір топ бөлме өсімдіктерінің зиянкестердің, ал екінші топ студенттері өсімдіктердің ауруларының ерекшеліктерін анықтап Т кестесін толтырады (10 мин). Жұмыс нәтижесі графикалық түрде көлемді қағазға (плакат, А3 форматындағы қағаз) түрлі-түсті маркерлермен түсіріліп, қабырғаға ілінеді.

Бөлме өсімдіктерінің зиянкестері	Бөлме өсімдіктерінің аурулары
Зақымдалған өсімдікте көріну жағдайы	
Зақымдаушы	
Оның пайда болуының алғышарты	
Күресу жолдары	
Зақымдануға бейім өсімдік түрлері	


### III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі

– *Презентация.* Кезекпен әрбір топтың атынан бір студент (шешен, спикер) ортаға шығып, берілген уақыт ауқымында (1,5-2 минут) плакатта келтірілген өз тұжырымдарын жария қылады, оларды қорғайды, оқытушы мен басқа топтардың сұрақтарына жауап береді.

– *Қорытындылау.* Оқытушы әр топ келтірген шешімдердің тиімді жақтарына тоқталып, қысқаша түсініктеме береді. Мысалы, бөлме өсімдіктерінің зиянкестерінің басты ерекшеліктері деп төмендегі слайдты көрсетеді.



Ал екінші топ жарық жетпеуінен болатын өсімдіктердегі ауру белгілерін сипаттайтын слайдты көрсетеді.



– *Бағалау*. Студенттердің алған білімдерін анықтау мақсатында оқытушы оларға жекелей жазу жұмысын орындауды тапсырады (6-10 минут). Жазу жұмысының эссе, еркін жазу, дөңгелек стол немесе зиянкестердің морфологиялық белгілерін сипаттау, салу, т.б. тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы орынды.

– *Жариялау*. Студенттер топ ішінде өздерінің жазғандарын әріптестеріне оқып береді. Әр топтан бір жұмыс (студенттің қалауы немесе басқа студенттердің тілектері бойынша) бүкіл топқа оқылады. Оқытушы барлық студенттің жазба жұмыстарын жинап алуына болады немесе тек өзіне тексеру үшін керекті жұмыстарды жинап алып (мәселен, он шақты жұмыс), қалған жұмыстарды қабырғаға іліп қойып, үзілісте студенттерден олармен танысуды және бағалауды (мәселен, ұнаған жұмысқа жағымды комментарий жазылған стикер іліп қоюға болады) сұрайды.

– *Үй жұмысы*. Сабақта меңгерген жаңа білімдерін тереңдету мақсатында оқытушы студенттерге тапсырмалар беріп, олардың орындалуын жазбаша түрде (мәселен, 3-4 беттік эссе немесе кесте, схема, график, жоспар, т.б. түрінде) келесі сабақта өткізуді тапсырады. Осы тақырып бойынша студенттерге ең кем дегенде алты өсімдіктің зиянкестері мен аурулары туралы сипаттап немесе кесте түрінде толтырып, зиянкестің суретін салуға тапсырма беріледі.

– *Кері байланыс (қорыту)*. Оқытушы сабақта қарастырылып, өз шешімін тапқан проблемалар және сабақтың қалайша өткендігі туралы бір-екі студенттен («Ұнады – ұнамады, Пайдасы бар – пайдасы шамалы, Қызық – қызық емес» тұрғысында) пікірін сұрайды (1 минут).

Биологиялық білім беруде интербелсенді оқыту әдісін пайдалану студенттердің өз бетінше білім алуына зор ықпал ете отырып, оқытушының осы әдістің мәнін дұрыс ұғынуды және оны тиімді пайдалану үшін сабақты дұрыс жоспарлауды, сол жоспар бойынша, әсіресе, әр кезеңге бөлінген уақытты қатаң сақтауды талап етеді. Бұл сабақтың нәтижелі боуын қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер:

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989.
2. Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология учебно-воспитательного процесса. – Усть-Каменогорск, 1992.

#### Резюме

В статье рассматривается значение биологических знаний в общей системе мировоззрения обучающихся. Это позволит преподавателю системно сформировать содержание биологических понятий. К основным биологическим понятиям относятся: детерминизм (значимость), системность, историчность (эволюционность), редукционизм и интегрирование.



Интегрированные методы приводят к изменениям педагогических приемов, что позволит обучающимся проявить свои возможности, понять и оценить себя, заняться самообразованием. Предлагается лабораторное занятие по дисциплине «Уход за комнатными растениями» «Вредители и болезни комнатных растений» в интерактивной форме обучения.

#### Summary

Article reviews the importance of biological knowledge in general ideology system of students. This will allow teachers to systematically shape the content of biological concepts. Basic biological concepts include: determinism (significance), systemness, historicity (evolutionarily), reductionism and integration.

Integrated methods lead to changes in teaching methods that allow students to identify their capabilities, understand and evaluate themselves, and engage in self-education.

Lab classes, in interactive format of education, are offered on «House plant care» and «Pests and diseases of indoor plants» courses.

ЭОЖ : 574 : 54 : 375.5

## КОМПЛЕКСНЫЙ ЛАБОРАТОРНЫЙ ПРАКТИКУМ В ПОДГОТОВКЕ ЭКОЛОГОВ

**С.М. НАРЕНОВА,**

*кандидат технических наук, доцент*

**Ш.О. ЕСПЕНБЕТОВА,**

*кандидат технических наук,*

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,*

*Республика Казахстан*

При переходе к многоуровневой модели высшего профессионального образования меняются его задачи. Практикум является хорошо известной формой организации обучения в образовании, однако в условиях модернизации его содержание, структура, содержательное наполнение, формы организации и место в учебном процессе могут утратить свою целостность и преемственность.

Практикум (от греч. «деятельный») – особый вид учебных занятий, имеющих целью практическое усвоение основных положений изучаемых дисциплин. Место и функции создаваемого комплексного практикума в подготовке экологов (специальность 5В060800 – «Экология») определяют дидактические принципы организации обучения в вузе [1, 2].

Основные дидактические принципы создания комплексного практикума:

- формирование у студентов целостного научного мировоззрения;
- фундаментализация образования;
- усиление интеграции образования и фундаментальной науки.

В настоящее время можно выделить два возможных пути реализации фундаментального подхода в образовании. Первый – органичное внедрение в учебный процесс научных исследований. Соответствующая идея была сформулирована еще В. Вернадским в «Письмах о высшем образовании» (1913 г.): «*В вузе научная работа так же важна, как и учебная, и с этой последней взаимосвязана и переплетена. <...> Лишь постепенно сознание неразрывности научной работы с правильно поставленным преподаванием в высшей школе становится господствующим в академической среде*». Основу содержания образования, следовательно, должны составлять знания, которые получены наукой сейчас, в настоящее время, т.е. образование необходимо встраивать в научные исследования, проведение которых является определяющим

условием существования университета. Второй путь реализации принципа фундаментализации образования – создание специальных интегрированных курсов. Хороший специалист должен уметь видеть проблему и соотносить с ней фактический материал; выдвигать гипотезы и осуществлять мысленное упреждение; пользоваться аналогией и переносом; комбинировать известные способы решения проблемы и создавать новые; искать альтернативные решения. Перечисленные умения формируются в процессе исследовательской деятельности, она и составляет основу создаваемого практикума. Теоретическая и экспериментальная подготовка будущего эколога будет более эффективной, по нашему мнению, если в нее будет входить комплексный лабораторный практикум, цели которого дифференцированы с учетом специфики формируемой профессиональной деятельности, а структура детерминирована задачами и планируемыми результатами работы. В содержании лабораторного практикума должны быть отражены знания, полученные в результате научных исследований, проводимых в процессе изучения спецкурсов, и позволяющие углубить теоретические представления дисциплин подготовки циклов БД и СД Учебного плана специальности 5В060800 – «Экология». Дидактические условия проведения практикума должны позволять формировать у студентов творческие умения, трансформирующие учебные навыки в профессиональные, обеспечивающие последующее развитие знаний и умений в процессе самостоятельной профессиональной деятельности.

Дидактические задачи практикума заключаются в актуализации опорных знаний по химико-экологическим методам исследования и защите объектов окружающей среды, формировании системы профессиональных умений и навыков, развитии познавательных сил и возможностей будущих специалистов-экологов, формировании творческого подхода к профессиональной деятельности, становлении эмоционально-ценностного отношения к получаемой информации. Иными словами, практикум предполагает интеграцию содержательного, процессуального, мотивационного аспектов подготовки специалистов-экологов. Комплексный практикум направлен на овладение студентами практическими умениями, отраженными в образовательном стандарте по направлению подготовки дипломированных специалистов «Экологов» [3], и предусматривает готовность студентов к моделированию, организации и анализу лабораторной профессиональной деятельности. Практикум осуществляется как часть образовательного процесса в комплексе с лекциями и практическими занятиями, производственной практикой и научно-исследовательской работой студентов. Практикум может занимать автономное положение в учебном плане, а может (как это практикуется на кафедре химии и экологии КГУ имени Коркыт Ата, г. Кызылорда) реализовывать свой потенциал в организационных рамках лабораторных часов отдельных дисциплин блоков СД и КВ Учебного плана, так как отдельных часов для него не выделяется [4]. Содержание лабораторного практикума является комплексным, поскольку отбирается в соответствии с изучаемыми студентами курсами: «Химия окружающей среды», «Технический анализ неорганических веществ окружающей среды», «Химический анализ нефти и нефтепродуктов», «Методы и приборы контроля окружающей среды».

В первой части практикума общей темой выступает «Изучение устройств и работа приборов»: КФК-3, «Экотест-2000», спектрофотометра СФ-26, кондуктометра, вискозиметра ВЗ-4 и др., во второй – «Лабораторные методы исследования природных сред», в третьей, обобщающей, – «Комплексные исследования природного объекта». Темы работ для первой части практикума могут быть следующими: «Приготовление солевой вытяжки из почв и определение рН «Экотестом», «Измерение электропроводности и солености воды методом кондуктометрии», «Исследование работы ионоселективного электрода и измерение концентрации анализируемого иона в природных водах» и др. Цель – уметь использовать лабораторное оборудование для предложенного исследования.

Для второй части мы предлагаем студентам выполнение таких работ: «Определение обменного марганца в природных водах и почвенных вытяжках методом фотоколориметрии», «Приготовление водной и солевой вытяжек почвы; определение рН, потенциальной кислотности, содержания карбонатов и бикарбонатов в почве», «Определение хлоридов методом Фольгарда. Методы осаждения и комплексообразования», «Определение жесткости воды. Кислотно-основной метод титриметрического ана-

лиза», «Определение восстановителей в природных и сточных водах методом перманганатометрии» и др. Цель – уметь применять определенный метод исследования для поставленной задачи. Третья часть практикума – это полноценные студенческие исследовательские работы, как правило, являющиеся частью незавершенных научных исследований кафедры (или, с учебной целью, повторяющие завершенные исследования), например: «Комплексное физико-химическое исследование почв селитебных районов Кызылорды», «Сравнение качества водопроводной и бутилированной питьевой воды по химическим и органолептическим показателям», «Сравнение эффективности различных осветлителей воды в процессе водоподготовки» и др. Цель – для поставленной проблемы уметь выбрать метод исследования, подобрать необходимое для него лабораторное оборудование, составить план работы, выполнить его, обработать результаты, сделать выводы, при необходимости уметь прогнозировать ситуацию. Проектируемые работы практикума должны способствовать: обобщению и углублению знаний, полученных на теоретических занятиях, о физико-химических свойствах природных объектов, о методах их мониторинга, способах и методиках отбора проб и лабораторной пробоподготовке; развитию аналитических и прогностических, проективных, рефлексивных, организаторских и коммуникативных умений и навыков будущих специалистов-экологов в процессе решения практических производственных задач, анализа критических ситуаций, а также при подготовке, организации, участии и анализе работы в группах; овладению будущими инженерами-экологами различными технологиями интеллектуальной деятельности: целеполагания и планирования профессиональной деятельности; конструирования, организации и анализа эколого-лабораторных исследований; умению работать в команде и установлению профессионально целесообразных взаимоотношений. Практикум как образовательная технология реализуется поэтапно: этап подготовительно-прогностический – определение целей и задач данного практикума в целом или его части в данном семестре или учебном году, определение содержания, подбор вариантов заданий для студентов; этап организационно-деятельностный – разработка лабораторных работ и их выполнение, решение конкретных технологических задач, ситуаций, организация и проведение деловых игр; этап оценочно-результативный – оценивание осуществленной студентами деятельности в учебном, профессиональном, социальном и т.п. аспектах. Работа в лаборатории не только дает студентам определенные знания, навыки и умения, но и прививает им любовь к эксперименту, к эффективной, полноценной его постановке, развивает их самостоятельность и инициативу.

Лабораторный эксперимент в настоящее время считается не только одним из наиболее эффективных методов обучения, но и важнейшим средством воспитательных и развивающих воздействий на субъект деятельности. В плане развития личности, психического развития, развития сознания профессиональный практикум позволяет видеть проблему в целом (видение проблемы в целом – главный аспект теоретических знаний). Студенты в процессе планирования эксперимента, подбора методов и аппаратуры учатся теоретически осмысливать этапы эксперимента (выделять общенаучные методы, методы расчета, анализировать результаты, раскрывать сущности понятий, моделей, теорий, законов); через эксперимент проводить систематизацию и классификацию знаний по изучаемой проблеме. Комплексный профессиональный практикум может и должен выступать средством, с помощью которого студент утверждает себя как личность (деятельность – основной путь, единственный эффективный способ формирования и развития личности) и как профессионал.

#### Литература:

1. Гусакова Н.В. Современные методологические подходы и новые образовательные технологии в реализации направления 553500 – Защита окружающей среды // Безопасность жизнедеятельности. – 2005. – № 1.
2. Гусакова Н.В. Современные методологические подходы и новые образовательные технологии в высшем техническом образовании // Актуальные проблемы социальной работы, экономики, образования и культуры. Вып. 5 / Под ред. В.С. Кукушина. – Ростов н/Д, 2006. – С. 132-137.
3. Стандарт специальности 5В060800 – «Экология».

4. Гусакова Н.В., Королев А.Н., Петров В.В. Новые образовательные технологии в высшем техническом образовании: комплексный (профессиональный) лабораторный практикум // Инновационные образовательные технологии в технических университетах: Сборник научных статей. – Новочеркасск, 2006. – С. 186-192.

#### Түйіндеме

«Экология» мамандығы бойынша оқитын студенттерді дайындау барысындакешенді практикумды қолданудың маңызы қарастырылған. Практикум бірнеше сатыдан тұратыны: бірінші зерттеу барысында қолданылатын химиялық құралдармен жұмыс істеуді меңгеру, екінші, қойылған міндет үшін зерттеу әдісін қолдана білу, үшінші, студенттік зерттеу жұмысын жүргізе білу туралы айтылған.

#### Summary

The importance of complex practical work in training students majoring in Ecology is reviewed. Article describes practical work, which consists of: firstly, learning to work with chemical instruments used during examinations; secondly, ability to use research method for given objectives; thirdly, ability to conduct academic research.

УДК 51:378.146

## **НЕКОТОРЫЕ СПОСОБЫ САМОПРОВЕРКИ РЕЗУЛЬТАТОВ ВЫПОЛНЕНИЯ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ЗАДАНИЙ СТУДЕНТАМИ ТЕХНИЧЕСКИХ ВУЗОВ**

**М.Г. МИРОНОВА,**

*Ухтинский государственный технический университет,  
г. Ухта, Россия*

Любой инженер должен уметь владеть различными технологиями, необходимыми в своей профессиональной деятельности, определять цели и задачи своей деятельности, контролировать технологический процесс, находить и устранять неполадки. Можно сказать, что специфика профессиональной деятельности инженеров требует развитых умений самопроверки и самоконтроля своей деятельности. Поэтому уже с первых дней обучения студентов технического вуза необходимо приучать к самопроверке и самоконтролю своей учебной деятельности. Формирование умений самопроверки и самоконтроля мы рассматриваем как развитие способностей контролировать, проверять и корректировать свою учебную деятельность. Реализация этого возможна при изучении математики посредством решения различных видов заданий.

Студент должен знать способы проверки результата своего решения, поэтому необходимо создать условия, при которых он понимал бы, каким образом он может проверить свой результат, полученный в ходе выполнения задания. Существует несколько способов проверки. Мы не будем брать в рассмотрение проверку ответа по учебнику, так как студенты технического вуза чаще сталкиваются с исследовательскими (реальными, жизненными) заданиями, переведенными на язык математики, к которым нет ответов в учебнике. Спектр возможных способов проверки студентом своего ответа, полученного в ходе решения математического задания, включает следующие четыре направления:

- Проверка способами, не выходящими за рамки условия задания;
- Решение задачи другим методом (способом);
- Составление и решение обратной задачи;
- Решение задачи с использованием компьютерных программ.

Все перечисленные способы проверки результата выполнения задания применимы к математическим заданиям, решаемым студентами технического вуза в курсе математики.

Осуществить проверку результата способами, не выходящими за рамки условия задания, целесообразно в следующих случаях:

При решении уравнений (в том числе дифференциальных). В этом случае для проверки правильности найденного решения подставляем его в исходное уравнение. Если получаем верное равенство, то решение найдено верно.

При решении систем уравнений. Полученный результат подставляем в данную систему. Если ответ найден правильно, то все уравнения системы обращаются в верное равенство.

При вычислении интегралов. Результат интегрирования всегда можно проверить дифференцированием.

При нахождении обратной матрицы. Правильность нахождения обратной матрицы проверяется путем умножения ее на исходную, в результате чего в случае верного решения должна получиться единичная матрица.

При исследовании графиков функции. Все свойства исследуемой функции можно проверить наглядно по графику.

Если же нельзя непосредственно осуществить проверку решения, не выходя за рамки условия, то применяют второй способ проверки результата – решение задания по-другому, другим способом (например, решить определитель методом разложения по строке/столбцу и проверить правильность по правилу треугольника). Под разными способами решения чаще всего понимают способы решения, которые различаются связями между данными и искомыми, положенными в основу решения. Все способы решения одного и того же задания приводят к одинаковому результату в силу единственности решения. К тому же математические упражнения допускают решение несколькими способами во многих случаях. Поэтому решение математических заданий разными способами можно использовать для проверки правильности решения. Потребность в таком способе проверки может возникнуть у студента в случае, если *другое решение проще (или короче), чем первое*. Например, в стандартном задании на нахождение площади фигуры, ограниченной графиком функции  $x^2+y^2=4(x\geq 0, y\geq 0)$ , как известно, применяют два способа выполнения:

$$1 \text{ способ: } S = \int_0^{\frac{\pi}{2}} d\varphi \int_0^2 r dr = \int_0^{\frac{\pi}{2}} d\varphi \cdot \frac{2^2}{2} = 2 \cdot \left( \frac{\pi}{2} - 0 \right) = \pi \text{ (кв. ед.)}.$$

$$2 \text{ способ: } S = \frac{\pi \cdot 2^2}{4} = \pi \text{ (кв. ед.)}.$$

Другая ситуация, при которой естественным образом возникает потребность проверить собственное решение, связана с получением парадоксального ответа (вероятность события больше единицы, площадь или объем – отрицательная величина и т.п.).

Для выработки потребности в отыскании другого способа решения задачи можно использовать прием наглядного представления ответа (работа с графиками, операции сложения и вычитания комплексных чисел, действия с векторами и т.д.).

Еще один способ проверки – это составление и решение обратного задания. При проверке решения этим способом студенты должны выполнить ряд действий: а) подставить в текст задания найденное число; б) выбрать новое искомое; в) сформулировать новое задание; г) решить его; д) сравнить полученное число с тем данным первого задания, которое было выбрано в качестве искомого, и на основе этого сравнения составить соответствующее умозаключение о правильности решения исходного за-



дания. Например, при вычислении значения дроби в комплексных числах  $z = \frac{z_1}{z_2}$  (если  $z_1 = 2i + 1$ ,  $z_2 = 2 - 3i$ ) проверка вытекает из правила деления:  $z_1 = z \cdot z_2$ . При нахождении фокусного расстояния  $c$  эллипса  $\frac{x^2}{4} + \frac{y^2}{9} = 1$  проверка сводится к отысканию одной из полуосей, например большой  $b = \sqrt{a^2 + c^2}$ .

Современные студенты хорошо подготовлены в области информационных технологий, поэтому проводить проверку результата решения задания они могут, используя различные компьютерные программы (Excel, Mathcad, MATLAB и др.). Но далеко не каждую задачу можно решить с использованием компьютера.

Таким образом, каждый способ проверки решения заданий обладает различными возможностями в формировании умений самопроверки и самоконтроля учебной деятельности студентов.

#### Резюме

В статье представлены 4 способа осуществления самопроверки учебной деятельности студентов технического вуза при решении заданий по математике: проверка способами, не выходящими за рамки условия задания; решение задачи другим методом (способом); составление и решение обратной задачи; решение задачи с использованием компьютерных программ. Каждый способ проверки решения заданий обладает различными возможностями в формировании умений самопроверки и самоконтроля учебной деятельности студентов. К каждому из них приведены обоснования с примерами из курса математики для студентов технических специальностей.

#### Summary

Current article covers four methods of conducting self-test of the academic activity of the technical college student, when solving mathematic problems: test with methods, not going beyond the work frame of the problem; solving the problem with other method; composition and solving of inverse problem; solving the problem with the use computer software. Each method of checking the solution set has different capacity of forming self-test and self-discipline of students' academic activity. Each method is provided with justification together with examples from Mathematics course for students with technical major.

ӘОЖ 001.8:37.26.1:373

## **ОҚУШЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ**

**К. СӘДУАҚАСҚЫЗЫ,**

*педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор*

**Ж. ЕГІЗБАЕВА,**

*магистрант,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі

дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан қоғамға ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 27 қаңтар 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Біз 2015 жылға қарай табысы жоғары елдердің қатарына қосылуды көздеп отырған елміз. Бірлігімізді сақтап, осылай еңбек ететін болсақ, ол мақсатқа да жететін боламыз. Еліміздің болашақ ғылыми элитасын жасау үшін дарынды балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту – педагогтердің маңызды борышы» деп атап көрсетті. Сондықтан, химияның бірінші сабақтарынан бастап-ақ химияға қызығушылығын және қабілетті оқушыларды анықтау маңызды. Дарынды балалармен жұмыс тек химия сабағының аясында ғана емес, қосымша сабақтар, элективтік курстар, қашықтықтан оқыту және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу түрінде де жүзеге асырылады. Дарынды балалармен жұмыс істеуде интернеттің кейбір сайт ресурстарының көмегі зор. Сондай-ақ, оқушыны дамытатын қосымша әдістерді тиімді пайдалануға да болады.

Әрбір оқушы тұлғасының шығармашылық әлеуетін дамыту мектеп қызметінің жетекші бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан, әрбір мектепте дарынды балалармен жұмыс істеудің нақты бір жүйесі қалыптасуы тиіс. Оқушының дарындылығын диагностикалық зерттеу арқылы анықтап, оның негізінде психологиялық-педагогикалық консилиумдар жүргізіп, тәсілдері мен әдістері анықталып, жұмыстың нәтижелік критерийлері жасалады. Соңғы жылдары олимпиадалық қозғалыс қарқынды дәрежеде жүруде. Бірақ дарынды баланы дамыту үшін тек олимпиадаға қатыстыру жеткіліксіз. Дарынды баланы дамытудың ең басты әдісі – оны ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету. Осы мақсатта мектептерде «Мектеп үшін емес, өмір сүру үшін оқимыз» деген ұранмен ғылыми және шығармашылық күндерін өткізу өте тиімді.

Олардың ішінде үздік шыққан оқушыларды «Жыл оқушысы» сайысына қатыстырып, оқушының өзінің дарындылық және шығармашылық әлеуетін барынша дамуына жағдай туғызған жөн.

Дарынды балалардың қабілетін дамыту педагогтар мен балалардың одақтасуының ең жоғарғы деңгейін қажет етеді. Әрбір мұғалім дарынды балалардың тағдырында маңызды роль атқаратындығын айтқан жөн. Мұғалімнің мақсаты – оқушының таңдау жасауын, өз көзқарасы болып оны мойындауды, оның қызығушылығын ескере отырып, шығармашылық әлеуетінің дамуына жағдай туғызу, басқаша айтқанда, қабілетті балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Мұғалімнің дарынды балалармен жұмысы – өте күрделі және ешуақытта тоқтамайтын үдеріс. Ол мұғалімнің жеке басының өсуін, білімдерін үнемі жаңартып отыруын, сондай-ақ, психологтармен, басқа мұғалімдермен, мектеп әкімшіліктерімен және ата-аналармен бірігіп жұмыс істеуді қажет етеді. «Еңбексіз дарын – ол отшашу: бір сәтте жарқ етіп, артына із қалдырмайды» дегендей, өз дарынын ұштап дамыту баланың еңбектерін қажет етеді.

Мұғалім өзінің теориялық білімі арқылы оқушы бойына өзін қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастырады. Мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды балаларға білім беруді ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу ерекше дарынды балалардың интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Дарынды оқушымен жұмыс жүйесінде мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты кәсіби тағдыры жақсы мұғалімге байланысты. Баланың бойында күш-қуаты жеткілікті, шын дарынды екеніне сендіру – ұстаз бойындағы құдіретті күш, өйткені сенім үлкен жеңіске жетелейді. Дарынды баланың одан әрі жетіле түсуіне ұстаз тарапынан мейірім мен кішіпейілділік, бала жанын жазбай танушылық қасиет қажет-ақ.

Кез келген қоғамға оны ілгері даму үшін талантты тұлғалар қажет. Жаңалық ашу, ғылымның құпияларына бойлау, дарынды баланы мектеп партасында отырғанда-ақ ұмтылдырады. Сондықтан, ондай дарынды балаларды көру, анықтай білу – мұғалімнің қасиетті борышы. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу ешқандай зорлықсыз оқушының өз еркімен жүзеге асуы тиіс. Зерттеу әрекеті ізденіс сипатты белгісіз факторларды, білімді және әрекет тәсілдерін ашуға арналған әрекет жиынтықтарынан тұрады. Ол теориялық және эксперименттік сипатта болуы мүмкін. Алғашқы кезде оқушылар рефераттар, ақпараттар жазып, пәнаралық сипатты жобалар орындалуы мүмкін.

Эксперименттік әрекет табиғи нысандарды зерттеумен (мүмкіндігі болса жергілікті заттармен) айналысады. Осы кезде оқушыда білімді сезіну және тұрақты қызығушылық пайда болып, күшейе түседі. Зерттеу жұмысы оқушыны материалдағы басты нәрсені бөліп алуға, ақпаратты талдауға, зерттеу міндеттерін құрып, оның алгоритмдерін анықтауға, зерттеудің қолданбалылық жағын ашуға, міндеттерді шешудің тиімді тәсілдерін табуға, қол жеткізген нәрселерді сыни тұрғыдан қарастыруға және іс жүзінде қолдана білуге үйретеді. Зерттеу әрекетін жүргізу оқушыға бастапқы кезеңде қиын болғанымен, біртіндеп өз бетінше жұмыс істеуге қалыптастырады.

Зерттеу жұмыстарын орындауға көп уақыт жұмсалады, бір сөзбен айтқанда, оқушының зерттеу әрекеті өнімді және шығармашылық сипатта болады. Егер оқушы жұмысты осы тәсілмен орындайтын болса, материалды өз бетінше оқып зерттеп, тапсырмаларды оңай орындайды.

Зерттеу әрекеті мынадай элементтерден тұрады.

1. Мәселені қою;
2. Оны зерттеу тәсілдері;
3. Оны шешуді негіздеу;
4. Тұжырымдар жасау;
5. Тұжырымдар мен қорытындыларды талдау;
6. Алған білімін, білігін және шығармашылық қабілеттерін пайдаланып жаңа білім алу.

Зерттеу әрекеттерінің тиімді болуы үшін оқушыны өз бетінше білім алудың әдіс-тәсілдерімен таныстыру керек. Қоғам өз бетінше әрекет жасай алатын, шешім қабылдай алатын, алған білімін іс жүзінде қолдана алатын, іскер, жасампаз тұлғаға тапсырыс беріп отыр. Соған орай қазіргі кездегі мектептердің алдында жаңа міндеттер тұр: шығармашылық мүмкіндіктерді, өзі жұмыс істеуді, өзі басқаруды, баланың өзін-өзі дамытуға ұмтылысын дамыту. Бұл мақсаттарға жетудің бір жолы – ғылым арқылы оқытуды ұйымдастыру. Осы тұрғыдан жобалық іс-әрекет маңызды роль атқарады. Оқушыларды неғұрлым ертерек ғылыми-зерттеу, іздену іс-әрекеттеріне үйрету қазіргі кездегі мектептердің тиімді жұмыс түрлерінің бірі болып табылады. Ол әрбір оқушының жеке-дара зияткерлік және шығармашылық әлеуетінің мүмкіндіктерін анықтап, оны дамытуға толық мүмкіндік береді. Ғылыми іс-әрекет оқушының шығармашылық тұлғасын, «ізденіс белсенділігін», қойылған мақсатқа жетудегі тұрақтылығын қалыптастырады. Оқудың және дамудың жаңа сатысында оқушыларда өзіндік ізденістерімен, ғылыми жаңалықтарымен өзара алмасу қажеттігі туындайды. Жобалық іс-әрекет оқушылардың еңбектегі және қарым-қатынастағы әлеуметтік тәжірибесін қалыптастырады. Сонымен бірге, оқушының интеллектуалды өсуіне әсер етеді. Өз пәнінің аясынан шығып, қоршаған орта туралы ой-өрісін кеңейтеді, өзінің әлеуетін жақсырақ ашуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі жоғары сынып оқушысы – ертеңгі студент. Сол себепті мектепте алынған зерттеушілік әрекет дағдысы ЖОО-да ғылыммен шынайы айналысқысы келгендерге көп көмегін тигізеді.

Химия және экология кафедрасы көп жылдан бері химия және экология бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін оқушыларға ғылыми жетекші болып келеді. Кафедра профессор-оқытушылары жетекшілік еткен оқушылар халықаралық ғылыми-зерттеу конференцияларынан алтын медаль иегерлері болып оралуда. Осы жылдар ішінде балалардың зерттеу жұмыстарымен айналысу дағдысын дамытатын көзқарастарымыз пайда болды. Ең алдымен, оқу жылы басындағы басты міндет зерттеу жұмыстарымен айналысқысы келетін оқушыларды анықтау деп білу керек. Барлық оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ынтасы болса да, олар өздері бұл іс-әрекетке қатысуға ұсыныс айтпайтындары да болады. Сол себепті балалардың ойын, қызығушылығын анықтау үшін

орындалатын жұмыстың мәнін анық ашатын әңгіме, сауалнама жүргізген жөн. Әрине, бұл химия пәнінің бірінші сабағынан басталады. Мысалы, «Химия нені зерттейді? Бұл пәнді оқытудың жолы қандай?» деген тақырыпты зерттеу үшін «Химияны не үшін оқуымыз керек?» деген сұрақты ұсынуға болады. Әрбір оқушы үшін өзінің өмірлік тәжірибесімен, білімімен бөлісетін кішігірім педагогикалық шеберхана қалыптасқандай болады. Оқушылардың әр жұбына қолданбалы химияның сұрақтары бойынша ғылыми әдебиеттерді ұсынып, 10 минуттан соң ол тағы қосымша мәліметтермен толығыды. Яғни, біз оқушыларымызбен бірге ғылымның мәнін түсінуге бірге келеміз және атақты химик М.В. Ломоносовтың «Химия қолдарын адамзаттың ісіне кең жайған» деген сөзін бағалай аламыз. Осылайша біртіндеп дәлел жинаудан бастап, қорытындылауға дейін біз негізгі химиялық ұғымдар мен заңдарды игереміз. Яғни, келесі сыныпқа дейін ғылыми-зерттеу жұмысының жаңа сатысын игеруге көшуге білім қоры жеткілікті болады. Жыл сайын қолданбалы химия, экологияға шынайы қызығатын және осы бағытта зерттеу жұмыстарын жалғастырғысы келетін оқушылар тобы қалыптасады.

Осы мақсатта 2009 жылдан бастап біз өзіндік ғылыми-зерттеу жұмыстарының дағдысын игерген тұлғаны қалыптастыруға көмектесетін сабақтар топтамасын жасалып келеді. Ондай сабақтар оң нәтижелер беруде. Жетекшілік жасайтын оқушыларымыз қалалық олимпиадаларға, ғылыми іс-тәжірибелік конференцияларға белсенді қатысады. Оқушылардың жұмысы нақты қисынды ойлаумен, ғылымилықтың жоғарғы дәрежесімен, талқылаудың сенімділігімен, ойлаудың нақтылығымен, нәтижелердің шындығымен ерекшеленеді. Оқушылардың мұндай жетістігінің құпиясы неде? Ең алдымен, қисынды ойлау, әдебиетпен жұмыс жасауға машықтануында. Әрине, химия курсын терең игеруі және мақсатқа талпынуының да маңызы зор.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасай отырып оқушылар ғылымға, ізденіске, экспериментке деген қызығушылығын көрсетеді. Ғылыми іс-тәжірибелік конференцияларға қатысу оларды жинақылыққа үйретеді және жауапкершілік сезімін, жігерін тәрбиелейді.

Оқушылардың зерттеу жұмысын ғалымдардың ғылыми зерттеулерімен салыстырмау керек. Оқушылар негізінен жаңа ғылыми ойларды айтпайды, жаңалық ашпайды, бірақ оларды игереді және өздері үшін олар жаңалықты «қайтадан ашады».

Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналыса отырып оқушылар өз еркімен тақырыптың бағытын таңдап, теориялық жағынан дайындалады. Тақырып бойынша баяндама құрастырып, ғылыми-зерттеу жұмысының әдістемесін оқиды. Эксперименттік жұмыс жүргізе отырып оқушылар бақылау журналын жүргізіп, нәтижелерді сараптайды.

Зерттеу жұмыстарының ең жауапты және маңызды сәттерінің бірі әр оқушының өзінің зерттеу тақырыбын таңдауы болып келеді. Біз зерттеуге арналған тақырып тізімін өзіміз ұсынамыз. Оқушы зерттеуінің тақырыбын анықтау барысында келесі критерийлерді ескеру қажет.

1. Тақырыптың көкейкестілігі, оның зерттелу дәрежесінің төмендігі және практикалық тұрғыдан маңыздылығы;
2. Оқушының, яғни зерттеушінің қызығушылығына сәйкестігі;
3. Шынайы орындалуы;
4. Қажетті мөлшерде түрлі ақпарат көзімен қамтылуы.

Жұмысты дайындап болғаннан кейін біз оған пікір (рецензия) жазамыз және басты назарды оқушылардың зерттеу жұмыстарын қорғауға дайындауға аударамыз.

Жобалық іс-әрекет – бұл мұғалім және оқушының жауапты және белгілі бір мақсатқа бағытталған бірлескен іс-әрекеті. Егер педагог зерттеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастырған болса, ондай жұмыс оқушыларға өзіндік зерттеу әрекетінің қарапайым дағдыларын игеруге мүмкіндік береді.

Мұғалімнің әдістемелік қолдауы, дер кезінде көмек көрсетуі оқушыларға зерттеу экспериментін ұйымдастыруға, әр түрлі ғылыми іс-тәжірибелік конференцияларға шығуға дайындыққа көмектеседі. Көп жылдық тәжірибе нәтижесі көрсеткендей, зерттеу жобалары оқушыларға ізденіс және табысқа қол жеткізу қуанышына ие етіп, өз күшіне сенімді болуға және ғылым әлемін өз көзімен көруге, және өзіндік әрекет жасауға қалыптастырады.

#### Әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012. – 27 қаңтар.
2. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
3. Ерматов С., Әбішева Т. Пәнге қызығудың қалыптасу динамикасы // Қазақстан мектебі. – 2007. – № 2.

#### Резюме

Занимаясь научно-исследовательской работой, ученики самостоятельно выбирают тематическое направление, готовятся теоретически. Составляют доклад по теме, изучают методику научно-исследовательской работы. Проводя экспериментальную работу, учащиеся ведут журнал наблюдений, анализируют результат.

#### Summary

When conducting scientific-research, students choose the field for topic on their own and study the theory. Prepare a report on the topic, study the methodology of scientific research activity. When conducting experimental work, students lead a log of observations and analyze the results. With the guidance of instructors, students conduct experiment; write reports on scientific-research conferences. Continuous practice results in effectiveness of the research projects.

ӘОЖ 801.288:94.34.2:070

## **БАСПАСӨЗ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**К.С. САРЫШОВА,**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы*

Адамдардың қоғамда өмір сүру нормалары мен салт-дәстүрлері қоғамдық әлеуметтік өзгерістерге қарай өзгермелі болады. Көшпеліліктен отырықшылыққа ауысу, қала өміріне дағдылану, жаңа қоғамдық формацияны қабылдау, мәселен, қазақтар үшін қазіргі нарық заманы, соңғы кезде айтылып, насихатталып жүрген жаһандану (глобализация), т.б. толып жатқан жаңа өмір беттері тілде өз ізін қалдырады. Алайда, олар бірден тұрақталмайды, бұрыннан қалыптасқан тұрақты тіркестерді пайдалана келе, жаңа тіркестер жасалуы мүмкін. Әзірше қазақ мәдениетінде күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарының қолданылуы, тыңдаушысы мен оқушысына әсері ерекше. Сол себепті БАҚ-тың тіліндегі лексика-фразеологиялық тіркестердің жайы тілшілер үшін ғана емес, жалпы көпшілік үшін қажет.

Ата-баба дәстүріне сай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің тілімізде алатын орны ерекше құнды. Әдетте, әр адам мейлі тілші, журналист болсын күнделікті өмірде өзін толғантқан келелі ой-пікірлерін тыңдарман, оқырман қауымға жеткізуде небір құлақ құрышын қандырар, көңілін селт еткізер тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді қолданады. Қазақ тілінің фразеологиялық қоры тілді жаңа, ерекше бейнелі көркемдік белгілермен толықтырып отыратын таусылмас қазына жетістігі болғандықтан, ол тілдің қайталанбас ұлттық бояуларын айқындайды. Тұрақты тіркес, мақал-мәтелдеріміз сөздік қор байлығын танытып қана қоймай, халықтың бүкіл тыныс-тіршілігін паш етері анық. Дана халқымыз «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады»,



«Таяқ еттен, сөз сүйектен» өтеді деп бекер айтпаса керек. Ойың әрі көркем, әрі нақты болсын десең, «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп дер кезінде қолдана білген нақышты сөзге не жетсін? Мұны бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінен анық байқаймыз.

Бүгінгі таңда тіліміздегі көркемдік тәсілдердің бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде күнделікті баспасөз бетіндегі орны, олардың қолданылу ерекшеліктерінің маңызы өте зор.

Жалпы алғанда, қазіргі баспасөз бетінің кез келген салаларында тұрақты тіркес, мақал-мәтелдердің мәтіндерде жиі орын алуы көрнекілікпен қатар, қажетті көркемдік әдістер қатарынан саналады. Осыған орай, оларға тоқталу үшін баспасөз бетіндегі мақалалар мен тұрақты айдарларға назар салсақ, құптарлық өзгерістерді байқаймыз. Бүгінде «Алтын бұйым қолды болды», «Көзден ғайып болды», «Алаяқ директордың ақыры», «Аузы күйген үріп ішер», «Кедейшілік құрығынан құтқару», т.б. көптеген мақалдарға тақырып болған сөз айшықтарын кездестіруге болады. Бұл – еліміз тәуелсіздік алып, тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болған шақта сөз мәйегін теруге құлшыныстың арта түскендігінің айғағы.

Кез келген газет айдарының немесе мақаланың тақырыбын түсіну үшін автор мен оқырманның ұлттық-мәдени, фондық білімдері болу керек. Бұл фондық ерекшеліктер тек әрбір жеке ұлт өкілдеріне тән болып келеді. Сол тілдің мәдени қорын құрайды. Сондықтан тақырып оқырманға тек хабар беріп қана қоймай, сонымен бірге автор мен оқырман туралы мәлімет береді. Автор мәтін арқылы өзінің мәдени потенциалын, яғни әлеуметтілігін көрсетсе, оқырман оны қабылдай отырып, өзінің тілдік компетенциясын көрсете білу керек.

Жалпы, тақырып газет материалының аты ғана емес, оның қысқаша мазмұны да деген сөз. Тақырып пен материалдың мазмұны егіздің сыңарындай бір-бірін толықтырып тұратындықтан, оқырман тақырыпқа қарап мақала қандай мәселенің сөз болатынын бірден аңғаратындай болу керек. Мәселен, тартымдылық, нақтылық, қысқалық, ұстамдылық, сауаттылық сияқты тақырып қоюдың негізгі принциптерін ескерсек, тақырып қоя білу де үлкен тапқырлық пен білімділікті қажет етеді. Қазір газет беттерінде өзара тақырыбы жағынан мазмұндас мақалалар да орын алған. Ол еліміздегі экономикалық, нарықтық өзгерістерге байланысты болса керек.

Адамның ішкі дүниесіндегі қынжылыс, қиындық, ренішті білдіретін «жанайқай» сөзінің қазіргі баспасөз бетінде мағыналық жағынан кең өріс алғаны, сондай-ақ, «жанайқай» сөзінің тіркесімділік қабілетінің тереңдегені байқалады. Мәселен, аналардың балаларына төлемақы төлеуді талап етуіне байланысты «Аналардың айқайы» («Жас Алаш», № 17, 1-б.) «Ашынған аналардың жанайқайы» («Жас Алаш», № 9, 1-б.), біздегі әуе кемелерінің 75 пайызының пайдалану мерзімі әлдеқашан өткені туралы «Жар жағасындағы жанайқай» («Жас Алаш», № 51, 2-б.), сол сияқты Шалқардағы «Жылу жүйесі» акционерлік қоғамының бір топ жұмысшысы өздерінің маңдай терімен тапқан жалақыларына қолы жетпей жүргені туралы «Жалақы жанайқайы» («Айқын», № 17, 1-б.) атты тақырыптармен жарық көрген мақалалардың негізі еліміздегі экономикалық жағдайдың қиындық сәттерінен туындаса керек.

Сонымен бірге, «Мәдениетке қарсы мылтықсыз майдан қашан тоқталады?» («Айқын», № 11, 1999.); «Табан ет, маңдай терімнің ақысы қайда кетті?» («Жас Алаш», № 6, 1999.); «Кедейшіліктің құрығынан құтқару» («Жас Алаш», № 39, 1999.) деген мақалалардың да өрнекті сөзбен көмкерілуі сапа жағынан тілдің қызмет аясының тереңдеуі деп ұғу керек.

Көшедегі қате жазуларға орай «Орыс тілінің де шекесі шылқып тұрған жоқ» («Жас Алаш», № 8, 1999.), ал шикізатты өңдеп сатудың жолын неге игермейміз деген сауалмен «Шикізатпен шекеміз шылқи қоймас» («Жас Алаш», № 53, 1999.) деген мақалалар шығуда. Яғни, мұндай мақалалар тақырыптарында тіліміздегі тұрақты тіркестердің сол мақалаларға сай қолданыстары қуантарлық жайт.

«Сөздің көркі – мақал», «Мақал – сөздің мәйегі» демекші, бүгінгі таңда мақал-мәтелдер де ұлт болмысының бүгінгі тұрмыс-тіршілігін сипаттауда таптырмайтын көркемдік құрал ретінде жұмсалуда. «Жақсы сөз – жарым ырыс» («Қазақ әдебиеті», № 47, 1999), «Жығылып жатып сүрінгенге күлмейік» («Жас Алаш», № 57, 1999), «Аузы күйген үріп ішер» («Қазақ әдебиеті» № 12, 1999), «Кеңесіп пішкен тон

келте болмас» («Айқын», № 8, 1999), т.с.с. тақырыптардағы мақалалар кеңінен орын алған. Сонымен қатар, қазіргі қолданыста мақал-мәтелдердің әлеуметтік жағдайға байланысты өзгертіліп қолданылған түрлерін де кездестіруге болады. Мәселен, «Өз үйім – өлең төсегім» мақаланың «Қайран өз үйім – өлең сахнам» («Қазақ тілі мен әдебиеті», № 3, 1999.) деп өзгертіліп алған түрі ұшырасады. Мұны осы күнгі жер-жердегі әр түрлі мәдениет ошақтарының жабылып, қайсыбірі жекешелендіріліп, өнер өрісі тарылып бара жатқан замандағы өнерсүйер қауымның жанайқайы десе де болады.

Сонымен қатар, газет беттерінде ақша мәнінде қолданылатын «қалта» сөзіне байланысты тақырыптар да көп кездеседі. «Қалталылар қазақ мектептеріне қарайласып тұра ма екен?» («Айқын», 1997, № 32), «Қазақтың қалтасы көтере ме?» («Жас Алаш», 1997, № 29).

«Қалтаға» байланысты туған фразеологизмдер ішкі мағынасынан «ақша» символ ретінде көрінеді. Ақша – байлық, оның орны – қалта. Сонымен дағдылы қайталану, образға үлгі ретіндегі бейнелердің ситуациядағы орны мен маңызы оны санада баламалық қасиетке, яғни ассоциациялануға әкеледі.

Қазақ тілінде «қалта» сөзіне байланысты кейінгі кезде коннотациялық мағына әр түрлі семантикада көрініп жүр. Қазақтың ұлттық киім үлгілерінде қалта пәлендей назар аударатын деталь емес. Оның қызметі, әсіресе кейінгі шыққан киімдерде (еуропалықтарша) қатты байқалады. Жан қалта, төс қалта, ішкі қалта сияқты орындары көбейе бастады. Қазақтар киіміне қалта тіккенде, сірә, ақша саламын деп ойламаған да шығар. Тіпті есікті бекітетін құлып болмағанда, кілті қайдан болсын? Қалтаға кілт те кейін салынды. Қалта сөзінің қолданыс ыңғайы фразеологиялық мағынада тым кеңейіп, мағыналық ауқымы күрделене түсті [1,159]. Мысалы, ҚТФС-де келтірілген фразеологизмдер қалтасы қалың, қалталы кісі, қалтасы жұқару, қалтаның түбі саяз, қалтасын сөгу болса, соңғы кезде байлық, кедейлік ұғымдары туралы қалтасы қағылу (кедейлену), қалтаға басу (ұрлау), қалтасы көтермеу (жетпеу) сияқты фразеологизмдер жиі қолданылады.

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – мазмұнының кеңдігі, тілінің өткірлігі, мағынасының тереңдігімен ерекшеленетін тіліміздің сарқылмас қазынасы – мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің ақпарат құралдарында орны ерекше екені сөзсіз. Өйткені сөз өнері – уақыт озған сайын құны артпаса, арзымас асыл мұра.

Баспасөз адамды рухани байытады, сондықтан газет материалдарын адал айтып ақ сөйлеп, қара қылды қақ жарған әділ, сөзге сараң, мазмұнға бай етудің бір жолы – халық даналық сөздерін білгірлікпен, өз жүйесін тауып қолдана білу. Өйткені, газет бетін ең алғаш ашқанда, оқырманның назарын, көңілін аударатын тұс – мірдің оғындай өткір, нысанаға дәл тиетіндей сәтті табылған тақырып. Ал тақырып ретінде асыл қазына, ұшан-теңіз байлығымыз – тұрақты тіркес, мақал-мәтелдерді орынды пайдалана білу жұрт назарын бірден аударады. Мұнан ақпарат құралдарының еш ұтылмасы анық.

«Мәртебелі тіліміздің қажеттілік категориясы қанша шектеулі болып келді десек те, ұлттық басылымдар өз есесін жіберіп жатқан жоқ. Барлық басылымдарда айдарлар қазақшаланған жоқ, бүтіндей қазақыланды» [2, 375] деп журналист С. Шүкірұлы айтқандай, өткен ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап қазақ басылымдарының саны жағынан да, сапасы жағынан да көп өзгергені, көп өскені байқалады. Сол өзгеріс, сол өсу неден байқалады?

Еліміздің егемендік алуына байланысты қазақ басылымдары бұрынғыдай санаулы емес, тәуелсіз басылымдармен толыға түсті. Кеңестік кезеңде «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранмен шығып, орталықтың идеологиясын насихаттаған қазақ баспасөзінің әрқайсысы бүгінгі күні өздерінің арқалаған жүгі, айтар ойына байланысты сырт келбетін де өзгерткен. Бұрынғы «Социалистік Қазақстанның» «Егемен Қазақстан» болып, республика елтанбасымен шығуы, «Лениншіл жас» газетінің «Жас алаш» атын иеленуі, «Қазақ әдебиеті» газетінің әдебиетіміздің атасы – Абай бейнесімен, «Ана тілінің» Ахмет Байтұрсынұвтың бейнесімен қатар, лингвист-ғалымның тіл туралы қанатты сөзімен, тәуелсіз басылым «Заң» газетінің «Тура биде туған жоқ» нақыл сөзімен, халықаралық басылым «Түркістанның» Мағжан Жұмабаевтың әйгілі «Түркістан – екі дүние есігі ғой» деген жо-

лымен өлеңі шығуы басылымның ішкі мазмұнынан, айтар ойынан хабар беріп тұрғандай. Мұның өзі басылымдардың сырт келбеті (дизайн) мен ішкі дүниесінің үндестігін көрсетсе керек.

Газеттің ішкі мазмұнынан хабардар етуде газет айдарларының маңызы ерекше. Қазіргі басылым беттерінен «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Тіл-қазына», «Тәржімәлік тәжірибелер» («Қазақ әдебиеті» газеті), «Оймақтай ой», «Дүбірге толы дүние» («Жас Алаш» газеті), «Қыжыртпа сөз», «Алдаспан» («Жас алаш» газеті), т.б. көптеген «қазақы» айдарларды кездестіруге болады. Бұл журналистердің не нәрсені болса да ұлттық ұғыммен беруге деген ұмтылысын көрсетеді.

Ақпарат көзі болып табылатын басылымдардың көпшілікке ақпаратты жеткізіп қана қоймай, тілдік қорымызды соны сөздер, жаңа қолданыстармен толықтыруда да қызметі ерекше. Оған баспасөз арқылы тілімізге кейінгі жылдарда еніп, сіңісті болып кеткен отбасы, құжат, елбасы, ұшақ, әнұран, елтаңба, бағдарлама, өркениет сияқты көптеген сөздерді мысалға келтіруге болады.

Баспасөз санының көбейіп, еліміздің нарықтық экономикаға өтуі баспасөз арасында бәсекелестікті туғызды. «Публицистикалық шығармалардың мақсаты – белгілі бір оқиғаны тартымды фактімен, білімдарлықпен шебер суреттеу және оқырманға мәнерлі тіл өрнегімен эмоциялық әсер ету» [3, 132] дегендей, кейінгі жылдары басылымдардың оқырманды өзіне көбірек тарту мақсатында ақпаратты әсерлі етіп жеткізуге бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көбірек көңіл бөле бастағаны байқалады. Мұндай жағдайда журналистер үшін «сөзді жандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін» [4, 94] фразеологизмдер, мақал-мәтелдер – таптырмас құрал. Сондықтан да болар, қазіргі басылым беттерінен тіл қазынасы – фразеологизмдерді, фразеология аясында қарастырылып жүрген мақал-мәтелдерді де көбірек кездестіруге болады.

Зерттеушілер тілімізде фразеологизмдерді қолданудың екі түрлі тәсілі бар екенін айтады:

1. Фразеологизмдердің жалпыхалықтық формада қолданылуы.
2. Фразеологизмдердің өзгертіліп, авторлық өндеумен қолданылуы [4, 95].

Қазіргі баспасөз беттерінде жалпыхалықтық формадағы фразеологизмдер жиі қолданылады.

Мысалы: 1. Астана қаласы құрылысы Қазақстан экономикасының тамырына қан жүгіртті. 2. Қазақстанға табан тіреген оралман қазақтар саны 500 мың көрінеді («Жас Алаш» газеті, 15.12.01 ж.). Кейде бір сөйлем ішінде мағынасы бөлек фразеологизмдердің қатар келуі де кездеседі. Мысалы: Ақыры Сеулге жетіп сан соғып, қожайындарының қанжығасына байланды («Жас Алаш» газеті, 15.12.01 ж.).

Жоғарыдағы мысалдардан басқа да жалпыхалықтық формадағы фразеологизмдердің баспасөзде жиі кездесуі олардың өміршеңдігін, баспасөзде ақпаратты ұлт ділі, ұлт болмысы тұрғысынан берудегі тіл құралының ең бір тиімді тәсілі екенін көрсетеді.

Әдетте, фразеологизмдердің өзгертіліп қолданылуы көбінесе ақындардың өлең өлшемдерін құруда, жазушылардың кейіпкер образын ашуда қолданатын тәсілі көркем шығармаға ғана тән деп саналатын. Бірақ қазіргі кезде баспасөздің ақпараттық қызметінен гөрі әсер ету қызметі асып түсіп жатқан бәсеке заманында нақты бір стильдік мақсатқа байланысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің әр алуан өзгеріспен берілуінің жиі кездесуі бұл тәсілдің баспасөзге де тән құбылыс екенін көрсетеді.

Сонымен, баспасөзде фразеологизмдерді өзгертіп беру тәсілдеріне толығырақ тоқталайық.

Фразеологизмдер «ешқандай артық сөзді көтермейтін, бас-аяғы бүтін» сөз тіркесі дегенмен де, кейінгі кезде қалыптасқан фразеологизмдердің арасына сөз сыналату, сөз салу тәсілі жиі кездеседі. Мысалы: 1. Егемендігіміздің алғашқы кезеңіндегі әрі-сәрі шақтан қалып, аяққа шырмауықша оралған кедергілер де бар («Айқын» газеті, 17.09.01).

Автор осындағы қалыптасқан «аяққа оралу», «төрт аяғынан ақсау» тіркестерінің арасына «шырмауықша», «бірдей» сөздерін сыналата отырып, айтар ойын әсерлі жеткізе білген. Сондай-ақ фразеологизмдердің соңғы сөздерін немесе екі компоненттерін өзгертіп беру де кездеседі. Бұл, әсіресе, фразеологизм аясында қарастырылып жүрген мақал-мәтелдерді өзгертіп беруде жиі кездесетін тәсіл.

Мысалы: 1. Төртеу түгел болса, төбедегі қаржы түседі («Айқын» газеті, 1997). 2. Құда – мың жылдық, депутат қанша жылдық? («Жас Алаш» газеті, 6.07.04). Автор халыққа белгілі «төртеу түгел

болса, төбедегі келеді» және «құда – мың жылдық, күйеу – жүз жылдық» дегендерді айтар ойына байланысты соңғы сөздерін, яғни екінші компонентін өзгертіп берген. Баспасөздегі фразеологизмдерді өзгертіп, жаңартып беруде ой дәлдігін арттыра түсуде бұл тәсілдің орны ерекше.

Фразеологизм компоненттерінің бірін мәндес сөзбен беру тәсілі де кездеседі. Мысалы: Осы жәйттер арқанды аяздай қариды («Айқын» газеті, 8.09.01). Ал осындағы «жанына батты» деген мағынаны білдіретін тіркес қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде (ҚТФС, 46-бет) «аяздай батты» деп берілген.

Ал енді «Дұшпан не бермейді, түске не кірмейді» («Айқын» газеті, 2001) дегендегі алғашқы тіркес көпшілікке белгілі. Екінші тіркестің қалыпты үлгісі – «тауықтың түсіне тары кіреді». Автор осы тіркесті алдыңғы тіркестің екінші сыңарының орнына дұрыс қолданып, дұрыс икемдей білген. Екі тіркес бірігіп, ұласып, бір мағынаны білдіріп тұр. Баспасөзде авторлардың үнемдеу, ойды ықшам беруде өз алдына жеке мағынасы бар тіркестерді біріктіріп беру тәсілі де жиі кездеседі.

Баспасөз беттерінен фразеологизм мен мақал-мәтелдердің негізгі идеясын ала отырып, өзгертіліп қолданылған түрін де кездестіруге болады. Мысалы: «Ұрлық етсең қорықпай, тояды қарның торықпай» («Жас Алаш» газеті, 1998) дегеннен автор ұрлыққа шақырып отыр деген ой тумаса керек. Керісінше, автор мақалада айтылар ойға байланысты «Ұрлық түбі – қорлық» дегенді мысқыл, кекесінмен жеткізе отырып, онан да «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» (Абай) деген ойды айтады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар белгілі бір стильдік мақсатқа орай фразеологизмдердің мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолданылу тұрақтылығы қасиеттерін сақтай бермейтіндігін көрсетеді. Фразеологизмдердегі өзгеріс әр түрлі стильдік мақсатқа байланысты. Мысалы, кейде фразеологизмге қосымша мағыналық реңк, кейде ойды әсерлі етіп жеткізу үшін, енді бірде фразеологизмдердегі жаттандылықтан қашып, өзгеше өң, басқаша сипатпен беруге байланысты мақсаттан туындайтынын көрсетеді. Ал енді фразеологизмге өзгеріс енгізіп, айтар ойды дәл, ұтымды, әсерлі жеткізе білу автордың шеберлігіне байланысты.

Өкінішке қарай, баспасөз беттерінен ешқандай стильдік мақсатқа сай келмейтін, орынсыз өзгертілген фразеологизмдерді де кездестіруге болады. Мысалы: «Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса» деген мәтелді «Жас алаш» газеті «Кеденшінің еркі бар қайдан құлақ шығарса» деп беріпті. Кеден қызметіндегі келеңсіздіктерді көрсету, сынау дұрыс шығар, бірақ осындағы «қазаншының» деген сөзді барлық мамандыққа байланысты өзгерте берген дұрыс бола қоймас.

«Шығындап шетел асып, тас маңдайы тақтайға тиіп жатқандар жайлы жазылып жатыр» («Жас Алаш» газеті, 15.12. 01) деген сөйлемде автор көрсетілген қос фразеологизмдер, яғни «тас маңдай» – сорлы, бақытсыз және «маңдайы тасқа тиді» – беті қайтты, тауы шағылды, қиыншылыққа тап болды деген тіркестерден бір тіркес жасап отыр. Мұнда автор қайталаудан қашқанмен де, «тақтайға» сөзін жөнсіз қолданып отыр. Осы сөз («тақтайға») арқылы автор қалыпты тіркесті бұзып қана қоймай, айтар ойын да әлсіретіп алғандай.

Жоғарыда келтірілген мысалдар фразеологизмдерді өзгертіп беру тәсілінің кейінгі кезде баспасөзде кең өріс алғанын көрсетеді. Бұлардың ішінде арқалар стильдік жүгі бар орынды өзгертулер де, тілдік нормаға сай келмейтін орынсыз ауытқулар да кездеседі.

Ал «фразеология – тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы» дейтін болсақ, фразеологизмдерді айтар ойына байланысты ұтымды қолдану журналистерден үлкен жауапкершілікті талап етсе керек.

#### Әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004. – 283 б.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиев Ф. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1991.
3. Серғалиев М. Синтаксис және стилистика. – Алматы, 1997.
4. Қайдар Ә. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: Білге, 2003. – 367 б.

## Резюме

В условиях информационного рынка, жесткой конкуренции, борьбы за читателя СМИ стремятся как можно привлекательнее «упаковать» свою продукцию, т.е. преподнести информацию в наиболее яркой, характерной, запоминающейся форме. Таким образом, целью статьи является выявление закономерностей и характерных особенностей употребления фразеологизмов в языке газет и журналов.

## Summary

In the current condition of information market – tough competition and struggle for reader – Mass Media try their best to «pack» their product attractively i.e. deliver information in the most flashy, distinguishable and catchy form possible. Thus, article aims to distinguish consistent patterns of using idioms in speech of the papers and magazines.

УДК 808.2:801.541.2

## РАЗНОСТРУКТУРНЫЕ НАИМЕНОВАНИЯ В ПАРАДИГМЕ НОМИНАЛИЗАЦИИ

**Н.Е. ШУМЕЙКО,**

*кандидат филологических наук,*

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,*

*Республика Казахстан*

Проблема сопоставления разноструктурных наименований в парадигме номинализации принадлежит к числу центральных в исследовании их семантики как в плане общелингвистическом (соотношение однословных и несколькословных наименований, пути превращения свободного сочетания в аналитическое слово и пр.), так и их положения в лексической системе русского языка. Особый интерес при этом вызывает степень грамматикализации морфокомпонента (широкозначного слова), поскольку в нем представлены все этапы лексической «девальвации», «выветривания», после чего наступает полная лексическая девальвация, ведущая к превращению слова в служебную морфему – вербализатор аналитического слова. Подобные слова наделены высокой степенью участия в формировании разноструктурных наименований, не теряя при этом своей лексико-семантической самостоятельности, большой свободой лексической сочетаемости в пределах номинативной единицы, функциональной многозначностью.

Наличие широкой понятийной основы в словах-морфемах позволяет им воплощать в себе тождесему [1], обладать синсемантизмом, исключительно богатым и разнообразным дистрибутивным диапазоном, способностью к грамматикализации, высокой частотой употребления.

Как пишет по этому поводу Бережан С.Г., «характерна одна закономерность: чем менее определенным и менее конкретным является слово по своему лексическому значению, тем больше у него может быть значений. Самыми «полисемантическими» оказываются семантически наиболее опустошенные слова, с самым расплывчатым, размытым содержанием, т.е., по существу, почти полностью десемантизированные» [2].

Так, в ряду *цвет – зеленый – цвета первой зелени* наименования различаются как по своему объему, так и по содержанию, т.е. различной степенью обобщения: от абстрактного к более конкретному. При этом содержание конкретных слов богаче (в поступательном направлении: *зеленый – цвета первой*



*зелени*), чем содержание понятий обобщенных (в словах цвет, запах, вкус и пр.), так как первые характеризуются большим количеством различительных признаков, нежели вторые, а по объему (т.е. по значению цветовых компонентов, которые заключаются или мыслятся в них) понятия, отражаемые в единицах типа *зеленый – цвета зелени* и пр., уже, чем понятие обобщенного слова.

Если значение цвета в номинациях *зеленый – цвета первой зелени* однопланово – оно выражает цвет, который определяется одним каким-то признаком, то значение слова *цвет* многоаспектно, разнопланово, это комплексное или сложное обобщение.

Если придерживаться мнения о том, что содержание каждого значения слова состоит из совокупности элементарных значений, семантических признаков или сем, то можно полагать, что широкозначность связывается с опущением, устранением дифференциальных, видовых сем. Архисема, оставаясь после упразднения дифференциальных сем, позволяет слову соотноситься с широким и разнообразным кругом референтов, что является одним из основных параметров широкозначности. Происходит, по утверждению В.Г. Гака, обобщение способа описания, десемантизация слова и появление у него служебной функции, а также превращение «в элемент внешней формы другого уровня» [3].

Процесс номинализации, который совершается под влиянием межкатегориального взаимодействия частей речи, говорит об усилении признаковости, или распространении «признаковой энергии» на слова других частей речи. Существование подобной идеи связано, в первую очередь, с образованием и активизацией в языковой практике аналитических наименований.

Процесс номинализации, как нам кажется, можно разбить на ступени распространения «признаковой энергии». Поясним это.

Значение, «глубинное» содержание одного и того же явления действительности имеет несколько формальных возможностей для своей реализации, которые выстраиваются в ряд, цепочку номинатов. Среди них синтетическая признаковая номинация, представленная именем прилагательным, аналитическая единица-синтагма, а также многословные структуры. Ряды номинатов могут быть двучленные, трехчленные, четырехчленные и далее:

Двучленные номинативные ряды: *ванильного цвета – цвета ванили; терракотового цвета – цвета терракоты; горчичного цвета – цвета горчицы;*

«Эластичный топ глубокого *ежевичного цвета* будет хорошо смотреться с моделями любого оттенка» [4];

«Скомбинируй с джинсами атласную блузу *цвета ежевики* с драпировкой на груди, и получится отличный наряд для вечера» [5];

«Большой, тяжелый, холодный на вид дом из *бордового* кирпича, крытый *терракотовой* черепицей и отделанный белым камнем, навевал смутные воспоминания» [6];

«Она набросила халат *цвета терракоты* и открыла дверь» [7].

Трехчленные ряды: *песочного цвета – цвета песка – цвета влажного коричневого песка; медного цвета – цвета меди – цвета светлой меди; молочного цвета – цвета молока – цвета топленого молока;*

«Блуза красивого *медного цвета* из крингледа в сочетании с длинной джинсовой юбкой придаст вам спортивный и в то же время элегантный вид» [8];

«Там были тучи – серые, розовые, *цвета меди*» [9];

«Кожа – *светлой меди*, прозрачная и шелковистая, будто тонкая пелена огня, горящая на алтаре в ясный полдень» [10].

Четырехчленные ряды: *небесного цвета – цвета неба – цвета осеннего неба – цвета утреннего неба; кофейного цвета – цвета кофе – цвета кофейного зерна – цвета кофейной гущи;*

«Насладиться бокалом вина или испытать блаженство сна – пижама приятного *кофейного цвета*, выполненная из полиэстра с добавлением хлопка, подойдет для обоих случаев» [11];

«На Маргариту наплывали их смуглые, и белые, и *цвета кофейного зерна*, и вовсе черные тела» [12];  
Пятичленные ряды: *Цвета моря – цвета морских глубин – цвета морской волны – цвета морской дали в ясный день – цвета морской волны с рассыпанными по нему золотыми блестками – цвета моря в ясную погоду*:

«На стене висела великолепная фотография. Взъерошенные светлые волосы, большие глаза *цвета морских глубин* и дивное бронзовое от загара тело» [10];

«Из дамской комнаты вышла высокая красивая брюнетка в платье *цвета морской волны с рассыпанными по нему золотыми блестками*» [6];

«Посмотри, Суламифь, на эти сапфиры, одни из них похожи *цветом на васильки в пшенице*, другие *цветом осеннего неба*, иные – моря в ясную погоду» [8];

Шестичленные ряды (и более): *орехового цвета – цвета ореха – цвета спелого ореха – цвета лесного ореха – цвета ореховой скорлупы – цвета каленого ореха с металлическим оттенком*: «Эти золотые, нежные волосы, местами *цвета спелого ореха*, просто мешали ей» [8];

«Ольга же вся, от волос, *цвета лесного ореха*, до носочков манежной туфельки, была сама прелесть» [8];

«Холодные серые глаза на длинном гладком, *цвета ореховой скорлупы*, лице смотрели на Дугласа» (13);

«Рыжие волосы матери перешли у нее в *цвет каленого ореха с металлическим оттенком*, темные брови были тонкого и смелого рисунка, но рот носил чувственный и грубоватый оттенок, хотя был свеж и прелестен» [8].

Первая ступень – процесс образования гибридных единиц путем пересмысления относительных прилагательных в качественные. Гибридизация означает совмещение в одной лексеме подвижной подклассемы, одна сторона которой «относительность», а другая – «качественность». В зависимости от контекста то подклассема «относительности» выходит на передний план, а компонент «качественности» на периферию, то, наоборот, подклассема «качественности» перемещается в центр семантической структуры, а элемент «относительности» нивелируется, точнее сказать, уходит в тень, уступая свое место. Иными словами, в семантической структуре подобных наименований происходит постоянная рокировка подклассем.

На первой ступени располагаются такие лексемы, как: *абрикосовый, агатовый, алюминиевый, антрацитовый, апельсиновый, васильковый, верблюжий, тыквенный, угольный, ультрамариновый, фарфоровый, фисташковый, цикламеновый, чайный, чернильный, черносливовый, шафрановый, шиферный и др.*

На второй ступени распространения признаковой энергии образуются аналитические номинации-синтагмы на основе слов первой ступени путем номинализации. Если согласиться с тем, что основным условием образования аналитических форм является их соотнесенность с формами синтетическими, то в этом случае наличие аналитических лексем вполне закономерно, так как у них есть с чем соотноситься: они соотносятся со словами простыми, «монолитными» или «синтетическими».

Таким образом, аналитические формы могут возникать и развиваться на фоне синтетических форм в тождественной грамматической категории. При этом обладая общими свойствами, но тем не менее принципиально отличны по структуре, или форме, номинативные аналитические единицы стали важным конкурентом синтетических наименований.

Так, модель N + N (сущ. + сущ.) является синтагмой (некоторым двучленным соположением каких-либо элементов языка в линейной последовательности), служит каркасом для образования вторичной номинации. Первый именной компонент в аналитических конструкциях лексически опустошен (слово широкой семантики), являясь граммемой, грамматическим центром, а лексическое значение такой конструкции определяется лексическим значением второго компонента, или лексикализатором, лексическим ядром.

На втором ярусе парадигмы номинализации располагается такая модель аналитического лексеμοобразования:

*цвета стали, цвета стекла, цвета терракоты, цвета тленья, цвета фарфора, цвета фуксии, цвета хаки, цвета хвои, цвета хурмы, цвета чая, цвета черешни, цвета шампанского, цвета шатен, цвета электрик, цветом под свеклу и др.*

Номинация-синтагма, построенная по модели (N + N), примеры которой приведены выше, универсальна тем, что представляет собой открытую структуру. Данную модель мы называем особой, хотя она находится на второй ступени развития признаковой идеи. Ее универсальность позволяет расширять, наполнять, конкретизировать, уточнять, тонко характеризовать смысл. Такими конкретизаторами цветовой семантики чаще бывают прилагательные, причастия, предложно-падежные обороты. Таким образом, достигается точность и содержательность наименования цвета. В этом видим одно из отличий синтетической признаковой номинации от составной, ибо в первом случае номинация обладает выделительной функцией (выделяет названный объект или класс объектов по названному признаку), а составная номинация – классифицирующей.

Среди цветовых обозначений выделяются основные цвета, куда входят цвета спектра (красный, оранжевый, желтый, зеленый, голубой, синий, фиолетовый, белый, черный, серый, коричневый), при этом каждый цвет может иметь множество вариантов (от 6 до 47). Возникает вопрос, как изображаются оттенки, для которых нет специального словесного обозначения? Основной путь передачи оттенков – это модификация названия основного цвета. Если, например, в однословной номинации для обозначения степени интенсивности цвета используются различные морфологические и лексические средства (в основном суффикс *-еват/-оват-*: красноватый, розоватый, уточняющие слова типа ярко-, светло-, темно-, бледно-, тускло- и т.п.), то аналитические номинации в этом отношении открывают огромные возможности.

Итак, представим исследуемый материал как парадигму, расположенную в виде ступеней. Некой постоянной, или «точкой отсчета» взяты понятия, выражаемые прилагательными. На втором круге – синтагмы, образованные от исходных начальной ступени. На третьем витке – многокомпонентные наименования.

#### Литература:

1. Шрамм А.Н. Очерки по семантике качественных прилагательных. – Л., 1979.
2. Бережан С.Г. Обусловленность словарного значения слова его грамматическими особенностями // Слово в грамматике и словаре: Сб. ст. / Отв. ред. В.Н. Ярцева. – М.: Наука, 1984. – С. 51-59.
3. Гак В.Г. К проблеме семантической синтагматики // Проблемы структурной лингвистики, 1971: Сб. ст. / Отв. ред. С.К. Шаумян. – М.: Наука, 1972. – С. 267-395.
4. Журн. «Лиза». – 2003. – № 49.
5. Журн. «Лиза». – 2004. – № 38.
6. Чандлер Р. Ведомство страха. – Фрунзе, 1991.
7. Коллинз У. Лунный камень. – Алматы: Жазушы, 1987.
8. Куприн А. Собр. соч. в 6 т. – М.: Худ. лит, 1991.
9. Голдинг У. Собр. соч. в 3 т. – М.: Худ. лит., 1989.
10. Ефремов И. Таис Афинская. – М.: Худ. лит., 1983.
11. Журн. «Лиза». – 1999. – № 50.
12. Булгаков М. Мастер и Маргарита. – М.: Худ. лит., 1989.
13. Бредбери Р. Вино из одуванчиков. Избр. соч. в 3-х т. – М.: Олимп, 1992.

### Түйіндеме

Мақалада бір сөзден тұратын түс атаулары, атаулардың жасалу техникасы, олардың коммуникациядағы (қарым-қатынастағы) қызметі және мағынасы қарастырылады. Сонымен қатар, олардың түс жүйесіндегі рөлі, қолданысы туындайтын себептері талқыланған.

Көп мағыналы сөздер негізінен екі макрополяны, яғни лексика және грамматиканы қамтиды. Көп сөзді құрылымдар мен тіркестер тек қана басқа бірліктермен жасалынады. Сонымен қатар, мұндай сөздер өте жиі қолданылады. Басқаша айтқанда, көп мағыналы «түс» сөзі бірнеше белгілерді сипаттайды.

### Summary

Article studies formation technique of multi-word color denominations, their function in communication (interaction) and their meaning. As well as their role in the color system, the causes of their use. Multiple meaning words mainly cover two macro scopes – vocabulary and grammar.

Multi word phrases and collocations form only with other units. These kinds of words are often used in speech. In other words, multiple meaning «color» words characterize several values.

УДК 820:801.3:008

## **ПРЕОДОЛЕНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОГО БАРЬЕРА ПУТЕМ ПРИМЕНЕНИЯ БЕЗЭКВИВАЛЕНТНОЙ ЛЕКСИКИ ПО РОМАНУ Р. КИПЛИНГА «КИМ»**

**Э.А. АМИРАЛИЕВА,**

*магистр гуманитарных наук*

**Г.С. БЕКЕНОВА,**

*магистр педагогики и психологии,*

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,*

*Республика Казахстан*

В настоящее время одной из самых насущных проблем в плане международного общения является диалог культур. Общество стремится интерпретировать каждый феномен человеческой жизни как феномен культуры, и культура в XXI веке становится проблемой всей жизни каждого человека, способного только в ней реализовать себя. Это объясняется направленностью на осуществление взаимосвязанной политики в области образования, культуры, коммуникации и науки в целях обеспечения уважения разнообразия культур, терпимости, диалога и сотрудничества в обстановке доверия и взаимного понимания.

Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы гласит, что: «В Казахстане создана благоприятная среда, как фундамент для развития потенциала личности, для межкультурного обмена, для свободного выражения мысли, для реализации инновационных проектов, для воплощения творческих замыслов. Это, в свою очередь, обуславливает создание прогрессивной системы образования, которая будет максимально отвечать интересам и требованиям молодой нации. Таким образом, на данном этапе развития Казахстана роль образования является ключевой» [1, 5].

Однако, признавая неоспоримое влияние культурных факторов на переводческий процесс, мы не вправе преувеличивать их роли и трактовать перевод как исключительно культурологическое явление.

Необходимо учитывать еще и своеобразный характер взаимодействия языка и культуры. Подход к переводу, заключающийся в том, что в действительности переводятся не языки, а культуры, лишает язык какой-либо самостоятельности индивидуальных черт. Несомненно, что перевод с одного языка на другой почти всегда, так или иначе, предполагает и перевод из одной культуры в другую, но все это протекает в сложном, многослойном процессе взаимодействия языков и культур.

С этой целью во всех учебных заведениях, готовящих переводчиков, обучающимся предлагаются занятия по теории и практике перевода. В основе технологии обучения переводу лежит убеждение в том, что способностью переводить человек обладает генетически, как и способностью овладевать языками, и хотя каждый отдельный человек обладает этой способностью в неодинаковой степени, она может быть развита и доведена до профессионального уровня, то есть овладение переводческой компетенцией не является (исключительно) прерогативой особо одаренных людей.

Переводу, как известно, подлежат «стихи, художественная проза, научно-популярные книги из различных областей знания, дипломатические документы, деловые бумаги, газетные материалы, беседы лиц, разговаривающих на разных языках и вынужденных прибегать к помощи посредника» [2, 15]. Перевод – неделимая часть духовной культуры каждой страны и ее народа, духовной культуры всего человечества. Перевод не может быть понят, а тем более научно определен, если его не рассмотреть с точки зрения его языковой сущности, если не раскрыть его лингвистических основ, его лингвистической природы. Ведь бесспорно, что перевод – это, прежде всего, языковая деятельность. Перевод основывается на языке, переводчик работает с языком. Язык – фундамент и основное средство перевода.

Многие ученые полагают, что наука о переводе обязана изучать процесс перевода. С использованием двух языков процесс перевода включен в коммуникацию. Центральным звеном науки о переводе является процесс перевода, тем самым ему предстоит изучать и условия порождения ИЯ, и условия порождения ПЯ, и различные сопутствующие явления, что входит в сложное понятие коммуникации.

Процесс перевода, составляющий специфику коммуникации с использованием двух языков, имеет свои существенные особенности. Первая особенность заключается в его многообразии. Перевод может осуществляться письменно и устно, с восприятием исходного текста через наушники и зрительно. Для перевода могут быть предложены художественная проза и научный трактат, стихи поэта, разговорные клише. Перевод может вестись с английского языка на русский, с русского на французский, с итальянского на японский. Вторая особенность процесса перевода заключается в «неуловимости», «неосязаемости» его некоторых сторон. Исследователь имеет обычно в своем распоряжении два текста (исходный и переводной), а что происходит в голове переводчика, как переводчик работает, об этом можно только догадываться. Все это побуждает либо ограничить себя изучением результатов межъязыковых преобразований, либо прибегать к измерению и сопоставлению данных на входе (исходный текст) и данных на выходе (переводной текст) [3, 4].

Прежде чем приступить к вопросу перевода реалий, необходимо уточнить, что понимается под этим термином. К сожалению, в лингвистической литературе, несмотря на повышенный интерес к данной проблеме, до сих пор еще не выработано единой точки зрения. Более того, взгляды на реалию очень противоречивы и термин этот разными авторами употребляется в разных значениях, что создает путаницу.

Исходя из этих определений, С. Влахов и С. Флорин дают определение безэквивалентной лексике (БЭЛ) и реалиям, как составной части БЭЛ. «БЭЛ – лексические (фразеологические) единицы, которые не имеют переводческих эквивалентов в языке перевода». Далее они дают определение реалиям, как особой категории средств выражения и составной части БЭЛ.

«В нашем понятии это слова (словосочетания), называющие объекты, характерные для жизни (быта, культуры, социального и исторического развития) одного народа и чуждые другому; будучи носителями национального или исторического колорита, они, как правило, не имеют точных соответствий,



эквивалентов в других языках, а следовательно, не поддаются переводу «на общих основаниях», требуя особого подхода» [4, 47].

При передаче реалий с одного языка на другой, в языке перевода появляются иноязычные слова. Это происходит, прежде всего, при транскрипции / транслитерации / и полукальке – *samovar, saklya, kunak, beshmet*.

Возникает необходимость привести эти слова в соответствие с правилами и традициями языка перевода. Это осуществляется имеющимися в наличии средствами.

Во-первых, при транскрипции необходимо перевести фонемы исходного языка в фонемы языка перевода. В разные времена системы менялись, и в настоящий момент выработана более или менее четкая система, посредством которой в языке появляются новые слова. Такое слово будет подчиняться правилам языка, в который оно вошло. Так, в русском языке сравнительно развита система склонений. Слова из языков, в которых склонение передается аналитическим способом, подчиняются правилам русского языка и склоняются по аналогии со схожими по форме русскими словами – *доллар, супермаркет, импичмент, коррида*. Однако существуют случаи, когда такое новое слово не склоняется или же при склонении принимает нежелательные формы – *банджо, лобби, кимоно, тори, янки, сари, наб, кэб*. Такие слова следует стараться употреблять в именительном падеже, чтобы читатель воспринял слово без искажений.

Несклоняемые слова образуют особую группу и примыкают к несклоняемым словам русского языка, которые в своем большинстве являются заимствованными – *кофе, какао, резюме, коммюнике*. Далее возникает и проблема образования ряда грамматических форм и множественного числа в частности.

Большинство слов легко принимают норму языка перевода. Но существует группа слов, которые чаще употребляются во множественном числе, чем в единственном. При заимствовании часто форма множественного числа принимается за исходную и к ней прибавляются суффиксы множественного числа языка перевода /Например, *mods* – «моды»/. То же происходит и при заимствовании слов, не имеющих формы единственного числа /*Jeans* – «джинсы»/.

В заимствованных из английского языка в русский язык словах в последнее время наблюдается тенденция присоединять русское окончание множественного числа непосредственно к основе английского слова, заменяя им соответствующие английские окончания /*mods* – *моды*/.

Возможности перевода реалий, фактически встречающиеся в переводах, сводятся к четырем основным случаям: транслитерация или транскрипция, создание нового (или сложного) слова на основе уже существующих в языке элементов, уподобляющий перевод, уточняемый в условиях контекста, и гипонимический перевод (замена видового понятия на родовое).

Транскрипция предполагает введение в текст перевода при помощи графических средств языка перевода соответствующей реалии с максимально допустимым этими средствами фонетическим приближением к ее оригинальной фонетической форме: рус. «*кунак*» и англ. «*kunak*», индийское «*ghi*» и рус. «*гхи*», англ. «*toga*» и рус. «*тога*». Желательность применения транскрипции при передаче реалий обусловлена тем, что при удачном транскрибировании переводчик может добиться преодоления обеих упомянутых выше трудностей – передачи и смыслового содержания, и колорита.

Калька – заимствование путем буквального перевода – позволяет перенести в язык перевода реалию при максимально полном сохранении семантики. Однако сохранение семантики не означает сохранение колорита, поскольку части слова или выражения передаются средствами языка перевода. Наиболее ярким примером калькирования является рус. «*пьяница*», образованное от англ. «*drunkard*».

Уподобляющий перевод употребляется довольно часто, например, весьма распространен подбор функционального эквивалента, который вызывает у читателя перевода такие же ассоциации, как и у читателя исходного текста. Следуя этому принципу, можно произвести замену названия «*бесподошвенные чупяки*» на «*soft-soled slippers*», поскольку переданы они одинаково.

Приемом уподобляющего перевода можно назвать объяснение или описание. Например, при переводе возможна замена русского понятия «*чурек*» на «*тонко раскатанный хлеб*». Такой способ употре-

бим по отношению к реалиям, транскрибирование которых приведет к потере равноценности регулятивного воздействия.

Использование абсолютного эквивалента возможно, если фразеологизмы в исходном языке и языке перевода содержат интернациональную реалию (свою для одного из пары языков или чужую для обоих): «Those who beg in silence *starve* in silence,» said Kim, quoting a native proverb [5,11]. – Кто просит молча, *подыхает* молча, – процитировал Ким местную поговорку [6,8].

В данной статье мы рассмотрели «чистые» реалии, т.е. реалии в переводоведении. Так называемые реалии в лингвострановедении представляют собой очень пестрое образование, включающее в себе топонимы, антропонимы, архаизмы, фразеологические единицы и т.д. Рассмотреть этот обширный класс лексических единиц не представляется возможным. Некоторые «смешанные» реалии вошли в качестве примеров. Реалиями в полном смысле этого слова они не являются. Они включены, во-первых, как дань традиции /их считают реалиями/ и, во-вторых, для того, чтобы коснуться этих слов, родственных «настоящим» реалиям /реалиям в переводоведении/, которым и посвящено данное исследование.

*Kim* was white – a poor white of the very poorest [5,1].

*Антропонимы*: *Ким* был белым – бедным белым из самых беднейших [6,1].

with little *Chota Lal* and *Abdullah* the sweetmeat-seller's son [5,2].

занимался с маленькими *Чхота-Лалом* и сыном продавца сладостей *Абдуллою* [6,2].

*Топонимы*: he had kicked Lala Dinanath's boy off the trunnions – since the English held the *Punjab* and Kim was English [5,1].

Он спихнул с цапфы пушки сынишку Лалы Динантха, поскольку англичане владели *Пенджабом*, а Ким был англичанин [6,1].

he knew the wonderful walled city of *Lahore* [5,1].

Правда, он знал чудесный окруженный стенами город *Лахор* [6,2].

They be Hindus in *Tibet*, then?' [5,4].

Значит, в *Тибете* есть индусы? [6,4].

It is a far cry to *Delhi*, and farther to Benares' [5,8].

До *Дели* далеко, до Бенареса еще дальше [6,7].

From Pathankot, having left the Hills, I came hither in a te-rain [5,9].

Спустившись с Гор, я от *Пантханкота* приехал сюда на поезде [6,7].

Таким образом, решение вопроса о выборе определенного приема при переводе реалии будет напрямую зависеть от задачи, которая стоит перед переводчиком: сохранить колорит языковой единицы с возможным ущербом для семантики или передать значение реалии (если оно не известно), утратив при этом колорит. Рассмотренные ниже примеры показывают, какие приемы наиболее часто используются переводчиками, и выявляют некоторые недостатки тех или иных приемов, а также предложенных вариантов перевода.

Необходимо учитывать и читательскую публику. Если реалии будут переданы транскрипцией, они могут быть не восприняты. При использовании других приемов будет утрачен колорит. Следовательно, все средства передачи реалий в переводе надо увязать с тем, в какой мере вводимые слова знакомы читателю. Основное – это чтобы сохранилось такое же впечатление, как и у читателя языка оригинала. Общепринято, что реалию переводить реалией нельзя.

#### Литература:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2010. – С. 5.
2. Попович А. Проблемы художественного перевода // Высшая школа. – 1980. – С. 15.
3. Колесникова В.С. К проблеме художественного перевода как речемыслительной деятельности // Мир языка и межкультурная коммуникация / Материалы международной научно-практической конференции. Ч.1. – Барнаул: БГПУ, 2001. – С. 4, 147-153.

4. Влахов С., Флорин С. Непереваемое в переводе. – М.: ИМО, 1980. – С. 18-47.
5. Киплинг Р. Ким. – Macmillan & Co. Ltd . – 1901. – С. 1-255.
6. Kipling R. Kim. – Macmillan & Co. Ltd. – 1901. – С. 1-255.

#### Түйіндеме

Мақалада Р. Киплингтің «Ким» атты романы бойынша эквивалентсіз лексиканы аударудың қиындықтары, аударматанудағы «таза» реалийлер қарастырылды. Оларға топонимдер, антропонимдер, архаизмдер, фразеологиялық бірліктер, т.б. жатады. Мақаланы жазу барысында «реалий» терминіне берілген әр түрлі анықтамалар және оларды аудару жолдары зерттелді. Реалийлерді аударуда жиі қолданылатын тәсілдер келесі болып табылды: транскрипция немесе транслитерация, тілдегі бар элементтер негізінде жаңа (немесе күрделі) сөз тудыру, жақындатылған аударма, гипонимиялық аударма.

Аудару тәсілін таңдау аудармашының алдында тұрған міндеттерге байланысты болып келеді: мағынасына өзгеріс енгізіп, тілдік бірліктің колоритін (реңкін) сақтау немесе колоритті (реңкті) жоғалтып, реалий мағынасын жеткізу. Оқырман қоғамын да ескеру қажет. Басты міндет – оригинал тіліндегі оқырман үшін туындаған әсерді сақтап қалу.

#### Summary

The article deals with the translation difficulties of non-equivalent words in R.Kipling's novel «Kim». «Pure» realia words of translation studies such as toponyms, anthroponyms, archaisms, idioms, etc. Different definitions «realia» term and ways translating them are studied. The most frequent methods of translating realias are: transcription or transliteration, creation of a new (or a complex) word on a basis of existing language elements, approximate (rough) translation, hyponymic translation.

The choice of translation option depends on the task standing before translator: whether to maintain richness of the language by bringing changes into the meaning or deliver the meaning of realia by losing the richness of the language. It's important to take the readers into account as well. The main task is to maintain the impression that was left on the reader of the original text.

ӘОЖ 316.422 : 377 : 371.13

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

**Ү.Б. АҒЫБАЕВА,**

*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент*

**Қ.Б. ҚОЙШЫБАЕВА,**

*педагогика ғылымдарының магистрі,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Қоғам дамуындағы жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттар, әлемдік мәдени білім кеңістігіне шығу жолдары, дамыған мәдениетті елдерден білім жүйесі және қазіргі педагогикалық ғылымның даму тенденциясы студенттерге кәсіби жаңаша дайындықты талап етеді.

Тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-экономикалық жетістіктері, халықаралық қарым-қатынасының кеңеюі экономиканың қай саласында болсын жұмыс пен қызметті ұйымдастыруды әлемдік талаптармен үйлестіруді қажет етеді. Елімізде жұмыс істейтін көптеген шетелдік және отандық компаниялар

экономикалық, сауда және мәдени қатынастарының ұлғаюы салдарынан шетел тілін еркін меңгеріп, әлемдік стандарттарға сай қызмет көрсете алатын мамандарды қарастырады. Бұл кең етек алып келе жатқан еңбек нарығындағы құбылыстың бір көрінісі. Бұл – үздіксіз процесс, оны тоқтату мүмкін емес. Сондықтан білім саласын қоғамның осы ерекшеліктеріне қарай бейімдеу қажет.

Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәрбиеге енгізудің нысанына айналады. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол – ғылыми ізденістердің, жекеленген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымағандықтан, ол басқаруды қажет етеді [1].

Инновация ұғымы ағылшын тілінен «innovation», аударғанда «жаңалық енгізу» дегенді білдіреді.

Инновация, негізінен, қандайда бір дәстүрлі мәселелерді жаңа тәсілдер арқылы шешу нәтижелерінде, деректерді терең әрі жан-жақты зерттеу барысында жаңа сапаларға ие болуы нәтижелерінде туындайды. Қазіргі заманғы инновациялардың көпшілігі тарихи тәжірибемен тығыз байланысты болғандықтан, өткеннен бастау алады. Яғни, инновациялық үдеріс – белгілі жағдай мен оның сәйкес көрсеткіштері үшін өзекті әрі бейімделген болып табылатын, заманға сай идеяларды тарату, қолдану, менгеру мен қалыптастыруға бағытталған, мотивацияланған, мақсатты әрі саналы үрдіс. Ол жаңалық енгізілген жүйенің сапасын жақсартуға бағытталған әрі ол жүйеге қатысушыларға стимул беріп, олардың көзқарасын жаңалыққа қарай өзгертуге бағытталған.

Білім берудегі инновациялық үдерістердің екі проблемасы бар. Олар: озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инновация пәні, инновациялық процесстердің мазмұны мен механизмі екі процесстің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни процесстің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдануға тиіс.

Білім берудегі инновациялық үдерістің нәтижесі жанашылдықтарды теориялық әрі тәжірибелік жұмыста қолдануда көрінеді. Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі инновация білім беру, жаңалық енгізу мақсатын да білдіреді: жаңа мазмұн өңдеу, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістері мен формаларын дамыту, т.б. қамтиды.

Осылардың даму негізінде екі топ факторлар бар:

1. Объективті факторлар, инновациялық іс-әрекеттердің дамытуына түрткі болатын және оның нәтижелерін қолдануды қамтамасыз ететін жағдай жасау.

2. Субъективті факторлар инновациялық үрдістегі субъектімен, оның инновациялық іс-әрекетке дайындық деңгейімен байланысты. Инновациялық үдерістің субъектісіне ғылым-педагогтар, мұғалімдер мен басқа да білім беру саласындағы қызметкерлерді жатқызуға болады.

Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе алады. Өйткені мұғалім жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдау жасаушы, зерттеуші тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процессті мұғалімнің өз қызметінде әріптестердің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, қолдануын қамтамасыз етеді, ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамды және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады.

Көп жылдар бойы білімді кәсіптік білімнің негізгі көрсеткіші деп бағалау теория мен тәжірибе жұмысы дайындығы арасындағы табиғи байланысқа мән берілмеуіне, мамандарды кәсіпке дайындауда білім қорының жеткілікті болмауына әкеліп, кейбір студенттердің оқуға, одан кейін болашақ кәсібіне деген біліктілігінің төмендеуіне әсерін тигізді. Жоғары мектептің білім беру барысындағы осы мәселені шешу жолының бірі – студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастыруды қайта бағдарлау арқылы оларды таңдаған кәсіби саласында өз білімдерін, іс-тәжірибелерін, мақсаттарын толықтай жүзеге асыруға тұлғалық құлшыныстарын ынталандыру. Кәсіптік білім берудің басты бағдары біліктілік пен

кәсібиліктің жоғары деңгейіне ие маманданған азаматтар даярлау екені уақыттың қатал талабына айналып отыр. Кәсіп дегеніміз бітіруші түлекке еңбек рыногында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін оның өзінің игерген кәсібі бойынша жоғары шеберлігін білдіреді.

Кәсіби біліктілік – ол маманның таңдаған кәсібі алдындағы талаптарды, міндеттерді және оған сәйкес көзқарастарды, пікірлерді, нұсқауларды барынша қабылдау деген сөз [2].

Елімізде және шетел педагогикасында мамандардың кәсіби дайындығын зерттеу мәселесі жағынан бірқатар тәжірибелер жиналған. Зерттеулер кәсіби білім, саяси-қоғамдық және психологиялық-педагогикалық білім саласында кеңінен өріс алған. Әсіресе, болашақ мамандарды ғылыми теория және іс-тәжірибе бағытында даярлауға қатысты зерттеулер педагогика ғылымдары жүйесінің әр саласында жүргізілді. Атап айтқанда:

– теория және әдістеме саласында (А.Е. Әбілқасымова, Г.А. Ахметова, К.Ж. Қожахметова, Ж.А. Карраев, Н.Д. Хмель және т.б.);

– оқу танымында теория мен іс-тәжірибенің бірлігі (П.Р. Атутов, С.Я. Батышев, В.С. Безрукова, К.С. Успанов, Г.А. Уманов және т.б.);

– әлеуметтік бағытта (К.К. Жампейісова, А.А. Калюжный, З.У. Кенесарина, В.В. Трифонов және т.б.);

– кәсіптік білім мазмұны мен технологиясында (Қ.М. Арынғазин, Ж.Ж. Наурызбай, Г.К. Нұрғалиева, Б.К. Момынбаев, А.Қ. Қозыбай және т.б.);

– психологияда (К.Б. Жарыкбаев, Ж.И. Намазбаева, С.М. Жакупов және т.б.);

– экологияда (М.Н. Сарыбеков және т.б.);

– мәдениеттануда (М.Х. Балтабаев, Т.А. Қышқашбаев, Б.А. Оспанова және т.б.);

– зерттеуде (З.А. Исаева, Ш.Т. Таубаева және т.б.).

Кәсіби бағыттылықты дамытудың маңызды міндеті – жастарды әр кәсіптің ерекшелігімен, олардың мазмұны туралы толық біліммен қаруландыру, әрбір кәсіптің олардың жеке қасиеттеріне қоятын талаптарымен таныстырумен қатар, таңдап алған кәсібіне деген терең қызығушылығын ояту, маңыздылығын сезіндіру, оның қоғамдық өмірдегі әлеуметтік беделін түсіндіру болып табылады [3]. Әсіресе, студенттердің болашақ кәсібіне байланысты мәселелерді шешу барысындағы олардың шығармашылық ой-қабілеттерінің маңызы ерекше. Бастапқы кезеңде бірқатар студенттер өз мамандықтары бойынша жұмыс істеуді жоспарламайды, сондықтан олардың оқуға жағымды көзқарасын тудыру арқылы болашақ кәсібіне қызығушылығын қалыптастыру қажет. Кәсіби бағыттылық – бұл философ, психолог, педагогтардың тұлға іс-әрекеті тұрғысын қарайтын күрделі интегралдық өзіндік білім. Кеңес психологиясында мамандану мәселесі В.М. Бехтерев еңбектерінен бастау алып, Е. Климов, В.А. Щадриков, А.К. Маркова, Т.В. Кудрявцев, А.А. Смирнов зерттеулерінде жалғасын тапты.

Тұлғаның кәсіби дамуы проблемасына байланысты зерттеулердің басым көпшілігі үш бағытта тұжырымдалады: кәсіби іс-әрекеттің өзін зерттеу; кәсіби мамандану барысында субъектінің өзін зерттеу; мамандану процесінде жүретін жағдайларды зерттеу.

А.К. Маркованың пікірінде кәсіптік іс-әрекетті маманның өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне орай таңдап алған кәсібін меңгеруі, кәсібінің алдында тұрған міндеттерді, оның қоятын талаптарын меңгеруі, өзін маман ретінде қалыптастырып сезінуі, кәсіби саласына өз үлесін қосуы, мамандығын жетілдіру арқылы өз тұлғасын дамытуы деп көрсетілген [4].

Кәсіби бағыттылық адамның өз тәжірибесін әтижесінде жиналады. Оның дамуы адамның өмірде өзін өзі анықтау мәселесін шешуіне, белгілі бір кәсіпті таңдағанда өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін дер кезінде аңғаруына және кәсіпті таңдауда қоғамдық маңызды мотивтерді ескеруіне байланысты. Кәсіби бағыттылықты дамыту – бұл тұлғаның мүддесі мен қабілетінің белгілі бір іс-әрекетке, қызығатын кәсібіне қоятын талаптары мен өзінде бар қабілеттердің, тұлғаның кәсіби мүддесі мен қоғамның мамандарға мұқтаждығы арасында үнемі пайда болатын қайшылықтарды шешу процесі.

А.И. Кочетов көрсеткен бағыттылықтың даму сатыларын жалпы жоспар бойынша мына түрде көрсетуге болады: а) тұрақты және өзекті қажеттілік ретінде қызығудың болуы; б) іс-әрекетте жүзеге асырылатын бейімділіктің және тұрақты қызығудың қалыптасуы; в) кешенді және тұрақты қызығу мен



әуестіктің мінез-құлықтың басты мотивтері болып, мақсатқа көзделуі; г) бағыттылықтың қалыптасуы тұлғаның басты қасиеттерінің мақсатқа көзделген байланысы ретінде болуы.

Кәсіби бағыттылықты дамытудың маңызды міндеті – жастарды әр кәсіптің ерекшелігімен, олардың мазмұны туралы толық біліммен қаруландыру, әрбір кәсіптің олардың жеке қасиеттеріне қоятын талаптарымен таныстырумен қатар, таңдап алған кәсібіне деген терең қызығушылығын ояту, маңыздылығын сезіндіру, оның қоғамдық өмірдегі әлеуметтік беделін түсіндіру болып табылады. Әсіресе студенттердің болашақ кәсібіне байланысты мәселелерді шешу барысындағы олардың шығармашылық ой-қабілеттерінің маңызы ерекше. Бастапқы кезеңде бірқатар студенттер өз мамандықтары бойынша жұмыс істеуді жоспарламайды, сондықтан олардың оқуға жағымды көзқарасын тудыру арқылы болашақ кәсібіне қызығушылығын қалыптастыру қажет.

Қазіргі жағдайда мамандарды кәсіби даярлаудың белгілі бір деңгейдегі сапасы мен бағыты еңбек нарығында оның бәсекеге түсу қабілетінің негізгі шарты болып табылады. Маман өзінің мамандық сипаттамасымен қажеттілік құндылық ретінде өзінің кәсіпшіл қызметін ұсынушы нарықтық қарым-қатынастар объектісінің рөлін атқарады.

Осымен байланысты кәсіби даярлық процесінде жоспарлау, білім алу, өзінің жоғары жеке қабілеті мен танымдық қызығушылығының қалыптасуымен қатар, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мүмкіндігі бар студент еңбек нарығында елеулі орын алуы заңдылық болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Көшіметова С.А. Оқу тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. – А., 2004.
2. Столяренко Л.Д. Педагогическая психология. – Ростов н/Д, 2000.
3. Климов Е.А. Введение в психологию труда. – М., 1988.
4. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М., 1996.

#### Резюме

В статье важное место уделяется использованию инновационных процессов в профессиональной подготовке специалистов. Благодаря их применению в учебном процессе повышается качество преподавания, так как это ведет к всестороннему и углубленному исследованию той или иной проблемы. При использовании инновационных процессов прослеживается непосредственная связь теории и практики. Автор подчеркивает, что в условиях рыночных отношений профессиональная подготовка специалистов должна стоять на качественно высоком уровне.

#### Summary

In the article the author focuses on the application of innovative processes in the vocational training of specialists. The teaching quality increases due to such application in the education process as it results in the comprehensive and in-depth research of a problem. While using the innovative processes there is a direct link of between theory and practice. Nowadays, in the market conditions the vocational training of specialists should be carried out on the extremely high level.

## ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ – КӘСІБИ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛЫ

**Д.Қ. АҚБЕРДИЕВА,**

*Қызылорда көпсалалы гуманитарлық-техникалық колледжі,  
Қазақстан Республикасы*

Кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі міндеті – белгілі бір көлемдегі білім берумен шектелмей, алынған кәсіптік білімді адам өз қажетіне, өмірдің нақты жағдайларында қолдана біліп, қоғамға пайдасын келтіру. Ендеше осы міндетті орындауда инновациялық технологияны қолдану – өмір талабы.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекет жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толық жету.

Білім, негізінен, пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине, терең білім де, материалдың игеруге қолайлылығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын. Технология мен әдістеменің мақсаты бір – «қалай оқыту мәселелерін қарастырады». «Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж. Аймауытов айтқандай, бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В. Сухомлинскийдің сөзін ұсынған оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, т.б. таным әрекетерін жасайды.

«Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай инновациялық технологияны пайдаланып отырсақ, оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаңа технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- Оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
- Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- Оқытушының уақытын үнемдейді;
- Қосымша мәліметтер береді.

Жаңа технологияны пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:

- Барлық баланы оқыту;
- Оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
- Білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;

– Оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену;

Педагогтың инновациялық іс-әрекеті келесі белгілермен сипатталады:

– өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілеті;

– жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесінен хабардар бола отырып, өз жұмысының нәтижесін ұғыну қажеттілігінен;

– жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге енгізумен;

– педагогикалық инновацияның жаңа әдістері мен тәсілдерін өз бетінше жасаумен;

– педагогикалық кертартпалықпен, догмамен, артта қалушылықпен белсенді күрес жүргізумен.

Айтылғандарды есепке алғанда, педагогтың өнімді инновациялық іс-әрекетінің көрсеткіштері мыналар:

– педагогикалық еңбектің тиімділігі;

– оқу-тәрбие үрдісіне қатысушылардың педагогикалық талаптары мен бағыттарының бірлігі;

– жеке тұлғаның шығармашылық тұлғасының қалыптасуы;

– мұғалім беделінің өсуі;

– оқушылардың істі талдау әдіс-тәсіліне, диалектикалық ойларға үйренуі;

– оқу және тәрбие үрдісінде зерттеу тәсілінің педагогикалық қызмет үлгісіндегі ашылулары.

Педагогтың инновациялық іс-әрекетін сараптау бағасы В.К. Криллов, М.Р. Львов, Н.В. Путилин, А.А. Талмачев және т.б. көрсеткен белгілері негізінде жүзеге асады. Мұнда методологиялық мәдениет кіреді, оның құрамында мыналар кездеседі дейді зерттеушілер: қазіргі білім берудегі филологиялық білім; негізгі ұғым жайлы педагогика ғылымы мен осы түсініктердің өзара қатынасы жайлы педагогикалық терминология; педагогикалық ақпаратты қолдану, өңдеу, алу әдістерін меңгеру; педагогикалық құбылыстың диагностикалық тәсілі (диалектикалық ойлау); педагогикалық үрдіс пен құбылыстарға, өзінің педагогикалық тәжірибесін баяндауға жүйелі амал жасау; педагогикалық қызмет жайлы, тұлға мен ұжым құрылымы жайлы білімі; оқу-тәрбие құбылысындағы, үрдісіндегі факторлар мен шарттарды, қозғаушы күштерді, карама-қайшылықтарды табу, талдау, баяндау қабілеттілігі; педагогикалық жаңашылық салдары: баланың жеке тұлғасын, оның өзіндік көңіл-күйін, денсаулығын, белсенділігін дамыту, мұғаліммен ынтымақтастығын нығайтатын жаңа педагогикалық бағыттар.

Қазіргі кезде әрбір қоғам мамандарының алдына қойған талаптарына сәйкес «маман моделін» маман профессиограммасын жасау міндеті жұртшылықтың назарын өзіне аударуда.

Бұл міндетті шешуге байланысты ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдар, педагогтар, психологтар бар (Н.В. Кузьмина, Ф.Н. Гоноволин, В.А. Слостенин, А.И. Щербак, Н.А. Сорокин). В.А. Слостениннің пікірі бойынша, мұғалім профессиограммасы мыналарды қамтиды:

1) Қоғамның саяси сапалары;

2) Әлеуметтік-психологиялық, этикалық-педагогикалық және ұстаздың жеке басының сапалары;

3) Психологиялық және педагогикалық даярлық;

4) Мамандық бойынша даярлық;

5) Пән бойынша даярлық.

Бұл сапалар мұғалімдік қызметке қойылатын жалпы талаптардан туады. Инновациялық іс-әрекет моделін қалыптастыруда Л.Н. Подымова өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында отандық және шетел педагогикалық, психологиялық, әдістемелік негіздерін оқып үйренудегі мынадай көзқарастарды ұсынады: аксиологиялық, рефлексі-қызметтік, жүйелі-қызметтік, әлеуметтік-психологиялық, жеке-шығармашылық. Автор мұғалім моделін жасауда жалпы инноватика жайлы (Б. Мор, Э. Роджерс, И. Шумпетер) білімге сүйену, моделдің технологиялық блогын құрауда жаңалықтың өмір сүру циклін, оның сатыларын (талдау, жоспарлау, даярлау, қолдану), жаңалық енгізудің пайда болуы, меңгерілуі (диффузия мен рутинизация) сияқты құбылыстарды басшылыққа алыну керек деп көрсетеді.

А. Николс ұсынған жаңалық енгізудің моделін инновацияның үш түрлі кезеңін – даярлық, жоспарлау, жаңалықты енгізуді қамтиды. Инновацияның мазмұндық құрылымына кіретіндер – білім беру, тәрбие-

леу үрдісінде, оқу-тәрбие жұмысын және оларды меңгеріп алу, зерттеу, мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне енгізу.

Болашақ ұстаздың инновациялық іс-әрекеті төрт түрлі өлшеммен сипатталады:

- инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігін сезінуі;
- оқу үрдісіне жаңалық енгізуде шығармашалықпен қызмет етуге даярлығының болуы;
- енгізілетін жаңалықтардың бағытының дұрыстығына, тиімді нәтиже әкелетініне сенімді болуы;
- белгілі проблеманы шешудегі қолданылатын инновациялық іс-әрекетті толық өзіне қабылдап, оны енгізе білуі.

Оқыту процесінің басты компоненті – оқытудың мақсаты мен мазмұны.

Оқушылардың рухани дамуына, ең алдымен, оқытудың ғылыми мазмұны мен гуманитарлық бағыты орасан зор ықпал етеді. Жалпы білім беру, негізінен, үш түрлі мақсатты көздейді:

Біріншісі – табиғат, қоғам, техника, өнер туралы ғылыми білім негіздерін меңгеру. Бұған ғылымдағы негізгі заңдылықтардан, фактілерден, жетекші ұғымдағы негізгі заңдылықтардан, фактілерден, жетекші ұғымдар мен идеялардан басқа, дүниетанымдық идеялар мен сенімдер, практикалық біліктер мен дағдылар және ғылыми ойлау тәсілдері жатады.

Екіншісі – оқушыларды практикалық іс-әрекетке даярлау, өз бетімен қоғамдық пайдалы еңбек етуге дайындау. Оқытудың үшінші мақсаты – оқушылардың ғылыми көзқарасы мен сенімдерін қалыптастыру оқу пәндерін оқытуда олардың танымдық және тәрбиелік мүмкіндіктерін мейлінше толығымен пайдалануды керек етеді.

Білім берудің мақсатын айқындау үшін Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек».

Оқыту – екі жақты процесс. Оқыту процесі – оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын қызметінен тұратын күрделі әрекет. Оқыту мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу – баланың өзінің танымдық, практикалық әрекеті.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдануда, біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы арта түспек деп ойлаймын.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан мектебі журналы. – Алматы, 2008.
2. Интернет материалдары.
3. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
4. «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы. – Астана, 1997.
5. Валиева М. Жаңа педагогикалық технологиялар / Әдістемелік нұсқау. – Кызылорда, 2002.

#### Резюме

В статье рассмотрены оптимальные варианты реализации педагогических технологий, изложены основные моменты использования инновационных технологий в педагогической деятельности. Предлагаются ведущие компоненты учебного процесса в духовном формировании учащегося. Применение инновационных технологий побуждает интерес к учебе, формирует научное мировоззрение студентов, их самостоятельность. Применение данного метода способствует расширению кругозора обучающихся, оптимальному планированию и реализации занятий преподавателем.

## Summary

Article reviews optimal ways of applying pedagogical technologies and main features of applying innovational technologies in pedagogical activity. Key elements of educational process engaged in spiritual development of students are presented. Application of innovational technologies encourages eagerness to learning, shapes scientific ideology of students. This method stimulates broadening of the students' world view, optimal planning and execution of lessons by professor.

ӘОЖ 574:161/162:316.74:80

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРС ЖӘНЕ ОНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Г.Н. БАЙЖАНОВА,**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы*

Бүгінгі таңда жаһандану заманында экология және қоршаған орта қоғам өмірінде маңызды орын алады. Сонымен қатар экология мәселесі қоғамның коммуникативті іс-әрекетіне еніп, оның дискурсивті кеңістігіне әсер етеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында экологиялық апат аймақтарын, әскери ғарыш полигондары мен сынақ кешендерін оңалтуды негізгі міндеттерге жатқызып, басты назар аударылған [1]. Себебі, осы атап көрсетілген жағдайлардың барлығы біздің өңірден тиісті өз орындарын алады. Яғни, оған Арал апат аймағын, Байқоңыр ғарыш айлағын және қауіпті Возрождение аралын жатқыза аламыз. Мәселен, Арал экологиялық дағдарысы – адам қарекетінің әсерімен болған экологиялық дағдарыстың неғұрлым айқын мысалы. Арал теңізінің болашағы бүкіл дүние жүзі халықтарын толғандыруда. Өйткені, оның жойылып кетуі Орта Азия мен Қазақстанды ғана емес, көптеген Шығыс елдерінің тыныс-тіршілігіне зардабын тигізген. Сондықтан, Арал мәселесі көптеген шетел және отандық ғалымдар арасында пікірталастар туғызып, осыған байланысты жоспарлы түрде ғылыми негізде жұмыстар жасалып, халықаралық конференциялар ұйымдастырылуда. Жоғарыда аталған мәселелер экологиялық дискурстың өзектілігін айқындай түсетіні анық. Экологиялық дискурста экология тақырыбы мен мәселесін қарастыратын монографиядан бастап, көркем әдебиетке дейінгі әр түрлі жанр мен стиль қызметіндегі мәтіндерді жатқызамыз. Бұл – экология тақырыбындағы ситуациялық қарым-қатынасқа негізделген ауызша немесе жазбаша мәтін. Экологиялық дискурстың негізгі ұғымы және тақырыбы табиғат пен қоршаған ортаның жағдайы болып табылады. Кейінгі кезде «дискурс» термині лингвистикада кең өріс алды. Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте дискурс экстралингвистикалық факторлармен (прагматикалық, социомәдени, психологиялық және т.б.) байланыстырылған мәтін ретінде және әлеуметтік іс-әрекетке бағытталған көзқараста қарастырылуда [2].

Жалпы дискурс теориясының қалыптасуына екі дәстүрдегі мектеп өкілдері маңызды рөл атқарды. Олар: американдық мектеп және чех лингвистикалық мектебінің дәстүрі. Тіл білімінің дамуы дискурс теориясына негізделген арнайы ғылыми зерттеулерді қажет етіп, жан-жақты зерделенуде. Осыған байланысты дискурс пен мәтінді ажырата көрсетуге ұмтылған еңбектер көптеп жариялануда. Қазіргі филологиялық ғылымда дискурс пен оның табиғатын ашуға байланысты пікірлер әр тарапты. Оған «белгілі бір аядағы ағымдық тілдік қызмет», «тілдік байланыстар арқылы жасалатын мәтін», «аяқталған



тілдік қарым-қатынас», «оқиғалық аспектідегі мәтін», тағы сол сияқты көптеген анықтамалар берілді. Сонда «дискурс» ұғымы тілдік қызметті де, мәтінді де, мәтін аясында ойтолғамды білдіретін көп мағыналы термин. Яғни, бір сөзбен айтқанда, дискурс-мәтіннен басқа экстралингвистикалық факторларды (қоршаған ортаны, ой-тұжырымды, қағидалар мен адресаттың мақсаты) білдіретін күрделі экстралингвистикалық құбылыс. Бұл жөнінде Л. Дж. Филиппс, М.В. Йоргенсен, М.Л. Макаров, Е.И. Шейгалдардың зерттеулерінде кең айтылған. Батыста ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап, лингвистика саласында кең қолданыста болған «дискурс» ұғымы елімізде, яғни қазақ тіл білімінде тек ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында зерттеліп, айналысқа түсе бастады. Дискурсты түсіндіріп, оның талдау теориясын зерттеген шетелдік ғалымдар – Т.А. Ван Дейк, П. Серио, Д. Шифрин, М.Л. Макаров, А.И. Варшавская, В.В. Богданов, Н.Д. Арутюнова, В.З. Демьянков, В.В. Красных, А.Е. Кибрик, Л.С. Выготский және т.б. Т.А. Ван Дейк бойынша дискурс дегеніміз – белгілі бір мәтін құру, сонымен қатар тілдік шығарманың белгілі бір дәрежедегі экстралингвистикалық жағдаяттарға байланысты немесе тәуелді болу негізіндегі күрделі коммуникативті құбылыс [3]. Бұл анықтамадан дискурстың мәтіннен кеңірек ұғымда қарастырылатынын және оның кеңістік пен уақыт талабы мен жағдайына сәйкес дамуы мен қабылдануын тұжырымдаймыз. Дискурсты түсінудің пәнаралық моделін Т.А. Ван Дейк пен В. Кинч құрды деуге болады. Бұл модельдің негізгі компоненттеріне ғалымдар когнитивтік, контекстуальдық негіздерді жатқызады. Дискурсты немесе мәтінді түсіндіру дегеніміз – қабылданған мәліметтерді түсіну, өңдеу ғана емес, сонымен қатар ішкі когнитивті ақпаратты пайдалану мен оның белсенділігі. Француз мәдениеттанушысы Мишель Фуко дискурсқа «қоғамдық өмірдің барлық деңгейлерін қамтитын әлеуметтік негіздегі үдеріс» деп философиялық тұрғыда анықтама берсе, [4] ресейлік зерттеуші Ревзина О.Г. «Дискурс, бұл – барлық айтылғанның және дыбысталғанның әрекеттілігі, байланысы» деген тұжырымдама беріп, дискурстың лингвистика ғылымындағы маңыздылығын айқындай түсті [5]. Бұл анықтамадағы «барлық айтылған» тіркесінің астарында сөйлеушінің белгілі бір жағдаятқа байланысты ойы, пікірі және соның негізінде қалыптасқан көзқарасы жатса, «барлық дыбысталған» тіркесінің астарында сөйлеушінің ой-пікірі, қалыптасқан көзқарасының вербальды формада бейнеленіп, берілуі жатыр.

Сонымен қатар отандық зерттеуші, ғалымдар – Н. Уәли, З.Ш. Ерназарова, Г. Әзімжанова, Д. Әлкебаева, Ж.М. Кеншінбаева, Г.Г. Бүркітбаева және т.б. «дискурс» ұғымына анықтамалар беріп, оның түрлерін белгілеген және дискурстық талдау жасаған. Олардың барлығына да тән ортақтық – дискурстың тек лингвистикалық қырынан ғана танылмайтындығы, оның экстралингвистикалық, әлеуметтік сипатын қоса қарастыру міндеттілігі, мәтіннің статикалық, дискурстың динамикалық сипатта алынуы. Айырмашылық – дискурсты тілдік әрекеттесу үрдісі мен сол үрдіс нәтижесі – мәтіннің қосындысы (А.А. Кибрик) деп, сондай-ақ мәтін мен интеракцияға қатысушылар және коммуникативтік жағдаят қосындысы (Г.Г. Бүркітбаева) деп тануында. Қазақ тіл біліміндегі анықтамаларда дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі [6], дискурс – нақты айтылған сөз, өзінің мағыналық-ақиқаттық мазмұнымен қоса экстралингвистикалық факторларымен жүйеленетін сөйлесімдер [7], фреймі «автор», «сөз актісі» – «адресат» және «сөз жағдаяты» (сөздің қандай ситуацияда айтылғаны) деген құрылымдардан тұратын коммуникативтік «уақиға» [8] сапасында берілген.

Дискурстың түзілуі мен қолданылуы дегеніміз – тілдік тұлғалар арасында тілдің, оның оймен тоғысуы сәтінде, яғни сөйлеуде орындалуы. Ол тілдік тұлғалардың өмір тәжірибесі мен білімі, дағдысы, олардың сөйлеу жанрларына, сөйлеу тактикасы мен сөйлеу стратегиясына сәйкестігі, өзі таңдаған коммуникативтік рөлді қалай атқарғанына байланысты болады. Дискурстың коммуникативтік тұрғыдан қамтамасыз етілуіне хабардың жеткізілу жолдары, коммуникация арналары (ауызша, жазба, радио, теледидар, интернет) және код-тіл жатады. Дискурстың өмір сүру формалары – оның қолданыста сөйлеу жанрларына сай жүзеге асуы. Дискурс өнімінің сақталуы «мәтін кітапханасы» түрінде болады да, сол арқылы дискурсқа қайтып орала алады. Яғни, мәтін тілде орналасып, дискурста өмір сүреді [9]. «Экологиялық» термині экологиялық дискурстың негізгі қарастыратын мәселесі болып табылады. Экологиялық дискурс төңірегінде тірі ағзалар, табиғат пен оларды қоршаған ортаның өзара қарым-қатынасының байланысы қарастырылады.

Сонымен, концептінің ұғымдық негізі үш құрылымдық бөліктен тұрады: сол мәдениет тұлғаларының әрбіріне белгілі және маңызды болып табылатын негізгі өзекті белгі; мәдениет тұлғаларының белгілі бір тобына ғана өзекті болып саналатын қосымша немесе бірнеше қосымша енжар белгілер; күнделікті өмір барысында байқала бермейтін, тек мамандар үшін ғана белгілі концептінің ішкі формасы. Сондықтан да концептілер социумның коммуникативтік қажеттіліктеріне қызмет көрсету тұрғысынан олар жекелік, микропоттық, макропоттық, ұлттық, жалпыадамзаттық, өркениеттік деп бөлінеді.

Қазіргі таңда «схема» терминімен қатар фрейм, сценарий, скрипт, т.б. терминдері де қолданылып жүр. Ойлау схемалары адам жадында сақталатын тәжірибені тілдік және тілдік емес формада да ұйымдастыруы мүмкін. Сол себепті кейбір ғалымдардың пікірінше, біз жадымызда тілге дейін болатын және тілдік те фреймдерді сақтай аламыз. Ал басқа бір ғалымдар тобының пайымдауынша, барлық фреймдер тілдік мәртебеге ие болып келеді. Тіл арқылы игерілетін когнитивтік құрылымдар мен тәжірибенің бөлек элементтерінің жиынтығы ғаламның тілдік бейнесін құрайды.

Осыдан тілді тек лексикалық, грамматикалық, фонологиялық бірліктер жүйесі және белгілі бір этномәдени және әлеуметтік мән-мәтінде жүзеге асырылатын коммуникативтік әрекеттер ережелерінің жүйесі деп қарастыру жеткіліксіз. Өйткені тіл ғалам туралы вербалды білімдер жүйесі де болып табылады. Қазіргі кезде тілді зерттеу практикасында ең белгілі когнитивтік құрылымдар ретінде «фрейм» мен «концепт» танылып жүр.

Ғалым Н. Уәли бұл когнитивтік құрылымдарға мынадай анықтама береді: «Тіл – ойды құраудың және оны сыртқа шығарудың ең басты құралы. Ақпаратты кодқа салудың екі формасы бар. Бірі – когнитивтік, екіншісі – тілдік. Ақиқат дүниеден алынған деректер санада концепт, фрейм, скрипт, сценарий, пропозиция, образ, т.б. когнитивтік құралымдар арқылы репрезентацияланады.

Фрейм – стереотипті ситуацияның ойбейнесі. Осы аталған когнитивті жасалым стереотипті денотаттық ситуациямен байланысты. Денотаттық ситуация стереотипті болады. Фреймнің тағы бір маңызды категориялық ерекшелігі – тілдік және тілдік емес білімді біртұтас когнитивті бейнеге (образға) айналдыра алатын құрылымдылығы. Фреймнің тағы бір ерекшелігі – оны екінші реттегі номинация арқылы объективтендіруге болатыны. ...Фреймнің міндетті белгілері оның пропозициялық құрылымдары арқылы объективтенеді. ...Стереотип ситуацияның типтік белгілері жаңа концептімен ассоциацияланады да, вербальданып, екінші реттегі номинацияға айналады» [1, 45-47].

Біздің зерттеу материалымызға байланысты компаративтік жағдаяттар фреймдік құрылымдар болып табылатындықтан, біз фрейм ұғымы мен оның басқа когнитивтік құрылымдар жүйесіндегі орны мәселесіне кеңінен тоқталуды жөн деп санадық. Мәселен, орыс ғалымы А.П. Бабушкинның

тұжырымдауынша, фрейм концептінің бір түрі болып табылса [2, 19], ал И.А. Стернин мен Г.В. Быковалар оны гештальттың бір түрі деп санайды [3, 63].

Біздің ойымызша, менталды репрезентацияның бір түрі ретіндегі фреймнің ерекшелігі жалпы тілдік тұлғаның жеке, индивидуалды қасиеттерімен де, сонымен бірге кодталатын көрініс өзгешелігімен де айқындалады. Мысалы, «өнер» фреймі гештальт ерекшеліктерімен сипатталады, өйткені қисынды қатынастарды да (гипер-гипонимиялық, партонимиялық, метонимиялық) жүйеге түсіреді, сондай-ақ түрлі модалдық (есту және көру) танытатын бейнелі көріністерді де жүйелейді.

Фрейм ұғымының когнитивтік интерпретацияларында тағы бір өзгеше анықтамасы бар. Бұл анықтама бойынша фрейм концепт түрі емес, оның менталды көрінісінің формасы, яғни концептуалдық құрылым, менталдық кеңістіктің бірлігі болып саналады [4]. Сонымен фрейм концептінің менталды репрезентациясының бір тәсілі ретінде түсіндіріледі.

Сондықтан да, біздің түсінігіміз бойынша, фреймді концепт ретінде қабылдаудан гөрі, одан да жоғарғы деңгейдегі когнитивтік құрылым, концептілердің өзара әрекеттестікке түсудің бір түрі, менталды кеңістік ұйымдастырылуының тәсілі мен формасы деп санаған дұрыс.

Фрейм ұғымы мен өріс (лексикалық, семантикалық, ұғымдық) теориялары бір-бірімен тығыз байланысты. Көптеген ғалымдардың (Ч. Филлмор, Н.С. Болотнова, И.А. Тарасова және т.б.) зерттеу нәтижелерінің негізінде семантикалық өріс пен фрейм арасында төмендегідей айырмашылықтарды атап көрсетуге болады:

а) фрейм типтік жағдаяттардағы типтік байланыстарды айқындайтын тұрақты құрылым, өріс құрылымы фреймге қарағанда соншалықты тұрақты емес, ол ассоциативті нақты кей жағдайларда индивидуалдық сипатқа ие бола алады; ә) фреймнің бастамасы – жағдаяттық жақындық, өрістікі – ассоциативтік-семантикалық болып табылады; б) фреймнің құрылымдық ұйымдастырылуы түйіндер арқылы жүзеге асырылса, өрістің өзегі, орталығы мен перифериясының арасындағы шектері айқын емес, жылжымалы; в) фреймнің лексикалық репрезентациясы тақырыптық топқа сәйкес келіңкірейді, семантикалық өрістің менталды үлгісі «концептуалдық өріс» терминін енгізуді қажет етеді.

Өріс теориясына қатысты зерттеулер көркем сөз семантикасын қарастыруда кеңінен пайдаланылды. Бұл зерттеулерде семантикалық (ассоциативтік-бейнелі, мән-мағыналық) өрістер автордың жеке стилінің ерекшеліктерін, жазушының тілдік және концептуалдық ғалам бейнесін көрсетудің бір тәсілі ретінде қарастырылады. Мәселен, ғалым Н.С. Болотнованың пікірінше, мәтіннің ассоциативтік-мағыналық өрістері авторлық концептілерді репрезентациялаудың бір тәсілі болып саналады [5, 243-б.].

И.А. Тарасова: «Егер фрейм мен концептуалдық өрісті екі басқа когнитивтік құрылымдар деп қарайтын болсақ, онда фреймдік және өрістік құрылымдарды ажыратып көрсететін негізгі белгілер ретінде ассоциациялардың типтік немесе индивидуалдық дәрежелері мен олардың рационалды және эмоционалды сипаттары болуы қажет», – деп санайды [6, 117].

Ал Н.Ф. Алефиренконың анықтауы бойынша: «...фрейм, концепт және гештальт сияқты когнитивтік құрылымдар көп жағдайда генетикалық рұрғыдан этноэйдемалармен тығыз байланысты. Яғни ғаламның ұлттық-тілдік бейнесінің ерекшелігін айқындайтын архетиптік бейнелермен байланысты. Олар дискурсивтік-прагматикалық факторлар (оқиғалар, жағдаяттар, пресуппозициялар, т.б.) арқылы репрезентацияланады» [7, 82]. Автордың пікірінше, концепт – әмбебап лингвокогнитивтік құрылым. Оның өзегін интенционалды (заттық-бейнелі) мән-мағыналар құраса, шеткері аясы имплицитті мағыналардан тұрады.

Сонымен бірге ғалым гештальт ұғымына да анықтама беруге талпыныс жасайды. Ғалымның пайымдауынша: «Гештальт жанама-туынды бірліктердің дискурсивтік-когнитивтік семантикасын қалыптастыруда жетекші қызмет атқарады» [7, 82]. Себебі гештальт-танымның сезім және рационалды элементтерін бірлікте көрсететін концептуалдық құрылым.

Алайда, ең дефинициясы нақтыланбаған когнитивтік құрылым фрейм болып саналады. Фреймнің бірнеше дефинициясын келтіруге болады: «Фрейм – лексемалармен репрезентацияланатын концептілердегі білімдер мен тәжірибелерді схемаға келтіретін ерекше когнитивтік құрылым» (Ч. Филл-

мор); «Фрейм – ұғымдар жүйесі. Бірақ оның біреуін түсіну үшін сол ұғым кіретін бүкіл құрылымды ұғыну қажет» (В.З. Демьянков); «Фрейм – белгіленуші туралы білімдердің сатылы ұйымдастырылған жүйесі» (Е.Г. Беляевская); «Фрейм – базистық элементтер. Оларды зерттеуші тек жағдаят барысында ғана ажырата алады» (Э. Гоффман); «Фрейм – көлемді, көп компонентті концепт. Ол стереотипті жағдаят жайындағы білімдерді айқындайды» (А.П. Бабушкин) және т.б.

Стандартты жағдаяттардың барабар когнитивтік өңделуі фреймдерге негізделеді. Бұл іс-әрекеттер дискурс және топик ұғымдарымен байланысты. Топик – өте күрделі құрылым. Байланысты мәтін, аяқталған сөйлеу шығармасын жасау негізінде референция ұғымы бар. Ал дискурс нақтылығының басты шарты концептілердің өзара байланысы болып табылады.

Фрейм өрістік құрылым болмағанымен, дискурста функционалдық-семантикалық өрістер мен фреймдік құрылымдар біртұтас бірлікте көрініс табады. Салыстыру (компаративтік) қатынастары мәтіндерде жиі кездеседі. Жалпы мәтіннің сценарлық құрылымы деңгейлерін төмендегідей жіктеп көрсетуге болады: а) сыртқы-синтаксистік фрейм; ә) сыртқы-семантикалық фрейм; б) тақырыптық фреймдер; в) баяндау фреймі.

Дүниетаным құралы ретіндегі, яғни қоршаған орта нысандары арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды айқындайтын салыстыру категориясының гносеологиялық сипатын ескере отырып, бұл категорияны адамның сөйлеу-ойлау қызметінің негізін құрайтын базалық категория деп анықтауға болады. Адам ақиқат болмысты категориялайды, оның нәтижелерін таңбалап, оларды өзінің сөйлеу қызметінде көрсетеді. Басқаша айтқанда, ақиқат болмыс нысандарының ұқсас және айырым белгілерін айқындайтын салыстыру құбылысы табиғи тіл иесінің сөйлеу-ойлау кешенінің ең бір маңызды когнитивтік іс-әрекеті болып табылады.

Тіл иесінің санасы «ұқсастық» және «айырмашылық» ұғымдарына негізделіп, алғашқыда ұқсастық құбылысына тоқталады. Ұқсастық санада тіркеліп, сөзбен (синтагма, айтылым, мәтін) таңбаланады, алайда ең басты назар айырмашылықтарға аударылады. Өйткені дәл осы айырмашылықтар арқылы жаңадан танылушы нысанның басты ерекшеліктері анықталады. Аксиологиялық тұрғыдан ұқсастық дегеніміз – норма, позитив, ал айырмашылық – ауытқу, негатив. Сол себепті де ең басты қызығушылықты айырым белгілер танытады.

Норма ұғымынсыз ауытқушылықты танып білу мүмкін емес, яғни айырмашылықтардың критерийлері ұқсастық болып табылады. Кез келген ақпараттың материалдануын қамтамасыз ететін аталымдық жүйеде тілдік бірліктер генезистері тұрғысынан ұқсастығы мен айырмашылықтары бойынша орналастырылады. Ақпаратты жеткізу, тыңдарманға әсер ету іс-әрекеттері сөйленімдерде (мәтіндерде) жүзеге асырылып, жұмсалымдық жүйе бірліктерінен құралады. Сөйлеу қызметінің динамикасы оның уәж-қызметтеріне орай екі түрлі бағытта анықталады. Біріншісі аталымдық бірліктер тудыру үдерісіне қатысты аталымдық қызмет болса, екіншісі коммуникативтік бірліктер, (сөйленім, мәтін, дискурс) жасалу үдерісіне қатысты коммуникативтік қызмет болып табылады.

Салыстыру категориясының когнитивтік мәртебесіне орай оларды фрейм мен сценарий когнитивтік құрылымдар арқылы талдауға болады. Компаративтік жағдаяттардың (КЖ) терең концептуалдық құрылымы компоненттерінің құрамы төмендегідей:

- салыстыру нысаны 0 (ұғымдық концепт, оның мазмұнын салыстырылушы зат, тұлға, құбылыс, іс-әрекет немесе жағдаят құрайды);
- салыстыру эталоны R (үлгісі) (ұғымдық концепт, оның мазмұнын нысан салыстырылып жатқан зат, тұлға, құбылыс, іс-әрекет немесе жағдаят құрайды);
- салыстырудың нақты өзі L (компаративтік жағдаятты (0 салыстыру нысанының R салыстырылу эталонына деген қатынасы) қалыптастыратын қисынды (логикалық) пропозиция);
- салыстыру негізі b (салыстыру категориясы қандай белгі бойынша жүзеге асырылып жатқанын айқындайтын модустық пропозиция).

Жалпы компаративтік жағдаяттың формуласын былайша келтіруге болады:  $L(b; 0, R) = КЖ$

Бұл үлгі ғалымдар ұсынған тілдің синтаксистік жүйесі ұйымдастырылуының деңгейлік принциптерімен сәйкес келеді. Өйткені компаративтік жағдаяттың категориалдық-синтаксистік инварианты компаративтік формадағы (компаративтік аффикстер, компаративтік сөздер, компаративтік шылаулар) күрделі сөйлемдер арқылы беріледі. Ал оның негізгі пропозициялары эксплицитті түрде көрініс береді.

Мысалы: *«Дәл бейне ерте шыққан бүлдіргенше, Суық соғып бүрісер, дәмі енгенше»* (Абай); *«Секілді жасыл жайлау жас құрбылар, Шырқаңдар, шыққанша күн тоқтамастан»* (Ә. Тәжібаев); *«Бұл таң гүлі секілді әдемі қыз жақында ғана Алматыдағы қыздар институтын бітіріп келген Дәмелі Хасенова еді»* (І. Есенберлин) және т.б.

Сценарлық менталды құрылым репрезентациясы болуына орай, тілдік репрезентациялар арасындағы байланыстарды тығыз, қажетті, міндетті деп атай алмаймыз. Алайда, олар біртұтас құрылымды құрайтындықтан, бірліктердің берілу ретін де еркін деп анықтау мүмкін емес.

Мысалы: *«Күннің қапалығы сонша – тілің таңдайыңа жабысып бара жатқан сияқты»* (І. Есенберлин); *«Шауып кеткенге ұқсайды Қараспан таудағы елімді»* (Батырлар жыры); *«Қыздың ақ дидарынан шыққан әлдебір асыл күш менің сөйлеуге күшімді келтірмей, көмекейімді тас қып буып тастаған тәрізденді»* (Ә. Нұршайықов); *«Атқом бастықтары қымыз бен шайды бере отырып, Қырымұлына балаша ауыздарын аша, күлімдей қарап, тыңдап отыр»* (С. Сейфуллин), т.б.

Компаративтік жағдаяттың ең терең деңгейінде когнитивтік құрылым қалыптастырылады. Яғни ғаламның тілдік бейнесінің бір үзігі құрастырылады. Ал инварианттық деңгейде синтаксистік инвариант қалыптасуы жүзеге асырылады. Егер узустық деңгейде синтаксистік тұтас құрылым қалыптастырылуы іске асырылса, дискурстық деңгейде сөйлеу актісі жасалады.

Құрылымның әрбір деңгейі бір-бірін қайталамайды. Мәселен, бірнеше синтаксистік өзектер мен еркін синтаксемалар жүйесінен тұратын инварианттық құрылым узуалды деңгейде бір жай, күрделі немесе бірнеше сөйлемдер арқылы жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда когнитивтік жағдаятқа қажетті және жеткілікті жалпы функционалдық көлем ғана сақталады. Оларды былайша жіктеуге болады: а) ұқсастық сценарийінің фреймдік құрылымы; ә) айырмашылық сценарийінің фреймдік құрылымы.

Өз кезегінде олар мынадай сценарийлерді жүзеге асырылады:

а) асырмалы сценарий; ә) «төмендету» (қарапайым сөйлеу) сценарийі; б) бейтарап сценарий.

Сонымен, тіл білімінің қазіргі таңдағы дамуы тілді танымдық аспектіде және оны адаммен, адам санасымен, адамның ойлау заңдылықтарымен, түрлі қызметімен тығыз байланыста зерттейтін антропоцентристік бағытта қарастыру өзектілігімен ерекшеленеді. Когнитивтік лингвистика аясында тіл ғаламның когнитивтік моделінің бір бөлігі ретінде, ал тілдік бірліктер адам жадында сақталатын және қайта көрініс беретін когнитивтік құрылымдар ретінде сипатталады. Бұл айтылған тұжырымдар толық мәнде компаративтік бірліктерге қатысы бар. Себебі, қазіргі кезде компаративтік бірліктерді тілдік категория ретінде екі аспектіде қарастыру маңыздылығы артып отыр: жіктемелік және функционалдық (статикалық және динамикалық). Функционалдық бағыт негізінде айқындалған көптеген аспектілерді когнитивтік лингвистика аясында қарастыру қажеттілігі мен мүмкіндігі бұл саланың тілді адамның қабылдау мен категориялау қабілеттеріне негізделетін когнитивтік қызмет ретінде қарастыруға болатындығын дәлелдейді.

#### Әдебиеттер:

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил. ғыл. д-ры дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 330 б.
2. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж: Издательство Воронеж. гос. университета, 1996. – 104 с.
3. Стернин И.А., Быкова Г.В. Концепты и лакуны // Языковое сознание: формирование и функционирование. – М., 2000. – С. 55-67.
4. Проскуряков М.Р. Концептуальная структура текста. – СПб.: Изд-во С-ПбГУ, 2000.



5. Болотнова Н.С. Об изучении ассоциативно-смысловых полей слов в художественном тексте // Русистика: Лингвистическая парадигма конца XX века: Сб. статей в честь профессора С.Г. Ильенко. – СПб., 1998. – С. 242-247.

6. Тарасова И.А. Категории когнитивной лингвистики в исследовании идиостиля // Языкознание. – 2004. – Вып. 1.

7. Алефиренко Н.Ф. Дискурсивно-когнитивные истоки семантики единиц вторичного знакообозначения // Когнитивные аспекты исследований. – 2008.

#### Резюме

В статье анализируются концептуальные структуры компаративных ситуаций в казахском языке. Сделаны выводы и рассмотрены мнения ученых о фрейме и его проявлении в языке и проблем в отношении норм языка.

#### Summary

Given article analyzes conceptual structures of comparative cases in Kazakh language. Academics' views and author's conclusions on the frame, its display in the language and issues related to the language standards are presented.

ӘОЖ 347.78.03.:347.78.034

## КОНЦЕПТ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ КОНЦЕПТІЛІК ТАЛДАУДЫҢ СИПАТЫ

**М.Қ. КОППОСЫНОВА,**

*магистрант,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Қазіргі тіл ғылымында концепт терминінің қарастырылуы лингвистика мен философияның өзара әсерінің күшеюіне байланысты. Жалпы концепт термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындай отырып, лингвистикалық ақпаратты психологиялық, адамның таным әректімен ұштастырады. Логикада концепт термині ұғым, түсінік терминдерімен бірдей қолданылады. «Концепт» пен «ұғым» терминдері сыртқы формасына қарай бірдей көрінгенімен, өзара айырмашылықтары бар. Ұғымға қарағанда концепт құрылымының аясы кең. Ұғым танылатын нысанның басты, мәнді белгілерін танытса, концепт нысанның барлық қасиеттерін қамти отырып, эмоционалды, экспрессивті, бағалаушылық мәнге ие. Концепт қазіргі кезде санада ойсурет, схема, фрейм, сценарий секілді фонға салынған бейнелер арқылы көрініс тауып отыр.

Когнитивтік психология саласындағы басты бағыттардың бірі тіл мен адам санасын біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыру болып табылады. Тілді когнитивтік тұрғыда зерттеу әлемдік тіл білімінде М. Минский, Г. Филлмор, Дж. Локоф, Э. Кассирер, Б.С. Мейрах, В.А. Маслова, Е.С. Кубрякова еңбектерінде көрініс тапқан. Олар сан ғасырлық тілдік білімді адам миының жемісі ретінде бағалап, күрделі құрылым, жүйе ретінде кешенді сипаттайды. Зерттеушілер көркем әдебиет стиліндегі, көркем мәтін құрамындағы концептілерді екі қырынан қарастырып келеді:

- танымдық концепт;
- көркем концепт.

Зерттеушілердің пікірінше: «Танымдық концепт жалпы түсінік беру, ұғым беру қызметін атқаратын сөздер тобын құраса, көркем концепт – бейнелі сипат беру қызметін атқаратын сөздер тобы» [1, 78]. Танымдық концепт пен көркем концепттің өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктерін зерттеушілер былай топтастырады:

- Танымдық концептісіне жалпылық, көркем концептісіне жекелік сипат тән.
- Таным концептісінде сезім, қалау сияқты иррационалдық құбылыстар аз қатысады, көркем концептіде кешенді құбылыс басым, онда ұғым тудыру, түсінік қалыптастыру, сезім, эмоция байқату, еркін бейнелеу әрекеттері араласып жатады.

- таным және көркем концептілердің айырмашылығы ондағы ақиқаттың болу, болмау мүмкіндігінде. Таным концептісінде берілген ұғым ақиқатқа негізделеді және логика заңдарына сүйенеді. Ал көркем мәтіннің элементтері бөтен біреудің логикасына, көркем ассоциативтіліктің шынайы прагматикасына фиксация, жалған ойлау әрекетіне негізделеді. Бірақ көркем концептіде заңдылық пен талап болмайды деп түсінбеу керек. Ондағы заңдылық жеке тұлғаның өз заңы, өз талабына негізделеді [2, 80]. Сонымен, қатар, көркем мәтіндегі концептілерді айқындау барысында концептуалдық талдау үшін ұсынылған төмендегі үлгі біздің зерттеу жұмысымыздың методологиялық негізін құрайды:

- мәтіндегі тірек сөздердің тізбегін қалыптастыру;
- олардың концептілік кеңістікті бейнелеу дәрежесін анықтау (бейне, символ, метафора);
- осы кеңістіктің базалық концептілерін айқындау;
- көркем шығармадағы концептілер белгілі бір жағдаят төңірегінде қолданылатындықтан, басты назарды сол жағдаят аясындағы концептінің қызметіне аудару;
- энциклопедиялық және лингвистикалық сөздікке сүйене отырып, ұлттық танымдағы тілдік дүниетаным мен әлемнің тілдік дүниетаным мен тілдік бейнесінің тұжырымдарын анықтау;
- сөздердің түп төркініне үңілу, олардың ерекшеліктерін ескеру [3, 45].

Көркем мәтіннің концептуалдық аясы оны құрайтын тірек мағыналардың ортақ қасиеттерінің бір шеңберге топтасуынан, ортақ семантикалық өріс құруынан көрінеді. Ол өріс көркем мәтін арқылы кейіпкер танымындағы әлемдік бейненің өзегін көрсетеді.

Орыс лингвист ғалымы В.В. Колесов «концепт» ұғымын қазіргі зерттеу жұмыстарында кездесетін мәдени концепт ұғымымен байланыстыра келе, «Концепт – сөздің мағыналық толығының негізгі нүктесі, әрі мағыналық дамудың ең соңғы шегі, яғни мәдениеттегі мазмұндық қатары молайған ұғым концепт бола алады» деген анықтама береді. Бұл теориялық тұрғыдан сөздердің басым көпшілігі мәдени мағынаға ие болып келеді деген ойларды дәлелдей түседі және сөздің мәдени-тілдік табиғатын зерттеуде концепт терминін қолданудың қажеттілігін, тиімділігін негіздейді. Тілге логикалық талдау жасаған ғалымдардың еңбектерінде де концепт ғылыми атауына байланысты осымен ұқсас пайымдаулар алынған. Бұл термин осы замандық лингвистикада нық бекісе де, концептіні зерттеумен Н.Д. Артюнова, А.П. Бабушкин, А. Вежицкая, Е.С. Кубрякова, С.Е. Никитина, В.А. Телия жемісті айналысып жүрсе де, осы уақытқа дейін ортақ анықтамасы жоқ.

Концептілік жүйе – кейіпкерлер тіліндегі тілдік бірліктер арқылы көрініс тапқан кейіпкерлердің ойы, қиялы, болжамы, өмір, әлем, тіршілік жөніндегі концептуалды тұжырымдары. Концептілік жүйе – кез келген ақынның, жазушының, қаламгердің туындыларында болатын тілдік құбылыстар.

Балалар әдебиеті шығармалар тіліндегі концептілерге талдау жасау барысында, ең алдымен, концептуалды жүйенің шартты белгісін құрайтын тіл бірліктері – тезаурусты талдау қажет. «Тезаурус дегеніміз – белгілі бір салаға қатысты бірнеше ұғымның талдануы мен қатысын көрсететін семантикалық сөздік» (Ю.Н. Караулов). Қазақ тіл білімінде зерттеуші Қ. Жаманбаева тезаурусты «Дүниенің тілдік моделі» деп атап, оның қалыптасуындағы уәждік деңгейлерді адамның ішкі жай-күйінің қажеттіліктерімен байланыстырады. Көркем шығармадағы жазушының, қаламгердің танымына сай форма іздеуге қатысты тезаурусты «Ізденіс моделі» деп те атайды [4, 6]. Көркем шығармадағы концептілердің табиғатына бару үшін тезаурус түзу арқылы жазушының «тіл әлеміне» енуге болады. Сол «тіл әлемі» арқылы автор мен оқырман арасында байланыс түзіледі.

Балалар әдебиеті шығармаларындағы концептілер жүйесі семантикалық өріс негізінде жасалады. Семантикалық өріс аясынан концептуалды өріс түзіледі. Балалар әдебиеті шығармаларындағы концептілерді талдауда ең алғаш олардың өзегін анықтайтын сөзге, яғни өзек семаға назар аударылады. Сол өзек сема арқылы бірте-бірте концептілер тізбегі түзіледі.

Сонымен, концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін ұғым. Концепт ұғымын анықтауда оны:

– белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитеті (Ю.С. Степанов). Осы көзқарасты В.Н. Телия қостайды;

– санадағы дүниенің мәнді бейнесі (Д.С. Лихачев, Е.С. Кубрякова);

– тікелей тілдік таңбалардың мағынасына тәуелділігі (Н.Д. Арутюнова, Т.Б. Булыгина, А.Д. Шмелев) деп түсіну орын алған.

Концепт ұғымы тіл білімінде тұрақты анықтамаға ие болмай отыр. Оның себебі бұл ұғымның мағынасы ақиқат дүниенің бар болмысын қамтып, күрделі көп құрылымнан тұруына байланысты. Бұл құрылым сөйлеушінің ойлау, түйсіну әрекеті арқылы жүзеге асып қоймай, мәңгілік толығу, талқылау үстінде жүреді. Дегенмен, берілген анықтамаларға сүйеніп концепт ұғымының басты белгілерін анықтауға болады:

– Концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі;

– Білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі;

– Концепт нақты қызметке және жылжымалы шекараға ие;

– Концепт әлеуметтік сипатқа ие;

– Концепт – белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы.

Сондай-ақ тілдік таңбаға ие болған концептінің төрт түрлі қызмет атқаратынын да атап өткен жөн:

– Дүние (зат, құбылыс) туралы ақпараттың мазмұнын анықтайды;

– Оны санаға (адам миына) жинақтайды;

– Еске сақтайды;

– Сөйлеу кезінде қайтадан жарыққа шығарады (Қалиев Б.).

Біздің зерттеуімізде концепт ұғымы құндылық бағдары ұғымымен анықталады.

Құндылық – мәдениеттің ең негізгі сипаттарының бірі, «объектінің жағымды немесе жағымсыз сипаттарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым» [5,124]. Құндылық ұғымын алғашқы анықтаған Р. Лотце мен Г. Коген пікірлерінше, ол объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екенін айқындайды. Профессор Қ. Жұбанов тіл мен таным проблемаларын зерделеу барысында әрбір тіл иесінің сол тілді тұтынған кезде қоршаған ортаға құндылық көзқарасымен қарайтынын айтады. Қандай да бір заттың аты тек өзінің номинативтік қызметімен ғана шектелмейді, сонымен бірге сол заттың өзін де танытады. Ал тану, яғни сол заттың қасиеттерін анықтау үрдісі белгілі бір халықтың даму ерекшеліктері аясында жүзеге асатындықтан, тілдік ұжым өмір сүрген нақты жағдайлармен шарттас болады. Қайсыбір ұжым, не сол ұжымның өкілі заттар мен құбылыстарды күнделікті тіршілік тәжірибесі арқылы өзіне қажетті деген жағынан танып, өзіне әуелден таныс заттармен, құбылыстармен байланыстырады. Қ. Жұбанов бұл туралы «Адам өзінің тіршілік тартысында ұшырасып, пайдасын я зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген» [6,150] деп дәл көрсетіп айтқан. Зат танылғаннан кейін оған белгілі бір ат таңылады. Аты қойылған зат өмір шындығы мен ақиқат болмыстың абстракциялану жолымен тілдік айналымға еніп, халықтың тұрмыс-тіршілігінен, еңбек тәжірибесінен, наным-сенімінен хабар беретін белгілі бір сөз атаулары түрінде санаға бекиді. Профессор Қ. Жұбанов бұл құбылыстың тілдік табиғатын былайша түсіндіреді: «Сөз деген зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білген затының, білген құбылысының ғана аты. Ел-елдің білгені де, білмегені де толып жатыр. Мәселен, шөптер мен жәндіктердің көбісінің аты тілімізде жоқ. Өйткені олар бізге көп аса кездеспеген, кездестірсек те, елемегенбіз. Айталық, шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатынын, не дәрі болатындарын біледі де, соларға ат қояды. Танымаған кісінің атын білмегеніміз сияқты білмеген нәрсенің аты да

тілімізде болмайды» [6, 152]. Жалпы сөздің құндылық бағдары прагматикалық қызмет атқаратын тілдік құрал ретінде прагматикалық лингвистикада қарастырылады. Прагматика тілдік қарым-қатынасқа қатысушының тілді қандай мақсатта қолданып тұрғанын зерттейді. Аталған саланың тілдік құралдарды қарым-қатынас жасаушылардың сана-сезіміне, іс-әрекетіне әсер етуі тұрғысынан қарастыруы көркем мәтіндегі сөздердің психологиялық қабылдануын қарастырып отырған біздің көзқарасымызбен үндеседі. Көркем мәтіндегі сөздің қабылдануы субъектінің құндылық бағдарымен, атап айтқанда, оның өз тәжірибесі тұрғысынан бағалай алу іс-әрекетімен тығыз байланысты. «Баға беру, бағалау – адам тарапынан жасалынатын саналы әрекет. Бағалау – бағаланып отырған зат, құбылысқа деген көзқарастың не оң (пелиоративті), не теріс (мелиоративті) екендігін субъектінің позициясы тұрғысынан білдіретін әрекет» [7, 129]. Қазақ тіл біліміндегі бағалауыш мәселесі жөнінде Р. Сыздық мынандай түсініктеме берген: «Соны сөздерді өмірге келтіріп отырған үшінші фактор «бағалауыш» сөздерді қажет етуімізге байланысты. Әдетте атауыш сөздер қолданылу мақсатына қарай термин сөздер мен бағалауыш сөздер болып ажыратылады. Алдыңғылары белгілі бір ұғымның нақты ресми сұрақтары болса, соңғылары кейбір заттар мен ұғымдардың бейнелі (ресми емес) атаулары болып келеді» [8, 6].

Сонымен, құндылық адамның рухани әлемінің негізін құрайды. Олар адамның сезімін, ойын, еркін біртұтас бірлікке келтіреді және адамды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Ұлттық болмыстың түп негіздерін іздегенде, барлық құндылықтардың тәрбие мен білімге тірелетінін көреміз. Тәрбие мен білім туралы сөз қозғағанда, олардың мәнін неге және қалай оқыту туралы, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың тәрбие мен білім аясындағы өзара үйлесуін айтамыз. Ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни, тәрбие, сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жүйесі ұлттық дүниетанымды құрайды. Ал ұлттық білім болса білім мазмұнындағы ұлттық дүниетаным. Ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық рухтағы тұлға төлтума құндылықтарын әлемдік құндылықтармен ұштастыру арқылы өркениетке жол табады.

Тәрбие мен оқытуда жаңа құндылықтарды бағалау жүріп жатыр. Құндылықтарға тәрбиелеу тек педагогикалық мәселе емес, біле білсек, бұл – қоғамның даму мәселесі. Бұл екеуін қоғамнан бөліп алып қарауға болмайды.

Қорытындылай келе, білім беру үрдісінде ұлттық тәрбие берудің рөлін көтеруде құндылық оның қайнар көзі болып табылады. Ендеше, көркем мәтіндердегі концептілерді ұлттық құндылықтарымыз тұрғысынан тану ұлт азаматтарының тұлғасын қалыптастырудың нақты жолы, темірқазығы деп тұжырымдауымызға болады.

#### Әдебиеттер:

1. Әмірбекова А. Көркем мәтінге концептуалдық талдау жүргізу үлгілері // Академик Р. Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері: конф. мат. – Алматы: Арыс, 2004. – 224 б.
2. Әзімжанова Г.М. Көркем мәтіндегі доминант // Тілтаным. – 2004. – № 4.
3. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск: Тетра Системс, 2004. – С. 80.
4. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2004.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
7. Момынова Б.Қ. Бағалауыштың құрылымы жайында // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2001. – № 11(45).
8. Жаңа атаулар. 1-кітап. – Алматы, 1992.

#### Резюме

В статье рассматриваются тексты в аспекте концепта. Анализируются познавательные и художественные концепты в тексте. Концепт – оперативная единица памяти, ментального лексикона, концептуальной системы и языка мозга, всей картины мира, квант знания. Самые важные концепты отражены

в языке. Концепт – идея, включающая абстрактные, конкретно-ассоциативные и эмоционально-оценочные признаки. Кумулятивная функция языка находит свое проявление в области лексики, в частности, в обыденных наименованиях цветущих растений, реализуя специфическую информацию, которая способствует формированию соответствующего фрагмента языковой картины мира.

#### Summary

Article reviews the text on the matter of concept. Informative and literary concepts present in the text are analyzed. Concept – an active unit of memory, mental vocabulary, conceptual system and a brain language, picture of whole world, quantum of knowledge. The most important concepts are displayed in language. Concept – an idea, including abstract, exact-associative and emotionally-assessed signs. Cumulative function of language is reflected in vocabulary, in commonly used names of blooming plants in particular, by communicating specific information, which encourages shaping the corresponding fragment of the world language picture.

ӘОЖ 37. 036: 371.13:

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**М.И. ШАКИРОВА,**

*магистрант*

**Ш.М. МАЙГЕЛЬДИЕВА,**

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын болады» дегендей, жас ұрпаққа білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Ел Президентінің «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы және елдің денсаулығын жақсарту міндеттерімен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілген. Осыған орай тәуелсіз мемлекетімізде өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін, кәсібін терең түсінетін, еңбекқор мамандар даярлау қажеттігі туады.

Халқымыздың қазіргі қоғамдық өзгерістерге сай даму қарқыны болашақ мамандарды даярлау барысында рухани, ұлттық болмысты қалыптастыруда білім беру моделін жаңаша құруды қажет етуде. Заман талабына сай туындаған қажеттіліктер болашақ ел иелерін ұлттық рухани қазынасымен, өнеге-өнерімен сусындатуды талап етеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жастар арасындағы тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Ұлттық мәдениет пен өнер және колөнер негізінде жастарға жан-жақты эстетикалық тәрбие берудің бір бөлігі – эстетикалық тәрбие берудің бір бөлігі – эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, сұлулыққа, тазалыққа үйрету; мәдениеттілікке баулу; адамзат қоғамына бұрын-соңды жасалған мәдени мұраның жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу қажеттігіне аса көңіл бөлу керектігіне мән берілген». Осыған байланысты болашақ мамандық иелерінің іс-әрекетінің, бейнесінің заман талабына сай өзгеруі, олардың бойында кәсіби мәнді сапалар қалыптасып, тұлғасының дамуы көзделеді. Әсіресе, жас ұрпақтың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру өзектілігі артады [1].

Эстетикалық мәдениет әлеуметтік, материалдық және рухани жағдайы төмен жағдайларда да жеке тұлғаның ішкі рухани еркіндігін қамтамасыз ететіні туралы ғалым-философтар өз еңбектерінде



жазған. Ішкі еркіндік сыртқы тәуелділікті жеңіп, шығармашыл жеке тұлғаның өнерінің эстетикалық маңыздылығын айқындайды. Мұндай жеке тұлғаның шығармашылығының құндылығы қоғам алдында да ашыла бастайды.

Адамның шығармашылығы білім мен өмірден алған тәжірибелеріне сүйенетіні белгілі. Адамның бойындағы шығармашылық күш оны көрсетуге арналған білім мен дағдыларды үйренген соң, яғни еркін шығармашылық рух пен адами қасиеттері толық оянған соң ашыла бастайды. Рухани күш пен шеберлікті жинақтау барысында сырт көзге қарағанда, адамның ішкі прогресі байқалады: бір жағынан, жинақталған мәдени тәжірибе мәдениеттің нормалары, канондары мен дәстүрлерімен шектеліп, жеке тұлғаның іс-әрекетінің еркіндігіне нұқсан келтіретіндей көрінсе, екінші жағынан, шығармашылық пен оның нәтижелеріне жауапкершілікпен қарай алатын сол тәжірибе тұлғаның шынайы ішкі еркіндігіне бастайды, жеке шығармашыл тұлғаның жауапкершілігін өзінің табиғи қалпына айналдырады. Адамзаттың мәдени дамуының бүкіл тарихы көркем және эстетикалық шығармашылықта адами рухтың салтанатын аша түседі. Адамның жеке басының рухани, дене күштерінің жағдайларының бір-бірімен үйлесім табуы, жеке адамның эстетикалық дамыған сезімі, ойы мен еркі тұлғаның өзін-өзі еркін басқаруын қамтамасыз етеді, себебі мұндай тұлға үшін іс-әрекет пен өмір сүрудің кез келген формасы шығармашылық болады.

Эстетикалық мәдениет – арнайы тәжірибенің меңгерілуі мен жинақталуы (қабылдау мен шығармашылық іс-әрекетінде), арнайы модус көлемінде ой салатын және бағаланатын, бөлінбейтін толық нысанды қабылдау болып табылады [2].

Эстетикалық мәдениет – эстетикалық тәжірибені ұйымдастыру мен әлемдегі өз орнының мәнін көре білу, қоғаммен өзінің қарым-қатынасының болашақтағы тенденцияларын анықтау болып табылады. Дамыған эстетикалық талғам интуициямен осы тепе-теңдікті тани отырып, баға берудің критерийлерін де негіздей алады.

Шығармашылық адамның өзі оның мүмкіндіктері мен ішкі потенциалы туралы ойын кеңейтіп, өзін әлемдік процестердің тең мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік беретіні белгілі. Шығармашылық белсенділік психиканың жоғары даму деңгейіне көтере отырып, адам тұрмысының жаңа көкжиектерін ашуына, жеке адам, тұлға ретінде психологиялық тұжырымдама жасауына мүмкіндік береді. Шығармашылықтың эволюциялық маңызы адамның бүкіл өмір сүруін, тұрмысын, психикалық және физикалық денсаулығын белгілі бір үндестікте ұстауға, сонымен бірге оның күшін белсендіріп, жалпы мінез-құлқын оптимизациялап, қабылдаудың бояуын өзгеше етуге де қабілетті.

Әсемдік эстетиканың орталық категориясы ретінде эстетикалық мәдениеттің ең маңызды бөлігі болып табылады. Көбінесе оны әсемдікті көріп, бағалау және түсіну деп анықтайды. Әсемдікті қабылдау рухани дүниені байытады, эстетикалық ләззат әкеледі, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Сонымен бірге адамның бүкіл ішкі күшін жинақтап, өз тұрмысының жасаушысы болуына бастайтын маңызды негіз бола алады [3].

Эстетикалық мәдениет дегеніміз – эстетикалық сананың даму деңгейі мен ұйымдасуының бір деңгейі. Эстетикалық мәдениет – айналадағы өмірді кешенді түрде ұйымдастырудың кезеңі, өзі де адамның адаптациялық мүмкіндіктерін анықтай алатын кешенді құбылыс.

Эстетикалық мәдениет – рухани мәдениеттің маңызды бір саласы ретінде табиғат пен адам баласының шығармашылық еңбегімен жасалатын эстетикалық құндылықтадың жиынтығы, оларды жасау және қолдану тәсілдері. Эстетикалық құндылықтар қоғамның өмірмен қарым-қатынасқа түсуіне, қоғамның жетілу талпынысына, қоғамдық қатынастардың барлық жүйесінің толыққанды өркендеуіне қатысады. «Эстетика» және «Мәдениет» терминдерінің мән-мағынасын жан-жақты ашып көрсете отырып, «эстетикалық мәдениетті қалыптастыру» ұғымына «жеке адамның немесе тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – оның бойына халықтың объективті эстетикалық құндылықтарын сіңіре отырып, білімі мен біліктілігін, қабілеттерін жоғары деңгейге жеткізу үрдісі» деген анықтама беруге болатындығын көреміз.

Эстетикалық мәдениеттің құрамына эстетикалық қажеттілік, эстетикалық қызығушылық, эстетикалық талғам, эстетикалық әрекет, кәсіби біліктіліктер кіреді.

Мәдениет деген – кең мағынада адамның биологиялық түрде емес бейімделуі. Эстетикалық мәдениет биологиялық түйсінуді алып тастап, мәдениеттің қызметі мен даму процесіне жаңа мазмұн береді және адам табиғаты әлемдегі бояуларды, эстетикалық қатынастардың тереңдігі мен мазмұндылығын түсінеді. Демек, эстетикалық мәдениет қатынастар мен оны айқындайтын тәсілдердің мазмұнын сипаттау болып табылады.

Сонымен, ғылымдағы түрлі көзқарастарды талдау эстетикалық мәдениетті жеке адамның шынайы өмірді, болмысты түсініп, меңгеріп, қайта жаңғырту, оған деген қарым-қатынасын бейнелеу қабілеті деп анықтауға болады. Өмірде болып жатқан жағдайлар, оқиғалар, құбылыстар мен формаларын ұйымдастыру процестері табиғатты, қоғамды, адамды қосқанда барлық шынайы өмірді бейнелеу болып табылады. Адамның өзіне өзі қатынасы да осы қатарға енеді. Осы жағдайда адам өзін екі түрлі кезеңде көрсете алады, яғни ол өзін эстетикалық қатынастарға ие болатын жан-жақты субъект болса, екінші жағынан өзінің адами қабілеттері оның ішкі жан дүниесін де нысан ретінде қабылдауына мүмкіндік береді.

Б. Кроченің пікірі бойынша, өзінің ойын көрсете білу эстетика аумағындағы маңызды феномен болып есептеледі. Эстетикалық қарым-қатынастың осы екі жағы – бірінші жағынан тәртіп формасы ретінде (айналадағы дүниеге қатынасы) және екінші жағынан оны қайта көрсете білу (өзін айналадағы өмірде көрсету) барлық эстетикалық ойдың ерекше феномены болады.

Эстетикалық мәдениет дүниені қабылдаудың ерекше деңгейі мен онымен қарым-қатынасты ұйымдастыруды ішкі жан дүниесі арқылы өткізеді. Сонымен, болмыс пен ішкі рухани жан дүниені біріккен феномен ретінде әлем мен ішкі жан дүниені біріктіреді.

Эстетикалық тәрбие беру – адамның болмысқа эстетикалық қарым-қатынасы материалды және рухани өмірде адамзат қоғамы пайда болғаннан бастап дамытылды. Болмыстағы әдеміліктен эстетикалық ләззат алу адамның эстетикалық шығармашылығын қабылдау және түсінумен байланысты.

Ғылыми еңбектерде аталып өткендей, тіршілікке эстетикалық қатынас субъектінің (қоғам мен оның арнайы институттары) нысанға (индивид, жеке тұлға, топ, ұжым, қоғам) белгілі бір қоғамда орныққан эстетикалық және көркем құндылықтарына байланысты жүйелі бейімдеуге бағытталған арнайы қоғамдық іс-әрекеті екен. Тәрбие беру барысында студенттерді құндылықтарға қызықтыру, тарту әрекеттері жасалады. Осының негізінде білім алушылардың эстетикалық қабылдау қабілеті дамып, талғамы өседі. Әсемдік арқылы тәрбие беру жеке тұлғаның эстетикалық құндылықтарын ғана қалыптастырып қоймай, сонымен бірге шығармашылыққа деген қабілетін арттырады, еңбек ету барысында, тұрмыста, мінездері мен істерінде және өнерде эстетикалық құндылықтырды жасауға бейімдейді.

Әдемілік эстетикалық тәрбие берудің тәсілі мен нәтижесі ретінде өнерде, әдебиетте жинақталады, табиғатпен, қоғамдық және еңбек іс-әрекеттерімен, адамдардың тұрмысымен, олардың қарым-қатынасымен тығыз байланысты, ал эстетикалық тәрбие беру әлемдегі болмыстың эстетикалық жағдайларының барлығын қолданады. Әсіресе еңбек ету кезіндегі әсемдікті түсінуге және қабылдауға, әсемдікті еңбек барысына ендіру қабілетін дамытуға ерекше мән беріледі.

Осы саладағы ғылыми-педагогикалық еңбектерді меңгеру ғалым-педагог Б. Неменскийдің жұмыстарының маңызын көрсетеді. Оның пікірінше, эстетикалық сезім дегеніміз – адамның «ортақ пайда мен шындықтың жеке, өзіндік, еркін эстетикалық ләззат әкелетіндей» деңгейге айналуы. Біздің жастарымызда мұндай сезімнің қалыптасуы адам психикасындағы архитиптік элементтерге сүйену арқылы жасалады.

Осы қасиеттерді сараптай отырып, эстетикалық қабылдаудың 3 деңгейін бөліп шығаруға болады.

- Жоғары деңгей. Эстетикалық нысанды мазмұны мен формасының бірлігінде қабылдау, эмоциялық және зияткерлік гармониялық үндестікте болатын тұтастықта қабылдау.

- Орташа деңгей. Эстетикалық нысанды дұрыс қабылдау, алайда эстетикалық нысанға талдау жасау эмоциялық деңгейі төмен сөздік-логикалық сипатта, эмоциялық қабылдау мен айқындық деңгейінің талдауы орташалау.

• Төменгі деңгей. Эстетикалық қабылдауы төмен: мазмұнды қайта айту, берілген нысанның, шынайы болмыстың немесе өнер шығармасының эстетикалық өзгешелігін көрсете алмау. Эстетикалық нысанды мазмұндаудағы қателер.

Эстетикалық нысанды қабылдау сезімінің ерекшелігі тек жеке тұлғаның психологиялық қасиеттері ғана емес, дайындық деңгейі мен эстетикалық білімі мен тәрбиесіне де байланысты екенін ұмытпаған жөн. Мысалы, студенттердің ортасының мазмұндары әркелкі. Сондықтан жоғары оқу орындарында оқыту барысында студенттердің эстетикалық сезімдерінің ауқымы кең, әр түрлі, тұрақты және кәсіби бағытталған болып келеді. Ғылыми-танымдық әрекеттермен байланысты, көркемөнер ұжымдарына қатысу кезінде, эстетикалық категорияларды түйсіну кезінде бұл сезімдермен бөлісу қажеттілігі туындайды және оған басқаларды тарту көзделеді [4].

Эстетикалық идеал – айналадағы әсемдік пен өмірдегі әдемілік туралы шартты ұстаныс. Біздің қоғамымыздың идеалы рухани бай, физикалық жетілген, бойында мінсіз тазалықты ұстанған жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелеу болып табылады. Гуманитарлық тәрбие берудің құрамды бөлігі ретінде эстетикалық тәрбие беру осы идеалдарға қызмет жасайды. Біздің тәрбие беру жүйеміз адамзат идеалын қалыптастырып, қадам сайын болмысты идеалдық жағдайға жақындастыруға атсалысады. Эстетикалық идеал – адамның жетілген табиғаттағы, қоғамдағы, адамның бойындағы, өнердегі әсемдікті бағалауы, ол адам өміріндегі еңбекке, шығармашылыққа, заттарға эстетикалық тұрғыдан дұрыс баға беруге көмектеседі.

Эстетикалық сезім – өнер шығармаларындағы, табиғат пен қоғамдағы әсемдікті қабылдағанда және бағалағанда адамның алатын жоғарғы рухани ләззаты. Эстетикалық сезімнің тарихи алғышарттары бар. Эстетикалық сезімдер адамның бүкіл ғұмырында игеріледі, сөйтіп баға беруді, талдауды, нысанның эстетикалық тәрбие нормаларына сәйкес келуіне баға береді.

Тағы бір білім берудің талабы – ол басқа мәдениетті қабылдау мен түсіну. Тек қана бір-бірімен байланыста, қарым-қатынаста, мәдениеттер диалогында әрбір жеке мәдениеттің принциптері мен ерекшеліктері байқалады [5].

Жоғары оқу орындарында азаматтық-құқықтық білім беру студенттердегі азаматтық қасиеттердің, адамның құқықтары мен еркіндігі деген құрметін қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті, патриоттық және ұлттық сананы тәрбиелеп дамыта отырып, жоғары кәсіптік білім беруді әлеуметтік-экономикалық және мемлекет пен әлемде болып жатқан рухани өзгерістермен тығыз байланысты қамтамасыз етеді.

Оқыту барысында студенттердің бойында жылылық, сүйіспеншілік, туған жерге, туған елге деген махаббат, ұжымшылдық, жоғары адамгершілік, мақсатқа жетудегі табандылық, қиындықтардың дұрыс шешімін таба білу, қиыншылықта біреуге қол ұшын беру, көмек көрсете алу, адамдардың ұлты, тілі мен түріне қарамастан жәрдемге келе алу, жеке басын құрметтеу, әділдік, отбасы мен қоғамдағы жоғары адамгершілік құлықтарын тәрбиелеу, патриоттық және ұлттық сананы тәрбиелеу азаматтықты қалыптастырудың тиімді әдістеріне жатады.

Студент жастардың азаматтық ерлікті көрсетуі, табандылығы, басқа пікірлерге деген шыдамдылығы, заңдылықтар мен нормаларды сақтауы жастардағы азаматтықты қалыптастыру жұмыстарының тиімді жүргізілгенін анықтайды.

Студенттердің патриоттық іс-шараларға қатысуына ұмтылысы, әлеуметтік мәдени дәстүрлерді білуі және орындауы, өз елінің тарихи кешегісіне құрметпен қарау, өз елін қорғауға ұмтылысы, тек өзінің қажеттіліктері үшін ғана емес, Отанның гүлденуі үшін де қызмет жасағысы келетіні патриоттық тәрбие берудің деңгейін анықтайды.

#### Әдебиеттер:

1. Самұратова Қ. Болашақ мұғалімдердің эстетикалық тәрбие беруге даярлығын қалыптастыру // Қазақстан мектебі. – 2004. – № 8. – 23-26 бб.
2. Зеленов Л.А., Куликов Г.И. Методологические проблемы эстетики. – М.: Высшая школа, 1982. – 172 б.

3. Ахметова М. Ән өнері және уақыт. – Алматы: Өнер, 1993. – 17-20 бб.
4. Момынұлы П. Музыкалы-эстетикалық тәрбие. – Алматы, 2000. – 35-38 бб.
5. Ұзақбаева С. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халықтық дәстүр. – Алматы, 1990. –55-60 бб.

#### Резюме

В статье рассматриваются пути развития эстетической культуры студентов высшего учебного заведения, а также выявлены интересы студентов к творческой деятельности, знанию истории своей страны, воспитанию любви к своей стране, языку, человеческим ценностям, коллективу.

#### Summary

In the given article, ways of development of students' aesthetic culture are reviewed. It also detects students' interests for creative activity, knowing history of their own state, nurturing love towards their own country, language, human values, teaming.

ӘОЖ 398.9:82.085.1

## **МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП СӨЙЛЕУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БІЛІМГЕРДІ ШЕШЕНДІККЕ, ТАПҚЫРЛЫҚҚА ДАЯРЛАУ**

**Ұ.А. КУЛЕТОВА,**

*өнер магистрі,*

*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы*

Адамзат баласының рухани дамуының негізгі бір формасы болып саналатын көркемдік тіл мәдениеті адамды жалпы мәдени құндылықтармен нәрлендіріп, дұрыс сөйлей білу талғамын қалыптастыруда орны ерекше.

Ой астары мен ақылдың негізі болған мақал-мәтелдердің болашақ актерлер үшін маңызы зор. Білімгерлердің ойы ұшқыр, тіл шеберлігін шыңдайтын, мақал-мәтелдердің ішкі ой астары мен көркемдігін анықтауға мүмкіндігінің зор екенін сабақ процесінде анықтауға болады. «Мақал-мәтелдерді қалыптастырып сөйлеу арқылы болашақ білімгер шешендікке, тапқырлыққа бейімделеді, сөз саптауы бір қалыпқа түседі. Қазақ мақал-мәтелдерінде даналық та, шешендік те, тереңдік те, көркемдік те бар» [1, 330]. «Мақал» – араб сөзі, мағынасы «Тиісті орында айтылатын сөз» деген ұғымды білдірсе, бейнелі сөздер қатарына жататын мақал-мәтелдік мәні бар, аз сөзбен көп ойды білдіретін көркем сөз құралдарының бірі. Мақал-мәтелдердегі теңеудің көмегімен сөз астарының сан қырын тереңірек білуге жәрдемдеседі. Тілдің шығармашылық күші тілде жүзеге асырылатын дүниені ойға айналдыру актісінің өзі арқылы оның облысының барлық бөліктеріне үйлесімді тарататын өмір әкелетін ағыста жасырынып жатады. Болашақ ұрпақ тәрбиесіне ежелден көңіл бөлген қазақ елі мақал-мәтел, нақыл сөздерді барынша қадірлеп, барлығынан биік қойған. «Ендеше, сөз құдіреті – қазақ халқы үшін бағасы шексіз қазына. Сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, ақыл-ой парасаты қалыптаспайды. Яғни, дұрыс сөйлей білу дегеніміз – дұрыс ойлай білу. «Жүйелі сөз жүйесін табар» деп дұрыс ойлап, дұрыс сөйлей білудің үлкен өнер екенін ұрпақ зердесін ұялатуда үлкен мән жатыр» [2, 234-35].

Білімгердің ұшқырлығы мен тапқырлығын және сөзді дұрыс қолдана білу тәсілін шыңдау үшін тренинг жаттығулар қажет. Салауатты әрі мәдениетті адамдар үшін дұрыс сөйлеп, сауатты жазу қандай міндет болса, сөздердің мағынасын түсініп, астарын ашып, мәнерлеп сөйлеу – негізгі шарттың бірі.

Дер кезінде керекті сөзді қолдана білу, айтатын ойыңның мағынасын бөліп-жармай жеткізе білу, сөзді жүйелеп айту – мәдениеттіліктің белгісі.

Әр мақалды айтқан кезде үн арқылы өз арнасын табатын әр түрлі сөз астары пайда болады. Болашақ актер қай кезде, кімге, қалай сөйлеу керектігін және сөз астарының салмағы қандай екендігін сезінуі шарт. Яғни, сөз астарының қатпары қалың. «Әрбір әдемі ой әдемі айтылады, қалай айтуды ойламаңдар, не айтуды ойлаңдар» дейді Гете. Сөздің жаман, жақсысы жоқ, бірақ қажеттісін саралай білу керек. Кейде, «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады» деген Абайдың сөздері кері ұғым береді. Өйткені, дайындықты қажет етпеген сөз – бос сөз. Іштей пісіп-жетілген, зерттелген, толыққанды түсінген сөздерінді серіктесіңе айтып, оны қабылдау, сенің өткізе білу процесің шыңдалмаса, сөз ойнамайды. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі әріптердің айтылуына зейін қоюмен қатар, айтылу кезінде өзгеріске ұшырайтын кейбір заңдылықтарға мән беру керек және білімгердің ақыл қоржынында керек кезінде пайдалана алатындай сөз қоры мол болуы қажет. Сондықтан оқу процесінің алғашқы жылдарында көркем сөзбен жұмыс жүргізу кеңінен қойылған. Сабақ процесінде білімгерлер арасында мақал-мәтел сайысын, ұсынылған жағдай немесе тақырып бойынша тренинг жаттығулар өткізген дұрыс.

Мысалы, мақал-мәтел арқылы білімгерге төмендегідей жаттығулар легін берейік.

Білімгерге мақал-мәтел тізбегі арқылы достыққа үндеу, дінді уағыздау, білімге ұмтылдыру, ұлт-жандылық секілді ұсынылған жағдайды тапсырайық. Мақал-мәтелдерді байланыстыру үшін одағай, қаратпа сөз және көмекші етістіктерді ғана қолдану қажет.

Мысалы: *«Бауырларым! Құдайға құрмет – елдің салты, еліне құрмет – ердің даңқы. Шаригат ағып жатқан бұлақ, бұрынғының сөздері жағалай біткен құрақ демекші, ораза намаз тоқтықта, отыз күн оразаның бір айты бар, әр қылған жақсылықтың бір қайты бар деген. Құран сөзі – құдай сөзі. Діні пәктің ділі пәк, ділі пәктің тілі пәк. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, заман ақыр болғанда пір мұриттерін іздейді. Құдайдың алдында бай да, кедей де – бәрі құл [3, 41-62]».*

Енді жұптық тапсырма бойынша қыз айттыру, достасу немесе ғашықтық тақырыбында диалог құруды тапсырайық. Бұл жағдайда да артық сөз қосылмау қажет.

Мысалы: *қыз айттыру:*

*1 білімгер:* Замандас! Апасы киген тонды сіңілісі де киеді демекші, қыз алмаған жігіттің, қырық қызда дәмесі бар көрінеді. Көш бастаған серкеміз болмаса да, ел ішіндегі еркеміз. Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды?..

*2 білімгер:* Бөрі алатын жігіт бөрігінен белгілі, жау алатын жігіт серігінен белгілі емес пе? Жылуы болмаса, түбіт қасиетсіз, жігері болмаса, жігіт қасиетсіз. Әкесінің ақшасына үйленген әйелінің қадірін білмейді. Әр құстың лайықты жемі бар, әркімнің лайықты теңі бар. Тең теңімен, тезек қабымен.

*1 білімгер:* Біз де кісі болармыз, атқа кісен салармыз. Сыртын көріп ішінен түңілме, қарасын көріп, күшінен түңілме. Ас тандасаң аяғына қара, қыз тандасаң анасына қара деп келгенбіз. Алқатсаң алқат қызыңды, ақтар ол дәм-тұзыңды. Өзім дегенді өзекке теппе. Алыс та жақын болар жолын тапса, жақын да алыс болар қолын қақсаң. Мал – баланың шашуы, алыңыз [4, 18-35], т.с.с.

«Қазақ халқының тілі бай, әрі көркем тіл. Сан алуан көрікті де, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен нақыл сөздер халық тілінде көркемдеп бейнелеуші, өрнектеп мәнерлеуші тәсілдер де сонда» [5, 58] деп белгілі ғалым М.С. Серғалиев дөп басып айтқан. Сөзді әдемі жаза білу бар да, сауатты сөйлеу және халыққа оны мән-мағыналы етіп жеткізу бар. Драмалық шығарманы көрерменге бейнелі, анық және әсерлі етіп жеткізу үшін көптеген жаттығуларды мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Тіл мен сөздің бір-бірімен байланысын ғана алмай, олардың сөз қызметін, мәтін мазмұнымен өзара байланысын да қарастырған жөн. Сөз бен тілдің байланысы сөйлеудің көптеген қырларын түсіну үшін аса маңызды. Сөз – мәтіннің сыртқы көрінісі. Рольдің сөзін көрермен қауымға баяндап беру үшін кәсіпқой актерлерге дәл түсінген мәтін сөзі мен күшті әрі айшықты тіл, әдемі үннің бояуы, нық дикция қажет. Мақал-мәтелдерді зерттеу барысында негізгі сөздерді анықтап, үзілістер жасап, логикалық талдаудың негізін анықтаған жөн. Сонда мәтіннің мазмұнын оңай анықтап, қандай міндеттерді атқару керектігін түсінуге болады. Сахнада бір сөзді



жібермей, өз мәнімен сөйлеп, әр қозғалыс-қимылын есеппен дәл пайдалану асқан шеберлікті керек етеді. Сахналық образды толық ашатын негізгі құрал – сөзге өте ұқыпты қарау керек. Сөздің анықтығы, дауыстың мінсіздігі, тілдің тазалығы актер үшін ең қажетті шарт. Актер ең алдымен автордың тіл ерекшелігін, көркемдігін нақтылы мағынада, образды қалпында жеткізіп, үстемелеп, қайталап келетін сөйлем орамдарынан туатын интонация күйлерін дәл тауып, аузынан шыққан әрбір сөз ішкі ойды қопара, өзімен бірге ақтара ала шығу керек. Бір сөз екінші сөзге жарығын түсіріп, ой мен сезімге дәл тиіп жату керек.

Ізденуші актер әр сөздің мәтіні мен мағынасындағы ұлан-ғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылу мен құлпыруды дәл аңғара білуі қажет. Сахнадан оқылатын шығарма, ол мейлі өлең болсын, қара сөз болсын, мәтінмен нақты, толық жұмыс істелуі қажет. Мақал-мәтелдің ішкі-сыртқы қырларын жетік меңгерген актер ондағы дыбыстарды ойнату арқылы бейне жасап, әрі төгіліп тұрған сөз сазынан тыңдаушыға әдемі де, әсерлі ой қалдырады.

Әрбір сөзді тек өз орнында ғана қолданып, тек өз орнында ғана ойната білгенді ұғу шарт. «Нағыз көркем шығарманың мән-мазмұнына зақым келтірмей не бір шумағын, не бір көрінісін өз орнынан алып, басқа жерге қоюға болмайды» [6, 118]. Сөз сұлулығы – оның қарапайымдылығы мен табиғилығында. Сондықтан әр сөздің сөйлемдегі орнын іздеп, тексеруіміз керек. Сахнада бір сөзді жібермей, өз мәнімен сөйлеп, әр қозғалыс-қимылын есеппен дәл пайдалану өте шеберлікті керек етеді.

Тілмен жұмыс жасау барысында әрбір сөздің қажеттілігі мен ойландыратыны актерден мәтінге үңіле қарауын талап етеді. Актердің сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда драмалық емес, мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді пайдалануға болады. Өйткені, мақал-мәтелдің астарында жасырынып жатқан ой асылын ұғынуды қажет етеді.

Актердің басты мақсаты – тіл техникасының мақсатын ашу, ойналып жатқан образды тіл техникасы арқылы сомдау болып табылады. Мақал-мәтелдерге құрылған диалогтық сөз тізбектері актер қызуқандылығын көтеріп, сезімдерін ұштайды. Сөз актер үшін тек үн емес, бейнені тудырушы. Актер үшін басты міндет, біріншіден, сөз астарын ашу, екіншіден, сөзді түсіну арқылы өзінің сахналық тәртібі бойынша интонация, қозғалыс-қимылын, мимика, сөз, сахналық әрекеті арқылы сыртқы кескінін шығару.

#### Әдебиеттер:

1. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976. – 330 б.
2. Байсарина С.С. // ХҚТУ Хабаршы журналы. – 2007. – № 1. – 23-35 бб.
3. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы, 2005.
4. Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана-тілі, 1997.
5. Серғалиев М.С. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1994.
6. Орыс жазушыларының әдеби еңбектері туралы. 3 том. – Л., 1955.

#### Резюме

В статье рассматривается роль пословиц и поговорок в развитии словесного мастерства.

#### Summary

This article deals with the importance of proverbs and sayings in developing speaking skill.

## **КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТЕЛ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

**Ж.А. ТАШЕНОВА, Н.К. ҚЫПШАҚБАЙ,**

*филология магистрлері,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында: «Жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді, сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді» деп көрсетілген [1, 7-8-б.]. Бұдан нәтижеге бағдарланған білім беруде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда білім сапасын арттыру міндетін қояды. Студенттердің кәсіби дайындық үрдісін жетілдіруге олардың білімдерінің сәйкесті сапалылығына себепші болатын міндеттерді тиімді орындауға қажетті – кәсіби біліктілік пен кәсіби құзыреттіліктері дамиды.

Білім мазмұнының компоненттері, әрекет түрлері, құндылық бағдары және эмоциялық-тұлғалық қатынасының алғашқы түсініктен білімге жетуі, әрекет тәсілдерінен дағдыға, құндылық нормадан көз жеткізуге дейін көтерілсе, құндылықтар мен тәсілдерді меңгеруге қажетті нақты мақсаттылық бағыт тиімді болмақ. Елімізде қоғам сұранысына орай білім беруді жетілдіру мақсатында жалпыға міндетті білім стандарттары үш деңгейлі модельге сәйкес әзірленіп тәжірибеге енгізілгені белгілі. Бұл, әрине, қай деңгейде болмасын білім беруде жаңа тұрғыдан келуді қажет етеді. Сондай қажеттілікті өтеудің бір жолы педагогикалық үдерісте инновациялық технологияларды пайдалану болып табылады. Инновациялық технологиялар туралы зерттеу жүргізген ғалымдар (В.А. Слостенин, И.П. Подласый, В.И. Андреев, В.В. Шапкин, В.Д. Симоненко, К.К. Колин және т.б.) пікіріне жүгінсек, педагогикалық инновация – бұл педагогика ғылымы саласында нақты мақсатқа бағытталған білім аясына белсенді өзгерістер енгізетін тұрақты элементтер, білімнің жеке компоненттері мен біртұтас жүйесін жетілдіруге ықпал ететін жаңа көзқарастар деген тұжырымға келеді.

Оқытудың интерактивті технологиясы білімді меңгертудің тәсілдерін, оқу әрекетінде біліктілікті қалыптастыруда педагог пен оқушының субъектілік қарым-қатынасын, шығармашылықпен ойлауды, нәтижелі әрекетке түсуді, кез келген мәселені, педагогикалық жағдаяттарды шешуде қажетті ақпараттарды пайдалануды қамтамасыз етеді.

Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндетін орындауда оқыту оқу іс-әрекетінің өзінің модельдеу тәсілдерін қалыптастыруды, студенттердің ең қолайлы күн тәртібін анықтауларын, оқу материалымен жұмыс жасаудың ұтымды тәсілдерін саналы аңғаруын және оны кейіннен өңдеуін, терең, сонымен бірге тез оқу амалдарын игеруді, түрлі әрекеттердің, конспектілердің, оқу-практикалық міндеттерді қою мен шешудің жоспарын құруды қамтиды. Осы тұрғыда А.К. Маркова ұсынған оқу жұмысының тәсілдері біз үшін тиімді болмақ. Атап айтсақ:

– мәтінді мағыналық қайта өңдеу тәсілдері, оқу материалын үлкейту, оның ішінен бастапқы идеяларды, принциптерді, заңдарды бөліп көрсету, міндетті орындаудың жалпыланған тәсілдерін саналау, студенттердің белгілі бір санаттағы міндеттер жүйесін өздігінен құру;

– оқу мәдениетінің (мысалы, ірі синтагмалар мен «динамикалық оқу») және тыңдау мәдениетінің тәсілдері, қысқа және неғұрлым ұтымды жазу тәсілдері (жазып алу, жоспарлар, тезистер, конспект, аннотация, реферат, рецензия, кітаппен жұмыстың жалпы тәсілдері);

– есте сақтап қалудың жалпы тәсілдері (оқу материалын құрылымдау, бейнелі және есту естеріне сүйене отырып мнемотехниканың ерекше тәсілдерін қолдану);

– зейінді шоғырландыру тәсілдері, яғни студенттің өзіндік қадағалаудың әр түрлерін пайдалануына, өзіндік жұмысын сатылап тексеруге, тексеру тәртібін, «бірліктерін» бөлуге сүйенетін;

– қосымша ақпаратты іздеудің жалпы тәсілдері (библиографиялық материалдармен, анықтамалар, каталогтар, сөздіктер, энциклопедиялармен жұмыс және т.б.) және оларды үйдегі кітапханада сақтау;

– емтиханға, сынаққа, семинарларға, зертханалық сабақтарға дайындалу тәсілдері, уақытты ұтымды ұйымдастыру, оны есептеу мен жұмсаудың, еңбек пен оқуды, ауызша және жазбаша қиын тапсырмаларды дұрыс кезектеп отыру, еңбек гигиенасының жалпы ережелерінің (режим, серуен, жұмыс орнындағы тәртіп, оның жарықтығы, т.б.) тәсілдері [ 5, 162].

Студенттердің ақпараттық құзыреттілігіне біз төмендегілерді жатқызамыз:

– Ақпараттық ізденісті жоспарлау. Өзіндік жұмыстың тақырыбына сәйкес ақпаратты іздестірудің жоспарын құрып, оны орындауда қажетті шешім қабылдайды.

– Алғашқы ақпаратты алу. Өзіндік жұмыстың тақырыбына сәйкес ақпарат құралдарына өздігінен мониторинг жүргізіп зерделеу. Статистикалық, тарихи көздерден ақпараттарды алуды жоспарлайды.

– Екінші қайтара ақпаратты алу. Орындалатын өзіндік жұмыстың мақсатын түсініп, өздігінен анықтаған ақпараттар бойынша мәліметті ала алады.

– Ақпаратты алғашқы өңдеу. Қажетті ақпараттарды өзі таңдаған күрделі жұмыстарға сәйкес жүйелейді.

– Ақпараттарды өңдеу. Тексеруге қажетті ақпаратты өздігінен шығарады және ақпараттың нақтылығын тексеру тәсілдерін қолданады, түрлі көзқарастарды сыни талдау немесе алғашқы ақпарат пен соңғы ақпаратты салыстыру негізінде қорытынды жасайды, өзінің алған дәйектерін немесе өздігінен алған ақпараттарды негіздеу құзыреттілігін қалыптастырады.

Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту қазіргі білім мен тәрбиенің теориясы және практикасында басым бағытқа ие болып отыр. И.В. Роберттің пайымдауынша, ақпараттық құзыреттілігі біліми үдерісте ақпаратты қолдану және меңгеру деңгейін көрсетеді. Автор ақпараттық құзыреттіліктер қатарына төмендегілерді жатқызады:

– қазіргі ақпараттық массивтерде ақпаратты іздеу мен сақтаудың ұтымды әдістерін білу және қолдану;

– компьютерлік ақпараттың алуан түрлерімен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру;

– ақпаратты интернетте ұсына білу білігі;

– компьютерлік және интернет ақпарат көздері көмегімен сабақтарды және сабақтан тыс шараларды ұйымдастыру, өткізу дағдыларын меңгеру;

– интернет ақпарат көздерінің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, нақты пәнге қолдану дағдыларын меңгеру [6].

Біз ақпараттық құзыреттіліктің келесі бағыттары бойынша студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейіндегі жетістіктеріне мыналарды жатқызамыз:

а) Ақпараттық ізденісті жоспарлау:

– пәндік тапсырмалар бойынша өзіндік жұмысының тақырыбы бойынша ақпаратты белгілі мен белгісізге бөледі;

– пәндік тапсырмалар бойынша өзіндік жұмысына байланысты ақпараттан қойылған міндеттерді шешуге қажеттілерін бөліп алады;

– пәндік тапсырмалар бойынша қажетті анықтамаларды, энциклопедияларды қолданады, кітаптардың мазмұны бойынша және сайттағы сілтемелер бойынша бағдар жасай алады.

б) Алғашқы ақпаратты алу:

– пәндік тапсырмалардың түріне қарай бақылау (қойылған міндетке сәйкес жоспар бойынша эксперимент) жүргізіледі;

– пәндік тапсырмаларға сәйкес мультимедиа технологияларын пайдаланып ақпарат көздерінен қажеттісін бөліп алады.

в) Ақпаратты екінші қайтара алу:

– студент пәндік тапсырмаға сәйкес мультимедиа технологияларын пайдаланып, берілген екі немесе одан да көп негіздеме бойынша ақпараттарды бөліп алады және жүйелейді;

г) студенттің пәндік тапсырмаға сәйкес мультимедиа технологияларын пайдаланып, ақпараттарды өңдеуі:

– студент пәндік тапсырмаға сәйкес мультимедиа технологияларын пайдаланып, алынған ақпаратты дәл баяндай алады;

– студент пәндік тапсырмаға сәйкес мультимедиа технологияларын пайдаланып, ұсынылған ақпарат көздерінен қажеттісін таба біледі және олардың нәтижесін дәлелдей алады.

Осы оқу-әдістемелік кешен 5В020700 – Аударма ісі мамандығы бойынша оқитын 2 курс студенттерінің III семестріне арналған және оқу пәнінің мынадай бөлімдерінен тұрады: тақырыптық жоспар, практикалық сабақтар жоспары, практикалық сабақтарға дайындалуға берілген әдістемелік нұсқаулар, оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша өткізілетін сабақтардың жоспары, жазбаша жұмыстардың тақырыптары, өзіндік бақылау үшін тест тапсырмалары.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бағдарлама 90 сағ. көлемінде 5В020700 – Аударма ісі (30 практикалық сағат + 10 сағат БАОӨЖ + 50 сағат БАӨЖ) мамандығының күндізгі бөлімінің 2 курсының III семестріне арналған.

Курстың міндеттері сөйлеу әрекетінің барлық түрінде – сөйлеу, тыңдап-түсіну, оқу және жазудың қарым-қатынас жасау қабілеттеріне қойылатын талаптарында нақтыланады. Бұл сөйлеу әрекеті дискурстың қабылдауымен және пайда болуымен, әрекеттестікпен (екеуара қатынас) және медиа-циямен (арнайы мәтіндердің аудармасы) байланысты.

Жоғарыдағы айтылғандай, студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда оқу үдерісінің алатын орны ерекше. Ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда оның өз елінің өркендеп дамуына іскерлікпен, саналылықпен қарайтын, білімді, мәдениетті, ақпараттық-коммуникативті құзырлы азамат болуына ықпал ететіні айқындалады. Кәсіби маман ретінде тұлғаның қалыптасу үдерісі оның қоғамдағы тұлғалық сана-сезімінің болмысына байланысты. Бұл үдеріс білім мен өзін-өзі тәрбиелеу, алдына мақсат қоя білу және оны жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі белсендіру, қоғамда өз орнының бар екендігіне сенімді болғанда жүзеге асады. Қорыта келе, студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың нәтижесінде студент тұлғасы келесі ақпараттық-коммуникативтік маңызы бар параметрлерді, яғни өзін-өзі бағалау мен рефлексияға, қарым-қатынас қабілеттілігі, шыдамдылық, мейірімділік, адамгершілік көрсету, өзін-өзі реттеуші, мақсатқа талпынушылық, қалыптасқан дүниетанымы мен құндылықтар жүйесін бойына сіңіреді.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы. – Алматы, 1998. – 96 б.

2. Түймебаев Ж.Қ., Әбілқасымова А.Е. және т.б. Образование и наука. Энциклопедический словарь. – Астана, 2008. – 448 с.

3. Брушлинский А.В. Психология / Адамзат ақыл-ойының қазынасы. – Алматы: Таймас, 2006. – Т. 2. – 464 б.

4. Бидайбеков Е.Ы. Подготовка специалистов совмещенного и информационного профиля в Республике Казахстан. – Алматы: АГУ им. Абая, 1998. – 123 с.

5. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования. – М.: Школа-Пресс, 1994. – 317 с.

6. 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

#### Резюме

В статье рассматриваются теоретические аспекты формирования профессиональной компетентности студентов и пути использования инновационных технологий в обучении профессиональному иностранному языку по специальности «Переводческое дело».

#### Summary

The given article deals with the theoretical aspects of forming professional competency of students and the ways of using innovation technologies in teaching professional foreign language at department of translation studies.

ӘОЖ 37.022:800.855:802.0=20

## **КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ**

**А.С. БЕКЕЕВА,**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы*

Кейінгі кезде шетел тілі сабақтарында әдеби шығармаларды қолдану жөнінде кереғар пікірлердің қалыптасқаны көпшілікке мәлім жайт. Күнделікті қарым-қатынас жасау барысында әдеби шығармалар жазбаша жұмыс түрінде ғана қарастырылып отырды. Уақыт өте келе бұл көзқарастың қате тұжырым екендігін мойындауымызға тура келді, өйткені әдеби шығармалардан сабақ үстінде немесе сабақтан тыс уақытта үзінділер қолдану шетел тілін меңгеруді жетілдірудегі өте бір тиімді әдістердің бірі екендігі іс жүзінде дәлелденді. Біршама уақыт қолданыстан шығып қалған бұл әдіс түрі тек аударманың грамматикалық конструкциясы ретінде ғана пайдаланылып, шетел әдебиетін оқыту мақсатында баспадан бұрын шыққан қысқа әңгімелер жинақтарынан ғана көрініс тауып қалып жататын.

Әдеби шығармаларға жаңаша көзбен қарауға түрткі болған маңызды алғышарттардың дәлелі ретінде олардың, біріншіден, таптырмайтын аутентивті (сенім артуға тұрарлық) материалдар екендігін айтуға болады. Көптеген жылдар бойы әдеби шығармалар коммуникативті оқыту ситуацияларында қолданылып келді, бірақ таңдап алынған тексттер тым қысқа, кесте, рецепт, меню, хат сияқты формаларда ғана болды. Мұқият сұрыптаудан өткен мұндай ақпараттар студенттердің шетел тілін терең әрі толыққанды меңгеруі үшін жеткіліксіз болып шықты.

Екіншіден, көркем әдебиет текстері адамзат баласының табиғи болмысы мен өмір тынысын нақты да нанымды суреттейтін мағлұмат көзі болып есептеледі. Бұны студенттердің сөйлеу шеберлігін дамытуға зор ықпал жасайтын, оларды еркінен тыс сөйлеуге жетелейтін бірден-бір тартылыс күшіне теңесек те артық емес. Аяқталған, толық мағыналы, мәнеріне жеткізе берілген тексттер оқырмандардың уақиғаға өз пікірін білдіруіне, қарсы пікір айтуына, кең шеңберлі талқыға айналдыруына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда тапсырмалардың бұл түрлері «argumentative and descriptive language exercises, disagreement exercises, solution and experience exercises» түрінде танымал.



Сөйлеу және жазумен қатар шығарманы оқи білу де тиімді және когнитивті процесс. Дұрыс таңдап берілген текст студенттің өмірлік тәжірибе жинақтауына, танымдық пікір қалыптастыруына, әңгімеден эмоциялық әсер алып рухани баюына, өзі және өзгелер туралы маңызды жайттарға көз жеткізуіне септігін тигізетін әсер етуші серпін.

Студенттер үшін когнитивті стимул болып табылатын нәрсе – сөздерге, сөйлем құрылымына, текст мазмұнына талдау жасау, сөйлеу үлгілерін жетілдіру, текстті аудару және мәтіннің стилін анықтау мәселелері. Шетел тілін меңгерудің лингвистикалық амалы болып есептелетін бұл тәсілді қолдану оқытушыдан жоғарғы деңгейлі біліктілікті талап етеді. Шығармаға етене бойлай енген студент шығарманың шырқау шегіне жеткен кезде оның қаншалықты әсерлі болып шығуы, адам жанын баурап алатындай құдіретке ие болуының негізгі тиегі сөз екендігіне көз жеткізеді. Сөз құдіретін түсіну, оның шығармада берілу жолдарына мән беру студенттің шығарма авторына деген құрмет сезімінің оянуына және шеберлігіне тәнті болуына итермелейді. Яғни, қысқа ғана үзінді әңгіме шынайы да шырайлыаналитикалық тәжірибе жинақтаудың алғышарты болып шығады.

Әдеби шығармалардың ортақ мәмілеге келу мен мәдениатаралық қарым-қатынас қалыптастырудағы алатын орны да ерекше. Өзге ұлт өкілдерінің әлеуеті мен мәдениетінің даму тарихы жайлы білу үйренушілердің шетел тілін меңгеру процесін жеделдететіні айтпаса да түсінікті. Соңғы кездегі зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай өзге ұлттың дәстүр-салттары туралы білу өзге тілді меңгеруші үшін өз тілін меңгергеннен кем түспейді. Көптеген адамдар өзге ұлт өкілдерінің мәдени өмір тіршілігі туралы білуге, ең болмағанда, өз елінде қалыптасқан ұлттық құндылықтармен салыстыру үшін шынайы қызығушылық танытады. Өз еліндегі ұлттық құндылықтар қалыптасқан стандарт болып есептелмесе де, өзге ұлттардың бойындағы, іс-әрекетіндегі өзгешеліктерді салыстыру ұзын-сонар әңгімеге арқау болары анық. Дегенмен, бұл өзгелерді көшіру немесе соларға ұқсап бағу дегенді білдірмейді, керісінше өзгелердің құндылықтарын құрметтей отырып өзінікін бағалай білуге жетелейді. Әрине, өзге ел туралы білу үшін сол елге барып өмір сүргенге не жетсін, бірақ бұл барлық уақытта және барлық адамдар үшін мүмкін емес. Оған қол жеткізудің екінші жолы – сол біз сөз қылып отырған әдебиет. Бір кесек үзінді әңгіме өмір шындығын бейнелейді ғой. Шынайы өмірді бізге суреттеп беретін – автор, ал автордың көмегімен ол оқырман жүрегінен орын алады. Оқыған шығармасына баға беру, өзге елдер, халықтар туралы мәліметпен сусындау және одан өзіне керектісін алып, талдау оқырманның еншісіндегі нәрсе.

Әдеби шығармаларды оқу түрлеріне тоқталғанда, ең алдымен, біздің көпшілігіміздің әдебиетті тек жан рахаты үшін оқитындығы бесенеден белгілі, солай болуы керек те шығар. Егер біз студенттерді көп оқуға және тез арада оқуға дағдыландырсақ, олар көптеген жаңа сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін меңгереді, жаңа грамматикалық конструкциялардың қолданылу барысымен танысады және өздері де сезбестен лингвистикалық біліктіліктерін көтереді. Жан-жақты оқу тілді жақсырақ меңгеруге, тәжірибе жинақтауға және көкірегін оятып, көзін ашуға ықпал етеді.

Ізденімпаз студент үшін әдеби шығарманы оқу бейтаныс әлемге еніп, сөз астарын аңдаумен және меңзеп тұрған нәрсені тұспалдаумен тең. Мұқият құрастырылған ұзақ параграфтарды оқыған кезде студентті алға жетелеп отыратын тапсырмалар легі берілсе, студент берілген мәтіннің контекстік мағынасын, ара-жігін ашып, талдау жасау шеберлігін жетілдіреді.

Гудман оқуды «психолінгвистикалық шешім табу ойындарына» бекерден-бекер теңемесе керек. Оқырман жазбаша мәтіннің мағына-мәнін ашу үшін графиканы, тілдің синтаксистік және семантикалық құрылымын білуі шарт қой. Оқырман оқығаның негізгі идеясын, яғни танымдық және тәрбиелік мәнін графикаға, тілдің синтаксистік және семантикалық құрылымына арқа сүйей отырып шамалайды немесе жасалған болжамдарды растап, дәлелдеуге тырысады. Мәтіннің мәнін толық түсінуде өмірлік тәжірибе мен жалпы лингвистикалық білім деңгейінің де алар орны ерекше. Жинақтай айтқанда, білімпаздың әдеби шығармаларды оқыр алдындағы жалпы дайындығы мен жанрлық білімі және оқылатын елдің тілін білу деңгейі бір-бірімен қабысып жатқан жағдайда ғана нәтиже қол жетімді болмақ.

Бұрын қалыптасқан әдіс бойынша әдеби шығармалар бір ізбен, бір мақсатта ғана оқытылатын. Білімпаздан талап етілетін нәрсе мәтіннің мағынасын табу еді. Шығармадан алынған үзінді негізінде

оның дұрыс мағынасын білетін адам тек оқытушы болып саналады да, оқытушы сабақ үстіндегі уақытының көп бөлігін сол өз тұжырымын насихаттауға, өзгелерге де соны мойындатуға жұмсайды. Бұның теріс жағы – көптеген студенттер әдеби шығармаларды оқуға деген ынтасын жоғалтады немесе оны мүлде жек көріп кетеді. Ақырында оқырманның белсенділігі бәсеңдейді.

Жаңаша көзқарас әдеби шығармаларға талдау жасау кезіндегі оқырманның белсенді арақатынасына негізделген. Ешқандай да шығармаға оқылмайынша жан бітпейді. Сондықтан да ең басты нәрсе – мәтін мен оқырманның арасындағы қарым-қатынас. Шығарманы оқу екі жақты процесс, мәтін мен оқырманның арасындағы диалог болып есептеледі. Мәтінді оқыған кезде адамның жеке тәжірибесі, шығармадан күткені оқырманның іздегені мен ол үшін маңызды нәрсені анықтап беруге себепші болады. Оқу ұсақ-түйектердің басын қосып, үзіктерді жалғау арқылы мағыналы нәрсеге айналдыру болып шығады. Мәтіннің мағынасы мен мәні әрбір оқырманның жеке пікірі бойынша анықталады. Бір сөзбен айтқанда, жеке адамның пікірімен санасу әдеби шығарманың мәтінін жете түсінуге алып барар даңғыл жол екендігін кейінгі зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр.

Әдеби шығарманы оқу диалектикалық тәсіл болып табылады. Шығарманы оқып болғаннан кейін студент өз қабілет-қарымына, алған эмоциялық әсеріне қарай жаңа образдар туындатып, өз тұжырымын жасап, оқиғаға өзінше баға береді. Үйренушінің бұл түсіне отырып қабылдауы «студенттік мәтін» деп аталады. Бұл ақыл-ой қабілетіне бағытталған жұмыс түрі өз алдына маңызды, бірақ өзге топтастарының және оқытушының ашық пікірлерінің ортаға салынуы одан да маңыздырақ. Сабақ үстіндегі тапсырмалар шығармашылыққа бағытталуы және студентті текстпен байланыстыруға құрылуы керек. Сонда ғана үйренушілер сабаққа белсене араласады. Әдеби шығарма жарыққа шыққаннан кейін оқырманның «меншігіне» айналады, ал оқырман өзін бірлесіп жазған автор ретінде сезініп оқығаны оймен көз алдына елестетеді, суреттеп айтады немесе жазба жұмыстарына кеңінен пайдаланады. Осылайша жазбаша және ауызша пікір алмасу процесі жүзеге асады. Ал оқытушының өзінің студенттер секілді мұқият сұрыптаудан өткізген «оқытушы мәтіні» болады. Ол өзінің бойындағы бар білімі мен тәжірибесін қолдана отырып әдебиетті оқудың және оқытудың түрлі жолдарын қарастырады. Оқытушының басты мақсаты аудиторияда «студенттік мәтін» мен «оқытушы мәтінінің» бірігіп «сыныптық немесе аудиториялық мәтінге» айналатындай орта тууына жағдай жасап, барлығына ортақ және жан-жақты методологиялық тәсілдемені жоспарлау. Студенттер мен оқытушы тиянақты да дұрыс жоспарланған сабақтың көмегімен ортақ шешім тапқан кезде барлық «кейіпкерлер» әдеби шығарманың құндылығына көз жеткізеді, бағалай білетін болады, үндестік орнайды. Ескерерлігі, оқытушы мәтінді аса жоғары талғаммен, студенттердің сұранысын қанағаттандыра алатындай дәрежеде таңдағаны абзал.

Әдеби шығармалардың көмегімен жазу шеберлігін жетілдіру де оқытушының алға қойған мақсаттарының бірі. Студенттердің өзіндік жұмыспен айналысып, жазба жұмыстарын (эссе, мазмұндама, шығарма, мәлімдеме, реферат, т.б.) өз бетінше жаза алуы үшін әдеби шығарма таптырмас үлгі – нұсқаулық және шабыт көзі. Студенттер шығармада кездескен сөйлемдерді, ұқсас сөйлем құрылысын еркінен тыс қайталағандарын да байқамай қалады. Сөздер де өзінен-өзі лек-лек құйылып жатқан секілді болады. Әр түрлі жанрлардың жазылу стилі де есте сақталып қалғандықтан, жазу барысында сөз таңдау мен сөйлем құрастыру қиындық туғызбайтын болады. Еркін жаза алу мен ойын еркін жеткізе ала білуге қабілетті болғандығы үшін бойын қуаныш билеген студент өзінің жазу дағдыларын одан әрі ұштай түседі.

Түйіндей айтқанда, тіл үйренудегі шығармашылық тәсілдеме дегеніміз не? Шығармашылық тәсілдеме дегеніміз – жазбаша және ауызша сөйлеу тілін көркем әдебиет элементін пайдалана отырып шығармашылық мақсатта қолдану. Әдеби кітаптарды оқи отыра ойдан құрастырылған әлемге тап боламыз, аудиторияда да сол мәтінді арқау ете өзіміздің әлемімізді ойдан құрастырамыз. Мәтін бізге кейіпкерлері, оқиғасы, қоршаған ортасы дайын әлемді ұсынады, ал біз сол әлемге еніп, шығарма желісі негізінде қарым-қатынас жасаймыз. Эмоциялық және интеллектуалдық қабылдау мүмкіндігімізге қарай шығармамен қатар параллель өмір сүруге икемделеміз.

Бұл әдіс барлық оқу ситуацияларында тиімді, өйткені оның көздейтіні студенттердің барлық бағыттардағы құзыреттерін дамыту. Сонымен қатар, бұл тәсіл қарым-қатынас жасап сөйлеу шеберлігін,

шығармашылықты шыңдау шеберлігін және мәдениетаралық қарым-қатынас шеберліктерін дамытады. Мәтіннің негізгі мәнін ашу жолында коммуникацияның төрт аспектісі жетілдіріледі. Оған қоса студенттерді әлеуметтік қоғамға бейімделе өмір сүруге үйретеді.

Шығармашылық тәсілдеме әдісі үш сатыдан тұрады, оның әрқайсысы соңғысы алдыңғысына тәуелді екі бөлікке бөлінеді.

1. Қызықтыру:

а) екпінділік

в) үлес қосу

2. Қарым-қатынас жасау:

а) ақпаратты сәйкестендіру

в) меңгеру

3. Жарыққа шығару:

а) тапқырлық таныту

в) біріктіру

Мақаланың көздеген мақсаты – студенттердің әдеби шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттыру. Таңдау және сараптау еркі өз қолында болғандықтан олар бір шығармамен шектеліп қалмай әдеби кітаптарды оқуды дағдыға айналдыратын болады. Жеке басынан өткен жайлармен салыстыра отырып өмірден сабақ алады және көптеген жаңа өзіне қажетті ақпараттармен қанығады. Шетел тілдерін меңгеріп жатқан студенттер үшін бастысы, өздерінің сөздік қорын молайтып, тілдің қолдану өрісін кеңейтіп, рухани байлыққа қол жеткізеді.

#### Әдебиеттер:

1. Collie, Joanne and Stephen Slater. *Literature in the Language Classroom*. – Cambridge, 1993.
2. Carter, Ronald and N. Long. *Exploring literature through language*. – Cambridge, 1993.
3. Elizabeth. B. Ibsen. *The Double Role of Fiction in Foreign Language Learning*, 2007.
4. Denise Lowery. *Classroom activities // English Teaching Forum*. – 2011. – № 4.

#### Резюме

Статья затрагивает проблему обучения иностранному языку посредством литературных произведений. Раскрывается ценность и важность чтения литературных произведений. Наша цель состоит в том, чтобы студент сам заинтересовался чтением. Автор подчеркивает, что студенты работают с произведением со своей позиции и точки зрения, но их нужно поощрять продолжить работу в данном направлении. Студенты связывают события литературного произведения со своим опытом, а в классе получают новый и захватывающий опыт жизни, они сами становятся соавторами литературного произведения и приобретают нечто новое, прочитав литературный текст. Автор указывает, что знание литературы обучающимися поможет им понять главную идею текста, раскрыть лингвистические признаки и особенности литературного жанра.

#### Summary

Article reviews the issue of teaching foreign language through literature. Today, students show little interest for literature. Value and importance of reading literature are exposed in the given article. The goal is to make the students get involved with reading. Author stresses, that students work with piece of literature with their personal attitude and point of view, but they shall be encouraged to keep them working in the given course. As students associate events in literature with their personal experience, they gain fresh and exciting life experience in class, i.e. become co-writers of the literary text and acquire something new from reading text. Learners' acquaintance with the studied literature will help them comprehend the main idea of the text, discover linguistic sign and features of the literary genre.

## ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

**М.М. НУРТАЕВА,**

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
Республика Казахстан*

Современному педагогу необходимо не только знать, но и владеть новыми педагогическими технологиями, эффективно применять их в своей педагогической деятельности. Целью современного образования является развитие личности обучающегося, выявление его творческих возможностей, сохранение физического и психического здоровья. Идеи активизации процесса обучения высказывались педагогами на протяжении долгого развития педагогики еще до выделения ее в отдельную самостоятельную науку.

Проблема активности личности в обучении – одна из актуальных как в психологической, педагогической науке, так и в образовательной практике. Каждому человеку необходимы определенные навыки мышления и качества личности. Умение анализировать, сравнивать, выделять главное, решать проблему, способность к самосовершенствованию и умение дать адекватную самооценку, быть ответственным, самостоятельным, умение творить и сотрудничать. Задача учителя – так построить процесс обучения, чтобы помочь раскрыться духовным силам ребенка. Учителю необходимо не только доступно все рассказать и показать, но и научить мыслить, привить ему навыки практических действий. Этому могут способствовать активные формы и методы обучения.

Уровень проявления активности личности в обучении обуславливается основной его логикой, а также уровнем развития учебной мотивации, определяющей во многом не только уровень познавательной активности человека, но и своеобразие его личности.

Выделяют 3 уровня активности:

- *Активность воспроизведения* – характеризуется стремлением обучающегося понять, запомнить, воспроизвести знания, овладеть способами применения по образцу.
- *Активность интерпретации* – связана со стремлением обучающегося постичь смысл изучаемого, установить связи, овладеть способами применения знаний в измененных условиях.
- *Творческая активность* – предполагает устремленность обучающегося к теоретическому осмыслению знаний, самостоятельный поиск решения проблем, интенсивное проявление познавательных интересов.

Итак, что же мы понимаем под интерактивными методами обучения? Под интерактивным обучением понимают использование целой системы методов, которая направлена главным образом не на изложение преподавателем готовых знаний, их запоминание и воспроизведение, а на самостоятельное овладение учащимися знаниями и умениями в процессе активной мыслительной и практической деятельности. Интерактивные методы обучения строятся на практической направленности, игре и творчестве в процессе обучения, взаимодействия, различных коммуникациях, диалоге и полилоге, использовании знаний обучающихся, групповой форме организации их работы, деятельностном подходе к обучению, движению и самоанализе.

Для более эффективного и результативного обучения следует использовать те методы, которые можно применять на определенных этапах урока. В этой связи можно также проклассифицировать активные методы обучения:

Методы начала урока, такие как «Галерея портретов» или «Поздоровайся локтями» (студенты, выполняя задание, должны коснуться, улыбнуться, назвать имена как можно большего количества однокурсников). Такие забавные игры позволяют весело начать урок, размяться перед более серьезными упражнениями, способствуют установлению контакта между студентами в течение нескольких минут;

Методы предъявления учебного материала, «Кластер» или «Мозговой штурм» – на доске записана тема урока. Остальное пространство доски разделено на секторы, пронумерованные, но пока не заполненные. Студентам предлагается обдумать, о каких аспектах темы далее пойдет речь. По ходу работы с темой студенты выделяют ключевые моменты и вписывают в секторы. Постепенно исчезают «белые пятна»; отчетливое разделение общего потока полученной информации способствует лучшему восприятию материала. После презентации возможно проведение краткого обсуждения по теме, и при наличии вопросов у студентов учитель дает ответы на них;

Методы организации самостоятельной работы, напр. «Автобусная остановка»;

Методы рефлексии и завершения урока, «Комплименты» или «Итоговый круг» (Учитель дает минуту! Подготовленные представители группы встают в круг, задают вопросы представителям других групп, те в свою очередь отвечают (работают по кругу)).

Особенности активных методов обучения состоят в том, что в их основе заложено побуждение к практической и мыслительной деятельности, без которой нет движения вперед.

Существуют различные формы организации активного обучения:

– *различные формы лекций* (проблемная лекция, лекция-визуализация, лекция вдвоем, лекция с заранее запланированными ошибками, лекция-пресс-конференция, лекция-беседа, лекция-дискуссия, лекция с разбором конкретных ситуаций);

– *различные техники организации групповой работы* (упражнения, нацеливающие учащихся на обмен информацией по типу «мозаики», «мозговой штурм», составление семантической карты); – *различные методы* (дискуссия – учебная дискуссия, направляемая дискуссия, свободная дискуссия; игровое моделирование – ролевые игры, «воображаемые ситуации»).

Все вышеперечисленные приемы являются методами интерактивного обучения.

Цикл интерактивного обучения включает в себя:

– переживание и осмысление полученного опыта, основанное на взаимодействии с учителем, с однокурсниками, изучаемым материалом.

– рефлексия, целью которой является определение личного уровня продвижения каждого обучающегося;

– применение на практике.

Ниже я приведу несколько коммуникативных игр, которые могут быть использованы на уроке, во внеклассной работе по английскому языку на средней и старшей ступенях. Среди них есть и универсальные, которые подходят для обучения разным предметам.

Метод проработки содержания темы.

Этап урока: работа над темой.

Время проведения: 15-30 минут.

Название метода: «Чемодан».

Цель: формировать навыки диалогической речи, развивать творческое мышление учащихся, учить работать в группе.

Происхождение метода: автор Нагулина Ксения Владимировна.

Необходимые материалы: слова разных частей речи и грамматических форм по теме занятия на отдельных листах висят на доске, прикрепленных магнитами.

Технология проведения: Модератор заранее готовит необходимые материалы. Для проработки темы можно предложить учащимся составить предложения из данных слов и связать из них небольшой цельный текст, или диалог. Не обязательно использовать все. Модератору необходимо подготовить такое количество частей, которое гарантировало бы достаточную вариативность содержания (не менее 5 вы-



ражений). Перед представлением диалога участники демонстрируют, какие выражения они взяли в свой «Чемодан». Группа делится на команды, чтобы соперники следили за правильностью составления предложений. Командам дается время на подготовку, и после этого они презентуют свой диалог или полилог.

Метод проработки содержания темы.

Этап урока: работа над темой.

Время проведения: 7-10 минут.

Название метода: «Хвастун».

Цель: тренировать грамматические навыки в устной речи.

Происхождение метода: Д.М. Каркусова «Учим английскому языку играя», Ростов-на-Дону, Феникс, 2007.

Необходимые материалы: карточки с названиями временных форм английского языка (можно сделать кубик), возможен вариант без вспомогательных средств.

Технология проведения: Модератор начинает игру и заранее готовит необходимые материалы. Для проработки темы можно предложить учащимся роль хвастуна. «Хвастун» вытягивает себе время, в котором он должен сказать предложение. Остальные должны опровергнуть это предположение (составить отрицательное предложение) или выразить удивление (общий вопрос). Если «хвастун» ошибается, тот, кто его поправил, становится «хвастуном».

Метод выяснения ожиданий и опасений.

Этап урока: выяснение ожиданий обучающихся.

Время проведения: 2-5 минут.

Название метода: «Солнечный зайчик».

Происхождение метода: автор Нагулина Ксения Владимировна.

Цель: самостоятельно сформулировать свои ожидания от образовательного мероприятия, узнать ожидания других участников.

Необходимые материалы: заготовленные заранее маленькие круги или овалы белого, желтого, синего цветов, магниты по числу участников. Зеркало у модератора.

Технология проведения: Модератор заранее готовит необходимые материалы. В руках у него зеркало. Он может произнести следующие слова: «Зеркало – это всегда отражение. Оно отражает нас, наши эмоции, страхи и настроение. А еще им можно играть в солнечных зайчиков. И они тоже будут разные в зависимости от нашего настроения». Далее он предлагает выбрать каждому участнику по одному кружочку – зайчику в соответствии с его сегодняшним настроением. Белый – спокойное, желтый – радостное, синий – если грустно или некомфортно. На зайчиках он просит написать, что тот ждет от сегодняшнего занятия. В конце мероприятия нужно обратить внимание обучающихся на достижение целей урока. И участники с обратной стороны могут нарисовать такой смайлик, какое у них настроение в конце мероприятия, и прикрепить на доску в форме солнышка.

Примечание: высказывания желательно формулировать на английском языке, если у ребенка возникают трудности, то можно попросить помощи у одноклассников.

Подобные занятия позволяют обучающимся выйти из привычной роли наблюдателя; создают более высокую возможность переноса знаний и опыта деятельности из учебной ситуации в реальную.

## Түйіндеме

Мақалада шетел тілі сабағында интербелсенді әдісті пайдалану, сонымен бірге белсенді оқыту әдісінің формалары, білімдері әр түрлі деңгейдегі білім алушыларға осы әдістің тигізетін әсерлері қарастырылған.

## Summary

Given article reviews application of interactive teaching methods in foreign language classes, as well as different formats of interactive teaching methods and the effects such methods on students with different levels of knowledge.

УДК 372.882

# **РОЛЬ КОММУНИКАТИВНО-ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ ПРИ ОПРЕДЕЛЕНИИ ЗНАЧИМОСТИ РАССКАЗОВ А.П. ЧЕХОВА В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТИ**

**С.Ш. КУЛЖАНОВА,**

*средняя школа № 144 имени С. Альжикова,  
г. Кызылорда, Республика Казахстан*

На современном этапе творчество классика русской литературы А.П. Чехова остается востребованным, так как его произведения активно входят в духовный мир современного читателя, обогащая его идейными, нравственными, эстетическими ценностями, необходимыми для формирования гармоничной личности. Несмотря на то что Чехов затрагивал актуальные темы для своего времени, наши современники с большим интересом перечитывают их и неоднократно обсуждают вечные темы нравственности.

На практике нами была разработана методика изучения чеховской прозы с использованием кинематографических трактовок, в основе которой лежит взаимодействие литературы и кино в процессе анализа рассказов А.П. Чехова как важное условие развития русского литературного языка и постижения их поэтики.

Одним из актуальных вопросов методики преподавания русского языка на сегодняшний день является вопрос об изучении грамматики на основе художественного текста. В настоящее время обращение к такому виду деятельности рассматривается в качестве возможного варианта обновления и повышения качества литературного образования в современной системе образования. Содержание курса Русской речи изложено в программе по литературе для средних школ, утвержденной Министерством образования и науки Республики Казахстан. Программой предусмотрено изучение творчества А.П. Чехова в пятых, sixth, восьмых, девярых и десятых классах. При изучении художественной литературы решается множество задач: развитие любви и интереса к чтению художественной литературы; осознание своеобразия литературы как словесного искусства; развитие эмоционально-образного восприятия литературных произведений; осмысление учащимися нравственного и эстетического воздействия литературы на личность.

Разработка использования в учебном процессе коммуникативно-информационных технологий обучения показала, что сопоставление текста чеховского рассказа и его экранизации, представленной на уроке литературы в виде нескольких кинофрагментов, способствует углубленному пониманию своеобразия идейного замысла художественного текста, помогает эмоционально пережить судьбу героев, увидеть общность и различие литературного текста с экранизацией. В ходе целенаправленного осуществления работы по предложенной методической разработке у обучающихся повышается уровень теоретико-литературной подготовки, аудиовизуальной грамотности, развивается интерес к урокам русского языка и литературы в целом, совершенствуется навык анализа и интерпретации художественного текста.

Использование интерактивно-инновационных технологий обучения русскому языку в процессе работы над художественным текстом является стимулом к личностному восприятию содержания литературного первоисточника, способствует созданию читателем своей собственной интерпретации прочитанного. Для усиления воспитательного, нравственно-эстетического воздействия литературы на учащихся важно развивать их творческое воображение, способность видеть и представлять нарисованные автором образы и картины, сопереживать герою и автору произведения, формировать умение воспринимать и анализировать социальное, нравственное и эстетическое содержание литературного произведения, интерпретировать мотивы и последствия поступков героев.

Хотелось бы заметить то, что рассказы А.П. Чехова просты и лаконичны и по форме, и по стилю, в то же время содержат в себе глубокие вопросы философии бытия. Алданов М. отмечает, что «А.П. Чехов сумел достичь высокого мастерства раскрывать серьезное в малой форме. При внешней простоте они таят множество сложностей для прочтения» [1].

Глинка А.С. подчеркивает, что «прежде чем изучать творчество Чехова, надо уметь читать его произведения. Прозаик пишет легко, просто и ясно, читать его нетрудно. Эта простота сказалась не только на языке рассказов, повестей и пьес Чехова, но и на сюжете его произведений. Четкое и энергичное движение событий в юмористических новеллах, плавное повествование зрелой прозы, последовательное развитие действия в пьесах – чеховские сюжеты тоже разворачиваются спокойно, без «опасных поворотов» и поражающего воображение читателя рокового стечения обстоятельств» [3]. Глинка А.С. писал о «сверхреализме» А.П. Чехова, имея в виду не выход писателя за рамки реализма, а обогащение его. Чехов редко прибегает к ретроспективному описанию событий, к их перестановке во времени. Отступления в хронологической последовательности событий он допускает только в произведениях, где кроме обычного повествователя есть еще и герой-рассказчик, который делится с другими героями воспоминаниями о каком-либо случае из жизни [3]. Например, учитель вспоминает историю своего бывшего сослуживца – Беликова. Это и составляет главное содержание рассказа «Человек в футляре». В другой раз охотников застает в дороге проливной дождь, и они, укрывшись от него в усадьбе помещика Алехина, продолжают свои воспоминания – о том, во что превратилась мечта, рассказывает Чимша-Гималайский («Крыжовник»), а Алехин рассказывает о своей любви к Анне Алексеевне («О любви»). Все три истории происходят в прошлом, а настоящее дает только толчок к воспоминаниям, А.П. Чехов говорил: «Тогда человек станет лучше, когда вы покажете ему, каков он есть» [3].

Духовный и нравственный выбор героя, ответственность человека за свою судьбу составляют основное в творчестве Антона Павловича Чехова. По Чехову, каждый человек сам несет ответственность за свою судьбу, и никакие жизненные удобства не должны влиять на его выбор. Чеховские рассказы напоминают нам о том, что свою судьбу мы определяем сами, именно мы в ответе за то, что будет в нашей жизни. И удел каждого читателя – по своему открывать для себя назначение жизни. Вот почему чеховские уроки нравственности всегда актуальны. Изучая рассказы Чехова, можно отметить их поразительную краткость, емкость, где на малой «площади» широко развернуты характеры героев, показана их связь с социальной средой. Поэтому в учебно-воспитательном процессе использование текстов из произведений А.П. Чехова способствует формированию всесторонней личности обучающихся.

Творчество А.П. Чехова достигло высшей точки признания: оно включено в современную казахстанскую образовательную программу, рекомендовано для самостоятельного чтения. В школьную программу включены те произведения А.П. Чехова, которые наиболее доступны юным читателям. Учтены возрастные особенности учащихся, своеобразие восприятия ими художественных текстов. Отображенные программой произведения дают возможность привлечь внимание обучающихся нравственной проблематикой, расширить жизненные впечатления, способствовать формированию художественного вкуса. В связи с этим особую значимость в методике преподавания русского языка и литературы в казахской аудитории приобретают исследования, в которых осуществлен поиск приемов и форм организации учебных занятий, способствующих воспитанию вдумчивого читателя, чувствующего своеобразие художественного текста. Программа и учебники помогают систематизировать учебный процесс, дают

основу, минимум, на который следует ориентироваться. В общеобразовательных школах в основном используются учебники русской литературы для средней общеобразовательной школы, утвержденные Министерством образования РК. Авторы-составители серии учебников «Мектеп»: В.В. Бадиков, О.З. Имангожина, И.Г. Шаповалова, Н.М. Могилевская. В них содержатся произведения и отрывки произведений, биографические сведения об авторах, предусмотрены вопросы и задания, хорошо представлен наглядный материал, присутствует краткий словарь литературных терминов. Содержание курса по творчеству А.П. Чехова хорошо разработано и систематизировано, что значительно упрощает работу учителя и помогает искать более новые, интересные, нестандартные подходы к изучению творчества писателя. Из сказанного мы можем сделать вывод, что от класса к классу понимание рассказов Чехова постепенно усложняется. Разумеется, вместе с задачами изучения рассказов Чехова от класса к классу усложняется система приемов и форм, позволяющих учителю ввести учеников в мир писателя.

По-нашему мнению, изучение произведений А.П. Чехова с использованием коммуникативно-информационных технологий обучения русскому языку может стать одним из эффективных способов активизации восприятия и развития мировоззрения обучающихся о художественном мире писателя и своеобразии поэтики художественных рассказов. Это объясняется тем, что интерактивное «прочтение» произведения литературной классики не только представляет собой попытку постичь смысл, но также является зрительно-динамическим истолкованием поэтики словесного текста, осуществленным с помощью специфических изобразительно-выразительных средств языка кино. Поэтому сопоставление текста с соответствующим фильмом-экранизацией электронного учебника дает возможность обучающимся увидеть поэтику изучаемого рассказа «отраженной» в другом виде искусства, что способствует созданию условий для превращения анализа литературного первоисточника в творческий процесс. Вот почему авторы учебно-методических руководств рекомендуют нам, педагогам-словесникам, обращаться к сопоставительному анализу текста чеховского рассказа и соответствующей киноинсценировки как одной из форм активизации познавательной деятельности обучающихся русскому языку и литературе, способствующей формированию навыков самостоятельной исследовательской работы [4;5].

Все вышеуказанное определяет актуальность совершенствования методов и приемов изучения литературы с использованием материалов киноинсценировок электронных учебников. На наш взгляд, сопоставительный анализ рассказа А.П. Чехова и его экранизации способствует тому, что учащиеся начинают не только глубже проникать в идейно-художественную структуру литературного первоисточника, но и самостоятельно находить в тексте нравственные первоосновы кинематографических отрывков, как будто специально предназначенные для перенесения на экран. В результате этого происходит взаимообогащение читательской и зрительской культуры обучающихся: интерес к художественной литературе начинает оказывать положительное влияние на формирование и развитие навыков творческого читателя, на основе которого появляется устойчивый познавательный интерес к русскому языку.

#### Литература:

1. Алданов М. О Чехове. Литературные статьи. – М.: Новости, 1996. – С. 478-490.
2. Вайль П., Генис А. Родная речь. Уроки изящной словесности. – Изд. 2-е. – М.: Независимая газета, 1995. – 192 с.
3. Глинка А.С. Очерки о Чехове. Собр. соч. в 3-х книгах. – Кн. I. – М.: Модест Колеров, 2005. – С. 165-304.
4. Левитес Д.Г. Практика обучения: образовательные технологии. – М.: Издательство: Воронеж: НПО МОДЭК, 1998. – С. 240.
5. Гац И.Ю. Методический блокнот учителя русского языка. – М.: Дрофа, 2003. – С. 6.
6. Амиров Р.С. Методика преподавания литературы. – Алматы: Гылым, 1998. – 120 с.

## Түйіндеме

Орыс тілін меңгерту барысында ақпараттық-инновациялық оқыту технологияларын қолдану арқылы оқушылардың әдеби-танымдық және көрермендік талдау қабілеттіліктері дамытылады. Орыс әдебиеті сабағында А.П. Чехов шығармаларын оқытуда электрондық оқулықтардағы кинофрагменттік материалдарды қолдану әдістемесі практикалық қолданыс аясында өзіндік тұлғалық дүниетанымды қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалды.

## Summary

In the process of mastering Russian language, through use of informative-innovational training technologies, students' literary knowledge and literary criticism skills develop. Methodology of using film fragments in electronic textbooks, in the class of Russian literature, when studying the works of A.P.Chekhov, has opened great opportunities for building students' personal standpoint in practice.

ӘОЖ 37.03:374.3

## **ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ИНТЕЛЛЕКТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Г. ЕСҚАЛИЕВА,**

*магистрант,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі түбегейлі бетбұрыстар жаһандану жағдайындағы ғылыми-техникалық қарқынды даму стратегиялық бағыттарына негізделі отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің қалыптасуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейге көтерілуіне жағдай жасауды талап етіп отыр.

Осы орайда ЖОО алдында тұрған басты мақсат қоғам сұранысын қанағаттандыратын, өз еңбегіне жауапкершілікпен қарайтын кәсіби мамандар дайындау болып табылады. Қазір адамзат білім беруді интеграциялау бағытына бет бұрған кезде тұлғаның интеллектік меншігіне қойылатын талаптар жаңа сипатқа ие болуда. Бұл жаңа сипатты анықтауда ең алдымен тұлғаның бойында терең білім, ақыл-ой өрісінен басқа әлемдік бәсекелестікке жауап беретін деңгейдегі интеллектік қабілеттер болуы тиіс. Бұл студенттердің бойында жинақылық, серпінділік, сындарлық қасиеттерін дамыта отырып, заман өзгерістеріне бейімделген тұлға қалыптастыруына мүмкіндік береді [1].

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын ала болжап, студенттердің қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіру екені сөзсіз.

Бүгінгі күні білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі философтар мен педагог ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, оқытудағы дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде.



Жалпы жастардың интеллекттік белсенділігін арттыру мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып отырды. Атап айтатын болсақ, И.Г. Песталоцци, Я.К. Коменский, А. Дистервег, Н.А. Половникова, Т.И. Шамова, Г.А. Кулагина, Н.Н. Моисеев, В.В. Давыдов, т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Қазақстанда соңғы жылдары жастардың интеллекттік әрекеттерін белсендіру, мәселелі оқыту, оны ұйымдастыру, әдіс-тәсілдерін жетілдіру жайында зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Осы орайда И. Нұғыманов, Ж. Қараев, Р. Әлімқұлов, Ш. Таубаева, Г. Нұрғалиева, А. Әбілқасымова, Т. Сабырова, Г. Ибрагимова, А. Тамаев, А. Дайрабаева, А. Аяғановалар, т.б. интеллекттік белсенділік, тұлғалық үйлесімді жана тұрғыдағы көзқарастарды ұсынды.

Интеллект – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті [2]. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық процесстер кіреді.

Интеллекттік – танымдық ұлттық-психологиялық ерекшелік, нақты этностық қауымдастық өкілдерінің қабылдау және ойлау ерекшеліктерін білдіреді. Бүгінгі қоғамда интеллекттік ұлт қалыптастыру қажет деген құнды идеяның туындауы да біздер үшін маңызды екені анық.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде «Интеллект» ұғымы көп жоспарлы құрылым ретінде қарастырылады. Оның формальды сипаттамасы – қабілет, ал мазмұндық сипаттамасы нақты танымдық іс-әрекет болып табылады. Сонымен қатар, көп жағдайда интеллектіні танымдық іс-әрекеттің жоғарғы формасы деп атайды. Интеллектінің негізіне белсенділік, ортаның өзгеруіндегі интеллекттік мінез-құлық, бейімделгіш әрекет жасауға мүмкіндік беретін ортаның әлеуеті жатады. Бүгінгі таңда әлеуметтік танымды интеллекттік жүйелер ретінде қайта ұғыну мәселесі өзекті жағдайлардың бірі болып саналады. Тұлға әлеуметтік ортаға ене отырып, интеллекттік даму көрсеткішіне ие болады. Әлеуметтік ортадағы интеллекттік жүйелердің деңгейлеріне тұлғалардың қауымдастығы, ұлт, мемлекеттік аппарат, топ, индивид жатады. Әрбір деңгейде интеллекттік жүйелер әр түрлі формада болады. Интеллект – шығармашылық дамуының жоғарғы формасы, шығармашылық интеллекттік қабілеттерді дамытуда маңызды жағдайға ие болады және бірыңғай тұтас әлем көрінісінде бірге қарастырылады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллекттік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, сонымен қатар, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Тиімді оқытудың негізгі бір шарты – білімнің мазмұнын дәл, тиянақты анықтау. Бүгінгі күні педагогикалық пәндерді оқытуда тиімді әдістерді пайдалану арқылы студенттердің білімге деген қызығушылықтарын арттыру, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыру оқытудың жаңа технологиясы арқылы жүзеге асып келеді. Осы кезеңдерге дейін студент оқытушы мен оқулыққа бағынатын тыңдаушы ғана еді, енді ол сын тұрғысынан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын тұлғаға айналу үстінде.

Соңғы жылдары педагогикалық кеңістікте ғылыми зерттеулер ауқымы кеңейіп, осы бағытта оқытудың технологиялары жаңаруда. Солардың қатарында – «сыни тұрғыдан ойлауды жазу және оқу арқылы дамыту» бағытындағы технология. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – зерттеу объектісіне шығармашылық тұрғыдан қарау деген ұғым [3].

Студенттердің білімді жүйелі түрде меңгерулерінде және оның жеке қабілет деңгейлерін дамытуда бұл технологияның алатын орны ерекше. Осы технология арқылы студенттердің сыни ойлау әрекеті жоғары деңгейге жететіндігін педагогикалық тәжірибе көрсетіп отыр.

Педагогикалық пәндерді қолдануға өте тиімді бұл бағдарламаның ғылыми негіздері ретінде Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Д. Дьюи, т.б. еңбектері алынған. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбектерінің нәтижесі. Тәжірибені жүйеге келтірген – Ч. Тэмпл, К. Мерсдит, Дж. Стилл.

Бұл технологияның ішкі құрылымында ерекшеліктер мол. Құрылымда үш (қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс ) кезеңдерінен тұратын оқыту мен үйретудің моделі қарастырылған.

Сабақты өткізу барысында басты назарда ұстайтын қағидалар төмендегі:

- Қасындағы жолдасыңмен санаса біл.
- Міндетті түрде бір-біріңмен пікір алыс.
- Күрделі түрде сұрақ қоя біл.
- Қажетті ( түйінді ) мәселені айт.
- Жолдасыңды ( топты ) тыңдай біл.

Мақсаттарының бірі: барлық жастағы білім алушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым – бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету болып табылады. Бұл технологияның авторлары «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастар мен тепе-теңдіктер арқылы анықтап, оларға сеніммен қарау ретінде тұжырымдайды [4].

Сонымен қатар, тұлғаның интеллекттік әрекетін сын арқылы дамыту үшін мынадай жағдайларды ескеру қажет.

Сын тұрғысынан ойлау:

- практикалық іс-әрекетте болу;
- білім, іскерлік дағдыны қалыптастыру;
- басқаларды тыңдай білу;
- қарым-қатынас жасауға үйрету;
- белсенділік;
- қажет болса, көзқарасты өзгерту;
- ел алдына шығып өз ойын айтуға үйретеді;
- әдістері;
- өз ойын тұжырымдай білу.

Ол үшін сыни тұрғысынан ойлау технологиясының сынның стратегияларын ұтымды пайдалану керек. Яғни, оқытудың шығармашылық сипатын күшейтуге ден қоюды назарға аламыз.

Оқыту процесінде студенттердің интеллекттік белсенділігін арттыру мәселесі – әлі де терең зерттеуді талап ететін мәселелердің бірі. Себебі кәсіби білікті мамандарды даярлауда тұлғаның интеллекттік әлеуетін дамыту маңызды бола отырып, оны жаңа бағытта зерттеу алға шығады. Жыл сайын мұны жүзеге асырудың сан түрлі педагогикалық технологиялары ұсынылып жатыр. Ал олардың ең тиімдісін оқыту процесінде қолдану оқытушының шеберлігі мен тәжірбиесіне тікелей байланысты.

Әдебиеттер:

1. Бұзаубақова Қ.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Алматы: Жазушы, 2009. 3-5 бб.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка: 70 000 слов / Под ред. Н.Ю. Шведовой. – М., 1981.
3. Халперн Д. Сыни тұрғыдан ойлаудың психологиясы. – СПб., 2002.
4. Тілдік тұлға қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы // Білім – Образование. – 2007. – № 5. – 12-23 бб.

Резюме

В статье автор рассматривает использование педагогической технологии развития критического мышления посредством чтения и письма. Особенностью данной технологии является то, что студент в процессе обучения сам конструирует этот процесс, исходя из реальных и конкретных целей, сам отслеживает направления своего развития, сам определяет конечный результат.

## Summary

Author examines application of educational technology of developing critical thinking through reading and writing. Peculiarity of this educational technology is that the student, in the education process, constructs this process by himself – based on actual and specific needs, student tracks the course of personal development and determines the final result.

ӘОЖ 001.89-057.876:371.212

# АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**А.Қ. АЛДАН,**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті колледжі,  
Қазақстан Республикасы*

Ғылыми зерттеу жұмысы – ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген объектілермен танысу. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру сапасының маңызды міндеті болып саналады. Ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына қол жеткізетін жұмыс түрінің бірі – оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. Интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті жоғары балалардың өз бетімен білім алу мүмкіндігі болуы тиіс. Яғни, мұндай оқытуда бала өзі анықтайды, өзі басқарады, өзі жүзеге асырады. « Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі» деп Питер Клайн айтқандай, оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес өзі ашады. Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып, танысуға деген құштарлығын әрқайсысымыз білеміз. Ендеше, оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмек беру қажет. Оған қол жеткізетін тиімді жұмыс түрінің бірі – оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру.

Қазіргі кезде қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістердің болуына байланысты білім жүйесінде де, оның мазмұны мен оқыту әдістемесінде де біршама жаңарулар болып жатыр.

Алғашқы сабақтарда жетекші оқушыларға зерттеу жұмысының мәнін түсіндіреді, олардың дайындық деңгейін, ғылымға деген қызығушылығын анықтайды, ұсынған тақырыптарын белгілейді. Зерттеу тақырыбы өзіне қызықты болуы керек. Зерттеу жүргізудегі ең маңызды нәрсе проблеманы көре білу болып табылады. Проблема деген сөз ежелгі грек тілінен аударғанда «міндет», «кедергі», «қиындық» деген ұғымды білдіреді. Қиындықтан шығу зерттеуге бағытталған жан-жақты ізденісті талап етеді. Тақырып проблеманың сипатын ашып береді. Тақырыптарды негізгі үш топқа бөлуге болады:

- қиялға негізделген құбылыстарға бағытталған фантастикалық тақырып;
- өзіндік бақылаулар мен эксперименттер жүргізу және практикамен тығыз байланысты эмпирикалық тақырып;

– түрлі қайнар көзден алынған деректермен, материалдармен танысу жұмыстарына бағытталған теоретикалық тақырыптар.

Тақырыпты таңдағаннан кейін болжам жасауға үйрену керек.

Болжам – бұл әлі айқындалмаған, логикалық дәлелденбеген және тәжірибеден өтпеген білім. Болжам шындықта да, жалғанда да болуы мүмкін емес, ол тек анықталмаған құбылыс. Егер болжам теорияға айналмаса, жалғанға айналады. Болжамдағы басты талап материалдармен келісілуі тиіс.

Зерттеу объектісі теория мен практикадағы байланыстар, қатынастар, қасиеттері жиынтығы және ақпараттар зерттеудің қажетті қайнар көзі қызметін атқарады.

Зерттеу пәні нақтырақ. Ол жұмыстағы танысуға жататын қатынастар мен байланыстан тұрады, ғылыми ізденістің шекарасын орнатады. Әрбір объектіде бірнеше зерттеу пәндерін бөліп алуға болады. Зерттеу пәні сол зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтайды.

Мақсат зерттеушінің негізгі жоспарына сәйкес қысқа, нақты болады. Ол зерттеудің міндеттеріне дамытылады, айқындалады.

Зерттеудің келесі кезеңі зерттеу әдістерін таңдау болып табылады. Бақылау, эксперимент, ақпараттар жинау, іздеу, зерттеу әдістері бола алады.

Бақылау – өте кең таралған және тиімді зерттеу әдісі. Бақылау әдісін белгілі бір мақсатқа негізделген қабылдау түрі деп атайды. Ол практикалық, танымдық міндеттерде бақылау зерттеу әдісі ретінде түрді сипаттайды.

Эксперимент – зерттеу әдістерінің ең маңыздысы. Ол барлық ғылым саласында зерттеумен бірге қолданылады. Эксперимент сөзін латын тілінен аударғанда «тәжірибе» деген ұғымды білдіреді. Бұл таным әдісі арқылы қоғамдағы немесе табиғаттағы құбылыстар қатаң бақылау мен басқару жағдайында зерттеледі.

Зерттеуші зерттеу жолдарын анықтағанда, алдымен, материалдар жинақтайды, жүйелейді. Зерттеудің соңғы кезеңі орындалған зерттеу жұмысын қорғаумен аяқталады. Қорғау-зерттеудің жетістігі және жаңа зерттеулердің бастапқы кезеңі болып табылады. Қорғауға әдетте шектеулі уақыт беріледі. Осы уақыт ішінде зерттеуші ғылыми тақырыбының өзектілігін аша білуі тиіс, жұмыстың логикасы, тілі, құрылымы мен жиналған материалдың құндылығы, практикалық мәні бағаланады

Ғылыми зерттеу жұмыстарының кезеңдері:

- Ұсынылған тақырыптарды өз қызығушылығына қарай таңдау.
- Таңдаған тақырыбын талдау немесе жетекшісімен кеңес алу.
- Жетекші ұсынған әдебиеттерге талдау жасау.
- Танысқан материалдар мен тақырыпқа сәйкес жоспар жасау.
- Теориялық материалдар негізінде зерттеу жұмысын бастау.
- Жұмысты рәсімдеу (7-10 мин) баяндама жасау.

Ғылыми зерттеу жұмысын жазу үшін оқушыға қажетті зерттеу дағдылары:

• Ұсынылған әдебиеттермен жұмыс істей білу – ғылыми зерттеудің негізі. Материалдарды ретімен, терминдермен, түсініктермен таныса отырып оқу керек. Әрбір терминмен, түсінікпен жете таныс болу үшін олардың практикалық түсініктерін ашуға тырысу керек.

• Кітаптағы материалдарға сыни қарау дағдысы. Кітаптағы материалдың шынайылығына көз жеткізу үшін оларды салыстыратын өзіндік пікір болуы тиіс. Ол үшін өзіне мынадай сұрақтар қоюға болады: әдебиеттегі қай пікір нақтырақ? Теориялық пікірлер практикада дәлелді ме?

• Өзінің ойын нақты және түсінікті жеткізу дағдысы. Өзінің зерттеу жұмыстарын жүйелі жеткізіп, бір мәселеден екіншісіне байланыстыра отырып өту қажет. Жұмыста «Менің ойымша», «Менің пікірімше», «Маған белгілі», «Дәлелдемелер жасалған талдау көрсеткендей» деген сөздер қолданылуы тиіс.

*Зерттеу жұмыстарының түрлері*

Түрі	Құрылымы
Баяндама	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кіріспедегі қысқаша ескертпелер;</li> <li>- тақырыптың ғылыми-практикалық құндылығы;</li> <li>- негізделген ғылыми ұсыныс тақырыбының мәні;</li> <li>- қорытынды және ұсыныстар.</li> </ul>
Тезистер	<ul style="list-style-type: none"> <li>- баяндаманың негізгі мазмұны;</li> <li>- негізгі ұсыныстар мен қорытынды.</li> </ul>
Ғылыми мақала	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тақырыбы;</li> <li>- кіріспедегі ескертпелер;</li> <li>- зерттеу әдістемесі жөнінде қысқаша мәлімет;</li> <li>- ғылыми нәтижелерге талдау және оларды қорыту;</li> <li>- ұсыныстар мен қорытынды;</li> <li>- сілтеме жасалған әдебиеттерді көрсету</li> </ul>
Ғылыми есеп	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылыми жұмыстың біткен кезеңінің жоспары мен бағдарламасын қысқаша баяндау;</li> <li>- жүргізілген жұмыстың құндылығы, практика мен ғылымдағы мәні;</li> <li>- қолданылған әдіс-тәсілдерге нақты сипаттама;</li> <li>- жаңа ғылыми нәтижелерді баяндау;</li> <li>- шешуші мәселеге жауап беретін зерттеу нәтижелерін қорыту;</li> <li>- ұсыныстар мен қорытынды.</li> </ul>
Реферат	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кіріспе бөлімі</li> <li>- негізгі мәтін</li> <li>- қорытынды бөлім;</li> <li>- әдебиеттер тізімі.</li> </ul>
Ғылыми жоба	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кіріспе бөлімі;</li> <li>- негізгі мәтін;</li> <li>- эксперимент нәтижесі;</li> <li>- қорытынды бөлім;</li> <li>- әдебиеттер тізімі.</li> </ul>

Педагогика пәні бойынша «Оқыту процесі» тақырыбына байланысты мынадай зерттеушілік жоба ұсынуға болады.

1. Оқыту процесі – оқыту мен оқудың бірлігі.
2. Оқыту процесінің негіздері.
3. Оқушының жеке тұлғасы және білім алуы.
4. Оқу мотивтері.
5. Білімділік процесс – жеке тұлғаның ішкі әрекеті ретінде.

6. Әр түрлі ғалымдар берген оқыту процесі ұғымының анықтамаларынталдап, қандай мәселеге баса назар аударатынын, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табыңыз. Зерттеу адамның өміріне, табиғатқа байланысты түрлі бағытта жүргізілуі мүмкін.

Жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар. Ұсынылған ғылыми зерттеу жұмысы төмендегіше көрінуі тиіс:

1. Жұмыс мәтіні компьютерде терілуі тиіс.
  - титул беті;
  - мазмұны;
  - аннотациясының болуы;



- кіріспесі;
  - зерттеу бөлігі;
  - қорытынды, әдебиеттер тізімі болуы қажет.
2. Титул бетінде зерттеу жұмысы орындалған мекеменің толық атауы, автордың және жетекшінің аты-жөні.
  3. Аннотацияда жұмыстың қысқаша мазмұны берілуі керек:
    - зерттеу мақсаты;
    - болжамы;
    - зерттеу кезеңдері;
    - эксперимент әдістемесі;
    - зерттеу жаңалығы;
    - жұмыс нәтижесі мен қорытынды.
  4. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, мақсаты, міндеттері қысқаша баяндалады.
  5. Жұмыстың зерттеу бөлігі жеке тараулардан тұруы мүмкін. Олар:
    - тақырып бойынша белгілі зерттеу нәтижелеріне шолу;
    - белгіленген міндеттерді шешу әдістеріне сипаттама;
    - жұмыс нәтижесі мен оларды талдау,
    - көрнекілік материалдары.
  6. Әдебиеттерге сілтемелер нөмірленіп, жақшаға алынуы тиіс.
  7. Кіріспе 1 бет, жұмыстың негізгі бөлігі 15 бет, қорытынды 1-2 бет көлемінде болуы тиіс.
  8. Әрбір жұмыс жетекшінің орындалған жұмыстың өзектілігі мен құндылығы жөнінде пікірмен бірге жүруі тиіс.
  9. Баяндамаға демонстрациялайтын материал дайындауға болады. Көрнекіліктің көлемі оқушының бойына сәйкес дайындалуы тиіс.
- Баяндау мәдениеті:
1. Баяндама 10 минутқа дейін.
  2. Баяндау нақты өту керек.
  3. Жұмыс көрнекі құралдармен бірге баяндалады.

#### Резюме

В статье рассматриваются организация научно-исследовательских работ учащихся, необходимые навыки, виды задач для выполнения научно-исследовательских работ.

Особо подчеркиваются актуальность и новизна, теоретическая и практическая значимость данной темы.

#### Summary

Article reviews the arranging of students' scientific research papers, required skill and types of tasks for execution of scientific research works.

Special attention is paid to the relevance and originality, theoretical and practical significance of the chosen topic.

**ЛИНГВО-КОГНИТИВТІ МОДЕЛДЕРДІ АУДАРМАДА ҚОЛДАНУ****И.А. ӘНУАР,***магистрант,**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,**Қазақстан Республикасы*

Когнитивті лингвистика тіл көмегімен информацияларды беру, сақтау құрылымдарымен тереңдетуге арналған. Когнитивтік лингвистика нысандарының ерекшелігі: біріншіден, олар адамның психикалық мәдени қызметінің негізінде жеке сөз өрісінен әлем бейнесіне дейін түрленеді, екіншіден, тілдік сипаттаудың өзіндік құралдарын когнитивтік қыры ретінде адамның танымдық қабілетін қалыптастыруға маңызды күш салады. Когнитивтік ғылымның басты назар аударатын негізі – «тілдік бейнесі», «әлемнің ұлттық бейнесі» немесе когнитивтік модель кейде әлемнің концептуалды бейнесі деп те аталады. Мұнда «Әлем» сөзіне анықтама берейік. Әлем – адам мен қоршаған ортаның, өзара ақпараттың өңделген нәтижесі. Әлем бейнесі – өмір шындығының нақты ақиқат ұғымындағы оймен жасалған бейнесі. Лингво-когнитивті модель ұғымы туралы әр түрлі ғалымдардың еңбектерінде әр түрлі анықтама берген. Е.Г. Белявскийдің айтуынша, бұлмағына – кең көлемде тілдік модельдердің танымдық моделі. Аударманың теория мен тәжірибесін зерттеген авторлар әр түрлі тәсілдерді жасап шығарған болатын. Соның ішінде А.В. Федоров, 1968; А.Д. Швейцер, 1996; В.Г. Гаг 2000; К. Reiss 1971; ағылшын тіліндегі сөздердің семантикалық құрылымы мен талдауын және оның аудармадағы баламаларын тапқан болатын. Бұл жүйе кезінде ағылшын тіліндегі «терең мазмұнды категориялар», лексикалық бірліктер, төмендегідей трансформациялармен, аударма тіліндегі терең мазмұнымен ерекшеленеді. Мысалы, «қарабеттік, әдепсіздік» [В.Н. Комиссаров 1973, 46-б.]. «Қара» сөзінің қазақ тіліндегі терең мағынасы – «қарсы, нашар» концентраттың жоғарғы деңгейдегі болымсыз қасиеті. Ағылшын тіліндегі бұл категорияның мағынасы «Possessing certain qualities to an extreme degree». В.Н. Комиссаровтың ойынша, бұл категорияның лексикалық бірлігін анықтайтын бірегей критерий болмаған, ол үлкен қиындықтармен байланысты. Сонымен қоса, бір ғана жағдайды жеткізу үшін әр тілде әр түрлі мазмұнды категориялар қолданылатыны сұрақ болып қала береді. Мысалы, «Бұл сен жағынан өте нашар» – «It's small of you», «нашар» сөзінің мағыналы категориясы «жағымсыз қасиет», «small» бір нәрсенің аз көлемі деп трансформацияланады. Лингвистикалық категоризацияның мәселесін шешу үшін тілдегі мәселелерді когнитивті қайта өңдеу, анықтау қолданылады. Берілген сөздің лингво-когнитивті моделінің лексикалық мағынасы анализ жүйесінде. Лингво-когнитивті моделді бөліп көрсету түсінікті, әрі пайдалы бір категорияға әкелу, ол бір сөздің әр түрлі жағдайларда қолдануға болатынын түсіндіреді. Мысалы, «қара» сөзінің лингво-когнитивті моделі қоғамдағы кез келген құқық бұзушылық лексикалық бірлігін білдіреді. «Қара қайырымсыздық» – моральді нормалардың бұзылуы; «Қара археолог» – ресми емес жұмыс істейтін заң бұзушылық. Мысалы, «It's small of you» сөйлемінің қазақ тіліндегі лингво-когнитивті моделін анықтау; «Small» сөзі лингво-когнитивті модель – «бір қасиеттердің аз мөлшері», «Small» сөзінің бұл жердегі аудармасы – «нашар». Мұнда лингво-когнитивті модельдің мағынасы – «жақсы қасиеттері аз». Сонымен қоса, лингво-когнитивті модельдерді көрсету интерпретация мен белгісіздігі жоғары, анық емес аудармаға сай келеді. Мысалы, «Have another pull, the well is far away» сөйлемі мынадай қате түсінікпен берілуі

мүмкін: «Әлі біраз жүр, құдық алыс». Мұнда «pull» сөзінің лингво-когнитивті моделін табамыз – жылдам, бір минуттай созылыққы күш, ол төменнен жоғары қарай әрекет етеді. Ал оның дұрыс аудармасы – «тағы бір рет іш, құдық алыс». Көрсетілген мысалдан бір сөздің мағынасы сөйлемді толық түсінуге мүмкіндік береді.

Лингво-когнитивті модельді лексикалық бірлік ретінде, мақал-мәтел, фразеологизм ретінде келсе де қолдана аламыз. Мына ағылшын мақалының аудармасын қарастырайық: «A rolling stone gathers no moss». В.Н. Комиссаровтың айтуы бойынша бұл сөз былай деп қате түсінілуі мүмкін: «Бір орында тұрып қалмау керек, істе алға жылжушылық болу керек», ал оның дұрыс аудармасы: «Жамырамай осында отырыңдар». Ағылшын сөзі «moss» – лингво-когнитивті модель – ылғал жерде өсетін кішкентай жасыл-сары түсті гүлсіз өсімдік. Онымен сәйкестенген келесі лингво-когнитивті модель ағылшын сөзі «gather» шашылған заттарды бір жерге жинау, бір ыдысқа жинақтау мағынасын білдіріп, орыс тіліндегі «По свету бродить добра не нажить» мақалымен баламаланады. В.Н. Комиссаровтың айтуынша, бұл сияқты айтылымдардың, мақал-мәтелдердің аудармалары өте қиын болып келеді, бұл тұста аудармашы оның тек қана баламасын таппай, сол сөздің тобықтай түйінін, мән-мағынасын ашып көрсету керек. Хабарламаларды жеткізу түрі: «Thank you for not smoking» – «Бізде темекі шекпейді». Сөйлемді жеткізу түрлері: «He found him in his slippers by the fire» – «Ол өзінің досын пештің жанында үй аяқ киімімен демалып отырғанын көрді». Тілдегі белгілер: «to take steps» – шара қолдану.

Оқудың нәтижесі көрсеткендей, лексикалық бірліктерде сөйлемдерде модельдерді бөліп қарау кез келген деңгейдегі аударманың адекватты аудармасын табуға көмектеседі. Мұндай мұнтаздық конкретизация, генерализация және модуляция сияқты лексикалық трансформацияларды қолдану арқылы жүзеге аспас еді. Сонымен қоса, модуляцияны хабарлама құрылымына қолдансақ қате аударма шығар еді («pull» сөзінің аудармасы – жорғалау) немесе бұл жағдайда қай логикалық ойды қолдану керектігі анық емес болады. Сонымен қатар, лингво-когнитивті модельдердің полисемантикалық, лексикалық бірліктерін басқа аударма түрлерімен салыстырғанда жақсырақ аударылады, әсіресе қарым-қатынас мақсатын, жағдайларды, хабарлама құрылымын аударғанда.

Г. Гиздатовтың тұжырымынша: «Когнитивтік модель құрылымы прототип пен бейнелі ұғымнан құралады». Когнитивтік модель сөздің лексикалық мағынасының кодталған ақпараты.

Е. Белявскаяның докторлық диссертациясында когнитивтік модель лексикалық деп көрсетілді. Бұл модель мағыналық және логикалық құрылымынан туындайтын абстракция модельдері жайлы ақпарат ретінде де айтылады. «Когнитивтік модель» – тілдік бірлік мазмұнын когнитивтік бейнелеу, оның құрамында соған сай когнитивтік операциялар жиынтығы бар.

Қорыта келгенде, лингво-когнитивті модельдерді қолдана отырып аудару мынадай нәтиже береді: басқа тілде берілген мәтіндерді, мақал-мәтелдерді, т.б. өз ана тілінде толық және дұрыс түсіну, оның аудармадағы басқа баламаларын табу, сонымен қоса, сөздікте аудармасы берілмеген аудармалардың неғұрлым дұрыс баламаларын қолдану.

#### Әдебиеттер:

1. Белявская Е.Г. Семантическая структура слова в номинативном и коммуникативном аспектах (когнитивные основания семантической структуры слова): автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – М., 1991.
2. Буданова Е.А. Методика обучения переводу на основе лингво-когнитивных моделей (начальный этап, языковой вуз): автореф. дис. ... канд. пед. наук. – М., 2001.
3. Васильев Л.М. Теория семантических полей // Вопросы языкознания. – 1971. – № 5.

4. Дейк Т.А. ван, Кинч В. Стратегии понимания связного текста // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 23. – М., 1988. – С. 153-211.

5. Бондарко А.В. Вопросы теории функционально-семантического поля и возможные ее приложения к анализу видовых значений русского глагола // Всесоюзная конференция «Научно-методические основы преподавания русского языка в педагогических институтах» (Алма-Ата, 1970 г.) / Ред. Н. М. Андреев, З.И. Жакова, Н.Н. Прокопович, А.В. Текучев. – М., 1970. – С. 26-29.

6. Мюллер В.К. Новый англо-русский словарь. – М., 2003.

7. Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчиков). – М., 1989.

8. Щур Г.С. Теории поля в лингвистике. – М. – Л., 1974.

9. Босова Л.М. Соотношение семантических и смысловых полей качественных прилагательных: психолингвистический аспект: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Барнаул, 1998.

#### Резюме

В статье описывается необходимость использования лингво-когнитивных моделей при нахождении адекватных переводческих соответствий полисемантических слов и единиц с расширенной и суженной по сравнению с родным языком переводчика семантикой при переводе на разных уровнях эквивалентности. Употребление лингво-когнитивных моделей позволяет обеспечить более глубокое понимание иноязычного высказывания и способствует формированию навыков и умений, необходимых для осуществления переводческой деятельности. Приведены высказывания писателей разных времен о лингво-когнитивных моделях.

#### Summary

Article describes the need to use linguistic-cognitive models in selecting adequate translation equivalents of polysemantic words and units with extended and narrowed, compared to the native language of the translator, semantics at different degrees of equivalency. Application of linguistic-cognitive models allows providing deeper understanding of foreign language saying and contributes in formation of the skills and expertise, required for skillful execution of translation. Statements of writers of different ages about the linguistic-cognitive models are presented.

## **БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ДИСКУРСЫНЫҢ АУДАРМАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

**Р.Т. ЖҰҚАШЕВА,**

*магистрант,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*

*Қазақстан Республикасы*

Қазіргі жаһандану мен ақпараттық технологиялар заманында бұқаралық ақпарат құралдары дискурсын зерттеу үлкен маңызға ие болып отыр. Соңғы 20 жылда дискурс масс-медиа ұғымы үлкен өзгерістерге ұшырады. Оның себебі, еліміздегі саяси және мәдени өзгерістермен шартталған. Дискурс масс-медияны зерттеу соңғы жылдары аса өзекті болуы бірнеше факторларға байланысты. Солардың бірі – бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам өміріндегі рөлінің артуы. Бұқаралық ақпарат құралдарын «төртінші билік» деп атайды. Оның саясатқа, білім беру жүйесіне және басқа әлеуметтік институттарға ықпалы зор болып отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары дискурсын аударманы оқыту процесінде пайдалануды зерттеу келесі бір себебі – қазіргі лингвистикаға тән тілдік материалды коммуникативті-когнитивті позициядан оқыту. Бұл тілдік форманың мазмұнын үйренуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдар тілі айқын әлеуметтік функцияларға ие бола отырып, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне, адамдардың тілдік сана-сезімінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Ал өз кезегінде көптеген әлеуметтік факторлар бұқаралық ақпарат құралдары тіліне тән ерекшеліктерді қалыптастырады. Аталған мәселелерді лингвистика, психология, әлеуметтану, саясаттану және басқа да ғылымдар зерттеуде.

Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуындағы әлемдік негізгі бағыт ақпараттық қоғамға алып келсе, оның негізгі қозғаушы күші жаңа технологиялар болып табылады. Қазіргі педагогика теориясы елеулі өзгерістерге еніп, білім беру мазмұны жақсарып, жаңа көзқарастар пайда болуы мен білім беру құрылымында жаңа технологиялар өмірге келуде. Оқыту жаңа технологиялары алдымен жете меңгерген онан соң оқу мазмұнына, студенттердің жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдап пайдаланудың мағызы зор. Қазіргі педагогикалық технология ұғымы іс-тәжірибемізде жиірек қолданылып, практикаға енуде. Ал, технология түсіндірмесін сөздік қандай да болсын істе, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деп, ал «Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті» деп түсінік береді.

«Дискурс» ұғымының жиі қолданылуына қарамастан оның жалпыға ортақ түсінігі жоқ. Ол «тіл», «коммуникация», «қоғам», «мәдениет» және т.б. ұғымдар сияқты көпқырлы болып табылады. В.Г. Борботько «... Адамның іс-әрекетінің әр саласының өзіне тән дискурсы бар. Бұл дискурстарда адамның рефлексияға және коммуникацияға деген қабілеттері жүзеге асады» деген болатын. Сондықтан да аталған ұғым ғылыми тілтану шегінен шығып, адам іс-әрекетінің түрлі салаларында қолданыла бастады (іскерлік дискурс, Фуко дискурсы және т.б.). «Дискурс» ұғымын түсінуде әр түрлі жағдайларға байланысты. Ф.Е. Фельдман «дискурс» ұғымын қолданудың үш негізгі класын ерекшелеп көрсетеді.

Бірінші класқа «дискурс» ұғымының лингвистикалық қолданылуын жатқызады. Оның өзі де алуан түрлі, кейді тіпті омонимді болады. Т.М. Николаева, мысалы, «дискурс» ұғымының келесі бір мағынасын атап көрсетеді: 1) мәтін байланысы; 2) мәтіннің ауызша формасы; 3) диалог; 4) мағынасы жағынан өзара байланысты айтылымдар тобы.



«Дискурс» ұғымын қолданудың екінші класы публицистикада кеңінен қолданылады. Өкілдері: француз структуралисттері мен постструктуралисттері (М. Фуко, А. Греймас, Ж. Деррида, Ю. Кристева, М. Пеше және т.б.). Олар стиль мен дара тілдің дәстүрлі ұғымын нақтылағысы келді. «Дискурсты» осылайша түсіну басым жағдайда социологиялық түрде болады.

«Дискурс» ұғымын пайдаланудың үшінші класы неміс философы және социологы Ю. Хабермасының есімімен байланысты. Бұл жағдайда дискурс ұғымында коммуникацияның ерекше бір түрі түсініледі. Оның негізгі мақсаты – коммуникацияларға қатысушылардың көзқарастары мен іс-әрекеттерін объективті талқылау және бағалау («рационалдылық дискурсы»).

«Дискурс» ұғымының осындай үш түрлі мағынасы бір-бірімен тығыз байланысып жатыр. Осы себепті оларды гуманитарлық ғылымда пайдалану қиындық келтіреді. Сондықтан түрлі ғылыми бағыттардың пайда болуына себепкер болады. Біздің зерттеуіміз бұқаралық ақпарат құралдары дискурсымен байланысты болғандықтан, біз түрлі ғылыми мектептердің негізгі ережелері мен жоғарыда айтылған бағыттарға тоқталып өтеміз.

Мәдениеттің қазіргі даму жағдайы сөздік қордың, бұқаралық коммуникацияның (бұқаралық ақпарат құралдары) дамып, етек жаюымен сипатталады. Бұқаралық ақпарат құралдары адамзат қоғамының маңызды әрі ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазіргі қаманғы терминологияда адам іс-әрекетінің түрлі салаларында бір мезгілде мынадай ұғымдар пайдаланылады: бұқаралық коммуникация, бұқаралық мәдениет, бұқаралық коммуникация тілі, бұқаралық ақпарат құралдары тілі немесе баспасөз тілі, бұқаралық ақпарат құралдары дискурсы немесе бұқаралық-ақпараттық дискурсы.

Адамаралық коммуникация дегеніміз екі немесе одан да көп тілдік тұлғалардың болашақта біріккен іс-әрекет етуге қажет бір-біріне ықпал ету мақсатында ақпарат алмасуы болып табылады.

Зерттеушілер формасы жағынан әр түрлі коммуникация түрлерін ажыратады: тұлғааралық, жанама және бұқаралық. Жанама коммуникация дегеніміз – телефон байланысы немесе электрондық пошта арқылы жасалған байланыс, яғни жеке бір құрал немесе ақпарат беру каналын пайдаланып қарым-қатынас жасау. Бұқаралық коммуникация дегеніміз, мысалы, журналист оқиға орнынан репортаж жүргізген болса, ал оның бейнесін көптеген халық қабылдап отырса бұқаралық деп айтуға болады. Дегенмен, бұқаралық коммуникация және бұқаралық ақпарат құралдары ұғымын бірдей қарауға болмайды.

Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз, ең алдымен, «ақпаратты жаппай таратуға жұмылдырылған техникалық құралдардың, қоғамдық ұйымдардың және адам ресурстарының жиынтығы» деп түсіндіріледі. Ал бұқаралық коммуникация – осы ақпаратты тарату процесі. Осы аталған ерекшеліктер қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де ерекшеленіп көрсетіледі. Философиялық энциклопедиялық сөздікте бұқаралық коммуникация ұғымына мынадай анықтама беріледі: «Бұқаралық коммуникация – бұл адамдардың баға беруіне, көзқарастарына және мінез-құлқына ықпал ету мақсатында өте үлкен аудиторияға жүйелі хабар тарату болып табылады» [ФЭС, 1989:344].

Бұл анықтаманы Ж.В. Николаева толықтырады, ол бұқаралық коммуникация деп «саны жағынан үлкен аудиторияға техникалық құралдар арқылы (пресса, радио, теледидар және т.б.) ақпаратты (білімді, рухани құндылықтарды, адамгершілік және құқықтық нормаларды және т.б.) тарату процесін айтады [Ж.В. Николаева, 2005:235].

Бұқаралық коммуникацияның өзіндік ерешеліктері бар, олар:

- Ақпарат көздерінің институционалдығы;
- Ақпарат көздері мен аудитория арасындағы кері байланыстың алшақтағы;
- Аудиторияның бұқаралығы;
- Аудиторияның гетерогендігі;
- Ақпарат пен байланыстың жоғары жылдамдықты және репродукциялық құралдарын пайдалану;
- Хабарлардың жылдам таратылуы;
- Салыстырмалы түрде ақпараттың тұтынушылық құнының арзан болуы.

Жаппай мәдениет XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған социомәдени модернизация және технологиялық дамудың индустриалдық кезеңнен постиндустриалдық кезеңге өту нәтижесінде пайда болған қазіргі заманғы қауымдастықтың ажырамас бөлігіне айналды. Бұқаралық мәдениеттің негізгі бағыттары мен көріністерінің бірі – халыққа өзекті ақпаратты таратумен айналысатын, қарапайым адамға болып жатқан оқиғалардың, қайраткерлердің көзқарасы мен іс-әрекетінің мағынасын түсіндіретін бұқаралық ақпарат құралдары.

Қорыта келгенде, бұқаралық ақпарат құралдары коммуникацияның (дискурстың) ерекше типіне жұмылдырады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы коммуникацияның ерекшелігі, бір жағынан, социомәдени жағдаймен, екінші жағынан, осы жағдайды өзгерте алуында. Бұқаралық ақпарат құралдары тілі, жаппай-ақпараттық дискурс, бұқаралық ақпарат құралдары дискурсы ұғымдарының мағынасы бір деген де пікірлер бар. Тіл – қарым-қатынас құралы, дискурс – оны жүзеге асырудың әлеуметтік детерминацияланған типі. Дискурсты зерттеу жұмыстарын (Р. Водак, Н. Фэрклау, Г. Кресс, У. Чейф, Г.А. Орлов, В.Г. Борьботко, В.И. Карасик, Г.Н. Манаенко және т.б.) назарға ала отырып мынадай түсінік береміз. *Бұқаралық ақпарат құралдары дискурсы дегеніміз – әлеуметтік-тарихи жағдайлармен шартталған, сонымен қатар, тілдің ерекшелігін құрайтын компонент ретінде мәтінді ұйымдастыру мен интерпретациясының стереотиптерімен бекітілген бұқаралық ақпарат саласында жалпыға ортақ қабылданған субъекттің тілдік мінез-құлқы.*

Бұқаралық ақпарат құралдары дискурсының төрт компоненттен тұратын моделіне орта (бұқаралық ақпарат саласы), тілдік қарым-қатынас субъектілері (журналист-оқырман), тілдік қарым-қатынастың мазмұнын анықтайтын ішкі контексті және тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырудың формасы (мысалы, сұхбат, газетте жарияланған мақала және т.б.) жатады.

«Бұқаралық ақпарат құралдары дискурсы» ұғымын түсіндіруге байланысты ортақ пікірдің болмауына қарамастан зерттеушілер оның функциялары мен қызметтерін жан-жақты әрі нақты сипаттама беріп отыр. Біз соларға арнайы тоқталып өтсек.

Қазіргі таңда жаһандану процесі барлық ақпарат құралдарына дерлік тән. Кейбір елдердің бұқаралық ақпарат құралдары қызметіне шектеу қоюға тырысуға талпынғанымен, оның адам өміріндегі рөлі күшейе түсуде. Сондықтан да зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдары дискурсын зерттеуге бет бұрғанының негізгі себебі болып табылады. И.А. Стерниннің «Әлеуметтік факторлар және публицистикалық дискурс» деген мақаласы осының көрсеткіші. Автор орыс тілінде және орыс коммуникациясындағы өзгерістер мен даму жағдайларын анықтайтын әлеуметтік факторларға талдау жасайды. Оларға мыналар жатады:

- саяси еркіндік;
- сөйлеу еркіндігі;
- саяси плюрализм, еліміздегі қоғамдық-саяси өмірдің демократиялануы және т.б.;
- нарықтық экономиканың дамуы және т.б.

Бұқаралық ақпарат құралдары дискурсындағы өзгерістерді мынадай етіп анықтап көрсетеміз:

– публицистиканың орализациясы, яғни бұқаралық ақпарат құралдары дискурсының формасы жазбаша бола отырып, біртіндеп ауызша формаға ауысуда, онда ауызша сөйлеуге тән тәсілдер басым бола бастады;

– бұқаралық ақпарат құралдары дискурсының плюрализациясы, яғни белгілі бір тақырыпқа арналған бұқаралық ақпарат мәтіндері әр түрлі болып отыр. Оған саяси жағдайлар мен күштер ықпал етуде.

– құралдарының персонификациясы, яғни оның формасы мен мазмұны нақты бір стандарттың көлемінен тыс болады. Түрлі авторларда түрліше сипат алады. Қазіргі кезеңде журналистің дербес стиліне бұқаралық ақпарат құралдары органдары қолдау көрсетеді.

- бұқаралық ақпарат құралдары тілінің коллоквиализациясы.

#### Әдебиеттер:

1. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан. – 1999. – 6 тамыз.
2. Мемлекеттік билік және БАҚ: өзара қатынастар ережесі // Ақиқат. – 2003. – № 4.
3. Бұқаралық ақпарат құралдары: бүгінгі және ертең // Ақиқат. – 2001. – № 5.
4. Масс-медиа как индикатор свободы общества // Вестник ҚазНУ. сер. жур. – 1997.
5. Средства массовой информации в политической системе современного капитализма. – М., 1988. – 17 с.

#### Резюме

В статье рассматривается теория, согласно которой национальные или социальные меньшинства ожесточаются по отношению к окружающему их обществу из-за того, что они считают, что предвзято относящиеся к ним средства массовой информации оказывают сильное влияние на окружающее общество.

#### Summary

The given article reviews the theory, according to which national or social minorities become embittered towards surrounding society as a result of minority's mindset, that biased mass media strongly affect the public.

## МАЗМҰНЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі Қылышбай Алдабергенұлы Бисеновтің университеттің 75 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі	3
--	---

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ

<i>Бисенов К.А.</i> Инновационное развитие высшего профессионального образования: проблемы и приоритетные направления	8
<i>Әбжанов Х.</i> Отан тарихы және өлкетану	12
<i>Дидманидзе О.Н., Митягин Г.Е., Бородин М.С., Мустаян М.Б.</i> Общие принципы эффективного использования средств технической эксплуатации мобильных электроагрегатов в условиях специализированных предприятий технического сервиса	17
<i>Дудников В.Ю.</i> Организация научно-образовательных сетей в странах СНГ	20
<i>Бердібаева С.Қ., Сахиева Ф.А., Жеңісқызы А., Маханова Н.</i> Нарық жағдайында педагог мамандығының имиджін көтерудің психологиялық аспектілері	23
<i>Ковалевский В.П., Носова Т.А.</i> Опыт партнерских отношений вуза и предприятий в подготовке конкурентоспособных специалистов и в их трудоустройстве	27
<i>Тебегенов Т.С.</i> Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетін оқыту мен зерттеудің өзекті мәселелері	32

### СЕКЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ МАТЕРИАЛЫ СЕКЦИИ

<i>Майгельдиева Ш.М., Архабаева Д.А., Бекжанова Б.Ж.</i> Тенденция инновационного обучения в высшем профессиональном образовании	39
<i>Нұрғазина А.Ж., Сарсембайқызы Н.</i> Жоғары кәсіптік білім жүйесіндегі инновациялық үдерістер	42
<i>Мусабекова Г.Т., Мухамедвалиева З.</i> Управление процессом готовности будущих учителей, воспитателей к инновационной деятельности	46
<i>Кизатова Г.Ж.</i> Актуальность повышения уровня языковой подготовки студентов в условиях перехода Казахстана к обществу знаний	50
<i>Абдулхаиров А.З.</i> Особенности содержания социально-гуманитарной подготовки туристских кадров в высших учебных заведениях Украины	53
<i>Девлетов Р.Р.</i> Усвоение национально-культурной специфики речевого этикета в процессе изучения лингводидактических дисциплин будущими учителями начальных классов	57
<i>Шеремет О.В.</i> Пути реализации принципа поликультурности образования в процессе синхронного изучения английского, русского и украинского языков	61
<i>Берикболова У.Д.</i> Жоғары білімді басқарудың шет елдік тәжірибесін Қазақстанда қолдану мүмкіндіктері	64
<i>Матакова Р.Н., Бадавамова Г.Л.</i> Самостоятельная работа студентов – надежный залог формирования творческой личности	68
<i>Бакирова Р.Е., Тургунова Л.Г., Алина А.Р., Васильева Н.В., Бадина Л.К., Малюченко Н.Г., Фазылова А.С.</i> Опыт преподавания элективной дисциплины	71
<i>Жарбулова С.Т.</i> Формирование активной гражданской позиции будущего учителя русского языка в процессе профессионализации	75

<i>Мансуров К.Ж., Шорникова О.Н.</i> Разработка модульной технологии обучения и ее использование в учебном процессе вуза	78
<i>Табулова А.Б.</i> Білім берудегі оқу жүйесін ұйымдастырудың кейбір теориялық мәселелері	82
<i>Сәдуақасқызы К., Тапалова Ә.</i> Оқушылардың шығармашылық тәжірибесін жобалар әдісі арқылы қалыптастыру	84
<i>Жүсіпбекова М.Қ.</i> Жалпыға бірдей құқықтық білім беру: түсінігі, мақсаты және маңызы	87
<i>Жусупбекова М.К.</i> Некоторые проблемы юридического образования в контексте Болонского процесса	91
<i>Айтбаева М.А., Нурекеева А.Б.</i> Формирование коммуникативной компетентности студентов как условие их успешной профессиональной самореализации	94
<i>Абрамова Г.В., Сулейменова О.</i> Инновационные процессы в обучении химии	98
<i>Сейдинов Ш.М., Бимурзаев Г.Н., Тулежанов Н.К., Шораев Б.И.</i> Реформирование программ единого континуума медицинского образования (бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура, докторантура) с целью соответствия международным стандартам аккредитации	101
<i>Ибадуллаева С.Ж., Оңғарбаева Г.Р.</i> Экологиялық білім және тәрбие беру процесін қалыптастыру аспектілері	105
<i>Қанагатов А.А., Керім Г.О.</i> Инновациялық технологиялардың қазіргі замандағы ролі мен мақсаты	108
<i>Омарова Л.Т.</i> Өзіндік жұмыстар арқылы студенттердің танымдық құзыреттілігін қалыптастыру	111
<i>Жарылғанова Д.М., Айдарова Ж.А.</i> Способы стимулирования у студентов интереса к самообразованию в высшей школе	114
<i>Кервенев Қ.Е., Медеубаев Н.Қ., Қибадат Ж.</i> Орта мектепте алгоритмдік әдісті оқыту кезендері жайында	117
<i>Успанова З.У.</i> Инновациялық пәнде жаңа әдістерді қолдану	121
<i>Амираниева Б.С.</i> Информационно-инновационные технологии в учебном процессе на практическом курсе русского языка	125
<i>Жапбаров Н.Ә., Жұмағұлова М.Ш.</i> Білім алушылардың кәсіби бағдарлау қабілетін қалыптастыруда аударманың ролі	128
<i>Sadybekova S.I.</i> Key strategies in effective teaching foreign languages	131
<i>Рүстемова Ж.А., Шакирова Қ.М.</i> Қапан Сатыбалдин және драматургия жанры	134
<i>Нұрекешова Г.Р.</i> Қазақ тілді ортада шетел тілін оқытудың заманауи ерекшеліктері	138
<i>Акаева М.А., Нурумбетова Г.А.</i> Использование интерактивных методов обучения на занятиях по русскому языку	142
<i>Жалелова Г.Ж.</i> О специфике использования новых технологий при изучении курса по выбору «Проблема «лишнего человека» в русской литературе XIX века»	145
<i>Қамзаева К.С., Таркешева Г.</i> Ана тілін оқытудың педагогикалық бағыттары	148
<i>Арынова К.Ш., Наренова С.М., Еспенбетова Ш.О.</i> Білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттырудағы пәндік олимпиаданың маңызы	151
<i>Джумалиева Л.Т.</i> Үздіксіз кәсіби білім берудің проблемалары мен даму болашағы	153
<i>Еңсепов Б.Б., Қайназаров Н.Т.</i> Тәуелсіз Қазақстан тарихы оқулықтарда	156
<i>Сәдуақасқызы К., Наренова С., Еспенбетова Ш.О.</i> Жоғары және орта мектептің өзара әрекеттестігі мен сабақтастығы	160
<i>Корнилова А.Н.</i> Социолингвистические особенности стилистической организации журналистских текстов региональных местных печатных изданий	164
<i>Назарова Г.А., Нәлібаева Г.Ы., Берденқұлова А.Ж.</i> Биология пәндерін оқытуда интербелсенді әдістерді пайдалану	166



<i>Наренова С.М., Еспенбетова Ш.О.</i> Комплексный лабораторный практикум в подготовке экологов	172
<i>Миронова М.Г.</i> Некоторые способы самопроверки результатов выполнения математических заданий студентами технических вузов	175
<i>Сәдуақасқызы К., Егізбаева Ж.</i> Оқушының ғылыми-зерттеу іс-әрекеті – шығармашылықты дамытудың негізі	177
<i>Сарышова К.С.</i> Баспасөз құралдарындағы фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері	181
<i>Шумейко Н.Е.</i> Разноструктурные наименования в парадигме номинализации	186
<i>Амиралиева Э.А., Бекенова Г.С.</i> Преодоление межкультурного барьера путем применения безэквивалентной лексики по роману Р. Киплинга «Ким»	190
<i>Азғыбаева Ұ.Б., Қойшыбаева Қ.Б.</i> Жоғары оқу орындарындағы инновациялық үдерістердің кәсіби дайындаудағы маңызы	194
<i>Ақбердиева Д.Қ.</i> Оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары – кәсіби білім сапасын арттырудың жолы	198
<i>Байжанова Г.Н.</i> Экологиялық дискурс және оның лингвистикалық аспектілері	201
<i>Бекбұлатова С.А., Бекбұлатов Т.Р.</i> Проблемы литературного перевода в эпоху инновационного развития	204
<i>Дюсенбаева Н.Н.</i> Роль профессионального русского языка при составлении документов в деловом общении	209
<i>Жарылғанова Д.М., Керейтбаева Р.А.</i> Влияние процесса самообразования на развитие личности студента	212
<i>Иванян Е.П., Айтасова С.И.</i> Эвфемия – языковая универсалия	214
<i>Қанзадаева Ш.Т.</i> Қазақ тіліндегі компаративтік жағдаяттардың концептуалдық құрылымдары	218
<i>Коппосынова М.Қ.</i> Концепт ұғымы және концептілік талдаудың сипаты	222
<i>Шакирова М.И., Майгельдиева Ш.М.</i> Жоғары оқу орнындағы студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру жолдары	226
<i>Күлетова Ұ.А.</i> Мақал-мәтелдерді қалыптастырып сөйлеу арқылы болашақ білімгерді шешендікке, тапқырлыққа даярлау	230
<i>Ташенова Ж.А., Қыпшақбай Н.К.</i> Кәсіби бағытталған шетел тілі пәнін оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар	233
<i>Бекеева А.С.</i> Көркем әдебиетті шетел тілі сабақтарында қолданудың маңыздылығы мен тиімділігі	236
<i>Нуртаева М.М.</i> Интерактивные методы обучения на уроках английского языка	240
<i>Құлжанова С.Ш.</i> Роль коммуникативно-информационных технологий обучения русскому языку при определении значимости рассказов А.П. Чехова в формировании личности	243
<i>Есқалиева Г.</i> Оқыту технологиялары арқылы студенттердің интеллектік белсенділігін арттыру жолдары	246
<i>Алдан А.Қ.</i> Арнаулы кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру	249
<i>Әнуар И.А.</i> Лингво-когнитивті моделдерді аудармада қолдану	253
<i>Жұқашиева Р.Т.</i> Бұқаралық ақпарат құралдары дискурсының аударманы оқытудағы маңызы	256

# Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің

## ХАБАРШЫСЫ

1999 жылғы наурыздан бастап шығады

Издается с марта 1999 года

---

Жылына екі рет шығады

Издается два раза в год

Редакция мекен-жайы:  
120014,  
Қызылорда қаласы,  
Әйтеке би көшесі, 29»А»  
Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда  
мемлекеттік университеті

Телефон: (7242) 26-17-95

факс: 26-27-14

E-mail: [ksu@korkyt.kz](mailto:ksu@korkyt.kz)

Адрес редакции:  
120014,  
город Кызылорда,  
ул. Айтеке би, 29 «А»,  
Кызылординский  
государственный  
университет  
им. Коркыт Ата

Құрылтайшысы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті  
Учредитель: Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі  
берген 450-Ж бұқаралық ақпарат құралын есепке алу куәлігі, 29 қазан, 1998 ж.

Техникалық редактор: **Кұлманова С.А.**  
Редактор: **Мұхиден Б.М.**  
Компьютерде беттеген: **Какимов Д.Т.**

Теруге 15.11.2012 ж. жіберілді. Басуға 12.12.2012 ж. қол қойылды.  
Форматы 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Көлемі 30,69 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс 0124. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 15.11.2012 г. Подписано в печать 12.12.2012 г.  
Формат 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Объем 30,69 усл.п.л. Тираж 500 экз. Заказ 0124. Цена договорная.

*Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.  
Мақала мазмұнына автор жауап береді.  
Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.  
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.*

«Фолиант» баспасы.  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13  
«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды